

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ:378.091.12

Қолжазба құқығында

МАМЫТБАЕВА ЖАНАТ АБДИМАНАПОВНА

**Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін
жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту**

8D01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшісі
пед.ғыл.канд., қауым. проф.
Кыякбаева У.К.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
филос. докт. (PhD)
Серкан Келесуглу

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР.....	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	16
1.1 «Зерттеушілік іс-әрекет» және «жобалап оқыту технологиясы» ұғымдарының ғылыми әдебиеттердегі зерттелу жайы.....	16
1.2 Болашақ педагогтердің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі.....	33
1.3 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс- әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары.....	51
2 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ТӘЖІРИБЕЛІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	66
2.1 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың құрылымы мен мазмұны.....	66
2.2 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс- әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуеті.....	81
2.3 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс- әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық- мазмұндық моделі.....	95
3 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК- ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР МАЗМҰНЫ.....	107
3.1 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту әдістемесі.....	107
3.2 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс- әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту механизмі.....	125
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері.....	141
ҚОРЫТЫНДЫ.....	165
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	169
ҚОСЫМША А – «Жобалап оқыту технологиясының маман даярлаудағы маңыздылығы» атты білім алушылардың жобалап оқыту технологиясын меңгеру даярлығын анықтауға арналған авторлық	

сауалнама.....	181
ҚОСЫМША Ә – Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа жетістікке жетуге мотивацияның бағытын диагностикалауға арналған анықтау тесті.....	182
ҚОСЫМША Б - Ю.В.Рындинаның студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау әдістемесі негізінде анықтауға арналған әдістемесі.....	183
ҚОСЫМША В - Е.Е.Туниктің «Тұлғалық креативтіліктің диагностикасы».....	184
ҚОСЫМША Г - В.Ф.Ряховскийдің «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» тесті.....	187
ҚОСЫМША Д - «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективті курсы.....	188
ҚОСЫМША Е - Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда жобалап оқыту технологиясын пайдалану (практиканттардың тәжірибесінен).....	193
ҚОСЫМША Ж - «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жүргізу» бағдарламасының күнтізбелік-тақырыптық жоспары.....	207
ҚОСЫМША З – Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру акті.....	209
ҚОСЫМША И – Бақылау тәжірбиесін өткізу акті.....	210
ҚОСЫМША К – Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетіндегі жобалау технологиялары.....	211

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (01.09.2022 өзгерістер мен толықтыртырулар).

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет» «Біртұтас ұлт» «Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1.09.2022 ж.

«Педагог мәртебесі» туралы ҚР Заңы 2019 ж. 27 желтоқсан.

«Білімді ұлт - сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы.

«Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі, №406 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы.

«2022/2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама).

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Педагог-тәрбиеші – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына, жас ерекшелік топтарының үлгілік оқыту жоспары бойынша оқу қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық үдерісті жүзеге асырады.

Жоба – «proicere» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» деген мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді.

Жобалау – білім алушылар мен педагогтердің іс-әрекетінің негізгі білімдерін алдын-ала өңдеу.

Зерттеушілік іс - әрекет – жаңалықты, үдерістерді анықтауға, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, нақты фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге, таным жүйесінің зерттеу әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған шығармашылық мазмұндағы іздену іс-әрекеті.

Өнім – бұл жеке адамның немесе топ мүшелерінің шығармашылық еңбегінен (мақала, кітап, бағдарлама, нұсқаулық және т.б.) көрініс тапқан нәтиже.

Оқытуды жобалау – оқу үдерісіндегі үнемі күрделеніп отыратын практикалық тапсырмаларды орындау үдерісінде білім алушылар білім алуды дидактикалық санат ретінде қарастыра отырып мәселені егжей-тегжейлі әзірлеу арқылы оқу мақсатына жету, практикалық нәтиже, сұраныс негізінде белсенді оқыту.

Жоғары оқу орны – алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иелерін қазіргі заман талабына сай дайындау.

Жобалап оқыту оқу үдерісіндегі үнемі күрделеніп отыратын практикалық тапсырмаларды орындау үдерісінде білім алушылар білім алуды дидактикалық санат ретінде қарастыра отырып, мәселені егжей-тегжейлі әзірлеу арқылы оқу мақсатына жету, практикалық нәтиже, сұраныс негізінде белсенді оқыту.

Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы.

Мектепке дейінгі ұйым – бұл бір жастан бастап мектеп жасына жеткенге дейінгі балаларды тәрбиелеуді, оқытуды жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі педагогика – бала өмірінің алғашқы күнінен бастап (туғаннан мектепке барғанға дейін) оны тәрбиелеу, оқыту және білім беру туралы ғылым.

Педагогтің кәсіби стандарты – білім бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде білім ұйымдарының қызметкерлерін оқытуға, білім ұйымдарының бітірушілері мен қызметкерлерін сертификаттауға арналған.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР -	Қазақстан Республикасы
ҚР ҒжЖБМ -	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР ОАМ -	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
ҚР МЖМБС -	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЖОО -	Жоғары оқу орны
МДҰ -	Мектепке дейінгі ұйым
МЖДБ -	Мектеп жасына дейінгі балалар
БТ -	Бақылау тобы
ЭТ -	Эксперименттік топ
ТК -	Таңдау компоненті
ЖК -	ЖОО компоненті
ОӘК -	Оқу-әдістемелік кешен

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени дамуының жоғары қарқынын қамтамасыз ету мақсатында дамудың қазіргі кезеңінде жоғары білім табысты кәсіби-тұлғалық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын құзыретті педагогтерді даярлауды көздейді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби дайындығындағы өзгерістер мектепке дейінгі білім беруді реформалаумен байланысты.

Педагогтерді даярлау саласындағы ұлттық білім беру жүйесінің негізгі жетістіктері: білім беру мен ғылымның заңнамалық базасын, ұлттық жастар саясатын жаңарту; университеттердің академиялық еркіндігін кеңейту; қазақстандық қоғам мен білім берудің алдында тұрған негізгі міндеттерді ескере отырып, инновациялық жобаларды қосу, педагогикалық университеттердің миссиясы өзгермелі ортада өмір сүруге икемді және бәсекеге қабілетті түлектерді дайындау. Жоғары оқу орындарында әр білім алушының қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет», «Біртұтас ұлт», «Берекелі қоғам» атты Жолдауында: Тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондай-ақ, ұстаздардың құзырет аясы айқындалып, болашақ педагогтердің нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн екендігін мәлімдеді. Педагог мамандардың өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болатынын нақтылады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керектігін алға тартты [2].

Қазақстанның дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында, жаңа заман талаптарына сәйкес болашақ педагогтің ғылыми-зерттеушілік ізденісі негізінде зерттеушілік іс-әрекетін дамыту қажет. Зерттеушілік іс-әрекет – болашақ педагогтердің кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі ретінде педагогика саласындағы зерттеу әрекетінің әдістері мен құралдарын меңгертуге бағдарланған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беруді одан әрі жетілдіру жолдары айқын көрінеді: ашықтық, жаһандану; білім беру ұйымдарының өз бетінше жұмыс істеуі; білім беруді басқарудың демократияландыру мен жергіліктендіру; білім беруді ізгілендіру, саралау, оқытудың жаңа технологияларын ендіру; білім беруді ақпараттандыру; ғаламдық халықаралық коммуникациялық желілерге шығу мәселелері қамтылады [3].

Зерттеушілік іс-әрекет арқылы болашақ педагогтің ғылыми дүниетанымы дамиды. Ғылыми дүниетаным тек теориялық білім алумен қатар зерттеушілік іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Білім алушылардың өздігінен жүргізген

зерттеушілік іс-әрекет нәтижесінде нақты шындыққа көз жеткізеді. Бұл педагогикалық жоғары оқу орындарының алдына болашақ педагогтерді дайындауда зерттеушілік іс-әрекетті дамыту әдістерін меңгеріп шығу міндетін қояды. Зерттеу – маманның кәсіби тәжірибесін дамытудың қуатты құралдарының бірі. Белгілі бір мәселені зерттей отырып, зерттеуші өз тәжірибесін жетілдіре алады. Қазіргі таңда білім беру мазмұнында өзгеріс көп, өзгеріс жасайтын, әрине, педагогтер қауымы. Өзінің тәжірибесін өзгерту арқылы білім алушыларды да өзгертеді. Тәжірибені өзгерту ізденуге, зерттеуге, бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, тарихы терең, ұлттық педагогикалық тәжірибемізді де зерттеу барысында басшылыққа аламыз.

Мысалы, Әбу Насыр әл-Фараби [4], Жүсіп Баласағұн [5], ағартушылар А.Құнанбаев [6], Ы.Алтынсарин [7], қазақ зиялылары А.Байтұрсынұлы [8], Ш.Құдайбердіұлы [9], М.Жұмабаев [10], Ж.Аймауытовтардың [11] еңбектері, педагогикалық идеялары болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуды зерттеуде философиялық, психологиялық, педагогикалық негіз болды.

Зерттеушілік іс-әрекет және жобалау идеялары философ ғалымдардың С.Б.Крымский [12], Б.М.Кедров [13], Ә.Нысанбаев [14], А.Қасабеков [15], М.Орынбеков [16], Д.Кішібеков [17], Н.А.Бердяев [18], Б.С.Гершунский [19], М.Шелер [20] және т.б.) еңбектерінде жан-жақты талқыланып, кең ауқымды зерттеулері назардан тыс қалған емес. Зерттеуіміздің барысында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әдіснамалық негізін даярлауда философ ғалымдардың еңбектеріне сүйендік.

Болашақ педагогтің кәсіби білімін үздіксіз жетілдірудің ең тиімді, нәтижелі жолының бірі зерттеушілік іс-әрекет. Зерттеушілік іс-әрекет ойлану, дерек жинау, оны саралау, талдау, жоспарлау, әрекет ету, әрекет туралы ойлану, рефлексия жасау, қайта жоспарлау кезеңдері арқылы жүзеге асырылады.

– болашақ педагогтердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік ұстанымдарын негіздеу В.В.Краевский [21], Г.А.Бордовский [22], М.А.Белялова [23], В.П.Беспалько [24], В.И.Загвязинский [25], Г.П.Скамницкая [26] сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

– зерттеушілік іс-әрекет теориялық тұрғыда А.Н.Савенков [27], Д.Берлайн [28], А.Н.Леонтьев [29], т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерделенген.

– педагогтің жеке басын қалыптастыру теориясы мен зерттеу дағдылары С.М.Годник [30], В.С.Ильин [31], Н.Д.Никандров [32] зерттеулерінде бар.

Ал, отандық ғалымдардан білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту мәселелеріне зерттеулер жүргізген:

– ғылыми-әдіснамалық ұстанымдар А.Е.Әбілқасымова [33], Ш.Т.Таубаева [34], З.А.Исаева [35], А.Ш.Байтоқаева [36], ғылыми педагогикалық зерттеу мәселелері А.К.Мынбаева [37], зерттеушілік іс-әрекеттің даму тарихы Г.К.Ахметова [38], А.А.Булатбаева [39], философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияларында М.Б.Аманбаева [40],

А.К.Жексембинова [41], Г.К.Есполова [42] Г.М.Мышбаева [43] және т.б. жас ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған.

Болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіру жолдары туралы М.А.Құдайқұлов [44], Б.Кенжебеков [45], Ш.Т.Таубаева [34,с. 5], Е.Ш.Қозыбаев [46] және т.б. ғалымдардың еңбектерінің біздің жұмысымыз үшін маңызы жоғары болды.

Педагогикалық білім беру мазмұны, болашақ педагог-мамандарды кәсіби әрекетке даярлаудың қырлары, педагогтердің кәсіби қабілеттерін қалыптастыру, педагогтерді даярлаудың тарихына арналған зерттеулерді Қ.Б.Сейталиев [47], Р.К.Бекмағамбетова [48], А.Д.Қайдарова [49]), мектепке дейінгі ұйымдарға мамандар даярлау мәселесі ғалымдар Б.О.Арзанбаева [50] Р.Т.Бөпебаева [51], А.И.Балабаева [52], Г.Т.Абилбакиева [53], С.Т.Тілеубай [54], М.А.Шауенова [55], Т.С.Жұмашева [56], А.Ж.Жакуповалар [57] және т.б. жүргізген.

Педагогтердің кәсіби дарындылығын дамыту мәселесіне Л.М.Нәрікбаева [58], ал болашақ педагогтің біліктілігін, шығармашылық әлеуетін дамыту Б.А.Тұрғынбаева [59], педагог кадрларды дайындауда зерттеушілік іс-әрекеттің рөліне Б.Ш.Баймұхамбетованың [60] зерттеу жұмыстары арналған.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мәселесі бойынша тарихи-әдістемелік, ғылыми-теориялық арнайы зерттеулер жүргізген педагог-ғалымдар Б.Б.Баймұратова [61], А.К.Меңжанова [62], Г.П.Охотская [63], Қ.М.Меңдаяқова [64], М.С.Сәтімбекова [65], А.Б.Бакреденова [66], Ә.С.Әмірова [67], Т.А.Левченко [68], Ф.Н.Жұмабекова [69], А.Е.Манкеш [70], С.Н.Жиенбаева [71], Г.З.Таубаева [72], К.М.Метербаева [73], А.К.Атыманова [74], С.Г.Батибаева [75], Н.И.Храпченкова [76], М.А.Прокофьева [77], Г.Ж.Меңлібекова [78], Ж.С.Хасанова [79], В.Я.Никитин [80], Л.Е.Румянцева [81] т.б. зерттеулері нәтижесінде ғылыми әдістемелік еңбектер, оқу-құралдар, бағдарламалар жасалды.

XX ғасырдың екінші жартысында интеллектуалдық әрекеттерді ұйымдастыру теориясымен қатар олардың жобалау бағдарламаларын құрастыру жүзеге асырыла бастады. Жобалау пайда болған алғашқы кезеңдерде жоба ғылыми негізделіп, технологиялар арқылы түсіндірілілді. Кейіннен әмбебаптық сипат алды. Мысалы, экстенсивтік тұрғыдан қарастырсақ, жоба жасау және оны ендіру барлық салаларды: өнеркәсіп пен құрылысты, мәдениет пен саясатты, білім беруді қамтитынын көруге болады [82]. «Жобалау» сөзі қазақтың «жоба» деген сөзінен шыққан, мағынасы – жаңа нәрсенің жобасын, сұлбасын жасау. Ғылымда ол тек жаңа нәрсенің жобасын жасау ғана емес, сонымен қатар оны негіздеуді, басқадан айырмашылығын көрсетуді білдіреді. Бұл термин алғашында құрылыс, техника саласында қолданылды. Өткен ғасырдың орта шенінен бастап гуманитарлық ғылымдарда да қолданыс таба бастады [82, 196 б].

Жобалау әдісі XX ғасырдың басынан басталады, бұл әдістің ғылыми негізін Д.Дьюи, Девей, У.Х.Килпатрик, Снедден, Ричардс қалады.

Жобалап оқыту технологиясының теориясын Ресей ғалымдары

В.П.Беспалько, В.В.Давыдов, В.К.Дьяченко, Л.В.Занков, П.Я.Гальперин, Н.В. Кузьмина т.б. зерттеген.

Білім берудегі жобалап оқытудың мәселелерімен шетелдік ғалымдар кеңінен айналысты. Мысалы, Cho Y., C.Brown [83], Phyllis C. Blumenfeld, Elliot Soloway, Ronald W. Marx, Joseph S. Krajcik, Mark Guzdial [84], сонымен қатар жоба әдісінің тиімділігін зерттеуде L.Fried-Booth, T. Hutchinson, D. Fillips, J.Anderson, C.Boyle, B.Reiser білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде жобалық оқыту идеяларын [85] қарастырған болатын.

Педагогикалық жобалаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін Е.С.Заир-Бек [86], жобалау іс-әрекеті арқылы педагогтің кәсібилігін дамыту С.А.Агапова [87], жобалау педагогикасын В.С.Безруков [88], педагогтің жобалау іс-әрекетін Г.Е.Муравьева [89], жалпы жобалау іс-әрекетін Б.Р.Мандель [90], жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру мәселелерін Е.В.Михалкина [91], әлеуметтік жобалауды В.И.Курбатов, О.В.Курбатова [92], мектепке дейінгі білім берудегі жобалауды С.Андабекова [93], Thomas J. жобалық білім беруді зерттеу нәтижелерін [94] қарастырған.

Жобалап оқыту технологиясының негізін салушы Карл Фрейд өзінің «Жобалау әдісі» атты еңбегінде «Оқушы немесе оқытушы тарапынан болсын практикалық маңызы бар бір жоба ұсынылуы тиіс. Жобаға қатысушылар оқыту түрі, міндеттерді атқару туралы өзара келіседі. Білім алушылар алған білімдерін танымдық және практикалық міндеттерді шешуге пайдаланады. Жеткіліксіз білімді әртүрлі ақпарат көздерінен өз бетінше оқып үйренеді. Білім алушылар ұжымда жұмыс істеп үйренеді. Зерттеу біліктерін (мәселені анықтау, ақпарат жинау, бақылау, тәжірибе жүргізу, талдау, болжам жасау, қорытындылау) меңгереді. Білім алушылардың жүйелі ойлауы дамиды», дейді [95].

Отандық ғалымдар С.М.Бахишева педагогикалық жобалаудың теориясы мен технологиясын [82, 25 б], Ә.Қ.Қисымова [96], Т.Ж.Увалиева [97] оқыту технологияларын, әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жобалау мәселесін Ш.Т.Таубаева [34, с. 20], әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттерді жобалау негіздерімен Ұ.Қ.Қыяқбаева [98], университеттік білім беру жүйесінде студенттердің жобалау құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін Д.И.Мухатаева [99], болашақ педагогтердің оқу-жобалау іс-әрекетін қалыптастыру мәселесімен А.Ж.Қасаболат [100], қазақ тілін жобалап оқытудың технологиясын А.А.Сатбекова [101], бастауыш білім берудегі жобалау мәселесін А.У.Мұханбетжанова [102] қарастырды.

Алайда, жоғарыдағы талданған зерттеу жұмыстарының мазмұнында жобалап оқыту технологиясы арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың ғылыми негізі нақты мәселе ретінде қарастырылмағанын аңғаруға болады. Отандық және алыс-жақын шетел ғалымдарының ғылыми педагогикалық, психологиялық еңбектерін талдау барысында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мәселесінің арнайы зерттелмегендігі анықталды.

Отандық мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасында оқитын білім алушылардың жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың ғылыми негіздерін нақтылау арқылы мектепке дейінгі білім беру үдерісіне ендіру, дүниетанымы кең, шығармашыл болашақ тәрбиешілердің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға мүмкіндік туғызу, кәсіби деңгейін көтеру қажеттілігі мен оның ғылыми мәселе ретінде зерттеліп, білім беруде кеңінен қолдануды жетілдіруді қажет етеді. Осы тұрғыдан жобалап оқыту технологиясы негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда:

– жобалап оқыту технологиясы арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамыту көкейкестілігінің арта түсуіне қарамастан, теориялық және әдіснамалық негіздерінің жасалмауы арасында;

– болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамыту қажеттілігі мен қазіргі қолданыстағы жобалап оқыту технологиясы негізінде бұл мәселені шешу мүмкіндіктерінің пайдаланылмауы арасында;

– болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуды тәжірибеде жүзеге асырудың оқу-әдістемелік жағынан жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілмеуі арасында **қарама-қайшылықтар** туындап отыр.

Осы көрсетілген қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру, зерттеу мәселесін айқындауға және зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «**Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту**», - деп таңдауға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін нақтылау және оның әдістемесін тәжірибелік эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізу.

Зерттеу нысаны: Жоғары оқу орындарындағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың әдістемесі, оны ұйымдастыру үдерісі.

Зерттеу болжамы: егер, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың теориялық қағидаларына сәйкес оның әдістемесі жасалып, оқыту үдерісіне ендірілсе, онда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекеті жоғары деңгейде дамиды, өйткені, бұл жағдайда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы туралы білімдері кеңейіп, оқу іс-әрекетінде жүзеге асыруға негіз болады.

Зерттеудің міндеттері

1. Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін нақтылау;

2. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуетін анықтау;

3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

4. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігін тексеру және ұсыныстар даярлау.

Зерттеудің әдістері: Зерттеуде қойылған міндеттерді шешу мен болжамды тексеру үшін теориялық және тәжірибелік-эксперименттік әдістер кешені қолданылды, ғылыми еңбектерде көрініс тапқан зерттеушілік іс-әрекет, жобалап оқыту технологиясы бойынша әртүрлі ғылыми ой пікірлерді кешенді түрде зерттеу, теориялық талдау, синтездеу, жалпылау, контент талдау, модельдеу әдістері пайдаланылды:

– теориялық әдістер: философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік зерттеулер мен ғылыми еңбектерге талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыру, контент талдау, педагогикалық модельдеу, құрылымдау, ассоциациялау;

– эмпирикалық әдістер: сауалнама, бақылау, тестілеу, зерттеушілік тапсырмаларды талдау, өзіндік бағалау, алынған сандық, сапалық нәтижелерге математикалық статистикалық талдау жасау.

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда жобалау технологиясын пайдалану оның кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі: педагогтің жеке тұлғасын қалыптастыру теориялары (Н.В.Кузьмина, А.А.Маркова, А.Зимняя, Л.М.Митина, В.А.Сластенин, Ш.Т.Таубаева, Б.А.Тұрғынбаева және т.б.) кәсіптік-педагогикалық білім берудің теориясы мен әдістемесі (Н.Д.Хмель, Н.Н.Хан, Г.Ж.Менлібекова, М.Н.Сарыбеков, А.А.Вербицкий және т.б.) педагогикалық үдеріс туралы тұтас түсінік теориясы (В.А.Иванников, А.С.Обухов, А.И.Авенков, Г.С.Сухобская, В.С.Юркевич, С.Каплан); жүйелілік, аксиологиялық және акмеологиялық тұғырлардың теориялық ережелері (А.А.Деркач, А.А.Бодалев, Ф.Ф.Королев, И.В.Блауберг, Л.А.Голубь, И.А.Коваленко, А.А.Бейсенбаева және т.б.), инновациялық тұғырды жүзеге асыруда (А.К.Мынбаева, З.М.Садвакасова). Зерттеуде сондай-ақ ҚР білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында ұсынылған білім беруді дамыту идеялары пайдаланылды.

Зерттеу көздері: жобалау, оқу-жобалау іс-әрекеті, жобалап оқыту технологиясының мәселесі қарастырылған философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми зерттеулер, Қазақстан Республикасының білім беру және нормативті құжаттамалары, Мемлекеттік бағдарламалары, жоғары кәсіби білім беруді дамыту тұжырымдалары, алыс жақын шет елдік, отандық педагог-ғалымдардың ғылыми еңбектері озық тәжірибелері, ғылыми әдістемелік басылымдар, автордың ғылыми-ізденушілік және практикалық тәжірибесі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы

1. Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері нақтыланды;

2. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуеті анықталды;

3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық - мазмұндық моделі жасалды;

4. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігі тексеріліп, ұсыныстар даярланды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы негізінде дамытудың әдістемесі құрастырылды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту жүйесінің арнайы әдістемесі жасалды, «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту», - атты элективті курсы дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді, «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетіндегі жобалау технологиясы», - атты әдістемелік құрал дайындалды.

Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, педагогикалық колледждердің, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесінде, тәрбиеші-педагогтердің біліктілігін жетілдіру жүйесінде пайдалануға болады. Зерттеудің нәтижелерін мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы мамандарын даярлайтын педагогикалық колледждерде, ЖОО – да және ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру орталықтарында қолдануға болады. Зерттеу жұмысы үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2019-2020 ж.ж.) зерттеу мәселесі бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері мен ғылыми басылымдардағы материалдары жинақталды, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекеті туралы мәліметтер алынып, ұғымдық сөздер нақтыланды, зерттеу жұмысының ғылыми аппараты құрылды. Тәжірибелік-эксперименттің жұмыс мазмұны, әдістері мен технологиялары қарастырылды, алғашқы анықтау эксперименті жүргізілді.

Екінші кезеңде (2020-2021 ж.ж.) қалыптастыру жұмысында зерттеу жұмысының алғышарттары, кезеңдері, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттелу жағдайы, отандық және шетелдік тәжірибелер қарастырылды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту жолдары мен құрылымдық-

мазмұндық моделі құрастырылып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңі жүргізілді. «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективті курсының силлабусы дайындалды. Нәтижесі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұнына ендірілді.

Үшінші кезеңде (2021-2022 ж.ж.) болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мақсатындағы жүргізілген жұмыстар нәтижесі қорытындыланды. Зерттеу материалдары жүйеленіп, нәтижелері нақтыланды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі түзіліп, диссертациялық жұмыс талабына сәйкес рәсімделді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту – зерттеушілік іс-әрекетті педагогтің жалпы кәсіптік даярлығының ажырамас бөлігі ретінде түйсіну, сондай-ақ оқыту үдерісіндегі қызмет түрлерін білу, педагогтің зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыра алу, жобалық технологияны әзірлеу әдісі, педагогтердің инновацияларға бейімделуін реттеу, жаңа идеяларды жүзеге асыру сияқты бір-бірімен тығыз байланысты компоненттерден тұратын күрделі жеке қасиеттер.

2. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуеті – болашақ педагогтің кәсіби деңгейде өз міндеттерін орындау қабілетін анықтайтын кіріктірілген табиғи және жүре пайда болған қасиеттердің жиынтығы. Зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту әлеуеті – тұлғалық, зияткерлік, шығармашылық қасиеттерді пайдалана алу мүмкіндігі.

3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу негізінде мотивациялық, когнитивті, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттерінің бірыңғай құрамы қалыптасады.

4. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әдістемесі: «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективті курсы, «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетіндегі жобалау технологиясы» әдістемелік құралынан тұрады.

Зерттеу базасы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибиеге ендіру

«Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетіндегі жобалау технологиясы» атты оқу-әдістемелік құралы және «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» атты элективті курс бағдарламалары жасалынып, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 9 ғылыми мақала жарық көрді. Соның ішінде 1–еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 4–і Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым

саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 4 халықаралық және ғылыми тәжірибелік конференция материалдарында басылып шықты.

Диссертация құрылымы. Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, нысаны, пәні, зерттеу мақсаты мен міндеттері, зерттеудің болжамы құрылып, ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар, зерттеу әдістері мен базасы, кезеңдері сипатталды.

«Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері», - атты бірінші тарауда «зерттеушілік іс-әрекет», «жобалап оқыту технологиясы» ұғымдарына анықтамалар беріліп, теориялық талдаулар жасалды. Педагогикалық-психологиялық ғылыми әдебиеттеріне зерттеулер жүргізілді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың жүйелілік, аксиологиялық, іс-әрекеттік, инновациялық, акмеологиялық тұғырлары негізделді.

«Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың ғылыми-тәжірибелік алғышарттары», - атты екінші тарауда мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту әлеуеті айқындалып, соның негізінде құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылды.

«Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мазмұны» атты үшінші тарауда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекет деңгейлері анықталып, даму жолдары негізделіп, тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелері берілді.

Қорытындыда ғылыми болжамды дәлелдейтін зерттеудің теориялық және практикалық нәтижелері бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар, зерттеу мәселесінің болашақтағы бағыттары айқындалған.

Библиографиялық бөлімінде пайдаланылған әдебиеттер тізімі жинақталды.

Қосымшада қолданылған зерттеу мен әдістемелік материалдар берілді.

1 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Зерттеушілік іс-әрекет» және «жобалап оқыту технологиясы» ұғымдарының ғылыми әдебиеттердегі зерттелу жайы

Заманауи білім беру, әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және нәтижеге бағытталған білім беру моделіне сәйкес құрылуын басшылыққа алуда.

2020 жылдың 1-қыркүйегінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», – атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ғылым саласындағы ахуал ерекше назар аударуды талап етеді. Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз. Бұл бастаманы жүзеге асыруға бағытталған бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін ұсына алатын, жоғары білікті мамандарға деген қажеттілік артуда. Осы және басқада бірқатар басты мемлекеттік құжаттарда жүктелген міндеттер іске асырылу үшін, ағымдағы заманауи білім беру, әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және нәтижеге бағытталған білім моделінің стратегиялық дамыту жоспарына сәйкес құрылуы қажеттілігі өзекті болмақ» [103].

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің алған білімдерін күнделікті өмірде жеткізе алатындай етіп, білім мен білік дағдылар мен оқытудың ғылыми зерттеулерінде кездесетін жаңа мәселелерді шешу үшін қолданылатын әдістердің бірі – жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекеттерін дамыту.

Зерттеушілік іс-әрекет ұғымының зерттелу жайы ертеректен басталады мысалы, іс-әрекеттік ұғымын алғаш рет ғылыми айналымға XVIII ғасырда философ И.Кант енгізді. Іс-әрекет ұғымы алғашқы уақытта философиялық сөздіктерде кездесе бастады. И.Кант іс-әрекет ұғымы философиялық мағынаға карағанда адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасында деп болжай білген. «Іс-әрекеттегі зерттеу – білім алушылардың өздерінің қандай тұлға екенін және оқыту мен оқу үдерісі туралы сын тұрғысынан ойлануына көмек беретін тәсіл» деген ой айтады [104].

Зерттеушілік іс-әрекеті – бұл қолданбалы сапалық зерттеу. Оны психолог ғалымдар іс-әрекеттің жоспарлау, әрекет ету және бағалау кезеңдерін қамтитын, спираль түрінде дамитын үдеріс түрінде сипаттаған. Зерттеушілік іс-әрекеті – педагог тәжірибесін жетілдіруге, ізденуге, өз тәжірибесіндегі шешімі табылмай жүрген мәселелердің жолын қарастыруға, оқыту мен оқу үдерісі туралы сын тұрғысынан ойлануына көмек беретін тәсіл. Зерттеушілік іс-әрекетті командалық жұмыс десек те болады. «Зерттеушілік іс-әрекетке» философиялық сөздікте - жаңа білім өндіруге бағытталған ойлау туралы, қоғам туралы әрекет деген түсінік беріледі.

Д.Берлайн зерттеушілік іс-әрекет негізін қалаушылардың бірі, ол зерттеу

іс-әрекетін беймәлім заттарды зерттеу, іздеп табу», – деп түсіндірді [28,с. 5]. Зерттеу іс-әрекетін бағалауда және сараптама өлшемінен ғылыми ақпарат алу үдерісінде ғылыми зерттеудің нәтижесі ретінде олардың біртұтастығын анықтауға мүмкіндік береді. Педагог қызметінің негізгі мәні – білім алушыны оқыту, тәрбиелеу, дамыту ғана емес, сол үрдістерді басқаруды шығармашылық арқылы жаңаша ұйымдастыра алуында. Ал, жаңа тұрпаттағы жаңа педагогтің сапа көрсеткіштерінің бірі - оның ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетінің мәдениеті. Зерттеушілік іс-әрекет бүгінгі таңда өзекті мәселе ретінде қаралып келеді.

В.В.Краевскийдің еңбектерінде зерттеушілік іс-әрекет ұғымы тұлғалық әрекетті зерттейтін ғылым ретінде қарастырылған [21,с. 27], ғалымның зерттеуіне сүйене отырып, «зерттеушілік іс-әрекет объективті және субъективті жаңа білім алуғағы іс-әрекет, ал зерттеушілік қызмет жеке тұлғаға бағытталған оқу-тәрбие үдерісі негізінде іске асырылатын үдеріс», – деп түсіндіреміз. Зерттеушілік іс-әрекетте оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттері бірге қолданылады.

Б.А. Викалдың зерттеулерінде «оқу-зерттеу іс-әрекетіндегі басты ерекшелік ол педагогтің және білім алушының іс-әрекетінен құралады, зерттеу проблемасын, зерттеу болжамын, мақсатын, міндеттерін анықтау – педагог пен білім алушының бірлесе жұмыс істеуінің нәтижесі» деп қарастырылған [105]. Ғалымның пікірінше, ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде білім алушы өз бетінше зерттеу жүргізеді, педагог тек бақылаушы қызметін атқарады. Зерттеу жұмысы – шығармашылық іс, бірақ ғылыми шығармашылық жасау мүмкіндігінің өзі педагог-зерттеуші үшін оның негізгі ережелері мен рәсімдерін қаншалықты меңгергендігінде, сондай-ақ ғылыми жұмыстың өзіндік бір және өзіне қойылатын әдіснамалық талаптарынан тұратын өз қызметін бағалау тәсілдеріне байланысты. Біздің ғылыми жұмысымыздың басты мақсаты – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуда зерттеушіліктің маңызды рөлін көрсете білу.

А.Г.Асмолов «Іс-әрекет субъектінің қоршаған ортамен қарқынды түрде, өзін-өзі айқындаушы өзара әрекеттесуінің иерархиялық жүйесі болып табылады, бұл үдеріс барысында психикалық бейненің пайда болуы, оның объекте көрініс беруі, субъектінің өзін қоршаған заттық ортамен психикалық бейнелер арқылы көрініс тапқан қатынастарының жүзеге асырылуы және қайта жаңғыртылуында жүреді», – деген тұжырым келтірді [106].

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің жобаны орындау барысында іс-әрекетінің негізгі сипаты – оның мақсат қоюшылығы мен мақсатқа бағытталуы.

А.Н.Поддьяков ғылыми еңбектерінде «Зерттеу іс-әрекеті арқылы қоршаған ортадағы жаңа материалдарды жинақтау мен ізденуге бағытталған белсенді әрекет», – деген түсінік берді [107].

Ғылыми зерттеу жұмыстарының мәселелерін шешу барысын анықтауда В.Пегашкин мен Т.Гаврилованың еңбегінде «Ғылыми-зерттеушілік іс-

әрекеттеріне деген төмен қызығушылықтарын көрсетудегі мәселені шешуші жолдарын арнайы ынталандырып, оқытуды қажет ететіндігінде», – деп көрсетеді [108].

«Зерттеушілік іс-әрекет» термині философиялық сөздікте - жаңа білім өндіруге бағытталған ойлау, қоғам туралы әрекет деген түсінік беріледі [109]. Зерттеушілік іс-әрекет зерттеушінің интеллектуалдық және шығармашылық қызметінің ерекше түрі. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекеті заттардың құрылымын, қоршаған әлем құбылыстары арасындағы байланыстарды түсінуге, оларды ұйымдастыруға және жүйелеуге бағытталады. Іздеу іс-әрекеті неғұрлым әртүрлі, қарқынды, жылдам болса білім алушы толыққанды дамиды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі өзінің жеке сезімдері, іс-әрекеттері мен тәжірибелері арқылы дамиды. Нені орындай алатындығын зерттейді, жаңалығына қуанады және өзін-өзі дамытуына зерттеушілік іс-әрекеті ықпал етеді [34, с. 148].

А.А.Вербицкийдің пікірі бойынша болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетінің заттық және әлеуметтік құрылымын оқу үдерісінде іске асыруда іскерлік ойындардың дидактикалық құралдары мен формаларының рөлі ерекше [110]. Автордың тұжырымында зерттеушілік іс-әрекетті ойын арқылы оқытуда болашақ білім алушылардың оқудағы, еңбектегі «кәсіби іс-әрекетімен» жүзеге асыруын анықтауға болады.

А.Н.Леонтьев іс-әрекет құрылымын қажеттіліктен мақсатқа, оған қол жеткізу шарттары мен іс-әрекеттер құрайтынын, психикалық рефлексия арқылы жүзеге асырылатын анықтады [29, с. 106].

Ал, көрнекті ғалым, педагог-психологтар А.А.Савенков пен Л.Венгер мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу қызметін қарастырғанда бірнеше кезеңдерге бөлді. Бірінші кезеңде, танымдық қажеттілік шығармашылық қызметтің дамуына ықпал етеді деген қорытынды жасады. Екінші кезеңде, баланың өз бетінше ізденуге, зерттеушілік қабілетін дамытуға және оны игеруге зерттеушілік іс-әрекет арқылы жүзеге асырады деп тұжырымдады. Үшінші кезеңде, іздену іс-әрекет үдерісінде ғылыми таным әдісін меңгеруді жеңілдетеді. Төртінші кезеңде, зерттеуші болу үшін балалардың қабілеттерін дамыту бағыттарының бірі шығармашылық дамуына ықпал етуді талап етеді [27, с. 5]. Білім алушылардың психологиялық дайындығының күші, ғылыми негізде жүзеге асырылатын іс-әрекет ретінде қарастырылады.

Отандық ғалым А.Р.Ерментаеваның пікірінше болашақ педагогтің зерттеушілік іс-әрекетін дамыту - оқудың кәсіби түрі іс-әрекетті жетілдіруге психологиялық даярлық деңгейлерінің дамуы [111]. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетінің дамуы ең алдымен психологиялық даярлықтың даму деңгейіне байланысты деген тұжырым жасадық.

Біздің зерттеуіміздің негізінде «зерттеушілік іс-әрекет дегеніміз – жаңалықты оқу үдерістерінде анықтауға, байланыстары мен қатынастарын орнатуға, нақты фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге, таным жүйесінің зерттеу әдістері арқылы заңдылықтарды

анықтауға бағытталған шығармашылық мазмұндағы іздену іс-әрекеті», - деген түсініктеме береміз.

М.И.Махмутовтың педагогтерге арналған «Мектепке дейінгі білім беру мен оқыту жұмысын ұйымдастыру туралы ғылыми зерттеулерінде оқу-зерттеу іс-әрекеті оқу-тәрбие үдерісінің міндетті құрамдас компоненті» – деп қарастырылады [112]. Білім берудің компоненттері арқылы оқу-зерттеу іс-әрекеті және оқу-тәрбие үдерістерінің басымдылығында екендігі тұжырымдалды.

М.Ә.Құдайқұлов «Іс-әрекеттің тиімдісі білім, білік және ынтаның бірлігі. Бұл сапалар еңбек үрдісі мәдениетінің деңгейлері арқылы дамиды», - деген тұжым келтірген [113].

Г.К.Баймұқашева өзінің зерттеу жұмысында «білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметі» ұғымдарын салыстырды. Оқу үдерісінде студенттердің оқуы мен ғылыми-зерттеу жұмыстары енгізілген жүйе семинарлардан, тәжірибелерден, зертханалық курстардан тұрады [114]. Зерттеушілік іс-әрекеті – қабылдаған білім, білік, дағдыларын белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өзін-өзі әлеуметтендіруге дайындық деңгейі болып табылады. «Зерттеушілік іс-әрекет» ұғымына берілген анықтамалар 1-кестеде берілді.

Кесте 1 - Ғалымдардың еңбектеріндегі «Зерттеушілік іс-әрекет» ұғымына берілген анықтамалар

Авторлар	Анықтамалар
1	2
Ш.Т. Таубаева	Зерттеушілік іс-әрекет – жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар, мәдениет пен білім саласында мұқияттылықпен, реттілікпен жасалған ерекше зерттеулер.
К.М.Метербаева	Баланың ойлау әрекеті үнемі дамып, мазмұны жағынан өрістеуі олардың түрлі іс-әрекеттерінің зерттеушілік нәтижесінде жүзеге асырылады.
У.Ж.Мухамеджанова А.М.Жубандыкова	Зерттеушілік іс-әрекеттер тұлғаның негізгі қозғалыстарының барлығын меңгереді және ең маңыздысы – оларды іс-әрекетінде еркін жүзеге асыра бастайды.
М.А.Утешова	Зерттеу әрекеті – баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып-білуге деген табиғи ынтасы негізінде құрылған оқытудың негізгі тәсілі.
М.Б.Аманбаева	Зерттеушілік іс-әрекет – жаңалықты оқу үдерісінде анықтауға, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, нақты фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге, заңдылықтарды анықтауға бағытталады.
К.С.Құдайбергенова	Бүгінгі білім берудегі күтілетін нәтижені жеке білім алушылардың білімі, біліктілігі, құндылықтары мен қабілеттері емес, бүгінгі әлеуметтік ортаның, уақыттың талабына сай, ашық ортадан өз жолын өзі таба алатын тұтас адам деп қарастыру қажет.
Ғ.З.Байжасарова	Нәтижеге бағдарланған білім жүйесінің философиясы күтілетін нәтижеге жету ынтасына негізделген нақты білім алушының оқу үрдісін сипаттаушы білімдік үрдіс.

1 - кестенің жалғасы

1	2
Ү.Б.Жексенбинова Б.Қ.Игенбаева	Зерттеушілік іс-әрекетіне жетекшілік етуде: баланың өз бетінше әрекеттенуге үйрету; баланың ұсыныстарына көңіл бөлу; нәтижені талдау барысында бағалауға асықпау;
А.Н.Леонтьев	Мотивтің өзі ғылыми-зерттеу іс-әрекетін кешенді ынталандырушы және реттеуші ретінде танымдық функцияға ие, ол мотивтің ішкі құрылымының басқа элементтерімен байланысы арқылы мотивте күшейтіледі
А.И.Савенков	Зерттеу қабілеттері зерттеу іс-әрекетімен жүзеге асыруда субъективті шарттары болып табылатын жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері
А.С.Обухов	Зерттеушілік тұлғаның әлемде болып жатқан өзгерістерге белсенді түрде жауап беріп қана қоймай, сонымен қатар оған бұрын зерттелмеген нәрсені іздеуі және табуы қажет.
М.А.Слеменев	Ғылымдағы дайын өнімдері зерттеуін анықтауда «...ғылыми шығармашылықтың ең типтік белгілері-алынған білімнің жаңалығы мен әлеуметтік құндылығы»

Ғалымдардың еңбектерін талдай келе, «зерттеушілік әрекет», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарына талдау жүргізу барысында қорытынды ойлардан түйгеніміз: «зерттеушілік іс-әрекет» алдын-ала нәтижесі белгісіз бірақ, ізденушілік пен шығармашылық жұмыстар негізінде, зерттеушілік міндеттерді шешудің жолдарын қарастыру және оған өзек болатын нақты жауаптарды табуға байланысты екеніне көз жеткіздік. Зерттеу жұмыстарын жүргізу түрлері студенттер үшін оқу-зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар жүреді (сурет 1).



Сурет 1 - Зерттеушілік іс-әрекеттің мәні

Аталған зерттеу жұмыстарының ішіндегі оқу-зерттеу жұмысы білім беру мен тәрбие берудегі практикалық, зертханалық сабақтар нәтижесінде жүзеге асырылса, теориялық білімді толықтырумен қатар оқудағы жобалық проблемалардың шешімдерін іздестіру болып табылады. Ғалымдардың идеяларын зерделей келе, зерттеушілік іс-әрекеттің мәнін ажыраттық (сурет 1).

Білім берудегі зайырлы тұжырымдамалық сипаттағы реформалаудың қажеттіліктерінен туындаған идеялары, білім берудің барлық деңгейлері А.Байтұрсынұлы [8,с. 15], М.Дулатов [115], Ж.Аймауытов [11,с. 19], М.Жұмабаевтар [10,с. 7] еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Зерттеуші іс-әрекеттегі педагогикалық қызметтердің жобалаушысы болып табылады.

Т.Т.Тәжібаевтың пайымдауынша зерттеушілік іс-әрекет тұлға әрекеттерінің бір мақсатқа жетудегі бағыттылығы оқудағы немесе еңбек нәтижесінде өнімді шығарудағы саналы әрекет нәтижесі [116]. Қазақстандағы мектепке дейінгі білім берудің дамуы мен қалыптасуындағы алғашқы ағартушы ғалым Н.С.Кұлжанованың еңбектерінің рөлі ерекше. Атап айтқанда Қызылордада мектепке дейінгі білім беру қызметкерлерінің конференциясында ол қазақ даласында мектепке дейінгі білім берудің мәселелерін және негізгі міндеттерін көтеріп, баяндама жасады [117].

Мектепке дейінгі ұйымдардың қанат жая бастауына байланысты Ә.Сыздықов еңбектер жазды [118].

Б.Баймұратова [61,с. 26] балаларды ана тілінде сөйлеуге үйретуге сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазып, артына мол мұра қалдырды.

Білім беру мақсаты жаңа білім нәтижелерін - жаңа өзгерістер жағдайына инновациялық және жобалаушылық ойлау қабілеттері қалыптасқан, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі қамтамасыз ете алатын, әлеуметтік және кәсіби кұзіреттілігі негізінде тиімді шешімдер қабылдай [119].

1975-1980 жылдары Г.Дүкенбаева мен М.Сәтімбекова [65,с. 14] балабақшада балаларды мектепке даярлау мәселелері бойынша зерттеу жұмысын жүргізді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие саласындағы мамандарды даярлауға үлес қосқан А.К.Меңжанова [62,с. 18], М.Т.Тұрыскелдина [120], Қ.М.Меңдаяқова [64,с. 25], Ж.И.Идирисова [121], Қ.Аймағамбетова [122] және т.б ғалымдарды атап өткеніміз жөн.

Ойымызды жинақтай келе, ғылыми әдебиеттердің негізінде «Зерттеушілік іс-әрекет дегеніміз – жаңалықты оқу үдерісінде пайдалануға, нақты фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге таным жүйесінің зерттеу әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған шығармашылық мазмұндағы ізденіс іс-әрекеті», - деген анықтама бердік.

Келесі кезекте зерттеуіміздің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, жобалап оқыту технологиясын қарастырғанды жөн деп санаймыз.

Білім алушыларды кәсіби даярлауда диагностикалау, бағалау және болжау арқылы жобалап оқыту қызметін ұйымдастыру негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің білім беру мәселелерін жобалап оқыту

технологиясы арқылы дамытуды қарастыруда зерттеушілік іс-әрекеттерін дамыту қажет. Мәдени құндылықтар мен білім қоғамдық меншікке айналуға бағытталған жаңа қоғамның әртүрлі жобаларын Ренессанс дәуірінің классикалық педагогтары Томас Мор, Томмазо Кампанелла жасаған.

Авторлар И.А.Колесников пен М.П.Горчакова-Сибирская [123], чех педагогы «Ұлы дидактиканың» авторы Я.А.Коменский [124], білім беру табысты болуы үшін педагогтің жұмысына зерттеушілік ынталандыруды енгізу қажет деп есептеді. Одан әрі бұл идеяны француз философы Ж.Ж.Руссо [125], швейцариялық педагог И.Г.Песталоцци [126], неміс педагогі Адольф Дистервег [127] жалғастырды.

Ағылшын химигі, профессор G.Armsrong жобалық қызмет идеясы эвристикалық әдіс ретінде сипатталады дей келе, оны қолдану білім алушының эмпирикалық түрде ашқан ғылыми фактілерге қатысты зерттеуші позициясына байланысты [128].

XVII-XVIII ғасырларда жасалған бірқатар жобалар, перспективалық өзгерістерді және жүзеге асыру үдерістерін жоспарлау идеясы Дж.Дж. Руссоның «Сент-Мари мырзаның білім беру жобасы», В.Ф.Одоевскийдің «Мектептерді орналастыру жобасы», М.В.Ломоносовтың «Мәскеу гимназияларына арналған ережелер жобасы» еңбектерінде жақсы зерделенген.

XVIII ғасырдағы Француз революциясы тудырған Франциядағы халықтық білім беруді реформалау қажеттілігі жалпы ұлттық сыныптан тыс мектеп жүйесі жобаларының пайда болуына әкелді (Ж.А.Кондорсе, Л.М.Лепелетье, Ш.М.Талейран, М.Ж.Шенье).

Осылайша, сол кездегі педагогика терминологиясы мен дәстүрлі жобаның жалпы мәнін ала отырып, басты мақсаты педагогикалық объектінің даму болашағын болжау болып табылатын бірыңғай жобаларды жасайды. Алайда педагогикалық жобалардың негізіне әдістемелік база және жалпы тұжырымдамалық ережелер жетіспейді.

Ғалым Н.О.Яковлева жобалық қызмет идеяларының даму тарихын үш кезеңге бөліп көрсетеді:

Бірінші кезең – ежелгі дәуірден XX ғасырдың 20-жылдарына дейінгі кезең. XX ғасыр – қазіргі әдебиетте жобаның дербес қызметке бөлінуі, идеологияның қалыптасуы және жобалау әдістерінің даму кезеңі ретінде сипатталады.

Екінші кезең – 20-50 жылдар аралығы. XX ғасырда педагогикалық жобалау арнайы ғылыми зерттеу нысанына айналды.

Үшінші кезең – 50-жылдардан бастап, қазіргі уақытқа дейінгі кезең. Жобалау әлеуметтік ғылымдарға, соның ішінде педагогикаға да таралады [129].

Педагогикадағы жобалап оқыту технологиясын зерттеушілер В.С.Зайцев [130] пен Г.Г.Митрофанова [131] болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен тәрбиешілерінің инновациялық технологияларды қолдана отырып, балалардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту [132] арқылы жобалап оқытудағы жобаны жүзеге қалай орындау керектігін түсіндірді.

Неміс педагогі Maikl Knoll [133] еңбектеріне сүйене отырып, жобалау

идеясы қайта өрлеу дәуірінің соңында Италияның, содан кейін Францияның сәулет мектептерінде пайда болғанын айтады.

Жобалап оқыту технологиясының мәні білім алушының алдын-ала жоспарланған, бірте-бірте күрделі практикалық тапсырмаларды орындау арқылы дағдыларды меңгеруінен және білім алуынан тұрды.

XX ғасырдың басына қарай Н.О.Яковлева «Педагогикалық жобалаудың теориялық және әдістемелік негіздері» атты өзінің монографиясында, жобалау теориясы мен практикасын кеңінен қозғап, тың мәліметтер келтірген [129,с. 39].

Жобалық оқытудың мақсаты білім алушыларға түрлі мүмкіндікте білім алатын жағдайлар жасау; танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін алған білімдерін пайдалануды үйрену; коммуникативтік дағдыларды дамыту.

XX ғасырдың басында атақты ғалымдар Дж.Дьюи [134], G. Saimon [135], В.Х.Килпатриктің арқасында педагогикалық жобалауды қалыптастырудың педагогикалық тәжірибесі қалыптасты [136]. Осы кезеңдегі педагогика болашаққа бағдарланған оқуды бастауды жариялайды «белсенді» білімнің практикалық сипатымен ерекшеленді.

Келесі кезекте, теориялық білім берудегі жобалауды негізге алған отандық зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасағанды жөн деп таптық.

Ғалымдар Ш.Т.Таубаева мен А.А.Булатбаева «Педагогикалық әдіснамалары мен әдістерін зерттеу» еңбегінде ғылыми зерттеудің дәстүрлі әдістерін, білім беру тақырыптарының әртүрлі жүйелерін жобалауды айтарлықтай өзгертетін жүйелік тәсілдердің негізгі элементтерін қамтитынын анықтады:

- бар жағдайды бағалау;
- мақсағтар мен міндеттерді айқындау;
- зерттелетін объектінің жүйелік көрінісі;
- жүйенің тұжырымдамалық моделін жобалау және қалыптастыру;
- жүйені зерттеу және оңтайландыру;
- жүйені іске асыру;
- қызмет бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;
- алынған нәтижелерді талдау және бағалау;
- жүйелер мен бағдарламаларды жетілдіру және дамыту [137,138].

Жобалаудағы аталған жүйелік тәсілдер білім берудегі зерттеу объектісінің жүйеленуіне негізделеді.

А.К.Менжанова, Г.И.Исмагулова, Е.Б.Дайрабаевтың «Мектепке дейінгі педагогика» атты еңбегінде: «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін жобалау барысында жоспар жасай білуге, жұмысты орындауға үйретеді, ұқыптылыққа, дәлдікке ойлампаздыққа баулиды, бір затты тұтас жасап шығатындай тапсырма беріледі, заттың бір бөлшегін ғана орындау, оларды қанағаттандырмайды», – деген пікір келтірілген [138]. Ғалымдар тапсырмаларды танымдық және шығармашылық тұрғысынан шешуді жобалайды.

Н.В.Матяш пен И.А.Афонин білім беруде қолданылатын шығармашылық

жобаларды жүзеге асыруда ұсынатын интеграцияланған жобалап оқытудың құрылымымен бірдей мақсат, жоспарлау, іске асыру, бақылау, түзетулерді атап өтті [139,с. 106].

Е.А.Алексеева мен М.В.Морозованың тұжырымдарына сәйкес аудиториядан тыс жобалап оқыту технологиясы оқу үдерісінде ұйымдастырудың икемді моделі ретінде ерекше орын алады, ол оқу үдерісінің ұйымдастыру формасын да, педагогтің рөлін де түбегейлі өзгертуді көздейді [140].

Педагог білім алушылардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, іс-әрекеттің жаңа түрлерін игеруіне, білім алушының танымдық іс-әрекетке, өзін-өзі тәрбиелеуге және алған білімдерін практикада қолдануға қызығушылық танытуына жағдай жасайды.

Неміс ғалымы К.Фрей «Жобалау әдісі» еңбегінде білім алушыларға жобаны орындау жолын көрсетеді. Жобаға қатысушылар өмірдегі кез келген тақырыптағы мәселені орындай алады деп анықтады:

– жобаға қатысушылар бір бірімен оқыту нысаны туралы ақпаратты бөлісе алады;

– жобаға қатысушылар жобалық бастаманы дамытады және оны баршаның назарына жеткізеді;

– жобаға қатысушылар жұмыс барысы туралы бір бірін хабардар етеді;

– жобаға қатысушылар пікірталастарға қатысады және т. б. [95,с. 33].

Сондай-ақ, білім алушылар үшін оқу үдерісіне белсенді қатысу: жобаның мақсаттары мен міндеттерін өз бетінше тұжырымдау, өндірістік және өмірлік жағдайларында сұранысқа ие жеке қасиеттерді қалыптастыру: зерттеу және жобалау дағдыларын меңгеру; мәселенің шешімін көре білу, дербестік, икемділік, сыни тұрғыдан ойлау, үйренген әрекет үлгілерін жаңа жағдайға көшіру, тұрақты интеллектуалдық қасиеттерді қалыптастыру [141].

Ғалымдар А.П.Корзун және Л.С.Пастуховалар бойынша жобалап оқыту технологиясының әдісі:

– өзекті мәселенің сыни бағытталуына оқыту (challenge-based learning);

– проблемалық бағдарланған оқыту (problem-based learning);

– орынға байланысты оқыту (place-based learning);

– тәжірибеге негізделген оқыту (activity-based learning);

– әзірлемелер арқылы оқыту (design-based learning) [142].

Жобалап оқыту технологиясы педагогтерге белгілі бір тақырыпта, проблема бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға, ал білім алушыға жеке оқу пәндері бойынша да, сабақтан тыс уақытта да шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Жобалап оқыту технологиясы білім алушылардың іс-әрекетін дамытады, қызықтырады, ұйымдастырады, ал педагогтерге оқытып қана қоймай, сонымен қатар қосымша ғылыми әдебиеттерді іздеуді және оқуды, білім алушылардың сөздік қорын толықтыруды және кеңейтуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технологияны жақсы меңгеру дегеніміздің өзі – шеберлік.

Бұл технологияларды ХХІ ғасырдың технологиясына бекер жатқызбайды, олар ең алдымен, адамның индустриалды қоғамдағы жедел өзгертін жағдайларына бейімделу білігін қарастырады.

Е.С.Полат жобалап оқыту технологиясын қолдануға мынадай талаптарды қойды:

- кез келген жобаның негізгі маңызы, қызықты немесе аз зерттелген проблема болуы тиіс;
- жоба тақырыбындағы жұмыс нәтижелерінің теориялық, практикалық, танымдық маңыздылығы болуы тиіс;
- білім алушылардың дербес (жеке немесе жұптық немесе топтық) қызметінің үстемдігі;
- міндетті ойластырылған жұмыс құрылымының болуы;
- бастапқыда іс-қимыл кезеңдерінің реттілігін көздейтін зерттеу әдістерін пайдалану [143]. Жобалап оқыту технологиясын білім алушылардың сабағына да, сабақтан тыс жұмыстарына да белсенді түрде енгізуге болады.

Ғалым А.Р.Ерментаева жобалап оқыту технологиясы арқылы сабақтан тыс уақытта әлеуметтік ортаны құру, іс-әрекеттік қарым-қатынастағы формаларды жоспарлы жүзеге асыру жобаланатын объектін дамыту мақсатында болашақ білім алушыға теориялық білімді жүзеге асыру тәсілі мен технологиясын меңгеруді қарастырған [111,с. 135]. Жобалар әдісінің негізінде, білім алушылардың танымдық дағдыларын дамыту, өз бетімен білімін құрастыру білігі, ақпараттық кеңістікте бағдарлану білігі, сыни ойлауының дамуы жүзеге асады.

Н.В. Иванова және Д.И. Демина оқу үдерісінде жобалап оқыту технологиясын қолдану ғылыми теориялар мен тұжырымдамаларды түсіндіру үшін пайдаланылуға, жоғары білім алушыларға softskills қалыптастыруға мүмкіндік беретінін түсіндірді [144]. Жобалап оқыту бойынша жұмыс істей отырып, білім алушылардың қызығушылық қасиеттерін дамытады, яғни зерттелетін тақырыпқа деген шынайы қызығушылық, тәуелсіздік, «шындыққа жетуге», белгісізді білуге деген ұмтылыс пайда болады, сонымен қатар басталған іс -әрекеттер үшін жауапкершілік қалыптасады.

Е.Г.Кагаров «Жобалап оқыту технологиясы» атты зерттеуінде білім алушылардың қызығушылық қасиеттерінің айрықша ерекшеліктерін атап өтті, «Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың мүдделеріне сүйену, әртүрлі аспектілерімен байланыс, мектеп жасына дейінгі балалардың дербестігі мен шығармашылығы, теория мен практиканың бірігуі», – деген тұжырым келтірген [145]. Автордың пікіріне сүйене отырып, жобаларды орындаудың үш кезеңін анықтадық: жоспар құру; жобаны орындау; жұмысты қорытындылау, ұжымдық талқылау, оны бағалау және есеп жасау. Жобалап оқыту технологиясы – білім алушыларға біртіндеп күрделене түсетін практикалық тапсырмаларды, жобаларды жоспарлау және орындау барысында білім мен дағдыларды дамытатын оқыту жүйесі. Жобалап оқыту технологиясы білім алушылардың белгілі бір уақыт аралығында орындайтын белсенді өзіндік жұмысына (жеке,

жұптық және топтық) бағытталған.

Р.К.Аралбаеваның болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған «Мектепке дейінгі педагогика» атты еңбегінде «Мектепке дейінгі педагогиканың ғылым ретіндегі функциялары жобаны құрастырушы педагогикалық қызметтегі технологияларды әзірлеуді, білім беру үдерісінде педагогикалық қарым-қатынас жобаларының түрлері мен әдістерін әзірлеуді білдіреді», – деген идея бар [146].

Тек жобалар әдісі бойынша жұмыс істеген профессор Э.У.Коллингстің тәжірибелік мектебінде, жұмыстың бірінші жылында, мектептің жалғыз оқытушысының басшылығымен білім алушылардың 6008 жобасының жоспарланған нәтижесі алынды [147]. Осы мектепте, әлемде алғаш рет оқу жобаларының жіктелуі ұсынылды және апробациядан өткізілді.

АҚШ педагогтарымен қатар, Ресейде 1905 жылы С.Т.Шацкийдің басшылығымен оқыту тәжірибесінде жобалау әдісін қолданған шағын қызметкерлер тобы ұйымдастырылды [148].

Осы уақытқа дейін автордың позициясы маңызды болып саналды, оның ойынша, жобалау іс-әрекетіндегі білім беру үдерісін мұқият түрде педагог жоспарлауы керек. Оқытушының аталған іс-әрекетін ол «жобаларды орындаудағы алдын ала басқару», – деп атады және жоспарлаудың жалпы сызбасының құрамын: жобаның мақсаты, құралдары, оқу материалы, бақылау және есепке алу, жұмыстың нәтижелері деп анықтады.

П.Д.Бьюкененнің пікірінше жобалау идеясының тамыры қайта өрлеу дәуірінен және Пико делла Мирандола, Бэкон Фрэнсис және Галилео Галилей сияқты тұлғалардың шығармашылығынан басталады деген тұжырымын жасай отырып, жобалау ХХ ғасырда екі практикалық әдіспен пайда болғандың зерттеулерінде көрсете білді [149].

Аристотельдің, Т.Мордың, Т.Кампанелланың, Р.Оуэннің жұмыстарынан біз «Адамдардың жаңа ұрпағы», идеалды бейнесін көреміз. Идеал – осы жағдайда жобалаудың мақсаты ретінде қарастырылған [150].

М.Кнолльдің пікірінше жобалау идеясының жүзеге асуына әсер еткен 1702 жылы Франциядағы Корольдік академиялық архитектура студенттері арасында сәулеттік сызбалар жоба дайындау байқауы ұйымдастырылады. 1879 жылы Еуропадан Вашингтон қаласындағы Saint Louis университетінде техникалық бұйымдар ойлап табатын жобалық тапсырмалар орындалған [151].

Неміс педагогтері жоба әдісінің авторлары университет профессорлары Ч.Р. Ричардс пен Дж.Дьюи қолөнер мектептері мен қол еңбегі мектептерінің бағдарламаларына автор болған (1900) [134,с. 45].

«Жоба» термині (итальян тілінде «progetto», француз тілінде «projet», неміс тілінде «projekt» және ағылшын тілінде «project») білім беру қабылдауын белгілеу үшін қолданылған. 1577 жылы Рим Папасы ХІІІ Георгий қамқорлығымен Римдегі «Ди Сан-Люк академиясы» болды. Көркемдік академияның білім берудегі мақсаты студенттерге білім беру және шығармашылығын дамыту еді, сондықтан оқу жарыс қағидаттарына негізделіп

жұмыс істеді, себебі жобалау әдістемесіндегі жаңа тәсілге негізделді. Студенттер жоба бойынша жұмыс істегенде студенттердің қиялын дамытып, классикалық дәстүр аясында бастапқы шешімдерге келуі керек болатын.

Дж.Дьюи жоба әдісінің әдіснамалық негізін қалай отырып студенттің тәжірибесіне назар аударып, ойлауын дамыту, қарым-қатынас жасау барысында студенттің бойынан шығармашылықты анықтады. В.Х.Килпатрик жоба әдісінде Дж.Дьюи мен бірлесе (студенттердің өмірлік жағдайларда практикалық мәселелерді шешу арқылы тәжірибе мен білім алуға мәжбүр болатындығын) анықтады [134,с. 46]. «the stir the best in them» «олардың ішіндегі ең жақсысын ояту»).

1910 жылы Миссури (АҚШ) ауылдық мектептерінің бірінде Э.Коллингстің басшылығымен жобалардың жіктелуі және эксперимент өткізілді сондай-ақ, оқытуда жобалардың төрт тобы кеңінен қолданылды:

- ойын жобалары (Play projects), мақсаты – білім алушылардың топтық қызметке қатысуы);
- экскурсиялық жобалар (Excursion projects) (қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаның проблемаларын зерттеуді көзделді);
- баяндау жобалары (Story projects) (мақсаты әр түрлі формада әңгіме);
- сындарлы жобалар (Hand projects) (олардың мақсаты нақты пайдалы өнім жасау болды) [147,с. 48].

Дегенмен, жоба әдісіне көптеген ғалымдардың ойлары ықпал етті және 1930 жылдан бастап оны сирек қолдана бастады. Бұл оқудың жүйелілігінің бұзылуына және білім алушылардың білім деңгейінің күрт төмендеуіне байланысты болды. Сондықтан, АҚШ пен Еуропа мектептеріндегі жобалар әдісі қосымша және балама білім беру жүйесінде қолданылды. 1987 жылы АҚШ – та «қабырғасыз мектептер» (wools without School) деп аталатын базада білім берудің жаңа бағыты – «өнімді оқыту» пайда болды (жобалау әдісіне негізделген) [147,с. 49].

XXI ғасырдағы білім беруде жобалық әдісті қолдану білім беру ұйымында туындаған көптеген жағдайлармен күрделене түседі деп саналады (кабинеттердің болуы, оқу-жаттығу жүйесі, оқу мен оқыту үдерісін технологияландыру, білім беру ұйымы және одан тыс қызметті бөлу, қойылатын талаптардың өте төмен деңгейі және т. б.), сондықтан білім беру ұйымдарында жоба әдісінің кейбір сипаттамаларын қамтитын жобаға бағытталған оқыту туралы ғана айту (яғни, оқытудың көбірек түріне ұқсайтын оның қысқартылған түрі туралы) үдеріске айналған еді [147,с. 50].

А.А.Шкунова мен К.А.Плешанов ЖОО-да студенттердің жобалық қызметін ұйымдастырудың ғылыми зерттеу нәтижелері және даму перспективаларын ғылыми еңбектерінде қарастырған [152].

Д.В.Гергерт пен Д.Г.Артемьев ЖОО-на жобалық бағдарланған оқытуды енгізу тәжірибесін қарастырған [153].

Жан Пиаже еңбектерінде жобалау идеясы, жобалау әдісі ең алдымен жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарындағы дәстүрлі

оқытуға қарсы бағытталған бағдарлама ретінде қарастырылды [154].

Ғалымдар А.Н.Леонтьев [29,с. 71], П.Я.Гальперин [155] еңбектерінің зерттеулерінен бастау алған және т.б. ғалымдардың идеялары жобалау әдісінің негізін салуға себепші болды.

Е.В.Кадола мектеп жасына дейінгі балалармен бірге орындалатын жобалық жұмыстарды талдап, ерекшеліктерін көрсеткен [156].

Философ Н.Ф.Феодоров (1828–1903) іс-әрекет әдісін жобалау жұмысында «тануды» жұмыстың жобасы деп қарастырды. Оның ойынша, идея субъективті немесе объективті ретінде қарастырылады. Философиялық деңгейде жобалау – рухани дамыған іс-әрекет ретінде қарастырылып, іс-әрекетте жобалаудың нәтижесі іспетті болады. Техникалық жобалау, жобалау іс-әрекетінің маңызды бір бағыты қоғамдағы көріністердің модельдері мен институттарын құру болып табылады [157].

Жобалап оқыту технологиясы әрқашан бір жағынан оқытудың әртүрлі әдістері мен құралдарын пайдалануды, екінші жағынан ғылымның, техниканың, технологияның және шығармашылық салалардың әртүрлі салаларынан интеграцияланған білімді, дағдыларды қолдануда қандай да бір мәселені шешуді көздейді.

И.Г.Песталоцци «Адамның ойы іскерлік жұмыстарда дамиды» деп есептеді. Өйткені адамдардың сол кезде қателесуі көп кездесті [126,с. 25].

О.И. Генисаретскийдің «Жобалау қызметі және жобалау мәдениеті» еңбегінде «Функционалдық, техникалық-экономикалық, экологиялық және тұтынушылық қасиеттері бар нақты объектілерді құруға бағытталған зияткерлік және әлеуметтік-мәдени қатынастардағы әмбебап және тәуелсіз қызмет түрі деп жобалау қызметін» есептеген. Оларға мыналарды жатқызады:

1. Жобаның критерийлерін қанағаттандыратын қандай да бір кәсіби тілде құжатталған жобаны (сипаттама, сурет, формулалар жүйесі, компьютерлік бағдарлама, жалпы мәтінін) әзірлеу.

2. Жобаны қабылдау туралы шешіммен аяқталатын мүдделі тараптар (ресми немесе қоғамдық ұйымдар, тұтыну топтары немесе жеке тұлғалар) арасындағы жобаны ғылыми-техникалық және әлеуметтік-мәдени негіздеу, бағалау және келісім жасау.

3. Жобаны дайындаушы үшін қол жетімді технологиялық, ұйымдастырушылық, инвестициялық және басқа құралдармен жүзеге асыру. [158].

Я.А.Коменский «Адамдарды ең басты нәрсеге үйрету керек, олар білімді кітаптан емес, өздері аспан мен жерді т.б., зерттеп, заттарды өздері танып білуі қажет. Біреудің қарастырғаны мен түсініктерін есте сақтамау керек», – деген ұсыныс берді. Бұл идея осыдан кейін көптеген философтар мен педагогтардың жұмыстарында дамыды [124,с. 65].

В.И.Слободчиков педагогикалық жобалаудың екі түрін ажыратады, олар: «*Біріншіден*, оқыту әрекеттерінің тәсілдерін игеру ретінде қарастыра отырып, білім беру үдерісін педагогикалық-психологиялық жобалауында. «*Екіншіден*,

білім беру үдерісін жүргізілетін институционалдық құрылымдар мен білім беру ортасын әлеуметтік-педагогикалық жобалауында, – деп жобалаудың түрлерін ұсынды [159].

В.П.Бедерханова да жобалаудың көптеген тәжірибелік нұсқаларын талдай отырып, екі үлкен бағытын ажыратады [160]:

Біріншісі – интенсивтік сипаттағы жобалар жасау және жобалау әрекеттері. Оларға ұйымдастырушылық, іс-әрекеттік, инновациялық ойындар мен жобалау жиындары жатады.

Екіншісі – жобалау әрекеттері негізінде ұжым мүшелерінің бірлесе отырып, қадамнан-қадамға аяқ басуы арқылы білім беру мекемесіне гуманитарлық бағдар беруінде [160,с. 14].

Г.Л. Ильиннің еңбегінде жобалап оқытудың инновациялық формаларын Н.Г.Алексеев, Ю.В.Громыко, В.А.Никитин, В.В. Рубцов негіздеді. Жобалау іс-әрекетінің тәжірибелік жағдайы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім беру жүйесінде кең таралуына байланысты [161].

Жобаға бағытталған оқыту дегеніміз – студенттер тақырыпты тандаудағы мәселені даярлау арқылы мақсаттары мен әдістерін, сондай-ақ, орындалған жұмысты талдау мен бағалауды болжайтын оқытудың түрі.

XX ғасырдың басында жобалап оқыту әдісіне деген қызығушылық кеңес педагогикасында кеңінен туындайды (А.Я.Герд, Т.Гексли, П.Ф.Каптерев, С.Т.Шацкий, П. П.Блонский, К.Н.Вензель, М.М.Рубинштейн және т. б.).

П.Ф.Каптерев таным үдерісінде шығармашылық қызметке көп көңіл бөле отырып, мәселелерін қарастырды [162].

Атақты Ресей әдістемешісі Ю.В.Громыко былай дейді: «Білім беру парадигмасын ауыстыру жағдайы қазіргі кезде ғылыми жобалау бағдарламасы типінде құрылады. Жобалаушылық пен бағдарламалау іс-әрекеті білім беру жүйесінің тәжірибесінде құрылып, жасалады. Осыған байланысты ғылыми жазба және құрастырушылық талдау алдындағылардан ерекшеленеді» [163]. Көптеген ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен практикалық әрекеттер негізінде жобалау логикасы: жобалық, технологиялық, рефлексиялық болып бөлінеді. Сондай ақ, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі заман талабына сай, жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінің мақсаты негізінде бәсекеге қабілетті маман дайындауда жаңа формациядағы педагог-тәрбиеші педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыретіне қамтиды [164].

Е.С.Заир-Бек «Жобалау – қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған педагогикадағы және ұйымдастырылатын практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт», – деп түсіндіреді [86,с. 61].

С.Андабекованың «Мектепке дейінгі педагогика» еңбегінде «Педагогиканың қызметі – білім алушыны тәрбиелеу және оқыту заңдылықтарын түсіндіру», – [93,с. 2] деп пайымдалған. Бұл теория тәжірибелі

болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогін балабақшадағы балалармен, әлеуметтік біліммен, оларды болжау, жобалау және білім беру үдерісіне енгізу үшін әртүрлі жағдайлармен, сондай-ақ оларды бағалаудың тиімділігімен байланыстырады.

А.Қ.Бекболғанова «Жаңа педагогикалық технологиялар» еңбегінде «Педагогикалық технология – педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Сонымен педагогикалық үдеріс белгілі жүйе принциптерінде құрылатын болғандықтан, педагогикалық технология сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Осы принциптерді жалғастырмалы орындау оларға объективті қарым-қатынастарында және педагогтың тұлғасын толық көрсететін жинағы ретінде қалыптастырылады», - деген тұжырым жасайды [165].

Жобалау – бірінен соң бірі дамитын бірнеше сатыдан тұратын, күрделі инновациялық үдеріс. Келесі кезекте, ғалымдардың жобалауға берген анықтамаларын жүйеледік (кесте 2).

Кесте 2 - «Жобалау» ұғымына ғалымдардың берген анықтамалары

Автор	Анықтамалар
М.Кнолл	Жобалау технологиясы – сәулеттік және инженерлік білімнің іс-әрекеті.
О.И.Генисаретский	Жобалау әмбебаптық ғылыми-техникалық қана емес, ол ең алдымен әлеуметтік-мәдени әрекет түріне жатады.
Н.Ф. Фёдоров	Идеяны субъективті немесе объективті ретінде қарастырды.
В.И.Слободчиков	Білім беру үрдісін педагогикалық-психологиялық жобалауында және білім беру ортасын әлеуметтік-педагогикалық жобалауында деп екіге ажырата білген.
Ж.Икелс	Жобалық іс-әрекет индуктивті және абстрактілі тәсілдерді қамтитын ғылымның концептуалды-дедуктивті идеясынан алшақтайды.
В.П. Беспалько	Жобалау педагогикалық іс-әрекеттің тәуелсіз түріндегі символы.
Ф.Перегудов	Берілген уақыт ішінде белгілі бір жүйеге мақсатты өзгерістер ендіру.
Г.Л. Копотева	Жоба бұл жұмыс көзі, жұмыстағы қандайда бір мәселенің шешімі мен жетістікке жетуге деген алдын ала мақсат қою.
А.П.Тряпыцина	«Жобалау» білім беруді дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы.
Ш. Маршалл, С. Алекс Дэвид	Жобалау-білім беру іс-әрекеті субъектілерінің өзара іс-қимылының белсенді нысаны ретінде қолдану.
Д. В. Хорев	Әлеуметтік жоба, уақыты бойынша әрекет етудегі әлеуметтік маңызды мақсатқа жетуге бағытталған.
Г.К. Селевко	«Жоба» ұғымын келесідей анықтады: 1) белгілі бір ережелерге сәйкес белгілі бір объектін қайта құру идеясы; 2) құрылыстың, үдеріс, іс-шараның, өнімді жасаудың әзірленген жоспары.

Жобалап оқыту технология белгілі бір теориялық немесе практикалық мәселелерді шешу, оны елестету, санада құрылымын келтіру, назар аудару және

іске асыру арқылы нәтижеге қол жеткізу. Балалардың өзіндік іс-әрекетіне жағдай жасаңыз (жеке, жұптық және топтық жұмыс). Жобаның мазмұндық бөлігінің құрылымын жүйелей білу [166].

Зерттеушілік іс-әрекет арқылы жобалап оқыту технологиясын жүзеге асыруда кез-келген пәндік саланың білім алушылары мен педагогтерінің жетекшілігімен әртүрлі зерттеу міндеттерін шеше алады. Бұл жағдайда педагог өзінің педагогикалық жұмысын ғылыми зерттеу принциптерін ескере отырып, жобалап оқыту технологиясы негізінде жүзеге асырды [167].

Кесте 3 - Жобалық іс-әрекет бойынша зерттеулер мазмұны

Жобалық іс-әрекет бойынша зерттеулер	Зерттеу жүргізген авторлар
Іс-әрекет арқылы жобалау технологиясы	Н.Е.Веракса, А.Н.Веракса
Балабақшадағы оқыту жобалары	Н.А.Виноградова, Е. П. Панкова
Еңбек ету арқылы жобалап оқытуға даярлау	П.Н. Игнатъева, Н.Н. Иорданский, П.Ф. Каптерев, Н.В.Матящ, П.Р. Полякова, В.В. Рубцова, В.Д. Симоненко, Ю.Л. Хотунцева, В.Н. Шульгина
Практикалық білім беруде қолданылатын жобалар	А.Л. Блохина, В. Н. Давыдова, Ю.В.Железняк, Ю.В.Киримов, В.Е.Мельникова
Педагогикалық жобаны технология ретінде қарастырған	С.Н. Поздняк, Н.Г. Шумова, А.В. Хуторский
Жобалық зерттеулердің ғылыми әдіснамалық негіздері	А.С. Обухова, С.Н. Поздняк, Л.Л. Розанова, Ю.О.Стеканов, А.В. Хуторский, Н.Ф. Яковлев

Заманауи әдістер мен технологияларды, атап айтқанда жобалап оқыту технологиясын қолдана отырып, университетте білім беру үдерісін ұйымдастыру қажеттілігі көптеген факторларға байланысты. Білім алушылардың жеке басын дамытудағы жобалап оқыту технологиясының әлеуеті оның кәсіби қалыптасуы мен сәйкесінше дайындық мәселесіне басқаша көзқараста болады. Оған қатысу білім алушыларға өз тәжірибелерімен оқу материалын тиімді игеруге, ақпаратты талдауға және жүйелеуге, командада жұмыс істеуге, идеялар қалыптастыруға, жеке қасиеттердің кең көкжиегін көрсетуге және қазіргі кезеңде өзекті болып табылатын және оны одан әрі даму үдерісіне бағыттайтын басқа да нәрселерге мүмкіндік береді.

Ғалымдардың жобалап оқыту технологиясы туралы идеяларына сүйене келе, аталмыш технологияның мәнін анықтай алдық (сурет 2).



Сурет 2 – Жобалап оқыту технологиясының мәні

Е.И.Тихееваның зерттеулерінде мектеп жасына дейінгі балалар үшін дамыту ортасын жобалау және құру кезінде мектепке дейінгі ұйым педагогтері балалардың өмір сүретін қоршаған ортасы үлкен рөл атқаратының жақсы білуі қажет екендігі айтылған [168].

Жобалап оқыту технологиясы білім берудің барлық сатыларында, оның ішінде бірінші сатыда – мектепке дейінгі білім беруде белсенді түрде енгізіліп жатқанын атап өтеміз. Бұл факт педагогтің қарастырылып отырған қызмет шеңберінде тиісті кәсіби құзыреттілігінің болуын болжайды. Жобалап оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі технологияларын меңгерген мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагогі білім беру үдерісін байытады (оны бір жерде түбегейлі өзгертеді) және оның өзекті міндеттерін шешеді.

«Зерттеушілік іс-әрекет», «Жобалап оқыту технологиясы» ұғымдарын зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектерін қорытындылай келе, біз төмендегідей анықтаманы ұсындық.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекеті дегеніміз - шығармашылық, ізденушілік, ұйымдастырушылық қабілеттері арқылы жаңа идея қалыптастыру, білім, білік, дағдыларын дамыту, кәсіби біліктілігін жетілдіру сапасы.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалау әрекеті дегеніміз -білім алушылар мен педагогтердің іс-әрекетінің негізгі білімдерін алдын ала өңдеу.

Келесі параграфта болашақ педагогтердің зерттеушілік іс-әрекетін жобалау технологиясы арқылы дамытудың шетелдік және отандық тәжірибесін талдайтын боламыз.

1.2 Болашақ педагогтердің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуда отандық ғалымдардың зерттеулері талданды, негізгі идеялары зерттеуіміздің негізі болды. Мысалы, ЖОО-дағы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясын белсенді қолдана алу сапаны арттыруға ықпал ететіндігін көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйымда жобалап оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі – мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік іс-әрекетін және даму деңгейіндегі баланың еркін шығармашыл тұлғасын дамыту.

Отандық білім беруде, жобалап оқыту технологиясының атауынан көрініп тұрғандай ақ, жобалап оқыту үдерісі жобалар негізінде білім алушының мақсатына жетудегі және жауапкершілікті сезінудегі зерттеушілік іс-әрекетінен құрылады. Педагогикалық түсініктерге сәйкес жобалау болашақ педагогтерді жобалауға, мәселелерді шешуге, шешім қабылдауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына икемдейтін күрделі сұрақтарға немесе мәселелерге негізделген кешенді тапсырмалар бойынша жүзеге асырылады. Зерттеушілік іс-әрекет негізінде жобалап оқыту технологиясы арқылы нақты өнімдерді немесе презентацияларды орындауда нәтиженің оң шешімін шығара алады.

Біздің зерттеу жұмысымыздағы зерттеулерге сәйкес зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясында қолданудағы мақсаттарын қарастырдық: болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің күрделі нақты жобаларды орындау қабілеттерін дамыту; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері өзін-өзі оқыту тәжірибесін орындауы; жобалық ойлауды қалыптастыру; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін білім алуға ынталандыру; алған білімдерін жаңа міндеттерді шешу үшін пайдалану қабілетін және осы білімді өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін дамытуда; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің, шығармашылық қабілеттерін, сондай-ақ талдамалық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту; қажетті құзыреттерді дамытуда: өмір бойы оқыту, командада жұмыс істей білу, зерттеушілік іс-әрекеті, коммуникативті дағдыларын дамыту, жобаларды басқару дағдылары және т.б. болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің бойында дағдыларды дамыту және сіңіру. Отандық ғалымдардың зерттеулері жобалап оқыту технологиясын қолданудың артықшылығын анықтауда, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің оқу үдерісіне белсенді қатысуы, сыни және белсенді ойлауды дамытуды ынталандыру екенін көрсетеді. Жобалап оқытуға қатысатын болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің бойынан оқуға деген ынталы болуы жақсы қарым-қатынас дағдыларын көрсете біледі. Сонымен, дамыған коммуникативті дағдылардан басқа, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің командалық жұмысты, жобаларды басқаруы, кәсіби этика нормаларын ұстанудың тиімді дағдылары дамиды. Осылайша, жоғары педагогикалық білім беруде жобалап оқыту технологиясын қолдану болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне ықпал етеді, олардың кәсіби қызметінде қажетті зерттеушілік іс-әрекетін

дамытады.

Жобалап оқыту технологиясын ұйымдастыру барысында педагогикалық, заманауи әдістерді тиімді қолдану маңызды [144,с. 174]. Өзгермелі уақытта білім беру жүйесінде педагогикалық бағыттағы жастардың ғылыми-зерттеу және өнеркәсіптік-технологиялық үдерістерге тез және толық интеграциялануын қамтамасыз ету үшін зерттеушілік іс-әрекеттерді жобалап оқыту технологиясы негізінде жүзеге асыруда. Қазіргі кезеңде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі жоба жасауда зерттеушілік іс-әрекет қызметін ұйымдастырудың әртүрлі технологияларын, сонымен бірге жобалық қызметін жүзеге асырудың әртүрлі форматтары мен шарттары үшін қолданылатын өзіндік ерекшеліктері мен құралдарын негізге алуда. Елімізде жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың қандай деңгейде жүзеге асатынына кеңінен тоқталдық.

Еліміздегі жобалап оқыту технологиясының мәселелесінде соңғы уақытта отандық зерттеушілердің еңбектері басым бола бастады. Отандық және шетелдік ғалымдармен бірлесе отырып, «*Project Magement: Kazakhstan*» атты халықаралық дәрежеде симпозиумдар өткізілді. Бұл жобаның негізі адам баласының зерттеушілік іс-әрекетін жобалау арқылы дамытудағы менеджмент талқыланды. Аталаған симпозиумдарда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері жобалауды және жоспарлауды, жобаның тәуекелдіктерін басқаруды, оның құны мен мерзімін анықтауды, жоба портфелін басқару және мамандық менеджментін кәсіби түрде жобалауға қатысты тағы басқа да қажеттіліктерді үйреніп шығуын негізге алды. Өткізілген сипозиумдарға сәйкес білім берудегі кәсіби маман даярлауда ауылдық және аймақтық елді мекендерде жаңартылған бағдарламаларға сай болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандарын қажет етеді [82,с. 115].

К.А.Нұрымжанова мен Г.К.Ахметованың «Қазіргі заманғы Қазақстан ауылдық мектебін инновациялық-стратегиялық жаңғырту» монографиясында «Ауылдық жерде білім берудің миссиясы: инновациялық және технологиялық білім беру мен оқыту, тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу арқылы дамуы, жетілу мен әлеуметтенудің синтезін құру», – деп көрсетті. Заман талабына сай ауылдық балабақшалар мен аймақтық ЖОО-ның білім беру стратегиялық сапаларына өзгерістер жасауды талап етеді. Жобалап оқыту технологиясының өзіндік ерекшелігі балабақшалар мен жоғары оқу орнының болашақ педагогі практикалық-тәжірибелер негізінде зерттеушілік іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады [169].

Ғалым Ш.Т.Таубаеваның пікіріне сүйене отырып, «болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін нақты бір іс-әрекеттер саласында практикалық дағдылары мен іскерліктерде, кәсіби еңбекке қажетті моральдық нормалар мен ережелердің жиынтығынан құралған бірлік», деп тұжырым жасай алдық [34,с. 29]. Аталған пікірлерге сәйкес, «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекеті жобалап оқыту технологиясын орындау барысындағы зерттеушілігі мен зерттеушілік іс-әрекетіндегі

дағдылардың жиынтығы», – деген анықтама бердік.

Қазіргі таңда білім беру ұйымдары өз алдына мынадай міндеттерді қойып отыр: ғылымды дәріптеу; жобалап оқыту технологиясы үдерісінде практикалық дағдыларына (технологиялық, конструкторлық, зерттеу, зерттеушілік іс-әрекет, басқару, кәсіпкерлік), оның ішінде кәсіби зерттеушілік іс-әрекет дағдыларды дамытуға; шығармашылық жобалау топтарын құру, іскерлік коммуникация, ынтымақтастық, командаларда жұмыс істеу және т. б. дағдыларын дамыту міндеттерін қойып отыр.

Аталған дағдыларды қалыптастыру барысында отандық ЖОО-да білім беру барысында жобалап оқыту технологиясының қызметі кеңінен зерттеле бастады және ол болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда. Жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетінің принциптерін болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің іс-әрекеттерін жобалап оқыту технологиясы саласында қатыстырылған жобалау табиғатымен объективті расталғанда, іс-әрекетін қалыпына келтіру ретінде қарастырылады және үдерістерге негізделеді.

Зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы негізінде педагогтің және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін білім алуында іске асырылады. Білім беру үдерісінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі мен педагогтің біртұтас күрделі зерттеушілік іс-әрекетін танытады. Ондағы болашақ педагог пен оқытушының ортақ мақсаты – жобалап оқыту технологиясы арқылы білім, іскерлік, дағдымен дамыту, демек, оқыту – өз мәнінде екі жақты үдеріс болып табылады.

Отандық ғалым Ж.Р.Башированың монографиясында «Болашақ педагогтерді даярлау аспектісінде университеттік білім беруді дамыту», «дәлелді қосу» деп атап өтті. Осы идея негізін ғылыми зерттеу жұмысымыздағы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуда кеңінен қолдана алдық. Ғалымның еңбегінде білім алудағы кемшіліктерді кешенді түрде жоюдың балама жолы дәстүрлі оқыту және бірқатар жобаларды әзірлеуге қосымша артықшылықтарды жүзеге асыру сондай-ақ, жобалап оқытудың дәстүрлі оқытудан артықшылықтарын байқауға болады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың артықшылықтарына мыналар кірді:

- әлеуметтік бағыттағы жобаларды іске асыруға мүмкіндік беретін жобалау қызмет түрі;
- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің әлеуметтік-мәдени ортасын түсінуге ғана емес, оны өзгертуге де нақты қатысуы;
- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері үшін жеке маңызды мәселелерді шешу және идеяларды іске асыру мүмкіндігі;
- өз еңбегінің нақты нәтижелерін алу, жоғары оқу орнында немесе өз тәжірибесіне енгізу;
- өз білімін, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби қызметін

жеке жобалау технологиясын біртіндеп игеруі, өмірлік маңызды мәселелерді шешу;

– пәндерде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің еркін шығармашылық өзін-өзі көрсетуі;

– жоғары оқу орнында әзірленген және енгізілген жобаның нақты пайдасын сезіну;

– шындыққа эмоционалды-құндылық қатынасының тәжірибесін игеру;

– білім беру үдерісіндегі субъектілері шешуі керек проблемалардың басқа деңгейі, басқа сапасы, басқа мазмұнын анықтау [170].

А.К.Мынбаева «Жоғары оқу орындарындағы педагогика негіздері» еңбегінде болашақ педагогтің кәсіби педагогикалық мәдениетінің негіздерін қалыптастыруда, ЖОО-да кәсіби қызметті сауатты түсіну және жобалау үшін педагогикалық ғылымның әдіснамасын, педагогикалық қызмет пен қарым-қатынас технологияларын білу қажет [37,с. 4]. Автордың пайымдауынша болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің сындарлы іс-әрекеттерді, білім беру мазмұнын, оқыту әдістерін таңдайды, іс-әрекеттерін жобалайды. Мұнда психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білім беруде, оқыту әдістерін меңгеру тәжірибесін жалпылау үлкен маңызға ие. Елімізде соңғы бес жылда жобалап оқыту, жоба жасау бойынша көрсеткіштерінің күрт өзгеруі мен өсуі белең алуда.

Сондықтан да, еліміздегі ЖОО-да берілетін білімнің ғылыми негізде жүргізілуін талап ететін құжаттар қабылданып, білімді дамытудың жаңа стратегиясы ұсынылуда. Ең басты мәселе болашақ жастарымызға берілетін білімді тұлғаға бағыттай отырып, олардың болмысына жол ашу, бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру болып отыр.

Ғалым Р.К.Бекмағамбетова [48,с. 1] «Мектепке дейінгі педагогика» еңбегінде мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның ерекшеліктері, ұйымдастыру қағидағтары және оны жобалау үдерістерін талдап, жобалаудың маңыздылығын түсіндірген.

Психология ғылымдарының кандидаты М.Қ.Бапаева «Психологияны оқытудың белсенді әдістері» атты ғылыми еңбегінде жоба - болашақтағы нәтижелерге қол жеткізу үшін білімдердің жиынтығы; – деген тұжырым келтірген [171].

Біз «Білім алушының білімдердің жиынтығына ойын арқылы және жобалап оқыту негізінде ойынның түрлері мен іскерлік ойындар бойынша имитациялық, инновациялық нәтижеге қол жеткізудегі зерттеушілік іс-әрекет», – деп тұжырым жасадық. Таным іс-әрекетті қабылдаудағы, ғылымилық негіздемесінің барлық, дәлелденгендегі жобаны жүзеге асырумен ерекшеленеді.

М.М.Иманбековтың «Мектеп жасына дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар» атты оқу құралында «Жобалау нысаны мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық жүйесіндегі, мақсатқа жетуде көмектесетін педагогикадағы үдерістің барлық факторлары, білімдерді беруіне

бағдар бола алады», – деген тұжырым жасаған [172]. Жобалап оқыту технологиясының ерекшеліктері мектеп жасына дейінгі балалардың жасайтын іс-әрекеттерін жобалай алудағы дағдысының болуында. Жобаларға қойылатын негізгі талаптар: шешімдерін іздейтін мәселелердің болуы, жоба байсалдылықпен ойын арқылы орындалатын, мектеп жасына дейінгі балалар мен ата-аналардың ортақ шығармашылығы деп пайымдайды. Демек, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогін даярлауда осы мәселелер ескерілгені жөн деп есептейміз.

К.Ж.Бұзаубақова «Педагогика» оқулығында «менгерілмеген білімді білім алушы ақпарт көздерінен немесе өз бетінше іздену барысында пратикалық және танымдық дағдыларын дамытуы», - деп ұсынады. «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған коммуникативтік біліктерін игеруге жағдай жасауды қарастырып, мектеп жасына дейінгі бала өзінің таңдап алған іс-әрекеттерін үлкен қызығушылықтармен орындай алады; іс-әрекеттер тек ұйымдастырылған іс-әрекет салаларында ғана құрастырылмайды; баладағы қызығушылығының пайда болған сәтінен; шынайылық оқытуда біржақты болмайды», – деп қосымша берілетін мәліметтердің де маңыздылығына тоқталған [173].

К.Ж.Бұзаубақова мен С.Н.Жиенбаеваның «Мектепке дейінгі білім инновациясы» атты зерттеу еңбегінде жобалап оқытудың ұраны ретінде «барлығы өмірден, барлығы өмір үшін», - деген тұжырым жасалған [174]. Ғалымдар танымдық үдерістер жүйесін, қоршаған ортаны бастапқы зертхана ретінде қарастырған. Білім алушылар үшін қажетті білімді әртүрлі ақпарат көздерінен өз бетінше оқып үйренуі, танымдық және практикалық міндеттерді шешуге алған білімді пайдалану, әртүрлі жобаларды орындай отырып мәселенің шешімін анықтауға бағдарланған.

Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» атты еңбектерінде білім беруде технологиялар мен инновацияларды қолданудағы педагогикалық технологиялардың түрлері білім беруде жүзеге асырылуы оның мақсаттары мен элементтерін, шарттарын топтасыру арқылы ұсынады [175]. Әрбір технология мен инновацияларды жобалаудың көмегімен байланыстырған.

А.Әлімовтың «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» атты оқу құралында білім алушылардың білімін бағалауда қолданылатын әртүрлі тәсілдер негізінде интербелсенді әдістерді (интербелсенді лекциялар мен семинарлар, пікірталастар, case-study, рөлдік және іскерлік ойындар, тренингтер, жобалық тапсырмалар) практикалық тұрғыдан сипатталып қолданылады [176]. Аталған интербелсенді оқытуда қолданылатын түрлі әдістердеге «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту», «Street Law», «Тэй-тэй («Step by step») бағдарламаларын, «Модульдік оқыту технологиясын» жобалау арқылы жүзеге асыруды ұсынған.

М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» еңбегінде «Модульдік оқыту технологиясы – жеке білім алушының өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын

калыптастыратын бірден-бір технология», – деген ұсыныс берілген [177]. Зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр білім алушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, жазбаша және ауызша тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Ғалым Г.С.Аяпбергенова «Жобалар болашақ педагогтердің өз бетінше зерттеушілік іс-әрекеттерінің нәтижесін презентация түрінде таныстыру барысында қандай да бір мәселені шешуге мүмкіндік беретін оқу-танымдық технологиялардың белгілі бір жиынтығын болжайды», – деген тұжырым жасады [178].

Автордың тұжырымынша, зерттеушілік іс-әрекетке жобалап оқыту технологиясы ретінде жобалап оқыту технологиясындағы проблемалық, зерттеу, іздеу, шығармашылық технологиялар жиынтығы кіреді. Жобалап оқыту технологиясы біздің зерттеуімізде зерттеушілік іс-әрекетін зерттеу, зерттеушілік, конструктивистік қызмет технологиясы ретінде қарастырылған.

Б.Т.Жубатырованың «Ойынның педагогикалық-психологиялық негіздері» еңбегінде балалардың іс-әрекеті ретінде ойынның өзіндік ерекшеліктері балалар өмірін ұйымдастыруда ойынның рөлінің маңыздылығындағы альтернативалық шешімнің мүмкіндіктері; жобаланған нәтижелер; бағалау критерилері; танымдық, қызықты театрланған, рөлдік, имитациялық еліктеу және т.б. ойындар қолданылады [179]. Бұл зерттеу жұмысында келтірілген нәтижелерді жобалау арқылы білім алушының жан-жақты ойлана алуына болжай білуіне, шешім қабылдауына, тәуекелділік жасауға жобаланған іс-әрекетте маңызды қызметтер атқарады.

Отандық ғалымдардың еңбектеріне талдаулар жасай келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту үдерісін былайша топтастырдық (кесте 4):

Кесте 4 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту үдерісі

Білімі	Зерттеуге қабілеттілігі, білігі мен дағдысы	Тәжірибе, іс-әрекет	Құндылық бағдар
1	2	3	4
Ғылыми негіздері; зерттеудің негізгі терминдері; қазіргі ғылыми зерттеулердің негізгі; бағыттары (МДҰ деңгейінде); зерттеу	Проблеманы таңдау; зерттеу нысаны мен пәнін анықтау; зерттеу тақырыбын қалыптастыру; зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау; болжамды құру; зерттеу жүргізу жоспарын құру; тақырып үшін қажетті	Әртүрлі білім көздерімен, АКТ-мен жұмыс істеу; нақты зерттеу жүргізу үшін қажет әдістерді таңдау; қарапайым құралдармен жұмыс жасау; әлеуметтік сауалнама, анкета, сұхбат және т.б. ұйымдастыру,	Зерттеу мәселесіне терең бойлауы; беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктері және үдемелі қызығушылықтарының қалыптасуы; жаңашылдыққа, жетістікке жетуге деген ішкі мотиві болуы; қажеттілікті қанағаттандыратын іс-

4 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
қызметінің кезеңдері; зерттеу нәтижесін ұсыну түрлері; зерттеуді бағалау критерийлері; этикалық норма.	ақпарат көздерін таңдау; идеялар табу, мәселелерді шешу жолдарын ұсыну; құбылыстар мен үдерістердің себептерін болжау; талдау, салыстыру, қорыту және шешім шығару.	ұжымда, жұпта және жеке жұмыс жүргізу; зерттеу нәтижелерін белгілеу және өңдеу; зерттеу нәтижелерін рәсімдеу және оларды қорғауға ұсыну, сөз сөйлеу; зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік мәнін табу.	әрекет етуі; сенімділігі, белгілі мұраттар мен принциптерге адалдығы, осы мұраттар мен принциптерді іске асыру жолында ерік күшін аямауға қабілеттілігі, өмірлік ұстанымдарға орай белсенділігі, мақсатқа жетудегі табандылығы.

Бұл кестеде біз болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға ықпал ететін құрамдас бөліктерін көрсеттік.

Жобалап оқыту технологиясы қазіргі таңда – болашақ педагогтер немесе білім алушылардың тобымен ғылыми-зерттеушілік, зерттеушілік іс-әрекет, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешуге бағытталған оқу танымдық іс-әрекет. Проблемаларды кең тұрғыда шешу әрекетімен және келісілген әдістерімен, жалпы ортақ мақсатының болуымен сипатталады.

Шетелдік жобалап оқыту технологиясының тарихы тереңде, 1900 жылдардың басында Джон Дьюи «оқытуды жүргізу арқылы жүзеге асыру» деген идеясының мақсатында көптеген зерттеулер жүргізді [134, с. 95]. Ғалым педагогтерге жүргізілген тәжірибеден алынған оқытумен салыстырып қолданысқа енгізді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде жобалап оқыту технологиясының маңыздылығы зерттеушілік іс-әрекетті жүзеге асыру болды, сондай-ақ, зерттеушілік іс-әрекетке анықтамалар берген ғалымдар А.Н.Леонтьев [29, с. 2], А.В.Запарожец [180], В.В.Давыдов [181], Д.Б.Элькониннің зерттеулерінде мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік дағдысын дамытудағы маңыздылығы қарастырылды. Шетелдік білім беруде және педагогикалық білім беру саласында жобалап оқыту технологиясы кеңінен қолданылды. Мысалы, Канадада балабақшадан бастап жобалап оқыту технологиясымен айналыса бастаған, мектеп жасына жеткен баланың бойынан зерттеуге деген ынтасы мен таным үдерісінің орын алуына негіз болды. Ал орта мектептерде жобалап оқыту жұмысының түрлері кеңейе түсті [182].

Неміс ғалымы М.Нолл өзінің «300 Jahre lernen am Projekt» («жобаны 300 жыл оқимыз») мақаласында жоба әдісінің қалыптасуы мен даму тарихындағы

бес кезеңді бөліп көрсетті:

- бірінші кезеңде: 1590-1765 жылдары Еуропаның сәулет мектептерінде жобалық жұмыстың бастау алуы;
- екінші кезең: 1765-1880 жылдары АҚШта жоба әдеттегі әдістемелік әдіс және оны қабылдау ретінде бастау алуы;
- үшінші кезең: 1880-1915 жылдары жалпы білім беретін еңбек мектептеріндегі жобалар бойынша жұмыс;
- төртінші кезең: 1915-1965 жылдары жоба әдісін жаңадан түсіндіру және оны АҚШтан Еуропаға қайтару;
- бесінші кезең: 1965-2011 жж. жобалық идеяны қайта қарау және жаңа (үшінші) таралу толқыны болып жүзеге асырылды [151,с. 338].

Педагогика дамуының қазіргі кезеңінде жобалап оқыту технологиясына арналған көптеген зерттеулер жетерлік:

- терминологиялық аппаратты, жеке элементтерді зерттеу, жобалау технологиясының ерекшеліктерін анықтауды Е.С.Полаттың еңбектерінде кездестіруге болады [143,с. 17];
- білім алушылардың зерттеу іс-әрекетіне дайындаудағы жаңа бағыттарына: болашақ педагог-тәрбиешінің тұлғасын зерттеу қызметінің субъектісі ретінде қарастыру; болашақ педагог-тәрбиеші тұлғасының мотивациялық саласы жағдайын зерттеуге сүйену; білім алушылардың танымдық, зерттеу және өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекетінің интегративті өзара әрекеті айқындалады [183];

Зерттеу жұмысымыздың шетелдік ғылыми кеңесшісі, ғалым Serkan Kelesoglu (Түркия, Анкара университеті) өз еңбектерінде білім алушыларды жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетке баулуда көптеген зерттеу көздерін пайдалана алуға мүмкіндік жоғары деп тұжырымдайды. Ғалым жобалап оқыту технологиясының қолданылу аясы мен түрлерін жіктей келе, болашақ педагогтер үшін құнды зерттеулер жүргізген. [184,185].

Жобалап оқыту технологиясына жаңа қызығушылықты тудырған негізгі себептер: Батыс Еуропа мен АҚШ-та жобалап оқыту технологиясы белсенді дамып келеді, дегенмен ғалымдардың тұжырымдамалары мен еңбектеріне сүйене келе жобалап оқыту педагогикалық және басқада білім беру саласының кез-келген бөлігінде зерттеушілік іс-әрекеттің негізгі тетігі болып келетінін түсінуге болады.

И.Д.Чечель білім алушылардың жобалау өнімдерін бағалауда әртүрлі әдістерді қолданған дұрыс деген тұжырым келтірген [185].

И.Бил, И.Шнайдердің ғылыми еңбектерінде жобалап оқыту технологиясының мақсаты, студенттердің танымдық дағдыларын дамыту және олардың білімдерін құра білуге үйрету зерттелген [186]. Жалпы, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие берудің дәстүрлі және заманауи аспектілері АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Жапония елдерінде түрлі жағынан қарастырылып келеді. Негізгі проблема мектепке дейінгі педагоганың жаңа

проблемаларын айқындау, дер кезінде шеше білу. Әр елдің ұлттық дәстүріне сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту проблемалары әр түрлі болуы мүмкін.

Ф.Фребель танымдық жаттығулар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың «талант» қабілетінен туындайтын жүйесін құрды [187]. Балалардың талантына қарай бірнеше таланттың түрлерін анықтады.

Д.Дьюи кез келген тапсырманы шешудің 5 кезеңі болатынын анықтады: [134,с. 2] мәселені нақты көрсету; мәселенің зерттеушілік барлық аспектілерін дәйекті түрде анықтау; бірнеше гипотезаларды көрсету; нәтижеге сәйкес келетін гипотеза түрлерін тексеру және анықтау, сонымен қатар ол болашақ педагогтерді педагогикалық мәселені шешуге бағыттады.

Шетелдік педагогикалық ғылыми зерттеулердегі И.Бил, И.Шнайдердің еңбегіне талдаулар жасай отырып, жобалап оқыту технологиясы [186,с. 141] «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің дербес қызметін ұйымдастыру арқылы оқуға деген қызығушылығын ояту, зерттеушілік іс-әрекетке деген қызығушылықтарын дамыту арқылы арттыру олардың алдына мақсаттар мен проблемалар қою үдерісін көрсетеді, шешімі жаңа білім мен дағдылардың пайда болуына әкеледі», – деген тұжырымдама жасадық.

Ғалымдар G.Saiman, S.Haines зерттеулерінде жобалар әдісі емес [135,с. 3] жобалап оқыту технологиясы қарастырылған, бұл «оқытудың негізгі әдістерін толықтыратын және оқытудың түрлі деңгейінде, кез-келген жаста және білім алушылардың қалыптасқан дағдыларының деңгейінде қолдануға болатын оқыту тәсілі немесе «алшақтықты жеңуге көмектесетін» құрал», – деп атап көрсетті.

D.L.Fried-Booth «зерттеушілік іс-әрекетті жүзеге асыруда жобалап оқыту әдісінің негізін алмастырушы – зерттеушілік жобалап оқыту іс-әрекетін жүзеге асыра алатын педагог», – деп қарауға болады деген идеяны ұсынды [188].

Жоба технологиясы бүгінде дизайн сөзімен тікелей байланысты Дж.К.Джонс дизайн «түпкілікті нәтижеге деген сенімділік пайда болғанға дейін қайталанатын болжамды әрекеттерді модельдеу», «интуицияның өте күрделі әрекетін жүзеге асыру», «белгілі бір шарттар кешеніндегі шынайы қажеттіліктердің мөлшерін оңтайлы қанағаттандыру», – деп санайды [147,с. 257]. Яғни дизайн белгілі бір жоспар негізінде жасалатын өнімнің шығуында оның жобамен тікелей байланысы өнімді жасаумен теңестіріледі.

Зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясын дамыту арқылы Ұлыбританияда жоғары оқу орнындарындағы ғалымдардың зерттеулері негізінде болашақ білім алушының нәтижелері зерттелінді.

Ұлыбритания зерттеушілері өзі зерттеулерінде дәстүрлі және жобалап оқыту жүйелерін салыстыра отырып, Еуропалық университеттердің болашақ білім алушылары жобалап оқыту жұмысына деген көзқарасы туралы мәліметтер келтірді [189]. Білім алушылардың бір бөлігі жоба технологиясын қолданудың оң нәтижелері: бастаманы дамыту; қызығушылықты есепке алу; зерттеу тақырыбына тереңірек ену; өз бетінше

жұмыс істей білу; өз тәжірибеңізді алу; туындаған мәселелерді өз бетінше шеше білу; зияткерлік дағдыларды дамыту; шығармашылық қызметтің өнімін ұсына білу; ешқашан жасамаған нәрсені игеру деп санайды. Аталған оң нәтижелер негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің бойында зерттеушілік іс-әрекетке деген сенімділік пен шығармашылық, ізденушіліктің нәтижесінде дағдының дамуы мен қалыптасуында жобалап оқыту технологиясы үлкен мәнге ие.

XXI ғасырдағы шетелдік педагогика ғылымында «жобалау технологиясы» ұғымын «жобалау әдістемесімен» немесе «жобалап оқытумен» ауыстыру үдерісі байқалады.

Карл Фрейдің «жобалық әдіс» жұмысында (Германия, 1997) жобаны әзірлеу кезінде білім алушылардың зерттеу бағытын білдіреді деген көзқарас айтылған [95,с. 39].

XX ғасырдың 80-ші жылдарының соңында жоба технологиясы шет тілін оқытуда белсенді қолданыла бастады (D.L.Fried-Booth «project Work», 1986). Жобалық жұмысты сәтті жүзеге асырудың мысалдары (бір-бірімен тақырыптық байланысты және тілдік материалдың сабақтастығы мен біртіндеп күрделену принципін жүзеге асыратын жобалар тізбегі ретінде), D.Phillips ағылшын тіліндегі оқу құралдары шыға бастады [188,р. 5].

S.Burwood, H.Dunford «projects with Young Learners» (балаларға арналған жобалар) және С.Turkenik «Choices» (жобаларға негізделген жазбаша тілді оқыту). Жобалап оқыту идеяларына негізделген конструктивизмнің өкілдері (Э.Брухман, Я. Кавай, С. Паперт, И. Карел және т.б.) «Адамдар өздері үшін жеке маңызы бар өнімді жасауға қатысса, жаратушы мен айналасындағылар үшін маңызды», – деп санайды [190].

Финляндияда зерттеушілік іс-әрекетке жобалап оқытудың технологиясы арқылы дағдыландыруда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогіне арналған 4 зерттеушілік нәтиже қарастырылған: алынған жобаға өз білімінің сәйкес келуі немесе жобаның қыр-сырын тезірек меңгеру мен икемделу; жоба негізінде алған біліміне сәйкес келмеуі, зерттеушілік іс-әрекетте тұрақсыздықтың байқалуы; жоба жасау кезінде бірнеше сала бойынша білім алады, алайда зерттеушілік іс-әрекеті нақты алған білім саласы бойынша жүзеге асады; жобаны орындау барысында бірнеше сала бойынша білім алады, алайда зерттеушілік іс-әрекетте тұрақсыздықтар орын алып, өніміді шығару қиынға соғады.

Финдік ғалымдардың зерттеулерінде әрбір болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі өз мамандығын дұрыс таңдауы, оны меңгеруі мен зерттеушілік іс-әрекеттерге байланыстыра алуы маңызды рөл атқарады. Ал, «зерттеушілік іс-әрекетіне ықпал ететін маңызды факторлар ақпараттық, коммуникативтілік, әлеуметтік, психологиялық факторлар негізінде жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту», - деп көрсетіледі.

Қазіргі кезде еліміздегі ЖОО білім бағдарламалары финдік үлгіге сәйкес құрастырылуда, соның ішінде 6B01201 - Мектепке дейінгі оқыту және


тәрбиелеу білім бағдарламасына да біршама өзгерістер енгізілетіні анық.

Түркияның бірқатар жоғары оқу орындарында (соның ішінде Anadolu University, Yeditepe University және т. б.) педагогикалық мамандықтар үшін білім беру бағдарламаларында «оқытудың арнайы әдістері» курсы, онда жобалап оқыту технологиясы (Bülent Alan, Fredricka L. Stoller, 2005) берілген Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы оқу үдерісін жоспарлауға және ұйымдастыруға көмектеседі деп есептейді.

Шетелдік ғалымдардың ғылыми педагогикалық жарияланымдарын талдауда педагогикалық бағыттағы мамандарды даярлау кезінде жобалап оқыту негізінде жатқан бірнеше негізгі тұжырымдамалық ережелерді бөліп көрсетуге болады [191]. Жобалық оқытудың басты бағыты білім алушы (гуманизм принципі), педагог және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің оқу топтағы ынтымақтастығы негізінде құрылады (ынтымақтастық принципі), жобалап оқытуды ұйымдастырудағы жеке тәсіл, оқыту іс-әрекет арқылы жүзеге асырылады, яғни іс-әрекетке деген көзқарас жүзеге асырылады, жоба тақырыбына деген болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің жеке қызығушылық принципі, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогін оқыту жеке маңызды өнімді құру үдерісінде жүреді, зерттелетін өнімге қатысты болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің қызығушылығын тудырады және ынталандырады олардың оқуы үшін үлкен жауапкершілікті өз мойнына алады.

Орындалатын жобалар мынадай талаптарға сай болуы тиіс: білім берудегі жобалар; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі пәннің негізгі ұғымдары мен қағидаттарымен бетпе-бет келу мәселелерге бағдарланған жобалар; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогін конструктивтік зерттеуге тартуы тиісті жобалар; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогіне бағдарлануы тиісті білім беру бағдарламасында айтарлықтай дәрежедегі жобалар; жобалар шынайы болуы тиіс; жобалық шешімдерді әзірлеу кезінде жүйелік тәсілдің қажеттілігі жүйелік жобалау тәсілі күрделі жүйелерді оңтайландыру мүмкін емес дегенді білдіреді, жеке ішкі жүйелерді оңтайландыру арқылы ішкі жүйелердің бір-бірімен қалай әрекеттесетіні туралы білімді қажет етеді; педагогикалық білім беруде жобалап оқытуда шешім қабылдау кезінде техникалық емес сипаттағы (педагогикалық, психологиялық, экологиялық, әлеуметтік және т.б.) әртүрлі шектеулерді ескеру принципі де маңызды.

Педагогтердің тиісті дағдыларын дамыту жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал ететіні анық. Зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясында оқу үдерісіне енгізудің үш стратегиясын анықтайды (сурет 3):



Сурет 3 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясында оқу үдерісіне енгізудің стратегиясы

Шетелдік ғалымдардың ғылыми жарияланымдарына жүргізілген талдау нәтижесінде жобалап оқыту технологиясын қолданудың ең кең таралған түрі стратегия екенін байқадық. Бұл болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін оқытуда осы технологияны өз бетінше қолдана алатын педагог үшін қолдануға болатын ең оңай стратегия екені анық. Жобалап оқыту технологиясын қолданудағы педагогтердің тәжірибесі бүкіл білім беру бағдарламасы деңгейінде немесе институционалдық деңгейде үлкен өзгерістерге ықпал етуі мүмкін [192]. Сонымен қатар, зерттеушілер бұл стратегияның кемшіліктеріне бүкіл білім беру бағдарламасын біртұтас қайта қараудың болмауы жатады студенттер жобаларды басқару және бірлесіп жұмыс істеу үшін қажетті құралдарды ала алмайды. Бірінші стратегиядан айырмашылығы, интеграция және қайта құру стратегиялары жүйелік деңгейде үйлестіру деңгейі жоғары жүйелік тәсілді қажет етеді. Интеграция стратегиясы көбінесе пәнаралық тәсілді қолдануды көздейтін жобалары сияқты қолданыстағы курстардың оқу жоспарларына қажетті зерттеушілік іс-әрекеттер мен жобаларды біріктіруге бағытталған. Білім беру бағдарламасын жүйелік деңгейде өзгерту үшін пән бойынша білімнің үйлесімінен қандай курстар пайдалы екенін анықтау қажет. Жобалап оқыту технологиясының негізі педагогикалық жоба компоненттері екені анық. Сонымен, В.И.Гинецинский педагогикалық жобалаудың жеті негізгі кезеңдерін төмендегідей анықтады [158,с. 142]:

- жобалау қызметінің нәтижелерін анықтау және бағалау;
- нәтижелердің практикалық қызмет факторларымен байланысы туралы гипотезаны ұсыну;
- педагогикалық жүйенің бірінші нұсқасын құру;
- нысаналы мақсаттағы арнайы педагогикалық жүйені құру;
- жүйе параметрлерін өлшеу әдістемесін құру;
- екі жүйенің жұмысын өлшеу нәтижелерін салыстыру;
- нақты педагогикалық жүйенің оңтайландырылған нұсқасын құру.

Ғалымдар С.Б.Бабаев пен Ж.К.Оңалбектің «Жалпы педагогика» еңбегінде «Жоба кез келген зерттеуге қажетті болжам жасаудан тұрады», – деген идея келтірілген [193,193].

Жобалауды игеруге білуге құмарлық, дарындылық, энтузиазм, ұқыптылық, ынта-ықылас, жауапкершілік, тәртіптілік, жинақылық, сыни көзқарас және өзіне сын көзбен қарау, әділдік, бейтараптық, туралық, командада жұмыс істей білу, әріптестермен тіл табыса білу тән болуы керек. Жобалау жұмысы қазіргі оқытудың талабына сай жеке тұлғаға бағыттылығымен ерекшеленеді. Жобалау жұмыстарын бір сабаққа немесе бір аптаға арналған шағын жобалау жұмыстары және бір-екі айға немесе бір семестрге арналған үлкен көлемді жобалау жұмыстары деп бөлуге болады. Бұлай бөлу білім алушылардың жоспарлаған жұмыстарына байланысты.

Педагогикалық іс-әрекет барысында жобалауды болжау, жүзеге асыру, ұсыну деңгейінде ақпаратты өңдеумен байланысты танымдық біліктер: жобаларды құру кезінде ғылыми әдебиеттерді қолдану; оқу пәндерінің интеграцияланған сұрақтары бойынша жеке және топтық жұмыстың мақсаттарын белгілеу; ақпаратта бастыны, материалдың логикалық құрылымын, әр материалды жүйелеу, қойылған мақсатқа сай түрлі мәтіндерді ауызша, жазбаша құру; салыстыру, тұжырымдар жасау, фактілерге қатысты өзінің көзқарасын білдіру; өзінің баяндамасына, т.б. жұмыс түрлеріне тезис түзу; жобалап оқыту технологияларын әр түрлі жолмен жүзеге асыруға болады. Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың көрсеткіштерін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 5 - Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың көрсеткіштері

Критерий	Ғылыми зерттеу	Іс-әрекеттегі зерттеу
1	2	3
Мақсаты	Ғылыми зерттеу барысында бір ұғым қалыптасады. Ғылыми зерттеу барысында қалыптасқан білім көпшілік қауымға арналған.	Нақты бір туындаған проблеманы шешуге бағытталған. Іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибені жетілдіреді.
Проблеманы іріктеу, анықтау	Көптеген әдіс-тәсілдер қолданады, бұған дейін жүргізілген зерттеу жұмыстары мен нәтижелеріне шолу жасалады.	Оқу мен оқыту үдерісіндегі проблемалар анықталады. Оқыту әдістеріне өзгеріс енгізіледі.
Болжам	Жоғары деңгейде арнайы болжам тұжырымдалады.	Нақты тұжырымдалған проблема болжам ретінде қолданылады.
Әдебиетке шолу	Әдебиетті барынша мұқият, терең зерделеу талап етіледі.	Терең зерттеу талап етілмейді, шолу жасалады, өз проблемасына ұқсас зерттелген жұмыстар қаралады.
Мерзімі	Ұзақ уақытты қажет етеді.	Қысқа уақыт аралығында жүргізіледі, спираль тәрізді қайталанып отырады.

5 – кестенің жалғасы

1	2	3
Тәсіл	Дедукциялық – теориядан болжамға, болжамнан деректерге, деректерден дәлелге	Дерек жинау, қадағалау, зерделеу, түсініктеме беру, ұсыным жасау.
Деректерді талдау, сұрыптау	Статистикалық мағынада кешенді талдау жүргізіледі.	Қарапайым талдау жүргізіледі, сұрыпталады, бастапқы дерек пен соңғы деректер топтастырылады, салыстырылады.
Нәтиже	Қорытындыны кеңінен қолдануға болады, теориялық маңызы бар.	Тәжірибе алмасады, оқыту тәжірибелерін жетілдіреді, өз тәжірибелерін жариялайды

Жобалап оқыту Батыс Еуропа елдерінде жоғары білім беру жүйесінде, ағылшын-американдық жүйеде жобалық ұйымдастырылған технологиялар басты мақсатқа жетуге көмектесуге арналған тұлғаны дамыту деп есптейді. Салыстыру үшін, АҚШ – тың жоғары білім беру жүйесінде жобаларға уақыттың 45-48%, Германияда – 25%, ал Ресейде-Оқу уақытының 5% бөлінеді. Айта кету керек, Ұлыбритания мен АҚШ-та студент университетке түсіп, мектептің білім деңгейінде қалыптасқан жобалау дағдыларына ие бола алады.

Қазіргі таңда әлемдік білім беруде педагогикалық жобалап оқыту технологиясы зерттеушілік іс-әрекет мәселелерін әзірлеуде негізгі бағыт ретінде бөліп көрсетуге болады. Жобалап оқыту технологиясының бағыты педагогикалық зерттеушілік іс-әрекеттегі үдерісі, оның субъектілерінің өзара зерттеушілік іс-әрекеттегі іс-қимыл түрлері, тиімділік шарттары, үдерісті жүзеге асыруға бағытталған шешімдер қабылдау стратегиясын зерттеу. Бұл саладағы зерттеулер жобалап оқыту технологиялардағы жаңалықтарға, болашақ педагогтер мен педагогтардың өзара зерттеушілік іс-әрекеттегі іс-қимыл формаларына, педагогикалық жобалаудағы зерттеушілік іс-әрекетке бағытталған. Зерттеушілік іс-әрекет мәселелерін шешуге болашақ педагог кәсіби қызығушылығын жандандыруды; теориялық және практикалық білім жүйесімен қаруландыруды қажет етеді. Сондай-ақ, шетелдік жоғары оқу орындарындағы зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы арқылы Оксфорд университетінде авторлардың тағылымдамасы келесі қадамдардан тұратын жаңа парадигмалы өнімдерді жасау жобасындағы жұмыс істеу алгоритмін анықтауға мүмкіндік берді.

Оксфорд университетіндегі өнімді шығаруға арналған алгоритмі төмендегі суретте көрсетілген.



Сурет 4 - Оксфорд университетінде жаңа парадигмалы өнімдерді жасау жобасындағы жұмыс істеу алгоритмі

Педагогикалық мамандар даярлайтын Ұлыбританияның жоғары оқу орындарында жобаға бағытталған технологиялардың қолданылуын талдай отырып, келесі педагогикалық технологияларды бөліп көрсетуге болады оларды сипаттайтын жағдайлар: оқытудың бірінші курсынан бастап бітіруші курсына дейінгі оқу; бағдарламалары мазмұнының барлығы жобалануында;

– ағымдағы жобалардың біртіндеп күрделенуі және іске асыру мерзімдерінің ұлғаюы: егер бірінші курста студенттер екі-үш аптаның ішінде жеке пәндер бойынша бір немесе екі шағын жобаны аяқтаса, үшінші курста жоба 6-7 аптаға созылады және пәнаралық сипаттағы кең спектрге ие болады.

Ұлыбританиялық жоғары оқу орынындағы жобалап оқыту технологиясының негізінде студенттердің білімдері мен зерттеушілік іс-әрекетке деген мақсаттылығы, өз-өзіне деген сенімділігі артады.

Ұлыбритания университеттерінде оқытудың және жобаны іске асыру барысында тағылымдамадан өтудің негізгі шарттары мыналар болып табылады: шешімдерді кезең-кезеңімен түсіну; оларды ғылыми жұмыста пайдалануды ынталандыру үшін шығармашылық тапсырмалар; дербестікті, белсенділікті және жеке жауапкершілікті қалыптастыру және дамыту; студенттер мен оқытушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнату және оқытушылардың кеңесші және супервайзер ретіндегі қызметін күшейту; білім беру жобаларын іске асыру кезінде кәсіби қызметте туындайтын міндеттерді шешіп қана қоймай, олардың практикалық маңыздылығын және әзірленген жобаларды іске асыру мүмкіндігін де шеше алады; жобаны іске асыру кезінде рөлдерді бөлу арқылы студенттер жеке мүдделеріне бағдарланады.

АҚШ университеттерінде жыл сайын дәрістердің сандары азайып, жобаны орындауға көбірек уақыттар бөлінеді. Студенттерді нақты ғылыми жобаларға тарту кеңінен қолданылады. Стандартты білім беру практикалық емес деп саналады, зерттеушілік сипаттағы оқытуда жобалық оқыту кеңінен

қолданылады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың кешенді дамыту жұмысы төмендегідей мәселелерді қамтиды.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы кешенді дамыту жұмысының кестесі (кесте 6).

Кесте 6 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы кешенді дамыту жұмысы

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы кешенді дамыту жұмысы	Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін бағалау көрсеткіштері
Білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктері	Тыңдай алуы
Берілетін тапсырмалардың көлемі мен деңгейі	Проблеманы көре білуі
Іс-әрекет құрылымы мен сапасы	Сұрақтар қою
	Қойылған сұрақтарға жауап бере алуы
	Ақпараттарды әртүрлі жолдармен ала білу мүмкіндігі
	Материалдарды өңдеу қабілеті
	Шешім қабылдау және қорытынды жасай білуі

Л.Д.Морозов зерттеушілік іс-әрекетті жобалау технологиясы арқылы дамыту жолдарын теориялық және тәжірбиелік деп, білім алушыларды екі топқа бөліп қарастырды [194]. Теориялық жобалау әдісі туралы тапсырмалар бірінші топ білім алушыларына беріледі: проблемаларды сәйкестендіру, қайшылықтарды анықтау, жағдаяттарды талдау, педагогикалық проблемаларды шешу, тұжырымдамаларын әзірлеу, зерттеушілік іс-әрекетінің мақсатын анықтау, болжам жасау, нәтижесін сипаттау.

Критерийлерді таңдау, модельдеу жобасы (шешім қабылдау), құрастырушылық жоба (бөлімдерге бөлу), (ресурстар мүмкіндіктері), ғылымның әртүрлі салаларынан алынған білімді синтездеу, техникалық дайындық (материалдарды сызба, кесте арқылы жүйелеу), әдістер мен құралдардың үйлесімділігін анықтау, іс-шараларды жоспарлау, жоба бойынша құжаттар дайындау және онымен жұмыс істеу.

Тәжірбиелік дағдыларды қалыптастыруға арналған екінші топ білім алушыларына тапсырмалары беріледі: жобалау іс-әрекетін кезеңдерге бөлу, өзін-өзі және топты ұйымдастыру, топтық шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру және қолдау, шешім қабылдау және презентация дайындау, бақылау және реттеу (жеке және бірлескен жобалау іс-әрекеті), шарттарға сәйкес жобаны түзету, өнім шығару, таныстыру, кері байланыс жасау.

Аталған тапсырмаларды орындау арқылы білім алушылардың зерттеушілік

іс-әрекеті, зерттеу дағдылар, диагностикалау, мониторинг жүргізу әрекеттері қалыптасады. Ғылыми әдістемелік әрекеттері арқылы білім алушылардың жобалаушылық ұйымдастырушылық қабілеттері қалыптасып педагогикалық шарттары іске асырылады: білім алушылардың өмір бойы үздіксіз кәсіби дамуы мен жаңа ұстанымдары қалыптасады; жаңа білімді игеру, әдіснамалық тәсілдерді меңгеруі, ұжымдық белсенділігі, кәсіби іс-әрекеті қалыптасады. Жобалау іс-әрекеті барысында білім алушылардың эмоционалдық көңіл-күйі күшейеді, жобалау дағдылары қалыптасады. Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу мамандығының білім алушылары жобалау жұмыстарының сапасын, өлшемдерін анықтайтын көрсеткіштерді мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік деп төртке бөліп қарастырды. Біз білім алушылардың жобалау іс-әрекет деңгейлерін бөліп қарастырдық:

Тұжырымдамалық – білім беру стандарты, бағдарлама негізінде жобаға болжамдар жасалып, тұжырымдалады.

Мазмұндық – өнімге теориялық, әдіснамалық, тәжірибелік сипаттама беріледі. Жобаның нысанын, болжамын, моделін құру (білім беру стандарты, бағдарлама, тұжырымдама, оқу жоспары және т.б.);

Технологиялық - оқу материалын игеру, құрылымын құрастыру, тұлғаға бағытталған оқыту жағдайында топтық, шығармашылық іс – әрекеттер ұйымдастыру.



Сурет 5 - Жобалаудың негізгі нысандары

Л.Д. Морозовтың жобалау жұмысың өлшемдері мен көрсеткіштеріне сүйене отырып, біз жобалау іс-әрекетінің (сурет 6) өлшемдері мен деңгейлерін ұсынамыз.



Сурет 6 - Жобалаудың өлшемдері мен деңгейлері

Жоғарыда келтірілген отандық және шетелдік тәжірибелерді сараптай келе, біз болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиялары арқылы дамытудың алгоритмін құрастырдық. Бұл алгоритім болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің балалардың зерттеушілік, жобалау дағдыларын анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 7 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиялары арқылы дамытудың алгоритмі

Мақсаты	Алгоритмдік сипаты
Білім беру және тәрбиелеу жұмысының мақсат, міндеттері	Педагогикалық үдерісте өзгерісті қажет ететін бағыттарды анықтау, тақырып таңдау; жобалау іс-әрекетінің нақты жай-күйін талдау; жобалау қажеттілігінің негіздемесі; жобаның мақсаты мен міндеттерін қою; жобалау нәтижесін болжау.
Анықтама	Ақпараттар таңдау; жобалау іс-әрекеті негізінде қажетті дағдыларды қалыптастыру; балалардың меңгеру керек дағдыларын анықтау; балалардың мүмкіндіктеріне қарай зерттеушілік іс-әрекет қалыптастыру; ата-ана мен баланың біріккен іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жинағын құрастыру.
Жобалап оқыту технологиялары	Жобалау әдістері мен құралдарын анықтау, қойылған міндеттерді шешу; жобалап оқыту технологияларын таңдау және ұсыну (уақыты, нәтижесі, өнімі).
Ұйымдастыру	Мазмұнына сәйкес ұйымдастырушылық формаларын таңдау; Жобаның құрылымын, шарттарын құру.
Қаражатпен қамту	Дидактикалық, техникалық құралдарды таңдау, қолдану.
Нәтиже	Жобаны жүзеге асыру, өнімді жариялау.

Жобалап оқыту арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесінен көргеніміздей зерттеліп, әлі де зерделейтін мәселелер өте көп.

Қорытындылай келе, болашақ педагогтердің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесін талдауда келесідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

- Жобалап оқыту технологиясы – отандық білім беру ұйымдарында кеңінен қолданыс тапқан, өйткені педагогтер көптеп біліктілік курстарынан өтуде;

- Жобалап оқыту технологиясын болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің отандық тәжірибеде қолдану - жаһандық ақпараттық кеңістікте жалпы ақпаратпен жұмыс істей білу қажеттігін ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы дүниетанымды қалыптастыру, зерттеу, жобалау дағдысын игеру құзыреттерін, сондай-ақ өзінің авторлық тәжірибесін жинақтап, тарата алатын оқытушылар құрамының дайындығы мен қызметіне де ерекше талап қояды.

Келесі параграфта мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мәселесін зерттеудегі әдіснамалық тұғырлар қарастырылады.

1.3 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиялары арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Қазақстанда және әлем елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жоғары болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың жаңа тұғырлары мен қағидағтарын зерттеу мәселелерінің өзектілігін арттыра түседі. Ғылыми әдебиеттерді сараптауда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мәселесін шешудің теориялық алғышарттары зерделенді.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпыға міндетті стандарты және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспары негізінде жүзеге асырылуда. Аталған стандарт пен бағдарламада мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын педагогтердің мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуға жағдай жасау үшін де қажетті негізгі дағдылары болуы керек. Демек, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда жобалап оқыту технологиясын кеңінен пайдалану да тиімді болмақ.

Әртүрлі қызмет түрлерінде дербес болу (ойын, зерттеу, жобалау, танымдық және т.б.) баланың дағдыларын дамытуда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің бойынан білім берудің әдіснамасы мен теориясы, оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-зерттеушілік жолдары, қазіргі заманғы проблемалар мен даму үрдістері саласындағы кәсіби білімді байыту. Білім беру үдерісін жобалау адамның өмір сүру моделіне, оның ішінде оның мамандығы бойынша жұмысына негізделуі керек. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің

зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға әдіснамалық тұғырларды анықтау кезінде - біз әдіснамалық базаны әзірлеу қажеттілігін негізге алдық:

– күрделі жүйе ретінде педагогикадағы орнын анықтау мақсатында жобалау қызметінің маңызды негіздерін зерттеу және оған педагогтерді даярлау;

– педагогтердің жобалау қызметінің құрылымы мен мазмұндық өрісін анықтау;

– өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі белсендіру қағидаттарына және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуге негізделген педагогтерді даярлау тетіктерін нақтылау;

– дайындық мазмұнын игерудің ішкі тетіктерін ынталандыру мақсатында педагогке «қолайлы» әсер ету технологиясын әзірлеу.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізінде тұғырлардың жүзеге асырылуы – әдіснамалық тұрғыдан болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың негізін айқындау барысында философия, психология, педагогикалық, әлеуметтанушы, т.б. ғалымдардың ғылыми тұжырымдары біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық бөлігін көрсету үшін негізгі еңбектер болды.

Әдіснама - бұл объективті шындықты түрлендіру туралы ғылым және бұл білімнің жалпы принципі ғылыми жетістікке жету тәсілі мен әдісі.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «әдіснамалық негіз» ұғымы бар. «Тұғыр» түсінігі оқытуда арнайы әдіс ретінде қолданылады және ғылымда қолданылатын элемент. Әдіснамалық тұғырлар ғылыми-педагогикалық қызметтің белгілі бір үдерістерінің элементі және жеке қызмет түрі. Егер, «әдіс» түсінігі ғылыми және педагогикалық қызмет әдістерінің жиынтығын білдірсе, онда «әдіснамалық негіз» ұғымы зерттеушінің барлық ғылыми және педагогикалық қызметінде қолданылатындығын көрсетеді. Зерттеу әдістерінің тұтастығы, қолданудың дәйектілігі мен логикасы оқыту мен зерттеу технологиясын зерделейді. Осылайша, «технология» түсінігі әдістемені білдіреді, себебі технология ғылыми және педагогикалық қызметтің сипатын толығымен анықтайды және зерттеу әдістерін таңдау бойынша нұсқаулық береді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуда әдіснамалық тұғырлардың рөлі орасан зор.

М.А.Данилов педагогиканың әдіснамасын алғашқылардың бірі болып зерттеген. Ол «Педагогиканың әдіснамасы педагогикалық теориялардың құрылымын және білім алу тәсілдерінің, әдістерінің қағидалары туралы білім жүйесі», – дейді [195].

В.В.Краевский «Оқыту әдісі – бұл педагогикалық қызметтің теориялық инфрақұрылымы жөнінде оқытудың түрлері мен тәсілдері туралы білім жүйесі, осылайша зерттеулерді оқытудың қажеттілігін, қисынын және арнайы әдістерін бағалауға, білім алуға және жоспарды негіздеуге арналған қызмет жүйесі»,-

деген анықтама берген [21,с. 400]. Зерттеушілер әдістемелік нұсқаулық ретінде әдістерді немесе импровизацияланған құралдарды, логиканы, зерттеу процедураларын, парадигмаларды, теорияларды қолдануға мүмкіндік береді. Ол ғылыми-педагогикалық және жобалық қызметтің негізгі даму бағытын айқындайтын жалпы қағидалар. Педагогикалық жоба - бұл студенттер мен оқытушылардың жалпы қызметі.

В.И.Загвязинский [25,с. 105] «Педагогиканың әдіснамасы – бұл педагогикалық білім туралы, оны меңгеру үдерісі, түсіндіру әдістері және оқыту мен тәрбиелеу жүйесін түрлендіру немесе жетілдіру үшін практикалық қолдану шарттары туралы білім», - деген анықтама берді.

Педагогикалық жобалау іс-әрекеті барысында төмендегі қызметтер жүзеге асырылады: тәжірибеге бағытталған қызмет; жаңа дамып келе жатқан білім саласы; педагогиканың қолданбалы ғылыми бағыты; нормалау әдісі; педагогикалық жобаны құру және іске асыру үдерісі; жеке тұлғаны дамыту тәсілі; оқыту технологиясы; оқыту әдісі; педагогикалық теория мен технологияны тәжірибеде дамыту механизмдері; педагогикалық үдерістің нәтижелерін болжау.

Н.О.Яковлева педагогикалық жобалаудың ерекшеліктерін келесідей ұсынды: педагогикалық жоба ретімен іске асырылады; педагогикалық жобаның нысаны, мақсаты мен күтілетін нәтижесі нақтыланады; педагогикалық жобалар (техникалық жобалармен салыстырғанда) құрылымдық және функционалдық аспектісін жоғары деңгейде ұйымдастырылады; педагогикалық жобалар икемділік пен қабілеттілікті қамтиды [129,с. 8-14].

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың мазмұны мен құрылымын және оның даму генезисін, оның ішінде жеке теорияларды қарастырған да әдіснамашы ғалымдардың зерттеулері жұмысымызға негіз болды.

Әдіснамалық тұғырдың міндеттерін ашатын және ақпарат жинау барысындағы тұғырлардың бірегейі *гносеологиялық тұғырлар* деп аталады.

Бұл атау педагогикадағы «әдіснама» түсінігі ғылыми әдебиеттерде «гносеология» немесе «білім теориясы» түсініктерінің өзіндік ерекшелігімен сипатталатындығына байланысты. Гнесеологиялық платформаны пайдаланушылар оқыту әдістерінің бір бағытын - шындықты оқытудың когнитивті әдісін немесе оқу объектісінің когнитивті үдерісі туралы ғылымды атап көрсетеді. «Педагогикалық әдіснама - бұл педагогикалық теорияның бастапқы ұстанымы, негізі мен құрылымы, ғылыми қалыптастыру қағидалары, негіздері мен әдістері туралы білім жүйесі. Бұл үнемі өзгеріп отыратын, дамып келе жатқан қоғамның үдерісін дәл сипаттайды.

И.С.Ладенко «Оқыту әдістерін қалыптастыру гнесеологиялық мектептің дербес ғылыми пәні, ол қарама-қайшылықтар теориясы негізінде оқу шындығының объектілерін талдайды және оның дамуына жағдай туғызады», – деген көзқарас білдіреді. Зерттеуші педагогтердің ғылыми-педагогикалық ойлау проблемаларының басымдығы мен бағдарлануына байланысты және ғылыми-

педагогикалық ізденістің логикалық негізін іздейді. Зерттеудің осы әдістемелік саласына тән когнитивті кеңістіктік гетерогенділіктің ерекшелігі гносеологияға ғана емес, онтологияға да қатысты [196].

В.В.Краевский «Ұсынылған базаның қалыптан тыс болуымен, пікірлердің әртүрлілігімен үйлескенде, барлығына міндетті мүмкін емес әдіс енді мүмкін болды. Осылайша, әдістің дербес болу құқығы туралы бұрын пайда болған идея қолдау тапты», – деп тұжырымдайды [21,с. 244].

В.И.Загвязинский оқыту әдістемесін анықтауда оны ғылыми-педагогикалық зерттеудің бастапқы жағдайы, құрылымы, моделі және әдісі туралы ғылым ретінде түсіндіреді [25,с. 105]. Инновациялық үдеріс әдіснамасын белгілі ғалымдар Н.Р.Юсуфбекова [197], В.А.Сластенин [198] және т.б. қарастырды.

Қазіргі кезде «өмір бойы оқу» – «lifelong learning – LLL» және «өмірлік білім алу» - «life wide learning», үздіксіз білім беру, әлемдік кеңістікке шығу, білім берудің бәсекеге қабілеттілігі, «тілдің үштұғырлығы» және т.б. сынды білім беру стратегиялары көрініс тауып жатыр.

Зерттеудің әдіснамасы мен теориялық негізін анықтауда зерттеушілер ғылыми теорияларды құру және зерттеуге негізделген болжамдарды түсіндіру үшін жеткілікті педагогиканың әдіснамасына, педагогикалық ойларына, тұжырымдамалары мен теорияларына сүйенеді. Бүгінгі таңда әдіснамалық педагогика ғылымының түрленуіне байланысты проблеманың өзекті болуы мен педагогикалық зерттеудің түсініктері, принциптері мен әдістерінің пайда болуына қарай болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуды жаңа тұрғыдан қарауға мүмкіндік берді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі тәжірибе барысында мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық даралығын қалыптастыруға аксиологиялық тұғырдың маңызы зор екенін байқадық. Білім алушының дамуына, тәрбиелеу мен оқыту үдерісін ұйымдастыру, қабілеттері мен ерекшеліктерін білу маңызды. Қазіргі білім саласында жүргізілген зерттеулерде педагогтің рухани, адамгершілік құндылықтарды бекітуде белсенді ұстаным қажет екені, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі субъективті белсенділігінің көрінісі ретінде мектеп жасына дейінгі балаға деген құндылық қатынасы университеттің білім беру үдерісінде маңызды болуы керек екенін ескеру қажет.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әдіснамалық базасы ретінде бірқатар тұғырларды атауға болады: акмеологиялық, аксиологиялық, жүйелілік, іс-әрекеттік, инновациялық.

Аксиологиялық тұғыр болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық даралығын қалыптастыруға дайындаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені оны жүзеге асыру оң мотивацияны, саналы көзқарасты, қызығушылықты және тұрақты мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдіснамалық тұғырдың бірі жүйелік тұғыр, оның мәні объект олардың арасындағы қатынастар мен байланыстар элементтерінің тұтас жиынтығы ретінде, яғни жүйе ретінде зерттеледі. Жүйелік тұғырдың теориясы ғалым Ф.Королевтің және т.б. еңбектерінде жүйеленген [199]. Жоба кезінде мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық даралығын қалыптастыруға дайындық жүйесі құрылатындығына сүйенеміз. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі кәсіби педагогикалық даярлаудың құрылымдық элементтерін (пәндер, педагогикалық практика) негізінде және жалпы принциптер бойынша жұмыс істейді. Зерттеу барысында біз болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың мотивациялық, когнитивті, іс-әрекеттік, рефлексивті компоненттерін анықтадық. Бұл компоненттердің әрқайсысы болашақ тәрбиешінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуда үлкен рөлге ие екенін зерттеу барысында көрсетті. Әр компонентке сәйкес әдіснамалық тұғырлар да анықталып, алынды. Келесі кезекте әр тұғырдың зерттеуіміздегі орны мен рөлін талдағанды жөн деп есептейміз.

Акмеологиялық тұғыр – ғылымның жаңа теориялық және әдіснамалық бағыты ретінде болашақ педагогтердің кәсіби жетілуін, белгілі бір жетістікке қол жеткізуін, қоғамдық өмірдің рухани-адамгершілік негіздерін, құралдарын қамтиды. «Акме» - болашақ педагогтердің тұлғалық дамуының шыңы, негізінен жоғары жетістіктері, тұлғалық дамуы және сарапшылық кәсібилігі бар бағдарламаларды жобалау мен іске асырудың шешуші мүмкіндігі.

Акмеологиялық тұғырдың зерттелуіне өз үлестерін қосқан отандық зерттеушілер Г.К.Нургалиева [200], А.К.Ахметов [38,с. 6], А.К.Рысбаева [201].

Б.Г.Ананьевтің акмеологиялық тұғыр бойынша тұжырымында қосымша білім беруде жалпы педагогикалық акмеологияның негізгі әдіснамалық категориясы адамның қоғамдағы біртұтас дамуы, (педагог немесе білім алушы) жеке тұлғалық, даралық, тіршілік субъектісі ретінде қарастырылған [202]. Акмеологиялық тұғырдың міндеті білім алушының білім беру қызметіндегі жеке, рухани және кәсіби дамуында шыңға жетудің тетіктері мен шарттарын іздеу.

«Акме» – адам дамуының шыңы, бұл, ең алдымен, оның жеке өзін-өзі дамытудағы жоғары жетістіктерді жобалау және жүзеге асыру қабілеті. Педагогтердің болашақ мектепке дейінгі білім алушыларға қосымша білім беру сапасын басқаруға акмеологиялық көзқарасын іске асыру жалпы білім беруді басқару жүйесінде, білім беруде, қолданылады. Мектепке дейінгі білім берудің жаңа, заманауи сапасына қол жеткізу баланың жеке басын дамытуға бағытталған жағдайлар жасаумен байланысты, ал педагог-тәрбиешінің кәсібилігінің жоғары деңгейі қазіргі қоғам мен ата-аналардың өзіндік ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылады.

Акмеологиялық тұғырдың негізгі қағидаты - диагностика мен түзетуді; кешенділікті; кезеңділікті; психологиялық-акмеологиялық қызметтер жүйесінің өзін-өзі белсендіруін; кәсібилендірудің барлық кезеңдерінде көрініс береді. Ол

педагогикалық қатынастар кеңістігін фасилитациялауды, кері байланысты, рефлексивтілікті, өнімділікті акмеологиялық сүйемелдеу қағидаты болып табылады. Сонымен қатар, акмеологиялық тұғыр әдіснамалық принциптерге негізделген (жеке, субъективті-белсенділік, өзекті және әлеуетті қатынастар, оңтайлылық және т. б.), олардың есебі педагог-тәрбиешінің кәсіби субъект ретінде жеке басын зерттеуге мүмкіндік береді, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу және дамыту жөніндегі қоғамның әлеуметтік өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруді басқаратын субъект ретінде қарады.

Акмеологиялық тұғыр адамның ішкі әлеуетін дамытуға және оның кәсібилігі мен бейімделуін арттыруға бағытталған. Олар жаратылыстану және гуманитарлық білім кешенін қамтиды және абсолютті негізге ие. Акмеологиялық тұғырдың сипаттамалары оны әзірлеу және енгізу бойынша субъектінің ішкі әдістеріне байланысты. Тұғырдың объектісі адам дамуының тәуелсіз саласы, өмір сүру әдістері мен құралдары, сондай-ақ кәсіби қалыптасуы.

Акмеологиялық тұғырдың құрылымы төмендегідей ұсынуға болады: технологияның мақсаты мен міндеттері; әдістемелік негіз; даму принциптері; технологиялық үдерістің шарттары; нақты жағдайды талдау; нәтижелерді болжау әдістері.

Акмеологиялық тұғырдың өзіне тән технологиялар бар: ойын (дидактикалық ойын, ойынды модельдеу технологиясы), психоконсультация технологиялары, оқыту технологиялары, дамытушылық оқыту технологиялары, тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы, жоба әдісі.

Зерттеу жұмысында негізге алатын келесі әдіснамалық тұғыр – іс-әрекеттік тұғыр.

Іс-әрекеттік тұғыр - педагогикалық зерттеу әдістерінің әдіснамалық негізі бойынша адамның қоршаған әлемге қатынасы практикалық және абстрактілі-теориялық (танымдық) тұғырлармен байланысты шешіледі.

Бұл ұғымға бірнеше түсініктеме берілген. Әрекет объектінің бірлігін және оның механизмін (философия мен әлеуметтану теорияларына сәйкес), адамның іс-әрекет, оның қызметінің құрылымы мен қызметін қарау арқылы қоршаған ортаны білуі мен өзгертуін ашудан тұрады деп санайды.

– Іс-әрекеттік тұғырын психологияда зерттеген ғалымдар А.Н.Леонтьев еңбектерінде кеңінен талдаулар жасалынды, болашақ педагог іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарастырды. Болашақ педагогтің іс-әрекетте және басқа адамдармен қарым-қатынаста қалыптасу сипаты анықталды [29,с. 7].

– Іс-әрекет тұрғысынан оны қоршаған әлемді, өзін және өмір сүру жағдайларын тануға, шығармашылыққа айналдыруға бағытталған арнайы адам әрекеті ретінде анықтауға болады;

– Іс-әрекеттік тұғыр қоршаған ортадағы шындыққа белсенді әрекеттерден тұрады;

– Іс-әрекет белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған адамның іс-қимыл жүйесі. Жоғары оқу орнында іс-әрекетке деген көзқарастың негізгі идеясы іс-

әрекеттің өзімен емес, білім алушының субъективтілігін қалыптастыру және дамыту құралы ретінде байланысады.

Іс-әрекеттік тұғыр әртүрлі мәселенің арнайы ұйымдастырылған оқу міндеттерін шешуде білім алушының іс-әрекетін субъектіге бағытталған ұйымдастыру және басқаруы деп біледі. Бұл міндеттер білім алушының пәндік, коммуникативті және зерттеушілік іс-әрекет түрлерін ғана емес, сонымен бірге оны жеке тұлға ретінде де дамытады. Бұл білім алушының алдында мүмкіндіктердің барлық спектрін ашуды және оның осы немесе басқа мүмкіндікті еркін, бірақ жауапты таңдауға көзқарасын құруды қамтиды.

Іс-әрекетке деген көз-қарас білім алушылардың өмірінің жалпы контекстінде мақсатты білім беру қызметін жобалауды және басқаруды зерттеушілік іс-әрекетінің бағыты, оқыту мен тәрбиенің мәнін түсіну.

Іс-әрекетке негізделген білім беру қызметі келесі құрылымға ие болуы керек:

- проблемалық жағдай туғызу;
- мақсатты орнату;
- қызметке ынталандыру;
- проблемалық жағдайдың шешімдерін жобалау;
- іс-әрекеттерді (тапсырмаларды) орындау;
- қызмет нәтижелерін талдау;
- қорытындылау.

Іс-әрекеттік тұғырда қолданылатын әдістер мен формалар: диалог, жоба, зерттеу жұмыстары, зерттеушілік іс-әрекеттер, ойын мотивациясы, мақсат қою, таңдау жағдайын туғызу, рефлексивті, педагогикалық қолдау, сәттілік жағдайын құру, білім алушының өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ету.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің өзін-өзі жүзеге асыру формалары: көрмелер (тақырыптық және авторлық, білім алушы жұмыстарының жеке көрмелері, презентациялар, ойын жобалары) білім алушының өзін-өзі жүзеге асыруының міндетті шарты оның жобаға қатысуы және білім алушының іс-әрекетінің өнімі, коллекциялар.

Сонымен, іс-әрекеттік тұғырды сипаттай отырып, біз іс-әрекет тұғырын дәстүрлі оқыту үдерісі мен білім беру қызметіне салыстырмалы талдау жасаймыз:

– білім алушыны дәстүрлі оқу үдерісінде - ойлаудың репродуктивті жағы белсенділік тұғырымен ойлаудың шығармашылық жағы.

– педагогтің дәстүрлі оқу үдерісінде-білім мен шындықты педагогтің білім алушыға дайын түрде беруі; белсенді көзқараспен – педагог білім алушылар проблемалық жағдайларды құру, проблемаларды шешу үдерісінде жанасын ашуға бағытталған білім алушылар зерттеу, іздеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы ойлауды дамытады;

– білім алушының іс-әрекеті дәстүрлі оқу үдерісінде білімді соңғы сатыдағы шындық ретінде дайын түрде қабылдау және есте сақтау; іс-әрекеттік проблемаларды шешу, жаңа білім мен іс-қимыл тәсілдерін ашу үдерісінде

ізденіс, зерттеу сипатына ие болады.

Жоғарыдағы ақпараттарды зерделей келе, біз келесідей қорытынды жасаймыз: тәрбиенің мәні, іс-әрекетке деген көзқарас тұрғысынан, бұл тек іс-әрекетке ғана емес, білім алушылардың ересектермен бірлескен іс-әрекетіне, бірге жасалған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. Педагог дайын үлгілерді ұсынбайды, оларды білім алушылармен бірге жасайды, дамытады, зерттеушілік іс-әрекет үдерісінде өмір сүру нормалары мен заңдылықтарын бірлесіп іздейді және іс-әрекетке көзқарас аясында жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі мазмұнды құрайды. Іс-әрекетке деген көзқарас білім алушының психикасы оның қызметімен және іс-әрекетімен тығыз байланысты деген қағидатқа негізделген.

А.Н.Леонтьев іс-әрекеттің келесі құрылымын ұсынды: «іс-әрекет операция және мотивациялық» саланың құрылымы: «мотив-мақсат-шарттар». Олардың арақатынасы: «мотив-әрекет; мақсат - әрекет; шарттар-операциялар» [29,с. 8].

С.Л.Рубинштейн «Әрекет әрекеттесуді тудырған қажеттілік ретінде жауап беретін білім алушылардың сыртқы әлеммен (оның ішінде басқа адамдармен) белсенді мақсатты өзара әрекеттесуінің бір түрі», – деп тұжырымдаған [203].

Іс-әрекеттік тұғыр – оқу құбылыстарының толықтығын іс-әрекеттің барлық компоненттері ретінде түсіну, атап айтқанда мақсаттар, мотивациялар, әрекеттер, операциялар, жөндеу әдістері қол жеткізілген нәтижелерді бақылауға және талдауға мүмкіндік береді. Іс-әрекеттік тұғыр мақсатты, объектіні, субъектіні, құралдарды, әдістерді, кезеңдерді, жобалап оқытудың белсенділік құрамдас бөліктерін қарастыруға, іс-әрекет тұрғысынан зерттеуге, әрекеттерді, кезеңдерді, функцияларды операциялық деңгейде орындауға жағдай жасайды.

Сондай-ақ, іс-әрекеттік тұғыр туралы О.И.Генисаретский [158,с. 4], П.Я.Гальперин [155,с. 67], И.А.Зимняя [204], И.А.Лернер [205] және т.б.ғалымдардың еңбектерінде кездестіруге болады. Іс-әрекеттік тұғыр тұлғаның еркін дамып жетілуі үшін жасалатын түрлі тәсілдерді зерттеген еңбектерде кеңінен қарастырылған.

М.М.Бахтин бойынша бұл «тұлғаның еркін түрде ашылуы», мұнда студент өз ойын жеткізу барысында түрлі тәсілдерді іздестіреді, өзінің жаңа құндылықтарын дәлелдейді және меңгереді [206]. Диалог – білім беруді ізгілендірудің, студент тұлғасына бағытталған маңызды компоненті. Студент өз ойын айтқысы келгенде ғана диалог басталады – «мен айтқым келеді», «менің ойымша», «менің көзқарасым».

К.Роджерстің айтуы бойынша, педагог диалогы «төрт кит» төңірегінде: педагогтың ішкі рухани-адамгершілігі негізінде, балаға деген сенімде, оның адами сезіміне мән беруінде, оны өзіндік ізденуге итермелеу, өзін-өзі дамытуға және белсенді өсуі негізінде қалыптасады [207].

Іс-әрекеттік тұғыр тұрғысынан зерттеушілік іс-әрекет бұл білім алушының өзін-өзі жүзеге асыруға қажетті білімдер мен біліктердің жиынтығы деген көзқарасты ұстанады.

М.А.Чошановтың пікірі бойынша, біріншіден, құзыретті маманды жалған

шешімдерді дәлелді теріске шығару, тиімді шешімдерді күмәнге салу, яғни сыни ойлай алу қабілеті ерекшелейді. Екіншіден, зерттеушілік іс-әрекет белгілі бір уақытта және берілген жағдайда кәсіби міндеттерді ұтымды шешу үшін жаңа ақпараттарға ие болуды, білімдерді тұрақты жаңартуды жорамалдайтынын атап өтеміз. Үшіншіден, зерттеушілік іс-әрекетке үдерістік (білік), сол сияқты мазмұндық (білім) компоненттер кіреді. Оның үстіне мәселені шешудің нақты жағдайына сәйкес адам берілген жағдайларға қолайлы қандай да бір әдісті қолдана алады [208]. Әдістердің реттілігі – бұл зерттеушілік іс-әрекеттің сыни ойлау мен білімнің мобильділігімен қатар үшінші маңызды сапасы. Зерттеушілік іс-әрекет игерілген зерттеушілік білімдер мен біліктерді шынайы практикада қолданудың тиімділігімен анықталады.

Ғалым Н.П.Сибирская іс-әрекеттік тұғыр жобалап оқыту технологиясын жүзеге асыруда жоспарлауға, болжауға, шешім қабылдауға, ғылыми зерттеуге икемділікке негізделген педагог шығармашылығының бір аспектісі ретінде қарастырған [123,с. 58].

А.В.Хуторский [209] және Г.К.Селевко [210], жобалап оқыту технологиясын қоршаған ортадағы (табиғи немесе жасанды) өзгерістерді жүзеге асыру бойынша мақсатты қызмет ретінде белгілейді. Ал, ғалымдар Н.Г.Алексеев [140,с. 216], Е.С.Заир-Бектің еңбектерінде [86,с. 33], жобалау іс-әрекетінің тұғырлары ойлау әрекетінің белгілі бір инвариантын қамтиды, мақсаттарды анықтаудан құралдарды іздеуге, нәтижені құруға, өзін-өзі анықтауға, жағдайды талдауға, проблеманы тұжырымдауға, (мақсат қою) – бағдарлау мен жоспарлауға негізделген.

Іс-әрекеттік тұғыр – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына негізделген мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық жағдайларды қарастырады. Іс-әрекеттік тұғыр болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуда келесідей мәнге ие: тұлғалық сапаларды анықтау, толеранттылыққа, басқа ұлт өкілдерін құрметтеуге негізделген ақпараттық ортаны құруға, қазіргі заманғы экономиканы толықтай қанағаттандыратын жеке қасиеттерді дамыту және тәрбиелеу. Іс-әрекеттік тұғыр білім беру ортасында әлеуметтік жобалауға жету, даралықты қамтамасыз ету, тұлғаның белсенді жетілуін қарастырады; оқу нәтижелеріне бағдарлану (тәрбиеленушінің тұлғаны қоршаған әлемді тану үдерісінде оқу іс-әрекетін меңгеру негізінде қалыптасады); іс-шараларды ұйымдастырудың әдістеріне, сондай-ақ, тәрбиеленушілердің әлеуметтік, жеке, когнитивтік жетілдіру мүмкіндіктерін шешуші рөл атқарады.

Мектепке дейінгі педагогиканың әдіснамалық тұғырлары болашақ педагогтің балаға деген көзқарасын, балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы өз рөлін анықтауға негізделеді.

Әдіснамалық тұғырлар педагог үшін педагогикалық болмыста зерттеудің және қайта құру үдерісінің барлық кезеңінде басынан аяғына дейін басты бағдар ретінде әрекет етіп, әдіснамалық міндеттерді атқарады, жан-жақты

карауға және зерттеуге үлкен мүмкіндіктер ашады.

Әдіснама – педагог-зерттеушінің педагогикалық практика нысандарын жетілдіру немесе өзгерту мақсатымен байланысты жаңа педагогикалық жобаны әзірлеу барысындағы ғылыми немесе жобалау қызметіне жалпы бағыт береді. Сондықтан, қандай да бір әдіс педагогикалық зерттеудің немесе педагогикалық жобалау үдерісінің бүкіл кезеңінде қолданылып, өзіне басқа әдістерді тәуелді етсе, онда ол оның әдіснамасы болады. Әдіснама қызметін ғылыми ізденіс пен жобалауда зерттеушінің өзі анықтайтын сипаттаумен, түсіндірумен, құрылымдаумен және болжамдаумен байланысты ғылыми-жобалау қызметі ретінде идея да орындай алады. Идеялар педагогика ғылымын және практикасын дамытуда маңызды рөл атқарады. Педагогтің ғылыми-зерттеу және жобалау-қайта құру қызметі оның жаңа педагогикалық идеяларымен анықталады.

Жүйелілік тұғыр В.С.Данилова мен Н.Н.Кожевников атап өткендей, жүйелілік тұғырды қолдануда зерттеудің келесі кезеңдерін жүзеге асыруды көздейді [195,с. 45].

– дербес құрылымдар ретінде зерттелетін бүтіннің элементтерін бөліп көрсету;

– элементтердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болатын тұрақты байланыстардың құрылымын зерттеу;

– нақты құбылыстар мен үдерісті зерттеу үшін алгоритм ретінде арнайы құрылымды қолдану.

Бұл зерттеулердің авторлары «Педагогикалық жүйелер табиғаты бойынша жасанды, ашық жүйелер», – деген ұсыныс берген. Педагогикалық жүйелердің проблемалары Ю.К.Бабанскийдің еңбегінде қарастырылды [211]; педагогикаға жүйелілік тұғыр енгізу және тәрбиешіні даярлау, атап айтқанда, В.П.Беспалько [24,с. 192], мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі білім беру жүйесі А.М.Новиковтың зерттеу нысаны болды [212].

Аталған формалардың әрқайсысының өзіндік оқу-тәрбие әлеуеті бар. Практикада болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогін даярлау жүйесін іске асыруда бұл формаларды жоғары оқу орнының педагогтері қолданады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің көркемдік және бейнелеу іс-әрекетінде креативтілікті дамыту теориясы мен әдістемесін зерттеу бойынша оқу-тәрбие қызметін ұйымдастырады, бұл білім алушыларға оны кеңінен пайдалануға мүмкіндік берді.

Жүйелілік тұғыр «жалпы ғылымилығымен», «ғылыми білімнің көп салалығымен», «жалпы ғылымилықтың гносеологиялылығымен» сипатталады [213]. Жүйелілік тұғыр – нақты гносеологиялық жағдаяттағы диалектикалық әдістердің көрінісі. Сондықтан, жүйелілік жалпы ғылыми әдіснамалық зерттеудің бір құралы ретінде оқу-тәрбие үдерісін және бір-бірімен байланысты құбылыстарды жүйелі зерттеуге қажет сапалы ғылыми тұғыр болып табылады.

Жүйелілік тұғыр – объектілерді жүйе ретінде қарастыру негізінде, жалпы ғылыми әдіснамалық ұстанымдардың жиынтығы. Жүйе (жүйе, грек тілінен

аударғанда – біртұтас деген мағынаны білдіреді) – белгілі тұтастық, бірлікті құрайтын, бір-бірімен, ортамен өзара қатынаста және байланыста болатын, элементтердің жиынтығын көрсететін жалпы ғылыми ұғым. Жүйелердің типтері көпқырлы: материалды және рухани, органикалық емес және тірі, механикалық және органикалық, биологиялық және әлеуметтік, ашық және тұйық т.б. Кез келген жүйе құрылымы мен ұйымдасуы бар көптеген әртүрлі элементтерден тұрады. Құрылым а) тұтастығы мен өзіне ұқсастығын қамтамасыз ететін, объектілердің тұрақты байланыстарының жиынтығы; ә) күрделі біртұтастың элементтер байланысы арақатынасындағы тұрақты тәсілі (заңы). Жүйелі тәсілдің ерекшелігі, зерттеудегі объектінің тұтастығын ашуға және оның тетіктерін қамтамасыз етуге, күрделі объектінің байланысының көптеген типтерін анықтауға, оларды бірыңғай теориялық картинаға жинақтауға бағыттайды.

Зерттелуші объектіні жүйе ретінде, оның элементін, олардың арасындағы байланысты және оны жіктеп, құрылымын ұйымдастыруды, тұтастай білім беру ретінде басқару жолдарын анықтауға бағытталады. Педагогикалық жүйенің ерекшелігі, бұл іс-әрекет жүйелері және қатынастар шеңберінде қалыптасатын жүйелер (қайта құрушы-белсенді, қайта жасаушы-орындаушы, тұтынушы-дара немесе әрекет жасаушы және т.б.). Бұл жүйелер оқыту үдерісінің субъектілері арқылы құрылады және олардан бөлек болмайды, солар арқылы жүзеге асады. Осы контексте педагогикалық жүйе ретіндегі оқыту-тәрбиелеу үдерісінің негізгі сипаттамасы, оның біртұтастығы мен кешендігі болып табылады. Теориялық білімдерді жүйелеу, зерделенетін нысанның болашағын болжау үшін де қажет. Демек, ол нысанның даму болашағын болжамдау үшін де керек. Теориясыз түсінік жоқ, сондықтан да түсінік – теорияның стратегиялық миссиясы зерттелетін педагогикалық құбылысты және оның арасындағы байланыстың көптеген элементін анықтайды. Педагогикалық жүйенің ерекшелігі, бұл іс-әрекет жүйелері және қатынастар шеңберінде қалыптасатын жүйелер (қайта құрушы-белсенді, қайта жасаушы-орындаушы, тұтынушы-дара немесе әрекеттік-жасаушы және т.б.) [34,с. 287]. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық жүйесі - педагогикалық үдерістегі пәндері (педагогтар, балалар, ата-аналар), білім мазмұны (эмоционалды-еріктік тәжірибесі, дағдысы, шығармашылық тәжірибесі), педагогикалық үдерістің әдістері мен формалары, базасы (құралдар).

Аксиологиялық тұғыр – зерттеушілердің пікірі бойынша педагогикалық аксиология білім беру құндылықтары туралы ғылым, білім беру саласындағы өзара әрекеттесуді реттейтін және тұлға құрылымында, олардың табиғатында, функцияларында, өзара байланыстарында тиісті компонентті қалыптастыратын мағыналар, нормалар, идеалдар жүйесі, білімдер жиынтығы. Аксиологияның негізгі идеясы «құндылық» ұғымы. Құндылықтар деп қоршаған әлем объектілерінің адам өмірі, мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес жүзеге асырылатын, өмір бойы тұлғаның іс-әрекетінде көрініс беретін үдеріс беретін екені зерттеулерде негізделген [214].

А.К.Маркова өзінің зерттеулерінде адамның жеке дамуынан бөлінбейтін кәсіби қызметті қарастырады. Тұлғаның дамуы кәсіби қызметтің өзгеруін, оның сапалы жаңа деңгейге өтуін ынталандырады, бұл өз кезегінде жеке тұлғаның одан әрі өсуіне әкеледі [214].

В.А.Сластенин «Құндылықтар адамның санасы мен мінез-құлқының бағдарлануының үлгілері болып табылатындығынан және доминантты, нормативті, ынталандырушы, ілеспе құндылықтарды бөліп көрсететіндігінен туындайды», – деп тұжырымдайды [198,с. 10].

Педагогикалық іс-әрекеттің жалпы құндылықты аяқталғанын, педагогикалық фактіні, құбылысты зерттеудің мүмкін болатын нәтижелерін болжау мүмкіндігіне ие болу үшін «ғылым адамы» ретінде «көру артықшылығына» ие болуды көздейді. Бұл қабілеттілік тек танымдық, зияткерлік қана емес, сонымен қатар болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі «ғылым адамы» ретінде өзін-өзі анықтаудың ерекше жағдаятына қоятын эмоционалдық-адамгершілік қатынасын да білдіреді. Кәсіби білім беру болашақ маманның құндылықты санасын дамытуға бағытталған.

– Құндылықты сана тұлғалық бағдардағы құндылықтарға бекітіледі;

– Зерттеушілік әрекетті құндылық ретінде қабылдауы;

– Педагогикалық үдерістің педагогикалық компоненттерінде универсалды элементтерді байқауға болады: мақсат; міндет; мазмұн; әдістер; құралдар; формалары.

А.К.Мынбаеваның айтуынша педагогикалық үдерістердің бүтіндей қалыптасуына осы универсалды элементтердің болуы қажет. Осы ойды логикаға салатын болсақ, педагогикалық үдерістің қалыптасуы әдістемелік жұмыстың жүйелі болуын меңзейді. Бұл жағдай инновациялардың оқу-әдістемелік жұмысында жүйелік тұғыр арқылы басқарылуын болжайды [37,с. 9].

Болашақ мектепке ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуда кәсіби қызмет саласында туындайтын практикалық міндеттерді шешуге бағытталған оқу үдерісті ұйымдастырудың ерекше нысаны. Жобалық оқытуды орындай отырып, білім алушылар инновациялық шығармашылық қызмет алгоритмін меңгереді, өзін-өзі дамытуға үйренеді мақсаттары мен ақпаратты табу және талдау, әртүрлі салалар бойынша білім алу, олқылықтардың орнын толтыру, шығармашылық міндеттерді шешуде тәжірибе жинау, топта жұмыс істеуге дағдыланады.

П.Я.Гальперин [155,с. 64] ғылыми еңбектерінде ойлаудағы негізгі іс-әрекеттер сатылап қалыптастыру теориясын ұсынған, ал Н.Н. Поддяков [107,с. 8] пен Л.А.Венгердің еңбектерінде мектеп жасына дейінгі кезеңдерде баланың интеллектуалдық дамуының ерекшеліктері іс-әрекет нәтижесінде пайда болатыны анықталған [27,с. 4].

Бүгінгі күні инновациялық тұғырлар мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім алушының ойлау қабілетін, ізденушілігін дамытып, қызығуын тудыру, белсенділігін арттыру – ең негізгі мақсат болып

айқындалады.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

– Олар білім алушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында берілуге тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады;

– Білімге бір-бірінен алыс арақашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады;

– Оқыту жүйесінің көп деңгейлігі оқу материалының оқу сапасын арттырады. Компьютердің көмегімен білім алушы өз бетінше, сондай-ақ, өзге білім алушылармен бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

«Инновация» ағылшын тілінен аударғанда (Innovation) «инновацияға кіріспе» дегенді білдіреді. Бұл термин мәдени антропологияда пайда болды. Ол бір мәдениет жетістіктерін сауда, тауар алмасу үрдістеріне пайдалану, аудару дегенді білдіреді. «Инновация» термині антропологиядан экономикаға, содан соң педагогикаға көшіп, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі, оқыту әдістемесіндегі білім беру ұйымдарының практикалық немесе ғылыми әрекетінде туындаған түрлі өзгерістерді зерделейді.

Педагогикалық инноватиканың ғылым ретінде дамуына ғалымдар К.Ангеловский [215], В.И.Загвязинский [25,с. 21], В.П.Квашанның [216], еңбектері негіз болды.

Қазақстан Республикасында педагогикалық инноватиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеген ғалымдар К.Ажибеков [217], Б.Р.Айтмамбетова [218], К.Құдайбергенова [219], А.Қ.Мыңбаева [37,с. 9], және т.б .

50-ші жылдардың аяғында Германияда, АҚШ-та және тағы басқа елдерде педагогикалық жаңалықтарды жүйелеу орталығы пайда болып, білім беру саласының жаңалықтарына байланысты арнайы басылымдар шыға бастады (мысалы, «information at innovation en education Educatioal innovation in the United States» және басқалар).

Жобалау әдістерінің басты идеясында – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын дамытуда, өз беттерінше және педагог-тәрбиеші мен ата-аналардың көмегімен өз білімдерін қолданыста пайдалануы ақпараттық кеңістіктерде сыни ойлауын дамыту жатыр.

Жобалап оқыту бір мәселені шешуде және оны қолданыста пайдалануда әртүрлі білім беру салаларынан мағлұматтарды алу арқылы ықпалдастыра алады. Балалар біріншіден ойлауға, ал содан кейін барып істеуге, іс-әрекетінің жоспарын құрып, келісімдерді бұзбай, келісілген мәмілелерден таймауға тырысады. Зерттеу тақырыбымыз жоғары оқу орнында маман даярлау мәселесі болғандықтан, мамандықтың білім алушылары жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен танысып келгенін ескере отырып, алдымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатынын анықтай алдық.

«Жүйелік», «іс-әрекеттік» тұғырларды негіздеуші В.А.Сластенин [198,с. 127], сияқты ғалымның идеялары жұмысымыздың негізгі тірегі болды.

В.И.Загвязинский [25,с. 63] педагогикалық зерттеудің негізін қалаушы қағидалардың арасынан ғылымилық қағидаларын, логикалық пен тарихилықтың бірлігі қағидасын, тұжырымдамалық бірлік қағидасын, нақты мен міндеттінің байланысы қағидасын, сонымен қатар зерттеу жұмысы мен тәжірибелік оқу-тәрбие жұмысының бірлігі қағидасын атап көрсетеді.

Келесі кезекте біз жоғарыда талданған ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне сүйене келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудағы әдіснамалық тұғырлардың ролін белгілей алдық (кесте 8).

Кесте 8 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудағы әдіснамалық тұғырлардың рөлі

Әдіснамалық тұғырлар	Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудағы әдіснамалық тұғырлардың рөлі
Акмеологиялық	Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін кәсіби даярлаудың жоғары шегіне жетеді, акмеологиялық технологияларды өз дәрежесінде қолдануға мүмкіндік береді.
Іс-әрекеттік	Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуда оқытушы мен студенттің өзара әрекеттесу формасы ретінде пайдаланылады. Оқытушы студентті әдістемелік дайындауда іс-әрекеттік тұғырды жүзеге асыра отырып, сонымен бірге жобалап оқыту технологиясын үйретеді, осылайша болашақ тәрбиешінің кәсіби-педагогикалық қызметке бағытталуы қалыптасады.
Жүйелілік	Тапсырманы әртүрлі жағынан көре білу, көптеген шешімдерді талдай білу, алған білімді, жаңа ақпараттарды жүйелей алу, диагностикалық әдістемелерді жүйелеуге, жобалап оқыту технологияларын жүйелі орындауға мүмкіндік береді.
Аксиологиялық	Аксиологиялық тұғыр болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың маңызды құрамдас бөлігі, оны жүзеге асыру оң мотивацияны, ерекше білімді көзқарасты, қызығушылықты және осы қызметті жүзеге асыруға деген тұрақты ынтаны қалыптастыруға ықпал етеді.
Инновациялық	Педагогикалық инновациялық технологияларды меңгеруге, мектепке дейінгі білім берудегі инновацияларды пайдалана алуға, жаңа ақпараттарды талдауға, АКТ технологияларын игеруге, мектеп жасына дейінгі балалармен ойын әрекетін әртүрлі форматта ұйымдастыруға ықпал етеді.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту бірнеше әдіснамалық қағидаттарға сүйенуді талап етеді. Оларға мыналар жатады:

– Жалпы дидактикалық қағидаттар ғылымилық, жүйелілік, реттілік, көрнекілік, қолжетімділік, беріктік, оқытудың практикамен байланысы, болашақ маманның зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға бағытталған, білімді жүйелілікпен меңгеру және оның тәжірибелік сипаттағы міндеттерді шешу үшін қолдану қажеттілігін айқындайды.

– Бірлескен шығармашылық іс-әрекет қағидаты білім алушылардың әрекетіндегі кәсіби-шығармашылық бастауына, олардың өзін іс-жүзінде ілгеріге қарай жылжуына бағдарланған екі жақты (педагогтер мен білім алушылар) міндетті іс-әрекет барысында педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттестігін ойластырады. Бұл әдіснамалық қағидаттардың барлығы да болашақ маманның зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту арқылы дамытудың жекелеген компонентерінде жетекшілік қызмет атқарады. Біздің жұмысымыз болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту арқылы дамытуды зерттеумен байланысты болғандықтан, келесі кезекте болашақ маман тұлғасының ғылыми-тәжірибелік алғышарттарын іздестіруді мақсат етеміз.

2 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК АЛҒЫШАРТТАРЫ

2.1 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың құрылымы мен мазмұны

Қоғам дамуының қазіргі тенденциялары, әлеуметтік салада және ең алдымен білім беруде болып жатқан өзгерістер білім беру қызметтерін тұтынушылардың теориялық білімді ғана емес, оларды қолданудың практикалық дағдыларын алуға деген ұмтылысына байланысты. Қазіргі кезде мемлекеттік білім беру саясаты барлық деңгейдегі білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігін дамытуға, оқу іс-әрекетінде мотивациялық дайындықты қалыптастыруға, құрдастарымен және ересектермен нәтижелі өзара әрекеттесуге ықпал ететін жобалық іс-әрекет әдісі педагогикалық ортада барған сайын өзекті және танымалдыққа ие болуда. Сол себепті, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың өзектілігі зор.

Зерттеуші А.В.Хуторский «Жобалық оқытудың құндылығы балаларды жобалық қызметтің қорытынды өнімін жасауға, практикалық нәтижеге қол жеткізуге бағыттайды», – деп санайды [209,с. 14]. Ғалым жобалап оқыту технологиясын «төртінші буын технологиясы»,– деп атайды, бұл инновациялық сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының өзара әрекеттесуінің интерактивті түрін болжайды, бұл тұлғаның шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Жобалап оқыту технологиясы инновациялық дидактиканың қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі. Білім алушылардың бірлескен жұмыс түрлерін, олардың коммуникативті тәжірибесін, ең алдымен, бірлескен іс-әрекетте кеңейтуге негізделген жобалап оқыту технологиясының тәсілі негізінде кәсіби білім беруді ұйымдастырудың басты қағидаты болмақ. Болашақ педагог-тәрбиеші үшін жобалау дағдыларын дамыту қажеттілігі де өзекті, өйткені ол оларды мектепке дейінгі ұйымдардағы мектеп жасына балаларда қалыптастыруы керек. Білім алушылардың кәсіби-педагогикалық дайындық үдерісінде жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетке дайындығын дамыту бұл теориялық және практикалық білімдер жиынтығын қажетті сапалық дағдыларға айналдыру. Егер, жобалап оқытуды педагогикалық технология ретінде қарастырсақ, онда бұл технология зерттеу, іздеу, проблемалық, шығармашылық әдістердің жиынтығын қамтиды өзінің мәні бойынша білім алушылардың жобалап оқыту технологиясының зерттеушілік іс-әрекетте қазіргі білім берудің көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Білім алушының дербес білім беру үдерісінде қызығушылығын және ондағы рефлексивті ұстанымын дағдыларды дамыту өз қызметін нақты практикалық талаптар негізінде құру, өзіндік шығармашылық қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ, белсенді ізденіске және өзін-өзі жүзеге асыру жолдарын саналы түрде таңдауға мүмкіндік туғызу.

Зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы арқылы ұйымдастыру педагогтің білім алушылармен белсенді өзара әрекеттесуі, қызығушылық танытуы, бірлескен қызметке ынталандыруы, жобаның кезеңдерін нақты білуі, білім беру үдерісінде осы әдісті қолдануға қойылатын белгілі бір талаптарды сақтауды қажет етеді. Олардың ішінде интеграциялауды қажет ететін зерттеу, зерттеушілік іс-әрекетін шығармашылық тұрғыда білімнің маңызды міндетінің болуы. Болжамды нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы; білім алушылардың дербес (жеке, жұптық, топтық) қызметі; жобаның мазмұндық бөлігін құрылымдау (кезеңдік нәтижелерді көрсете отырып); әрекеттің белгілі бір реттілігін көздейтін зерттеу әдістерін пайдалану (гипотезалар ұсыну, түпкілікті нәтижелерді ресімдеу тәсілдерін талқылау, алынған деректерді жинау, жүйелеу және талдау, нәтижелерді рәсімдеу, оларды таныстыру, қорытындыларды тұжырымдау, зерттеудің жаңа мәселелерін ұсыну).

Мектепке дейінгі білім берудегі зерттеу және жобалап оқыту технологиясының маңызды рөлі осы технологияны қолданудың дидактикалық мақсаттарын білуді қамтитын кәсіби білімнің жоғары талаптарын анықтайды. Бұл мақсаттар жобалап оқыту технологияларын оқу, тәрбиелеу және дамыту мүмкіндіктерінен туындайды және ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата алуды қажет етеді.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі «зерттеу», «жоба», «зерттеу жобасы» сияқты ұғымдардың айырмашылығы осы әдістердің кезеңдерін басшылыққа аллады, сонымен қатар зерттеу түрлерін жоба түрлерін, мектеп жасына дейінгі балалармен зерттеу және жобалау қызметін жүзеге асырудың мазмұны, формалары, әдістері мен құралдарын білуі керек. Жобалау және зерттеу қызметі туралы теориялық білімнен басқа болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және топтық жобаларын, бірлескен жобаларды балалар мен ата-аналардың, ата-аналар мен педагогтердің өзара ықпалдастығын ұйымдастыра білу, педагогикалық жобаларды әзірлей алу, педагогикалық зерттеу жүргізе білу, оны ғылыми мақала түрінде рәсімдеу, ғылыми жарияланымдар мен ғылыми-практикалық конференцияға қатысу тәжірибесінің болуы, мектеп жасына дейінгі балалардың жетістіктерін бақылау үшін диагностикалық процедураларды жүргізе білуі тиіс.

Зерттеу және жобалап оқыту технологиясы бұл кәсіби талаптардың өте кең саласы және көптеген проблемалық мәселелерді ажырата алу. Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеулерімен танысу, әдетте зерттеу жобасы арқылы басталады. Сондықтан, мектепке дейінгі кезеңге қатысты «жобалық-зерттеу қызметі» ұғымын жиі естуге болады әдістемелік әдебиеттерде бұл

ұғымдар әртүрлі талданады. Бірақ, зерттеу барысында негізінен танымдық ойлау дамиды, қоршаған әлемге ізденімпаздық көзқарасы тәрбиеленеді, зерттеу мінез-құлқы, оқиғаларды модельдеу, болжам жасау, гипотеза жасау және оларды тексеру жолын жоспарлау, сұрақтар қою, оларға жауап беру қабілеті қалыптасады. Ал, мектепке дейінгі ұйымдарда тікелей мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынас орнатып, түрлі дағдыларын дамытуға үлес қосатын маман, әрине педагог-тәрбиеші. Демек, ЖОО даярланып жатқан болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекеттерін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту маңызды болмақ. Себебі, мектепке дейінгі ұйымдарда – қазірдің өзінде жұмыс істейтін педагог-тәрбиешілермен университет жағдайында – болашақ педагогтерді даярлау тәжірибесі трансформациялауды қажет етеді. Мысалы, мектепке дейінгі ұйымдарда тәжірибе алмасу, кеңес беру және педагогикалық кеңес сияқты мәселелер мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік жұмыс арқылы жүзеге асырылады. Сол себепті, болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандары мен ЖОО оқытушылары үздіксіз байланыста болуы қажет және үнемі тәжірибе алмасу алаңы қалыптасу керек.

Ал, ЖОО да білім алушылардың жобалап оқыту технологиясы қызметін жүзеге асырудың негізгі кезеңдері шартты түрде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту және жобалап оқыту технологиясын жүзеге асыру деп қарастырылады.

Бірінші кезеңде, білім алушылар өздеріне ұсынылған мәселені жеке тағайындайды, гипотеза мен оны шешу жолдарын ұсынады, осы гипотезаны тексеру үшін мүмкін болатын ақпарат көздерін талқылап жағдайға ену, жобаның міндеттерін талдап, өз жұмыстарын жоспарлайды. Осы кезеңді жүзеге асыру барысында пікірталас, миға шабуыл, ғаламтор көздерімен жұмыс және әдістер сияқты жұмыс түрлері қолданылады, деректемелерге шолу, жинау және деректерді өңдеу, зерттеу және проблемалық әдістер мен т.б. қолдану.

Екінші кезеңде, білім алушылардың жеке білім беру жобасындағы практикалық іс-шараларға тікелей қатысты, өз сценарийлерін жасайды, таңдалған позицияны (рөлді) ескере отырып тапсырмаларды бөледі, материалдарды жинайды және өңдейді, нәтижелерді түсіндіреді.

Ғалымдар ЖОО да білім алушыларды жобалап оқыту технологиясы негізінде кәсіби дайындау мәселесі бойынша түрлі көзқарастарды ұсынады.

Мысалы, ғалым И.Д.Чечельдің пікірінше, жобалап оқыту технологиясы оқытуды нақты білімді интеграциялауға емес, жаңартылған білімді қолдануға және жобалық қызметке белсенді қосылу үшін жаңаларын алуға, білім беру ортасында адам қызметінің жаңа тәсілдерін игеруге бағыттайды [185,с. 97].

К.Б.Сейтқанова «Жобалап оқыту технологиясының негізгі мақсаты – пәнаралық байланыстарды нығайту үшін, сондай-ақ педагогикалық үдеріс барысында теорияның практикамен тығыз өзара әрекеттесуі үшін әртүрлі оқу пәндері бойынша білім алушылардың кәсіби даярлығын біріктіру», – деп атайды [220].

Жобалық оқыту технологиясының мазмұнын ғалымдар төмендегідей

топтастырады [75,с. 10]:

1. Жобалық оқытудың әрбір қатысушысының жеке сенімділігін арттыруға, оның өзін-өзі жүзеге асыруына және рефлексиясына ықпал ету. Бұл сәттілік жағдайда өмір сүру арқылы (сабаққа немесе сабақтан тыс) сөзбен емес, іс жүзінде өзін мағыналы, қажетті, табысты сезіну, әртүрлі проблемалық жағдайларды жеңе білу, жобалық тапсырманы орындау барысында өзін, өз мүмкіндіктерін, өз үлесін, сондай-ақ жеке өсуін сезіну.

2. Білім алушылардан нәтиже шығару үшін ұжымдық жұмыстың маңыздылығын, шығармашылық тапсырмаларды орындау үдерісінде ынтымақтастықтың, бірлескен қызметтің рөлін түсінуді дамыту, білім алушылардың кәсіби қарым-қатынасты дамытуға шабыттандыру.

3. Зерттеушілік іс-әрекетін дамыту проблемалық жағдайды талдау, проблемаларды анықтау, әдебиеттерден қажетті ақпаратты таңдау, практикалық жағдайларға бақылау жасау, тіркеу және олардың нәтижелерін талдау, гипотезалар құру, оларды тексеру, жалпылау, қорытынды жасау.

Бұл мақсаттарға жеке тұлғаның әртүрлі аспектілеріне әсер ететін білім беру кеңістігін арнайы ұйымдастыру арқылы қол жеткізіледі, оның өзгерудің өзі, жеке өсуі, өзінің «Мен-тұжырымдамасын» жүзеге асыру қабілеті («мен аламын» – «мен қалаймын» – «маған ұнайды» және т. б.), таным мен әлемді зерттеудің интеллектуалды құралдарын (үдерісі, құбылыстар, оқиғалар, қасиеттер, заңдар мен заңдылықтар, қатынастар және т. б.) игеру үшін.

Сонымен, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың бірнеше ұстанымдарын ажырата алдық:

– пәндік-мазмұндық салалар бойынша: монопроектілер (бір пәндік сала шеңберінде) және пәнаралық;

– байланыстар сипаты бойынша: ішкі немесе өңірлік (бір елдің шегінде) және халықаралық (қатысушылар әртүрлі елдердің өкілдері болуы мүмкін);

– қатысушылар саны бойынша: жеке және топтық;

– жобаны орындау ұзақтығы бойынша: шағын жобалар (оқу сабағының бөлігі); қысқа мерзімді (бірнеше сабақ); орташа ұзақтығы (аптадан айға дейін); ұзақ мерзімді (айдан бірнеше айға дейін);

– жобада білім алушылардың басым қызметі бойынша зерттеу жобалары, шығармашылық жобалар, рөлдік, ойын жобалары, таныстыру-бағдарлау (ақпараттық жобалар), практикалық - бағдарлау (қолданбалы жобалар).

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы негізінде дамыту мәселесін зерделеуде жобаларды топтастыру жіктемесі негіз болды. Ғалымдар жобалық технологияның негізіне мынадай шарттарды ұсынады: жобадағы басым қызмет (зерттеу, іздеу, шығармашылық, рөлдік, қолданбалы, таныстыру-бағдарлау, т.б.); жобаның пәндік-мазмұндық саласы (білімнің бір саласы шеңберінде жүзеге асырылатын монопроект және пәнаралық жоба), жобаны үйлестіру сипаты, байланыстар сипаты (университет, мектепке дейінгі ұйым); жобаға қатысушылардың саны.

Жобалық іс-әрекетті жіктеуде келесі позициялар қамтылады жоба түрі (жоба жүзеге асырылатын қызметтің негізгі салалары бойынша): техникалық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, білім беру, аралас, жоба тобы (жобаның құрамы мен құрылымы және оның пәндік саласы бойынша): монопроект, мультипроект, мегапроект; жоба ауқымы (жобаның көлемі, қатысушылардың саны және қоршаған әлемге әсер ету дәрежесі бойынша): шағын, орта немесе ірі жобалар.

С.А.Титов жобалардың келесі түрлерін анықтады: жобаға қатысушылар қызметінің сипаты бойынша ақпараттық, тәжірибеге бағдарланған, зерттеу; тақырыптық салалар бойынша моно-пәндік, пәнаралық; іске асыру мерзімдері бойынша қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді [221]. Ғалымдардың ойларын қорытындылай келе, жобалау технологиясының мәні мен мазмұны, жоба түрлері мен кезеңдері болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда маңызды екенін топшыладық.

Танымдық даму – мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігін қамтиды. Танымдық белсенділікті қолдау үшін балалардың танымдық қызығушылығына сүйену керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жобалау-зерттеу іс-әрекетінің мақсаты–тәрбиеленушілердің шындыққа ғылыми-танымдық, іс жүзінде белсенді,

- эмоционалды-адамгершілік көзқарасын қалыптастыру. Мақсатқа жетуге келесі міндеттер ықпал етеді:

- жобалау-зерттеу қызметі арқылы қоршаған әлемді зерттеу қажеттілігін тәрбиелеу;

- танымдық үдерістердің шығармашылық белсенділігін дамыту;

- жаңа инновациялық әдістер мен құралдарды қолдану арқылы зерттеу мәселелерін шешуге үйрету.

Жобалық-зерттеу қызметіндегі жобалардың түрлері 9 – кестеде келтірілген.

Кесте 9 – Жобалық -зерттеу қызметіндегі жобалардың түрлері

Жобаның атауы	Жобаның ерекшелігі
Зерттеу және шығармашылық	Балалар эксперимент жасайды, ал нәтижелер газет, драматизация, балалар дизайны түрінде жасалады.
Шығармашылық	Нәтижені балалар мерекесі, балалар дизайн шешімдері түрінде жобалау.
Рөлдік ойын	Балалар ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, қойылған мәселелерді өз бетінше шешетін шығармашылық ойындардың элементтерін пайдаланады.
Ақпараттық-тәжірибелік-бағдарланған	Балалар ақпаратты жинайды және оны әлеуметтік мүдделерге (топтың дизайны мен дизайны, витраждар және т.б.) назар аудара отырып жүзеге асырады.

Осылайша, білім беру үдерісінде қолданылатын инновациялар мектепке

дейінгі білім беру ұйымының шұғыл қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келуі, білім беру үдерісінде барлық қатысушыларын қанағаттандыруы, жетекші бағыттар бойынша балалардың дамуының сапалы, тұрақты және жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал етуі керек.

Аталаған жобалардың түрлеріне сәйкес кез келген жасқа тән дамудың жалпы міндеттерін қарастырсақ:

– балалардың денсаулығын және психологиялық амандығын қамтамасыз ету, танымдық қабілеттерін дамыту.

– шығармашылық қиялын дамыту, шығармашылық ойлауын дамыту, коммуникативті дағдыларын дамыту.

Кіші мектеп жасындағыларды дамыту міндеттері: балалардың, мәселелік, ойын, жағдаяттарына, енуі, (педагогтің жетекші рөлі); мәселелік жағдаяттарды шешу жолдарын іздеуге белсендіру (педагогпен бірлесіп); ізденушілік қызметтің алғашқы алғышарттарын қалыптастыру (тәжірибелер).

Ересек мектеп жасындағыларды дамыту міндеттері: ізденушілік қызметтің алғашқы алғышарттарын, интеллектуалды бастамаларын қалыптастыру; ересектердің көмегімен содан соң өз бетімен мәселені шешудің қажетті әдістерін анықтау іскерлігін дамыту; міндеттерді шешуде әртүрлі нұсқаларды, әдістерді қолдану іскерлігін қалыптастыру; біріккен зерттеушілік әрекет үдерісінде сындарлы әңгіме жүргізу, арнайы сөздіктерді қолдану ынтасын дамыту. Педагогикалық жобалау дегеніміз – педагогтер мен білім алушылардың атқаратын іс-әрекетінің негізгі құрамын алдын-ала құрастыру.

Педагогикалық жобалау – педагогтің басқа да негізгі қызметінің бірі. Педагогикалық жобалау барысында білім алушылармен қарым-қатынастың мазмұны, әдістері және құралдары қарастырылады. Педагогикалық жобалау болашақ іс-әрекетті және оның нәтижелерін болжаудан тұрады. Жобаның объектісі педагогикалық үдеріс. Педагогикалық үдеріс барысында педагогикалық жағдаят шешімін табуға тиіс. Педагогикалық жағдаят – белгілі бір уақытта, кеңістікте болған оқиғаның сипаты, педагогикалық үрдерістің құрамды бөлігі болып табылады. Педагогикалық жүйені, үдеріс, жағдаятты жобалау – көпсатылы, қиын іс-әрекет.

Педагогикалық жобалау 3 кезеңнен тұрады:

1-кезең – үлгілендіру; 2-кезең – жоба құрастырушылық; 3-кезең – қорытынды жасау, өнім жасау.

Педагогикалық жобалаудың негізгі ұстанымдары: адамға бағытталуы (негізгі рөл –адам); өзін-өзі дамыту қағидасы, дидактикалық шығармашылық технологиялық шығармашылық, ұйымдастыру шеберлігі.

Педагогикалық жобалау технологиялары педагогикалық міндеттерді танып білу, берілген ақпараттарды талдау және педагогикалық диагноз қоюдан тұрады. Демек, бұл әдістемелік, стратегиялық шұғыл мақсаттарды жобалау және бір-біріне бағындыру, оқытылатын пән бойынша мазмұнды іріктеу, шартты айқындалған педагогикалық оймен жұмыс істеу, білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар жүйесін жобалауы, білім

алушылардың өзін-өзі бақылауға арналған дидактикалық тестерді жобалай білуімен сипатталады.

Техникалық жоба – конструкциялық құжаттаманың бұйымды жасау кезіндегі 3 – кезеңде (эскиздік жобадан кейін), оған мына кезеңдер жатады: жалпы құрастыру сызбасын аяқтау, агрегаттар конструкциясын жасап шығару.

Жоба нобайы – бұйымды жасау кезіндегі конструкциялық құжаттаманы жасаудың 2 – кезеңінде (техникалық ұсыныстан кейін), оған мынадай кезеңдер жатады: эскиздік құрастыру сызбасы, ізденіс макеттерін құру, ішкі және сыртқы пішімдеу, конструкциялық құжаттар мен пішіндердің жиынтығында жолаушылар мен жүргізушінің орналасуы, бұйымның сыртқы және ішкі пішіндері туралы толық көрініс беретін қорытынды техникалық шешімдер болуы керек [175,с. 9].

Жеке тұлғалық қалыптасу жобалары – жеке тұлғалық қалыптасу жобасы қатарына акмеологиялық немесе тұлғалық жеке кәсіби жолды өзіндік жобалау, биографиялық жобалау болып табылады. Акмеологиялық жобаны жүзеге асыру мәні мен мазмұнына өзіндік өмірлік мәселелерін ұғыну, ішкі күйін үйлесімдендіруге бағытталған.

Акмеологиялық жобалау – жеке тұлғалық қалыптасуға бағытталған жобаның түрі. Жобаның мақсаты – педагогтің іс-әрекет контекстісін құрайтын адамдар шеңберін анықтау, педагогтің педагогикалық іс-әрекетін зерттеу, мүмкін болатын педагогикалық іс-әрекеттің акмеологиялық моделін құру.

Тор жобалар – тор режимінде телекоммуникациялық жобалар үлкен сұранысқа ие. Бұл жобаға қойылатын талаптар: ортақ талқылау және шынайы жүзеге асыру жағдайларының болуы; ақпараттық іздеудің түрлі формаларын қолдану; телекоммуникациялық торларда белсенді жұмыс істеу идеяның анализі мен синтезі режимінде ақпарат алмасу; әртүрлі аймақтар бойынша мәліметтерді жинау; мәтіндік ақпаратты көбірек қолдану; жауап беру уақытының шектеулігі. Жобалап оқыту технологиясы педагогтің интеллектуалдық, кәсіби, моральдық, рухани, азаматтық және басқа да сапалық қасиеттерін қалыптастыра отырып, педагогтің жеке тұлғасына тікелей әсер етеді.

В.М.Монахов жобалап оқыту технологиясы жобалау және оны жүзеге асыру кезеңінде қолданылатын бес түрлі сатыны бөліп көрсетті: мақсат қою (кіші мақсаттар жүйесі); диагностика; білім алушының өзіндік жұмысының мөлшері; жобаның логикалық құрылымы; түзету [222].

Жобаны орындау әрекеті өзіне әсер ету әдістеріне байланысты. Олар:

– *Өзін-өзі сендіру, өзін-өзі иландыру*: өзін-өзі сендіру үшін ең жақсы кез ұйықтар немесе оянар алдындағы кез болып табылады. Өзін-өзі сендіру мен өзін-өзі иландыру *міндеті* – *қалау, жасай алу* әрекеттері арқылы жүзеге асырылады;

– *Өзін-өзі мақұлдау, өзін мәжбүрлеу, өзіне бұйрық беру*. Мұнда өзіне деген, өзі таңдаған әдістердің тиімділігіне сенім маңызды рөлді атқарады. Өзін-өзі қалыптастыру өз жұмысы, қызметі үшін режимді белгілеу, өзі-өзі реттеу,

өзін-өзі басқару ретінде қызмет етеді. Бұл қойылған мақсаттың пайдалылығына деген сенімді, жігерді талап етеді. Жоба жұмысы барысында фасилитация іс-әрекеті іске асады. *Фасилитация* (ағылшын сөзінің - to facilitate) - жеңілдету, мүмкіндік беру, көмектесу, жағымды жағдай жасау деген мағынаны білдіреді. Фасилитация қызмет түрлері мен білім алушылардың қызметін төмендегі кестеден көре аламыз.

Кесте 10 - ЖОО да жоба құрастырудағы фасилитатор қызметі

Фасилитатор қызметі	Білім алушылардың қызметі
Іздеу, тану фасилитациясы	Шығармашылық топтарын қалыптастыру; оқытудың регламенттелген, алгоритмделген, рецептуралық әдістерінен білім алушылардың дамушы, интегративтік, түрткі болатын танымдық белсенділігіне ауысу.
Іс-әрекет әдістерін іздеу фасилитациясы	Жобадағы өз бөлігі бойынша автономды, дербес іздеу режимінде жұмыс жасау; күш салуды кооперациялау; барлығының бір материалды меңгеруінен түрлі материалды игеруге ауысу.
Құралдарды іздеу, тану фасилитациясы	Жұмыс регламентін бекіту; дөңгелек үстел аясында бір шыныаяқ шаймен әңгіме жүргізу мүмкіндігі; аудиторияда ауысу еркіндігі;
Үдерісті жүзеге асыру фасилитациясы	Позицияларды жүзеге асыру.
Зейін аудару фасилитациясы	Нәтижені талдау және бағалау. Өнім шығару.
Болашақ қажеттіліктерді білу фасилитациясы	Әрі қарай зерттеу қажеттілігі мен жолдарын нақтылау.

Жобалаудың негізіне трансценденттік (лат. *transcendens* – мүмкіндіктің шегінен өту) міндеті жатады, сөйтіп, кез келген жоба трансценденттік, өйткені ол осы шақтан болашақты жоспарлайды.

А.М.Новиков жоба мен жобалау ұғымдарының айырмашылығын қарастырған [223]. А.М.Новиков бойынша болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлауда пайдаланылатын жобалап оқыту технологиясын жіктеп көрдік. Олар:

– *Жобалау типтері немесе салалары*: техникалық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, білім беру, аралас салалар, т.б.

– *Жобалау кластары немесе жобалау құрамы мен құрылымы, пәндік аясы бойынша*: моно-жобалау, мульти-жобалау, мега-жобалау.

– *Жобалау масштабтары*: шағын, орташа, ірі және өте ірі деп шартты түрде белгілене алады.

– *Жобалау ұзақтығы*: қысқа мерзімді – 3 жылға дейінгі, орта мерзімді – 3-5 жылға, ұзақ мерзімді – 5-тен көп жылдарға созылатын жобалау;

– *Жобалау түрлері*., инновациялық, білім беру, ғылыми-зерттеу, аралас, т.б.

– *Жоба жасау бірнеше кезеңдерден тұрады*:

– *Материал жинау* (әртүрлі дереккөздерден материал жинаудан, құраудан

басталады).

– *Жүйелеу* (жинаған материалды жүйелеу, біріктіру, жіктеу).

– *Қорыту* (мәліметтерін топтап қорыту).

– Жобалау қызметі бірнеше топтарға бөлінеді:

– *Жобалық топ*: жобалық команда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің немесе білім беру жобаларына тікелей қатысатын негізгі адамдар шеңбері ретінде анықталады. Бұл шеңбер ішінде кемелді түрде жобаның жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін жауапкершілік аймақтары ұйымдасып бекітіледі.

– *Пилоттық топ*: жоба логикасында пилоттық (сындық, эксперименталдық) жүзеге асыратын қатысушылар тобы. Бұл топқа белгісіздік жағдайда іс-әрекет ете алатын дәйекті, қауіпке баруға бейім кәсіби мамандар таңдап алынады.

– *Тьюторлар тобы*: басқаларға білім мен тәжірибені үйрету мақсатында оқуда ілгері топ мүшелері, кейде олар қосымша өздерінің құрдастарына қатысты әдістемелік қызмет атқарады. Жобалау 4 кезеңнен (төмендегі кестеде) тұрады.

– *Жобалауға дейінгі кезеңі*. Кезеңнің ішкі процедурасы: зерттеу, мәселелік, концептуалды, бағытталуы, бағалы-мағыналы өзіндік анықтау;

– *Жобалаудың өзіндік кезеңі*. Кезеңнің ішкі процедурасы: бағытын анықтау, функциясы, қатысушылардың жобалауындағы тапсырмасы мен жоспары, жобалау өнімінің ішкі бағасының болуы;

– *Рефлексивті кезең*. Кезеңнің ішкі процедурасы: жобалаудың рефлексивті нәтижесі бойынша;

– *Жобалаудан кейінгі кезең*. Кезеңнің ішкі процедурасы: жобалау іс-әрекетінің өнімділігі және қорытындысы, жобалау нұсқасының жалғасуы [144, с. 141].

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін дайындаудағы педагогикалық жобалау шығармашылық іс-әрекет құрылымында келесі кезеңдерден өтеді: алдындағы педагогикалық тәжірибенің анализі мен синтезі, болашақтағы педагог бала жүйесіндегі шығармашылық іс-әрекеттің ішінен проблеманы бөліп алу, тақырыптың шығармашылық мотивтерін бөліп алу, болашақ іс-әрекеттің мазмұнды шығармашылық идеяларын ұсыну, болашақ өзгеріске шығармашылық мақсаттар қою.

Оқуға және техникалық жобаларға қойылатын талаптар: жобалаушының позициясы өзі үшін жаңа ақпарат алуы, жобалау идеясы тәжірибеде, рефлексиядан білім алуға бағдарлануы, жобалау қиялы шығармашылық қиялға жақындығы; жобалаушылық ойлау болашақты ойластырумен байланыстығы.

Жобаны басқару жоспары – жоба қалай орындалатыны, мониторингті қалай жүргізу және жобаны басқару, жоба қалай аяқталатыны көрсетіліп, бекітілген ресми құжаттар топтамасы жасалады. *Мақсаты* – бастапқы идеяны қозғалысқа келтіру. Жобаны басқару жоспары *6 қадамнан* тұрады:

1-қадам. Жобаны басқару жоспарын дайындаудың мүмкін алгоритмі.

2-қадам. Жоспарлау қалай құрылатынын анықтау.

3-қадам. Талаптарды жинау және талдау.

4-қадам. Тұжырымдама құру.

5-қадам. «Нені сатып алу» шешімін қабылдау.

6-қадам. Топты анықтау.

ИЖҚ құру (иерархиялық жұмыстар құрылымы). *Жоба мазмұнын басқарудың бес жүйесі:* талаптарды жинау; мазмұнын сипаттау; жоба жұмыстарының иерархиялық құрылымын құру; мазмұнын мақұлдау; мазмұнының өзгерістерін бақылау.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалық іс-әрекетінің ерекшелігі қоршаған әлемдегі қайшылықтарды дербес таба алмау мен мәселені тұжырымдауда, мақсатты (ойды) анықтай алмауы. Сондықтан, мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде проблемалық іс-әрекет ынтымақтастық сипатында болады, бұл үдеріске мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен болашақ педагогтері қатысады, сонымен қатар ата-аналар мен отбасының басқа мүшелері атсалысады. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жоғарыда атап кеткендей жобалап оқыту іс-әрекетінің зерттеушілік кезеңдері мектепке жасына дейінгі балалардан бастау алады.

Зерттеушілік тәсілдері білім алушы жаңа мәліметтерді меңгеруінде, алынған жаңа материалдарды басқада мәліметтермен салыстыруы барысында жаңа өнімнің пайда болуында. Зерттеушілік тәсілдер білім алушылардың танымдық өрістеуіндегі танымдық әрекеттерінің белсенділіктерін арттыруында. Оқытудағы зерттеуші тәсілдердің түрлерінің көптігі мәлім, білім алушыларға жобалап оқыту технологиясындағы іс-әрекеттің қажетті сипаты ретінде зерттеушілік тәсілдер білім алушылардың танымдық дамуы, танымдық қызығушылық білімін дамыту болып табылады.

И.Д.Чечель өз зерттеуінде жобалап оқыту технологиялық жұмыс кезеңдерін ұсынды: мақсат қою барысында проблеманы, қайшылықтарды анықтау, тапсырмаларды тұжырымдау [185,с. 144]. Зерттеудің ықтимал нұсқаларын талқылау, салыстыру болжам жасау, тәсілдерді таңдау. Іс-әрекетті жүзеге асыру үшін педагогтен кеңес алу мен қызмет барысын ойластыру, міндеттерді бөлу. Зерттеу мәселелері бойынша шешім қабылдау, топтастыру арқылы нәтиже шығару, қорытынды жасау негізінде жетістіктер мен қателіктерді талдау.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының «Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар», – атты 2-тарауында педагог-тәрбиешілер негізге алатын балалардың зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын төмендегідей бөліп көрсеткен. Олар:

– Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін,

тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

– Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

Осы талаптарды ескере отырып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың құрылымын құрастырып шығардық.

Кесте 11 – Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың құрылымы

Мектепке дейінгі ұйым педагогінің қызметі	Жобаның жұмыс кезендері және мазмұны	Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің қызметі
1	2	3
Жобалап оқыту технология тәсілінің мағынасымен таныстырады және білім алушыны ынталандырады, мақсаттар мен міндеттерді қоюға көмектеседі. Жобаның мәселесін, сюжеттік жағдайды тұжырымдайды.	I. Жоба жасауға кірісу. Дайындық: жобаның тақырыбы мен мақсаттарын анықтау.	Жоба тақырыбын талқылайды және қажет болған жағдайда ақпарат алады. Жоба мәселесін жеке иемденуді, жағдайға үйренуді, мақсат пен міндеттерді қабылдауды, нақтылайды, жүзеге асыруды.
Зерттеушілік іс-әрекет жоспарын жасайды, тапсырмаларды таңдайды. Қызметті ұйымдастырады, ұсынады: топтар құру, топтарда рөлдерді бөлу, жоба міндеттерін шешу бойынша іс-шараларды жоспарлау, нәтижелерді ұсынудың мүмкін формаларын жүзеге асырады.	II. Қызметті ұйымдастыру. Жоспарлау: анықтамасы ақпарат көзін анықтау; ақпаратты жинау және талдау тәсілдерін айқындау; нәтижелерді ұсыну тәсілін айқындау; нәтижелер мен үдерісті бағалау рәсімдері мен өлшемдерін белгілеу; міндеттерді (топ мүшелері арасындағы міндеттерді) бөлу.	Идеяларды ұсынады, болжам жасайды. Жүзеге асырады: топтарға бөлу; топтағы рөлдерді бөлу; жұмысты жоспарлау; болжамды нәтижелерді ұсыну формасы мен әдісін таңдау.
Қызметті бақылайды, кеңес береді, жанама түрде басқарады. Қажеттілігі бойынша жаңа білім береді, презентацияны дайындауды бақылайды.	III. Қызметті жүзеге асыру. Зерттеу: ақпарат жинау, жұмыстың негізгі әдістері мен формаларын таңдау.	Зерттеушілік іс-әрекет арқылы зерттеулерді орындайды. Белсенді және дербес жұмыс істейді, қажет болған жағдайда кеңес береді, өндіреді.
Жобаның есептерін қабылдайды: қорытындылайды, алынған нәтижелерді;	IV. Нәтижелерді таныстыру. Ұсыну (немесе есеп беру):	Мәселені, мақсаттар мен міндеттерді түсінуді; жұмысты жоспарлау және

11 - кестенің жалғасы

1	2	3
оқытуды бағалайды;	нәтижелерді ұсынудың мүмкін формалары: ауызша немесе жазбаша есеп, презентация арқылы өнімді көрсету.	жүзеге асыру қабілетін; мәселені шешудің табылған әдісін; нәтиже қызметінің рефлексиясын; қызметті және оның нәтижелілігін өзара бағалауды көрсетеді.
Білім алушылардың күш-жігерін, шығармашылығын, сапасын бағалайды зерттеушілік іс-әрекетін дамытады, өнімнің сапасы.	V. жалпы нәтижелер мен үдерісті бағалау	Топтық талқылау және өзін-өзі бағалау арқылы бағалауға қатысады.

Тұжырым жасай келе, білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекеті жобалап оқыту технологиясы білім алушылар жеке басының белсенділігін көрсетудің үздіксіз динамикалық үдерісі, оның негізгі кезеңдері мен құрылымдық элементтерінің интегративті байланыстарымен шартталған, мақсатты көзқарастар, идеяны әзірлеу мазмұны негізінде тұлғаишілік мотивацияны қамтамасыз етеді, оны іске асыру және жаңа шығармашылық жобалар құру түрінде нәтижелер алу. Сонымен қатар, ЖОО даярланып жатқан болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әдіс-тәсілдері, кезеңдері, мектеп жасына дейінгі балалармен жобалық іс-әрекетті ұйымдастырудың жұмыс мазмұны ұсынылып отыр. Бұл болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің педагогикалық практикада жобалық технологиярды пайдалану тәжірибесінен алынды (Қосымша Ж). Жобалап оқыту технологиясының тәсілдерінде педагог пен білім алушы жоба жасау барысында тақырыпты терең зерттейді. Жоба білім алушының қызығушылық деңгейіне байланысты қысқа немесе ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Жобалап оқыту тәсілі зерттеу тәсілінен ерекшелендіретіні жобалап оқыту тәсілінде ауызша баяндама жасау, мультимедиялық презентациялар даярлау, плакат негізінде көрсету, демонстрация түрінде болуы мүмкін нақты нәтиженің өнімін жасауға назар аударады. Жобалап оқыту технологиясының тәсілі білім алушы өздерінің оқуы үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға және жеке маңызды артефактілерді жасау арқылы ізденуге мүмкіндік береді. Жобалап оқыту технологиясының тәсіліне тиімді пайдалану кезінде сипаттамаларға мыналар кіреді: белсенді, бірлескен, айқын, білім алушыға бағытталған, жауап беретін, құрылымдалған, ойнақы, тілдік және диалогтық.

Жобалық оқытудың артықшылықтары:

- Әлеуметтік ортадағы мәселе: Жоба оқу үдерісінде көптеген туындайтын сұраққа тікелей жауап алады, мәселелерді шешу тәжірибесін алады.
- *Кешенді тәсіл.* Жобаны орындау барысында білім алушы зерттеулер жүргізеді, әртүрлі ақпарат жинайды және бар білім мен дағдылардың

қолданады.

– *Ойлауды дамыту.* Жоба жоспарын құра отырып, білім алушы логиканы, сыни тұрғыдан ойлауды және өз көзқарастарын ұсыну қабілетін дамытады.

– *Қызығушылықты таныту.* Жобалап оқытудың мақсаты-білім алушыны педагогтерге тексеруге ыңғайлы мәселелерді шешуге үйрету емес, зерттелетін тақырыпқа қызығушылық таныту.

– *Мотивациялық.* Жобалап оқыту білім алушының өзін дәлелдеуге деген табиғи ұмтылысын қамтиды. Білім алушылардың «шынайы» өнім жасауға мүмкіндігі болған кезде, өнімді соңына дейін жеткізіп, басқалардан жақсырақ істеуге қызығушылық танытады.

Өзін-өзі көрсету. Жобалау жұмысы білім алушының шешімін таңдауға шектемейді, дұрыс жауаптар да жоқ болса да, бастысы нәтиже мақсатқа сәйкес келеді. Сондықтан, жобада шығармашылық үшін үлкен орын алады орындалған жұмыс ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл білім алушылардың қиялды қолдануға және стандартты емес шешімдерді табуға ынталандырады.

Пәндердің интеграциялануы. Жоба бойынша жұмыс әртүрлі оқу пәндерінен алынған ақпаратты қамтиды.

Тиімділік. Жобалап оқыту арқылы білім алушылар дағдыларды игеріп қана қоймай, пайдалы өнім немесе прецентациялық жұмыстарын жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, білім алушылар жоғары оқу орнына арналған жарнамалық брошюраны жасай алады, оқу орындарының жобасын жасай алады нәтижеге қол жеткізеді.

Қарым-қатынас. Жоба бойынша бірлескен жұмыс ұжымды біріктіруге, білім алушыларды командада жұмыс істеуге, міндеттерді бөлуге, көшбасшылар мен орындаушылардың рөлдерін орындауға және бір-бірін тыңдауға үйретуге көмектеседі.

Педагогтер білім алушыларға негізделген тәсілдер. Жоспарлау, зерттеу және шарықтау шегін қамтитын үш сатылы үдерісті жеңілдету білім алушыларды нәтижеге жетуге бағыттау жеке білім алушылар немесе шағын топтарға жобаның олар үшін ерекше қызығушылық тудыратын аспектілерін зерттеуге мүмкіндік беру, білім алушыларға өз жобаларын құру және тарату үшін қолданылатын құрал туралы келіссөздер жүргізуге мүмкіндік береді.

Білім алушыларға негізделген тәсілдері. Зерттеу материалдарымен, соның ішінде түпнұсқа зағтармен, кітаптар, журналдар, газеттер, музыка және веб-сайттармен өзара әрекеттесу, жобаға балама және шығармашылық тәсілдерді ұсыну, берілген көздерден ақпарат немесе суреттер жинақтау; ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қарапайым шешімдерді, модификацияларды немесе деректерді ұсынуды құрудың шығармашылық құралы ретінде пайдалану, жобаны тыңдаушылар жобаның нәтижесіне қанағаттанды ма, жоқ па, соны анықтау.

Қазақстандық зерттеуші Л.Е.Румянцева [81,с. 6] «Мектеп жасына дейінгі балаларда инновациялық технологиялар негізінде оқытуға дайындауды жетілдіру» еңбегінде «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу

үшін түрлі жолдар мен құралдар қолданылуда», - деген пікір айтады. Ғалым мектепке дейінгі білім берудегі технологияны практика жүзінде жүзеге асыруды жөн көрді [81,с. 113]. Практика барысында білім алушылар өзіндік жұмыстан бөлек зерттеушілік іс-әрекетін дамыту мақсатында мектепке дейінгі ұйымда жүргізілетін практикалық тәжірбие жұмысы барысында жүзеге асыратын жобалап оқыту технологиясының тәсілдерін қолдана алады (сурет 7).



Сурет 7 - Жобалап оқыту технологиясының тәсілдері

Мектеп жасына дейінгі балалар зерттеуді жақсы көреді. Мектеп жасына дейінгі балалар қоршаған әлем туралы жаңалықтар мен жаңа затпен танысуды ұнатады. Жобалап оқыту технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың өздерін қызықтыратын және олар туралы көбірек білуге тұрарлық пәндерді зерттеуге итермелейді. Білім алушы практикалық тәжірбие барысында мектеп жасына дейінгі білім беру мен оқытуды дамытудың көптеген көрсеткіштеріне сәйкес келетін жобалық тәсілді қолдана алады. Ол «Жобалап оқыту технологиясы зерттеушілік іс-әрекет негізінде ересектер мен балалардың белгілі бір практикалық мәселені бірлесе жұмыс істеу үдерісінде қол жеткізілетін іс-әрекеттің нәтижеге бағыттылығы», – деп түсіндіріледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуды да біздің практикант болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері жүзеге асырып көрді (қосымша Ж). Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалау технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекеттерін дамыту барысында білім алушылардың жобалау технологиясын педагогикалық практикада пайдалану тәжірибесі мектепке дейінгі ұйым мен ЖОО педагогикалық үдерсінде brainstorming әдісін кеңінен қолдануға негіз болды.

Ұйымдастырылған жобалар бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың

ғылыми-зерттеулер арқылы дамытуды және оқытуды үйретеді. Атап өтсек: мектеп жасына дейінгі балаларға пішіндер мен өлшемдерге, түрлі түстер ұғымдарын түсінуіне оңайырақ болуы; сандар мен көп-аз ұғымдарын тереңірек түсінеді; жазықтық пен кеңістікті бағдарлауда шарлау қабілетіне тезірек ие болады; өздерінің ізденістері мен есте сақтау қабілетін жаттықтырады; оқуды және жазуды ертерек үйренеді; сөздік қорын белсенді түрде толықтыруда; ұсақ моториканы дамытады және көз қозғалысының ең жақсы үйлестірілуі қалыптасады; мақсат пен зейін танымдық қабілеті мен сезімі тәрбиеленеді; қиял мен шығармашылық қабілеттер дамиды; көрнекі-бейнелі және теориялық ойлау элементтері дамитындығы мәлім.

Х.Шеръязданова «Мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагогтар мен психологтарды кәсіби дайындаудың психологиялық негіздері» зерттеуінде мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғалық қасиетінің дамуы мен қабылдау қабілеті, танымдық педагогикалық–психологиялық дүниетанымын қарастыраған [224].

Сондықтан да, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі жобаның материалдарын әзірлеу бағдарламасын жасау балалардың жұмыс істей алуы қабілетінің деңгейін анықтау, қолданатын материалдар баланың орындай алу мүмкіндігі, оқу танымдық, психикалық дамуына пайдалы және оның денсаулығына зиян тигізбеуі керек. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетінің жоғары болуы, ақпаратты табуы, талдау жүргізуі, ақпараттық материалды іріктеу, өңдеу, алынған деректерді мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы кәсіби қызметінде қолдану қабілетін қамтитын кәсіби зерттеушілік іс-әрекетінің бөлігі болып табылады. Қазіргі білім беру ортасындағы жобалап оқыту технологиясының рөлі мен олардың мүмкіндіктерін игеру негізінде педагогикалық қызметтің тұтас көрінісін қалыптастыра отырып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға ықпал ету, педагогикалық міндеттерді шешу және оларды қолдану. Жобалап оқыту технологиясы болашақ педагогтің интеллектуалдылық қабілетін дамытуға мүмкіндік ашады. Мысалы, Е.С.Полат «Интеллектуалдылыққа қолданатын жобалап оқыту технологиясы проблеманың дидактикалық мақсатқа жетудің тәсілі, ол нақты, практикалық нәтижемен аяқталуы керек», - деп тұжырым жасаған. Проблеманы шешу үшін белгілі бір ретпен әдістер мен тәсілдердің жиынтығында мәселені шешу, мектеп жасына дейінгі балалар үшін жеке маңызды және белгілі бір түпкілікті өнім түрінде жасалады [143,с. 16]. Мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді пәндік саласында білімдерін біріктіруді қажет ететін, практикалық мәселелерді шешу барысында білімді өздері алуына мүмкіндік беруге арналған жобалап оқыту технологиясының нәтижесі айтарлықтай көрініс берді.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың мазмұнын ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып қорытындылай алдық.

1. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалық қызметінің оқу міндетіне бағытталуын іске асыру, яғни мотивациялық-құндылық бағдарын құру.

2. Теориялық материалды зерттеу және игеру, дағдыларды қалыптастыру мен бекітуге арналған практикалық тапсырмаларды орындау арқылы оқу пәнін оқыту шеңберінде жүзеге асыру.

3. Мәселені шешудің интеллектуалды және практикалық процедураларын жүзеге асыру өндірістік педагогикалық практикада нақты қызмет үдерісінде және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жеке жобалық қызметінде қолдану.

4. Оқу тапсырмасының дұрыс орындалуын бақылау диагностикасы және коррекция рефлексивті қызметі арқылы өзін-өзі бағалау және сараптамалық бағалау арқылы жүзеге асыру.

Біз әзірлеген болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың мазмұнын іске асырудың нәтижесі болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің дайындық деңгейін арттыру болып табылады. Осылайша, білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетке дайындауда білім алушылардың мүдделері өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал етеді, зерттеушілік іс-әрекетке және жобалау сияқты маңызды кәсіби дағдыларды алуға деген ынта мен қызығушылық деңгейін арттырады, кәсіби қызмет және оның өзгеруінің салдарын болжау, оқытуда, өзін-өзі ұйымдастыруға тәрбиелеуде, білім беру мәдениеті мен оқу үдерісінде басқару мәдениетін педагог тарапынан өзгертуге практикалық жетістіктерге жетуге бағыттады және кәсіби-тұлғалық өсуге алып келеді.

Ойымызды жинақтай келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымы мен мазмұнын анықтау барысында білім алушының өз бетімен әрі үздік араласуға бағдарланған жалпы қабілеттілігі, оның оқуы және әлеуметтенуі барысында алған білімдері мен тәжірибесіне негізделген іс-әрекетке дайындығынан көрініс беретін кіріктірілген сапа түзіледі деген қорытынды жасағымыз келеді. Келесі параграфта болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуеті зерделенеді.

2.2 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуеті

Қазіргі жағдайда мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту және оның сапасын арттыру кадр саясатына және көбінесе педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселесінің қаншалықты тиімді жүзеге асырылатындығына байланысты. Сондықтан, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызды бағыт болып табылады.

Жоғары білім беру жүйесі қазақстандық кадрлардың қалыптасуының негізі және елдің даму әлеуеті. Бұл жүйенің қаншалықты тиімді жұмыс істейтіндігі Қазақстан экономикасының қаншалықты табысты дамытынына байланысты болады. Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі мақсаты - жаһандануды ескере отырып, нарықтық экономика жағдайында сапалы қайта құруды жүзеге асыру. Қазақстанда жоғары білім беруді дамытудың негізгі тармақтары, тиісінше негізгі бағыттары академиялық кредиттер жүйесіне негізделген кәсіптік кадрлар - бакалавриат - магистратура - докторантура (PhD) даярлаудың үш деңгейлі жүйесін қамтамасыз ету. Педагогикалық білім беруді жаңғырту қажеттілігі оның дамуының міндеттері, ішкі заңдылықтарымен және жеке тұлғаны, қоғамды, мемлекетті дамытудың перспективалық қажеттіліктерімен анықталады. Педагогикалық білім беру жүйесінде дайындалған мамандар отандық білім берудің үздік дәстүрлері мен әлемдік тәжірибені сақтау және тарату негізінде жаңару идеяларының тасымалдаушысы болуға шақырылады. Қазақстанның білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер болып жатқандығына байланысты ерекше атап өтуге болатын бірнеше жайттар бар: біріншіден, өзін-өзі еркін жүзеге асыра алатын, білім алушыға бағытталған жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыру қажеттілігінен туындаған білім беру жүйесін жаңғырту. Әлеуметтік жауапкершіліктің оң типі мен қағидасы негізінде өмір сүру тәсілдері мен формаларын икемді өзгерту; екіншіден, ЖОО оқытушысының рөлі мен қызметі өзгерген кезде пассивті объектіден білім алушы білім беру үдерісінің белсенді субъектісіне айналған кезде дайын білімді игеру жеткіліксіз болатын дәстүрлі білім беру парадигмасының ауысуы; үшіншіден, Қазақстанның бірыңғай әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі, төртіншіден, бүкіл білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселесі туындады.

Республикамыздағы қоғамдық өзгерулердің кеңдігі, күрделілігі білім саласына, нақтырақ айтқанда жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларына жаңартулар енгізу қажеттілігін туындатады.

ЖОО болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлаудың мазмұны жаңарды, себебі нарықтық экономиканың сұраныстарына орай, нормативтік құжаттардың мазмұнына сәйкес бірнеше өзгерістер орын алғаны белгілі. Мысалы, педагогтің кәсіби стандартында тәрбиешіге қойылатын біліктілік талаптары, қажетті білім деңгейі, дағдылар жиынтығы, кәсіби тәжірибенің болуы анықталған. Мұндай талаптар еңбек функциясын сапалы орындау үшін белгіленген. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасы да (бакалавриат) педагогтің кәсіби стандартына негізделіп жасалған [225].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі әр баланың жеке ерекшеліктері негізінде мектеп жасына дейінгі балаларда қалыптасуы керек дағдыларды анықтайды. Ата-аналар қоғамын балаларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне жан-жақты тартуға көп көңіл бөлінеді. Айта кетейік, модель нормативтік құжаттарды жетілдіру, педагогтердің даярлығы мен біліктілігінің сапасын арттыру, дамушы қолжетімді пәндік-дамытушы ортаны құру және қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы кезең-кезеңімен енгізілуде. Демек,

болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогін даярлауда осы қағиданың барлығы ескерілуде [226].

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлаудың негізгі ұстанымдарының бірі – білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту. Себебі, заман талабына сәйкес білімді, ғылымды қолдану – бүгінгі күннің өзекті мәселелері екені даусыз. Еліміздегі жоғары оқу орындары осы мәселелерді шешуде бірнеше мақсаттарды орындауда. Жоғары оқу орындарының негізгі ұстанымы – бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу, зерттеушілік іс-әрекет деңгейі мен ақыл-ойын арттыру, жоғары білімді мамандарды қоғам қажеттілігіне сай даярлау. Жоғары білім – маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырып қана қоймай, тұлғаның өзіндік «Мен» тұжырымдамасын дамытады. Қазіргі кезде педагогиканың өзекті мәселелері – әлемдік білім кеңістігіне сәйкес бейімделген білім беру, кәсіби қалыптасудың сапасын жоғарылату, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтуда оның рөлін арттыру. Сондықтан да, жоғары білім беру жағдайында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы негізінде дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты-міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу», – делінген болатын [3, с. 3]. Ендеше, жобалап оқыту технологиясының болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін даярлауда рөлі зор.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау мәселесі ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Ғылыми-зерттеу жұмыстары баршылық. Келесі кезекте ғалымдардың зерттеулеріне тоқтала кетсек. Мысалы, бірқатар зерттеу еңбектерінде студенттердің кәсіби педагогикалық даярлығы туралы ғалым педагогтар Қ.Е.Көшербаев [227], Л.Н.Ибраимова [228], Ж.А.Жусупова [229] болашақ мамандардың тәжірбиелі мамандармен ынтымақсатығының болуын қолдайды. Демек, жоғары оқу орны мен мектепке дейінгі ұйымдардың өзара ынтымақтастығы аясында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау әлеуетінің жоғарылайтыны белгілі.

Қазақстан Республикасының көлемінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерін дайындауда ғалымдар Ж.А.Жусупова [229, с. 123], А.Қ.Менжанова [62, с. 9], С.Б.Бабаев [230], Б.О.Арзанбаева [50, с. 3], С.Н.Жиенбаева [71, с. 9], А.И.Балабаева [52, с. 8], С.Г.Батибаева [75, с. 8], Н.И.Храпченкова [76, с. 17], М.А.Прокофьева [77, с. 12], Ж.С.Хасановалардың еңбектері зерттеуімізге негіз болды [79, с. 3].

Мысалы, ғалым Н.И.Храпченкованың «Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиенің дамуы» еңбегінде болашақ тәрбиешілерді дайындаудың

маңыздылығы мен мазмұны анықталған [76,с. 4]. Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымдардың даму үрдістері көрсетілген, ондағы оқу–тәрбие жұмысының мазмұны, нышандары мен әдістерінің бағыттары анықталған.

М.А.Прокофьеваеың «Мектепке дейінгі мекемелердің болашақ тәрбиешілерін дене тәрбиесі міндеттерін шешуге даярлау ерекшеліктері» еңбегінде тәрбиешілердің мақсат міндеттері сонымен қатар кәсіби іс-әрекеттері, тәрбиешілерді дайындаудың моделі құрастырылған [77,с. 6]. Болашақ тәрбиешілердің дене тәрбиесі міндеттерін шешуге деген ұғымының мәні анықталған, олардың мамандық қызметін қалыптастыруға арналған әдістемелер ұсынылған.Б.О.Арзанбаева болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби-құндылықтық бағдарын зерделеп, мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды ұйымдастырудың практикасын өз зерттеулерінде тұжырымдаған [50,с. 9].

Ж.С.Хасанованың «Мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халық педагогикасын пайдалану арқылы тәрбиешілерді дайындау» зерттеуінде болашақ тәрбиешілерді дайындауда халық педагогикасының рөлін, тәрбиешілерді дайындаудың өлшем, көрсеткіштерін көрсеткен [79,с. 3]. Болашақ тәрбиешілерге ұлттық тәлім-тәрбие берудің өзектілігін қарастырған.А.И. Балабаеваның «Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру» зерттеуінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтарын даярлаудағы педагогикалық практиканың маңыздылығы талданған, мектепке дейінгі ұйымдарда өтілетін педагогикалық практика бағдарламасы және ғылыми әдістемелік нұсқаулық даярлаған [52,с. 13].Б.Т. Жубатырованың «Ойынның педагогикалық-психологиялық негіздері» еңбегінде - балалардың іс-әрекеті ретінде ойынның өзіндік ерекшеліктері балалар өмірін ұйымдастыруда ойынның рөлі альтернативалық, шешімнің мүмкіндіктері; жобаланған нәтижелер; бағалау критерилері; танымдық, қызықты театрланған, рөлдік, имитациялық еліктеу және т.б. ойындар қолданылады [179,с. 20]. Келтірілген нәтижелерді жобалау арқылы білім алушының жан-жақты ойлана білуіне болжай алуына, шешім қабылдауына, тәуелділік жасауға жобаланған іс-әрекетте маңызды қызметтер атқарады.

Ғалымдар Ғ.Т.Абилбакиева ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруды [53,с. 21], М.А.Шауенова У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлауды [55,с. 22], Т.С.Жұмашева болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуды [56,с. 23], С.Т.Тілеубай болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамытуды [54,с. 16], А.Ж.Жакупова болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды [57,с. 25], Г.М.Мышбаева болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін Lesson study әдістемесі арқылы дамытуды өз зерттеулерінде зерделеген болатын [43,с. 16].

С.Г.Батибаеваның «Қазақстанда қазақ балабақшаларының қалыптасуы мен дамуы» еңбегінде кеңес дәуірі мен қазіргі кезеңдегі қазақстанда қазақ балабақшаларының қалыптасуы мен даму жолдары анықталды [75,с. 3]. Болашақ тәрбиешілерді дайындау және қайта дайындау үдерісіне талдау жүргізген.

Осылайша, зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту өзіне төрт аспектіні кіріктіреді: мотивациялық; когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік. «Зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту» түсінігінің сипаттамасынан болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың келесі компоненттерін анықтадық: *мотивациялық; когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік.*


Кесте 12 – Зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту компоненттерінің негізгі білім беру бағдарламасын игеру нәтижелеріне қойылатын талаптарға сәйкестенуі

Зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту	«6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының түлегіне қойылатын талаптар	
1	2	
Мотивациялық	<p>-Жеке талаптану деңгейін қалыптастыруға және объективті бағалауға қабілетті, мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік даму деңгейін көтеру дағдыларын меңгереді, балаларды креативтілік пен жаңашылдыққа үйретеді.</p> <p>- Мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұнының ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерін біледі, әртүрлі жастағы балаларға білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыру құралдарын меңгереді.</p>	
Когнитивтік	<p>- Белгісіздік жағдайында жұмыс істеуге және шығармашылық тұғырды талап ететін күрделі аналитикалық міндеттерді орындауға қабілетті.</p> <p>- Сыни ойлай алады, жылдам дамитын цифрлық технологиялар дәуірінде өмір сүре алады, ірі деректер массивтерімен жұмыс істей алады, жаппай командада тиімді жұмыс істей алады, өзгерістерге тез бейімделе алады.</p> <p>- Ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу және құру тәсілдерін түсінеді.</p> <p>- Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдерісті өзбетінше ұйымдастыруға қабілетті және мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін, сонымен қатар жас топтары бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық технологиялардың әдістері мен құралдарды пайдалану дағдыларын меңгереді.</p> <p>- Өз ойларын ана тілі мен шет тілдерінде дәйекті және сауатты тұжырымдайды және айтады, ғылыми және арнайы мәтіндермен жұмыс істеу және көпшілік алдында сөйлеу үшін қазақ (орыс), шет тілдерінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгереді;</p>	

12 – кестенің жалғасы

1	2
Іс-әрекеттік	<ul style="list-style-type: none"> - Ақпаратты алу, сақтау, қайта өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдері мен құралдарын қолданады; цифрлық құралдарды терең түсінеді, жаңа жағдайларға интуитивті бейімделу және жаңа контент жасау қабілеті бар; - Мектепке дейінгі білім беру саласында аналитикалық және технологиялық шешімдерді жүзеге асыруға қабілетті.
Рефлексивті	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелері мен әдістерін қолдануға қабілетті; өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу үшін өмір бойы өзінің білім траекториясын құра алады. - Гигиена, еңбекті қорғау талаптарына және сыртқы жағымсыз әсерлерден қорғау ережелеріне сәйкес салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға, толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайтудың құралдары мен әдістерін пайдалануға қабілетті. - Ақпаратты алу, сақтау, өңдеу және берудің практикалық міндеттерін шешу үшін зерттеу әдістерін, бағдарламалауды және қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана алады;

12-кесте мазмұнына сәйкес, МЖМБС талаптарын іске асыру (мазмұндық жағы) болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға жағдай жасайды.



Сурет 8 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі жобалап оқытуда зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың кәсіби әлеуеті

Базалық жоғары оқу орны ретінде алынған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «6B01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім бағдарламасынан зерттеуімізге қажетті пәндерді талдауды жөн көрдік.

«6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасында жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға ықпал ететін пәндердің мазмұнын талдаймыз (кесте 13).

Кесте 13 – «6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының пәндеріне талдау (мазмұндық аспект)

6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша негізгі оқу жоспарының мазмұны (20.05.2019)	Пәндердің жалпы мазмұны	6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша негізгі оқу жоспарының жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамыту әлеуеті	ЖОО білім бағдарламасының мектепке дейінгі ұйымдардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерге ықпалы
1	2	3	4
Жаңа формация педагог-тәрбиешісі (ТК)	Педагогикалық мамандық: мәні, ерекшеліктері, қазіргі даму тенденциялары. Педагогтың кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігі: біліктілік түсінігі, педагогтың біліктілігіне қойылатын талаптар, біліктілік санаты. Кәсіби құзыреттілік түсінігі, кәсіби міндеттердің тізімі. Педагог-тәрбиешінің кәсіби қызметі, педагогикалық қызметтің құрылымы. Педагогтың кәсіби қызметін жүзеге асыру шарттары. Педагогтың педагогикалық тәжірибесі мен зерттеу қызметінің ерекшеліктері.	Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби қызметін түсінуге әсер етеді, педагогикалық жобалаудың алғышарттарын түсінуге ықпалын тигізеді.	Мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұнының ғылыми-теориялық әдістемелік негіздерін біледі; әртүрлі жастағы балаларға білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыру құралын меңгерді; ұйымдастырылған іс-әрекет қызметінде инновациялық технологиялардың әдістері мен құралдарын пайдалану іс-әрекеті.
Жобалау әрекетінің	«Жобалау әрекетінің негіздері» пәнін оқытудың мақсаты мен	Болашақ мектепке дейінгі ұйым	Жоба жасауда мектеп жасына дейінгі

13 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
негіздері (ТК)	міндеттері. Жобаның мәнін анықтау. Жобалау әрекетінің түрлері мен типтерін жіктеу. Жоба тақырыбын таңдауға қойылатын талаптар. Жобаның тақырыбы мен мақсатын тұжырымдау. Жобаның ғылыми аппараты. Жобаның жоспарын жасау. Жобалау әрекетінің тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерттеу. Ақпаратты жинау және талдау тәсілдері. Ақпарат көзімен жұмыс істеу әдістері. Интернетте ақпаратты іздеу. Жобаны рәсімдеуге және қорғауға қойылатын талаптар.	педагогі жобалау әрекетінің мазмұнын игереді, жобалаудың түрлерін ажыратады, жоба құрастыра алады. Зерттеушілік мәдениетін қалыптастырып, тапсырмаларды тиімді жүзеге асырады.	баланың танымдық қызығушылығы мен зерттеушілік іс-әрекеті нәтижесінде өнім жасауға үйрету.
Педагогикалық анимация (ТК)	Педагогикалық анимациялық технологиялар негіздері. Анимациялық қызметтің құралдары, формалары және әдістері. Театр педагогикасының мүмкіндіктері мен ерекшеліктері. Тынығу драматургиясының негіздері. Педагогикалық режиссура – мәдени бос уақыттың өзара әрекетінің логикасын құру үдерісі. Қызығушылығы бойынша клубтық қызмет, ұйымдастыру әдістемесі мен технологиясы. Анимациялық жобалау әрекетінің құрылымы мен технологиясы. Әлеуметтік-қорғау және оңалту технологиялары және анимация. PR технологиясы - заманауи анимациялық практикадағы коммуникациялық технологиялардың бір түрі. Топтық, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру.	Анимациялық жобалау әрекетінің құрылымы мен технологиясын игереді.	Мектеп жасына дейінгі баланың бос уақытын шығармашылық іс-әрекеттерімен тиімді ұйымдастыру.
Ойын іс-әрекетінің	Ойын-мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті.	Ойынның түрлерін меңгеру	Ойынның педагогикалық -

13 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
теориясы мен әдістемесі (ТК)	Адамзаттың даму тарихында ойынның қалыптасуы. Балалар ойынының әлеуметтік сипаты. Мектепке дейінгі тәрбиенің қазіргі теориясы мен тәжірибесіндегі балалар ойынының мәселесі. Ерте жастағы балалардың ойындарын басқару. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойындарын басқару. МДҰ-да әртүрлі ойын түрлерін ұйымдастыру. Сюжеттік-рөлдік ойындар. Дидактикалық ойындар. Театрландырылған ойындар. Құрылыс ойындары.	арқылы топта жұмыс істеу, шығармашылық ойлау дағдысын дамытады, ойын арқылы жоба тапсырмаларын орындай алады.	психологиялық негіздерін біледі; ойын түрлерін жіктей алады; әртүрлі ойындарды ұйымдастыра алады;
Мектепке дейінгі білім берудегі педагогикалық диагностика (ТК)	Педагогикалық диагностиканың теориялық және әдіснамалық негіздері: «педагогикалық диагностика» ұғымының мәні, педагогикалық диагностиканың функциялары, принциптері мен жүргізу ережелері, МДҰ-да педагогикалық диагностиканы жүргізудің нормативтік-құқықтық негіздері, педагогикалық диагностиканы әзірлеу және жүргізу алгоритмі. Педагогикалық диагностика әдістері (бақылау, сауалнама, әңгімелесу, сұхбат). Байқау педагогтың кәсіби сапасы ретінде. Педагогикалық диагностика мектеп жасына дейінгі баланы тану құралы ретінде. Білім беру жағдайларының педагогикалық диагностикасы.	Озық зерттеу тәжірибелерін меңгереді, педагогикалық шеберліктері артады, зерттеушілік іс-әрекетін практикада пайдалана алады.	Әр баланың бірегейлігі мен ерекшелігін сақтауға, қабілеттілігін ашу мүмкіндіктерін құруға, балалардың интеллектуалдық, физикалық, тұлғалық дамуы мен білімдік жетістіктерінің динамикасының педагогке қадағалауға мүмкіндік беретін педагогикалық үдерістің сапасын бақылау
Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар (ТК)	Педагогикалық технологияның мәні мен даму кезеңдері. Педагогикалық технологияның жіктелуі. Жобалық оқыту технологиялары. Жоба әдісі және жобалық оқыту технологиясы туралы түсінік.	Инновациялық технологиялардың түрлерін меңгереді, ұйымдастырылған іс-әрекетті тиімді ұйымдастыруға	Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты білім алуының іс-әрекетін шығармашыл меңгерту; мектепке дейінгі балалардың

13 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
	<p>Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) оқу үрдісін технологияландыру құралы ретінде. Интерактивті оқыту бағдарламалары. Оқу сабағында мультимедиа технологиясын пайдалану (слайд-шоу, интерактивті тақта, аудио және бейне файлдар). Ойын технологиясы. ТРИЗ. Денсаулық сақтау технологиясы. Дамыта оқыту технологиясы. М. Монтессори технологиясы.</p>	<p>қажет біліктерді меңгереді, жобалап оқыту технологиясының мазмұнын түсінеді.</p>	<p>оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік құралдарын қолданады</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйымның дамытушы ортасын жобалау (ТК)</p>	<p>«Заттық-кеңістіктік дамытушы орта» ұғымының мәні мен мазмұны. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның сипаттамалары. Заттық орта мектеп жасына дейінгі балалардың позитивті әлеуметтенуінің шарты ретінде. Ерте және мектеп жасына дейінгі балалар топтарында заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның ерекшеліктері. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құрастыру қағидалары. Балалар іс-әрекетінің түрлерін және балалар мен ересектердің өзара іс-әрекетін дамыту үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру. Орта баланың қозғалысқа, қарым-қатынасқа, танымға деген қажеттілігін қамтамасыз ету құралы ретінде.</p>	<p>Баланың танымдық белсенділігін арттыруға жағдай жасай алатын болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогін қалыптастырады. Мектепке дейінгі ұйымның дамытушы ортасын жобалауға қабілетті маман даярлауға ықпал етеді.</p>	<p>Мектепке дейінгі жастағы балаларды дамыту орталығын құруда жоба өнімінде іс-әрекеттерге арналған материалдарды білуі; жоба жасау барысында эксперимент жасау бұрышы мен дамытушы ойындарды қолдану.</p>
<p>Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесінің даму тарихы. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда табиғатты пайдаланудың міндеттері, принциптері, формалары, әдістері мен</p>	<p>Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі мектеп жасына дейінгі балаларға қоршаған ортаны таныстыруда түрлі жобалық</p>	<p>Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған дүниені танып білу дағдыларын қалыптастыру жолдарын анықтай алады; балалардың</p>

13 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
(ЖК)	<p>тәсілдері. «Мен және қоғам», «Менің туған өлкем» оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің мазмұны. Табиғат бұрышы және балабақша учаскесі мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеудің негізгі базасы ретінде. Дамытушы экологиялық орта- тәрбие әдісі. Экологиялық тәрбие әдістері. Балалар эксперименті. Балалардың экологиялық тәрбиесінің формалары.</p>	<p>тапсырмаларды орындай алады.</p>	<p>экологиялық мәдениеті мен экологиялық түсінігін қалыптастырады; Қоршаған ортамен таныстыру әдіс-тәсілдерін біледі.</p>
<p>Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу іс-әрекетінің әдістемесі (ЖК)</p>	<p>Мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу іс-әрекетіне үйретуді ұйымдастыру. Әртүрлі жас топтарында балаларды сурет салуға үйрету. Әртүрлі жас топтарында балаларды мүсіндеуге үйрету. Әртүрлі жас топтарында балаларды аппликация жасауға үйрету. Әртүрлі жас топтарында балаларды құрастыруға үйрету. Балабақшада бейнелеу іс-әрекеті бойынша жұмысты жоспарлау.</p>	<p>Жоба өнімін рәсімдеуге ықпал етеді.</p>	<p>Мектеп жасына дейінгі балалар заттардың бейнелеуіндегі түрлі әдістерді іс – әрекет барысында меңгереді; бейнелеуді сөзбен түсіндіру арқылы сурет салу техникасына үйрету.</p>
<p>Өндірістік (педагогикалық) практика (ЖК)</p>	<p>Балабақша тәрбиешісінің қызметін толық көлемде орындау: практикадан өту кезеңінде циклограммаларды әзірлеу және жоспарлау; барлық оқу пәндері бойынша технологиялық карталарды әзірлеу, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін жоспарлау және өткізу, тәрбиешілер мен студенттердің ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу және талдау жасау; тәрбие іс-шараларын жоспарлау және өткізу; педагогикалық</p>	<p>Білім алушылар өздерінің теориялық білімдерін практикада іске асырады. Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға септігін тигізеді.</p>	<p>Практика барысында топтық ерекшеліктерді ескере отырып, үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу</p>

13 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
	ұжымның қызметіне қатысу; ата-аналармен жұмыс жүргізу. Өткізілген ұйымдастырылған оқу қызметтері мен тәрбиелік іс-шаралардың өзіндік талдауын жүзеге асыру. Практика қорытындысы бойынша есеп дайындау.		
Бітіру (дипломдық жоба) жұмысы (ҚА)	Теориялық және практикалық бөлімді қамтитын, арнайы пәндердің таңдалған тақырыбы бойынша дипломдық жобаны орындау. Бұл ретте білім алушы оқытудың қазіргі заманғы ақпараттық және педагогикалық технологияларын қолдана отырып, мектепке дейінгі педагогика және жеке әдістемелер саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу әдістерін меңгереді. Дипломдық жұмыс бөлімдерін орындау кезінде өзінің кәсіби сауаттылығын көрсетеді	Білім алушы оқытудың қазіргі заманғы ақпараттық және педагогикалық технологияларын қолдана отырып, мектепке дейінгі педагогика және жеке әдістемелер саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу әдістерін меңгереді.	

Ал, келесі кезекте біз ЖОО болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлаудың мектепке дейінгі ұйымдардағы нәтижесін талдайтын боламыз. Яғни, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуда ЖОО мен мектепке дейінгі ұйымның ынтымақтастығы талданады (кесте 14).


Кесте 14 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда ЖОО мен мектепке дейінгі ұйым ынтымақтастығы

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиялары арқылы ЖОО дамытудың формалары	Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың мектепке дейінгі ұйымдардағы формалары
1	2
- танымдық презентациялар даярлау - пікір-сайыстарға қатысу - дөңгелек үстелдер жұмысына қатысу - конференцияларға қатысу - жоба құрастыру, қорғау	Мектепке дейінгі ұйымдардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын дамыту жүзеге асырылады: - Мектеп жасына дейінгі балалардың

14 - кестенің жалғасы

1	2
<ul style="list-style-type: none"> - мақала жазу - танымдық сабақтар ұйымдастыру - олимпиадаларға қатысу - инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану - педагогикалық анимацияны меңгеру - танымдық көрмелер ұйымдастыру - эссе жазу - постерлік баяндамалар қорғау 	<ul style="list-style-type: none"> коммуникативтік дағдыларын дамыту - Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту - Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту - Балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру

Жоғарыдағы мәліметтерді қорыта келе, болашақ педагогтің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың тұлғалық, зияткерлік, шығармашылық әлеуеті анықталды (сурет 9).



Сурет 9 - Болашақ педагогтің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту әлеуетінің түрлері

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуеті – болашақ педагогтің кәсіби деңгейде өз міндеттерін орындау қабілетін анықтайтын кіріктірілген табиғи және жүре пайда болған қасиеттердің жиынтығы. Зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту әлеуеті – тұлғалық, зияткерлік, шығармашылық қасиеттерді пайдалана алу мүмкіндігі. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту әлеуетінің түрлері: тұлғалық, зияткерлік, шығармашылық.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың **тұлғалық әлеуеті** - бұл қоғамдағы өз орнын, басқа адамдар арасындағы позициясын анықтайтын

қоғамның мүшесі ретінде тұлғаны сипаттайтын әлеуметтік маңызды белгілердің тұрақты жүйесі.

Тәрбиешінің тұлғасы тәрбиеде маңызды рөл атқарады. Тәрбиенің тиімділігіне тәрбиеші оқу үдерісіне мұқият қарағанда, оны үнемі талдап, дұрыс қорытынды жасаған кезде қол жеткізеді. Кәсіби білім беруді реформалаудың мәні маманның жеке басын қалыптастыру (жеке аспект), алынған білімнің мазмұны мен құрылымына өзгерістер енгізу (мазмұндық аспект), мінез-құлықты өзін-өзі реттеу тәсілдерін оқыту және алған білімдерін стандартты шығармашылық кәсіби міндеттерді (технологиялық аспект) шешуде практикалық іс-әрекетке айналдыру тұрғысынан қарастырылуы керек. Тұлғалық әлеуетті кәсібилендіру, оны кәсіптік-педагогикалық әлеуетке айналдыру педагогикалық жоғары оқу орындарында маман даярлау үдерісінде қалыптастыру және жинақтау кезеңдерінен өтеді.

Зияткерлік әлеует - болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін кәсіби даярлаудың ажырамас және қажетті бөлігі. Білім алушы маман ретінде бірінші кезекте өзін зияткерлік әлеует арқылы жүзеге асыра алады, маманның қалыптасу кезеңінде және оның кәсіби қызметін орындауында неғұрлым серпінді дамығанына қарамастан, жинақталған зияткерлік әлеуетті өзектендіру және оны одан әрі дамытуы мүмкін.

Қазіргі білім тек алған білімдерін жаттап қана қоймай, сонымен қатар ақпаратты өзі алу, оны түсіну, онымен жұмыс істеу қабілетін талап етеді. Білім беруде болып жатқан өзгерістерді және балалардың дайындық деңгейіне қойылатын жаңа талаптардың пайда болуын ескере отырып, білім беру ұйымдары зияткер тұлғаның дамуына жағдай жасайды. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зияткерлік дамуы бүгінгі күні бірінші орында және білім беру үдерісінің негізгі факторларының бірі болмақ дегіміз келеді.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің **шығармашылық әлеуеті** - бұл педагогикалық шығармашылық үдерісінде жүзеге асырылатын психикалық үдерістер мен жеке қасиеттердің жиынтығы. Оның генетикалық негізі педагог мамандығын таңдауға әсер етеді, ол оқу үдерісінде қалыптасады және одан әрі кәсіби қызметте дамиды. Педагогтің шығармашылық әлеуеті үш компонентті біріктіретін динамикалық құрылымнан тұрады: педагогтерге шығармашылық – құндылыққа тән идеяларды көрсету; танымдықты түсінуге ықпал ететін білімдер жиынтығымен ұсынылған еңбегінің шығармашылық сипатындағы педагог және шығармашылық ұйымға әсер ететін кәсіби қызмет; шығармашылықты өзектендіруге ықпал ететін элементтерді біріктіретін белсенділікті дамыту үшін мүмкіндіктер.

Қорытындылай келе, ЖОО білім алушыларының зерттеушілік іс-әрекеті ЖОО бағдарламаларында маңызды рөлге ие. Мұның себебі жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті білім алушы қабілетін ашу, үйлесімді тұлға етіп тәрбиелеу мен дамытудың мықты құралы деп тануда деп білеміз.

Келесі кезекте болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиялары арқылы дамытудың құрылымдық - мазмұндық моделін қарастыратын боламыз.

2.3 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық - мазмұндық моделі

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту үшін Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алатын үлгілеу (модельдеу) әдісіне талдау жасап көрдік [109,с. 9].

Модельдеу зерттелетін нысанның мінездемесін көрсететін ұқсастықтарды, көрініс пен үдерісті бейнелеу үшін керек екені белгілі. Педагогика саласында педагогикалық модельдеудің кеңінен қолданылатыны айқын. Педагогикалық модельдеу қазіргі педагогикалық практиканың бір немесе бірнеше міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін белгілі бір педагогикалық құралды құру перспективасын анықтайды. Педагогикалық құрал кең мағынада-бұл ұсынылатын білім беру қызметтерінің немесе педагогикалық қолдаудың сапасын арттыру мақсатында құрылған, білім алушының жеке басын және тәрбиеге жауапты тұлғаларды әлеуметтік және әлеуметтік-білім беру қатынастары жүйесіне қосу деңгейі мен сапасын арттыруды жүйелі түрде қамтамасыз ететін, шындығында, мамандық таңдау жүзеге асырылатын болашақ педагог қызметінің өнімі мен объектісі. Білім алушының кәсіби дамыту идеясын іске асыру. Осы тұста, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастырудың практикалық жұмыстарын іске асыруда, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби дамытудың шындалуы екенін айта кеткіміз келеді.

В.В.Краевский модельдеу туралы «белгілі бір нысанды зерттеу үшін арнайы жасалған басқа нысандағы кейбір сипаттамаларын қайталау», - деген пікір білдіреді [21,с. 211].

Ш.Т.Таубаева модель – «білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, дамытуда қол жеткізген жетістіктердің белгіленуін салыстыратын ғылыми негізделген көрсеткіштер», – деген анықтама берген. Автор сонымен қатар көрсеткіш – тұлғаның даму үдерісін сипаттайтын деңгейі, оның оқытылуы, тәрбиелілігі және білім алушының тәжірибесінде қалыптасқан білімі, дағдысы, іскерлігі, тәртібінің белгіленген мөлшерде жүзеге асырылуы, – деген анықтама берген [137,с. 54]. Бұл бізге болашақ мектепке дейінгі ұйым болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымын анықтай алатын өлшемдерді анықтауға мүмкіндік берді.

В.А.Штофф [231] осы түсінікті екі жақты қарастырады. Бір жағынан, модель ретінде жеңілдетілген (сызбалы немесе идеалды) және көрнекі формада шынайылықтың қандай да бір бөлігін жаңғыртатын, ойша немесе тәжірибе

жүзінде жасалған құрылымы қарастырылады. Алайда, әрқашан осы жағынан модель болмысты мінсіздендіру, жеңілдету ретінде зерделенеді. Сонымен қатар, модель әлемнің ғылыми көрінісінің құрамдас элементі ретінде шығармашылық қиял өнімі бола отырып, фактизация сәтін де қамтиды, сондай-ақ, фактизация элементі белгілі бір дәрежеде әрқашан фактілермен, бақылаулармен, өлшеулермен шектелуі тиіс. Басқа жағынан қарастыра білген, В.А.Штоффтың пікірі бойынша, модель – бұл неғұрлым жақсы зерттелінген, оңай түсіндірілетін, қарапайым басқа құбылыстың көмегімен ашып көрсету құралы.

Академик Ю.К.Бабанский [211,с. 1] өзінің «Проблема повышения эффективности педагогических исследований» атты кітабының «Выбор и применение методов исследования в дидактике» деген III тарауында мынадай әдістердің жиынтығын ұсынады: педагогикалық бақылау әдістері, әңгімелесу, интервью алу және сауалнама, рейтинг және өзін-өзі бақылау, «педагогикалық консилиум», диагностикалық бақылау жұмыстары, педагогикалық эксперимент, педагогикалық зерттеулердің теориялық әдістері (салыстырмалы-талдай әдістері, абстрактіден нақты әдіске өту, модельдеу т.б.).

Б.С.Гершунский [19,с. 605], В.П.Беспалько [24,с. 75], В.А.Штофф [231,с. 302] және көптеген ғалымдардың зерттеулерінде, моделді құрастыру демек арнайы баламаларды жасау жолымен нақты бар жүйені материалды немесе ойша ұқсатуды іске асыру, бұл жағдайда баламаларда осы жүйенің ұйымдастыру және қызмет ету принциптері белгіленеді.

Н.В.Кузьмина педагогикалық үлгіні жасауда бес кезеңді бөліп көрсетеді: зерттеу объектісін анықтау; түп нұсқа туралы жиналған білімдерді белсендіру; үлгілеу әдістерін қолдану қажеттілігін негіздеу; ауыспалы және пастулаттарды (сипаттауды керек етпейтін жорамал) таңдау; зерттеуге жеңіл объектілерді таңдау [232]. Модель – бір заттың, құбылыстың арнайы ерекшеліктерін көрсететін, ол туралы белгілі, шектелген ақпарат беретін қысқартылған, жинақталған білім алушысының білімді меңгеріп, өзінің өмірге қажеттіліктерінде, тәжірибе жүзінде қолдана алатын білім шамасы. Модельдеудің бейнелік, заттық, таңбалық түрлері қолданылып келеді. Бейнелік модельдеуде шынайы объектінің қасиеттері көрнекі ес пен ойлау арқылы елестетіледі.

Философиялық сөздікте: модельдеу (фр. modele – үлгі, пішін) – зерттеу үшін арнайы жасалған бір объектіде басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту [150,с. 6].

Университеттік білім беру жағдайында білім алушылар жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетін дамыту моделіне кірісе отырып, білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясын зерттеу материалдарын талдаудың бірінші тарауында ұсынылған нәтижелерге сүйене аламыз, бұл тұста «жобалап оқыту технологиясы» арқылы анықтаудың мазмұны мен технологиясы ұсынылды. Біз алдыңғы бөлімдерде тоқталған теориялық ақпараттарды тәжірибелік–эксперименттік жұмыс барысында орындалған анықтау экспериментінің нәтижелеріне талдау жасай отырып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін

жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсындық. Жобалық оқытуды дамытудың бастапқы кезеңдерінде зерттеушілік іс-әрекетін түсіну әр түрлі модельдерді ойша құру қабілеті ретінде көрінді, олар кейіннен іске асады және өмірге келеді, қиындықтарды іздеу және жеңу тәжірибесін ұйымдастыру қабілеттерінің жиынтығы ретінде, ақпаратты жинау және өңдеу дағдылары, өз білімдерін өз бетінше құру, ақпараттық кеңістікте бағдарлау, ойлауды пайдалану, іс-әрекетті нақты, көруге, түсінуге болатын нақты тәжірибелік нәтижелер қолданылады. Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін түсіну әр түрлі модельдерді ойша құру қабілеті ретінде көрінді, қиындықтарды іздеу және жеңу тәжірибесін ұйымдастыру қабілеттерінің жиынтығы ретінде, ақпаратты жинау және өңдеу дағдылары, өз білімдерін өз бетінше құру, ақпараттық кеңістікте бағдарлау, ойлауды пайдалану, іс-әрекетті нақты, көруге, түсінуге болатын практикалық қызметте қолданылған.

Жоғары мектепте кәсіптік даярлаудың қазіргі теориясы мен практикасында білім алушылардың жобалап оқыту технологиясы негізінде мәнін анықтайтын және нақтылайтын, оның мазмұнын, құрылымын, сондай-ақ жоғары мектептің білім беру үдерісінде осы құбылыстың педагогикалық шарттары мен даму технологиясын анықтайтын жұмыстар кеңінен ұсынылған. Қолда бар зерттеулер жобалап оқыту технологиясы арқылы мақсаттарға қол жеткізуді және қоғамдық күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін сапамен стандартты және стандартты емес жағдайларда жобалау іс-әрекетін игерілген құзыреттерін (білімнің, іскерліктің және дағдылардың динамикалық үйлесімі) тиімді және құндылық кәсіби-тұлғалық көзқараспен пайдалану қабілеті екенін түсінуге мүмкіндік береді. Жалпы университет жағдайында білім алушылардың жобалау іс-әрекетіне дайындаудың шетелдік және отандық тәжірибесін талдау қазіргі уақытта тиімділікке қол жеткізу үшін осындай міндетті сипаттамалар пайда болды деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді: барлық оқу пәндерінің мазмұнында жобалық жұмыстың болуы; орындалатын жобалардың біртіндеп күрделенуі және оларды іске асыруға курстан курсқа уақыт берілуі; кәсіби маңызды және нарықтық сұранысқа ие міндеттерді қою; жобалап оқыту технологиясы мен бірегей инновациялық идеяларды сынақтан өткізу; міндеттерді оқу қызметінің жағдайына бейімдеу; білім алушылардың зерттеулерге тапсырыс берушілер ретінде жұмыс берушілермен, балабақшамен, жобалау институттарымен ынтымақтастық; кафедра клубтары, шығармашылық өнер топтарымен ынтымақтастық; халықаралық ынтымақтастық; ғылыми зерттеу стандарттарын сақтау; әлеуметтік дағдыларды дамытуға, жаңаша ойлауға, шаблондық емес міндеттерді шешуге және экономикалық сұранысқа ие өнімдерді жасауға бағытталған командалық жұмысты ұйымдастыру; жетекшінің рөлі тек идеялық шабыттандырушы және кеңесші ретінде ғана емес, сонымен қатар үлгі ретінде көрсету; жобалардың пәнаралық сипаты; техникалық жаңалықтарды кеңінен қолдану; білім алушылардың жобалау іс-әрекеті нәтижелерін презентациялау, нәтижесімен таныстыру; соңғы

нәтижелерді көпжақты бағалау және материалдарды неғұрлым креативті пайдалану; шығармашылық тәсіл; үнемді шешімін табу параметрлер бойынша орындалған жұмыстың жекелеген аспектілерін көтермелеу; білім алушылардың жобалау іс-әрекетін жетілдіру.

Білім алушылардың жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекет үдерісін модельдеудің өзі Б.С.Гершунский [19,с. 6], В.И.Загвязинский [25,с. 9], еңбектерінде ұсынылған модельдеу теориясына, модельді табиғи немесе әлеуметтік шындықтың нақты фрагментінің аналогы ретінде анықтауға, адам мәдениетін қалыптастыруға, тұжырымдамалық-теориялық білім – түпнұсқаға сүйене отырып жүргіздік. «Зерттеу объектісін көрсету немесе көбейту арқылы оны алмастыра алатын, оны зерттеу бізге осы нысан туралы жаңа ақпарат беретін» ойша ұсынылған немесе материалдық тұрғыдан жүзеге асырылған жүйе ретінде қарастыратын төрт міндеті бар:

- модель-ойша ұсынылған немесе материалдық іске асырылатын жүйе;
- ол зерттеу объектісін көрсетеді;
- ол объектіні алмастыра алады;
- оны зерттеу объект туралы жаңа ақпарат береді.

Педагогикалық модельдің функциялары: басқару үдерісінің моделі; таңдалған формалардың, басқару құралдары мен әдістерінің дұрыстығын салыстыру, анықтау моделі; оқу мен таным үдерістің мазмұнын, ұйымдастырылуын және дамуын айқындау, теориялық және тәжірибелік, шығармашылық білімдер мен дағдылардың дұрыстығы мен толықтығын тексеру.

Теориялық кезеңде біздің зерттеуіміз көрсеткендей, білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мәселелерін зерттеудің әдіснамалық негіздері мен құралдары *жүйелілік, аксиологиялық, акмеологиялық, іс-әрекеттік, инновациялық* тұғырлар негізінде анықталды (1.3 параграфта). Бұл әдіснамалық тұғырлар бағдарламалық-мақсатты, кластерлік, жобалық тәжірибені ескере отырып құрылуы мүмкін - технологиялық, ақпараттық, іс-әрекеттік, ресурстық тәсілдер және педагогика ғылымында пайда болған жүйелік және қоршаған орта тәсілдерін күшейту, іс-әрекеттік, құрастырушылық тәсілдердің жетістіктерін дамыту міндетін басшылыққа алады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың продуктивті кезеңінде жобаны орындаудың соңғы кезеңі жүзеге асады, қорытындылар жасалады және өзінің зерттеушілік әрекет нәтижесінің таныстырылымын дайындайды. Демек, олардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үдерісі тұлғалық білімнің мақсаты, құралдары, нәтижелері сияқты барлық компоненттерін жобалауды қамтиды.

Осы орайда алдымен модельдің мақсатын – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту деп белгіледік.

Одан төмендегідей міндеттер туындайды: болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту саласындағы білім жүйесін меңгерту; білім алушыларды зерттеушілік әрекетке даярлау, сараптама жасауға даярлау; білім алушылардың рефлексивтік қабілетін дамыту.

Қазіргі болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі білім беруді реформалау үдерісінде шешуші тұлға бола отырып, жоғары біліктілікке, тиісті жеке қасиеттерге ие болуы керек, ұтқыр болуы қажет, стандартты емес жағдайларға бейімделе алуы тиіс, шешім қабылдауда жауапты болуы керек. Педагогтің кәсіби стандартының талаптарына сәйкес оның кәсіби қызметінің маңызды салаларының бірі-өз қызметін жобалауды ұйымдастыру және білім алушылардың жобалау қызметін басқаруға дайын болуы маңызды [226,с. 5].

Алайда, ЖОО түлегіне бірден мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балалардың жобалық әрекетін ұйымдастыру кейде қиынға соғып жатады. Сондықтан, университеттегі білім бағдарламасының міндеттерінің бірі болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің теориялық және практикалық деңгейде жобалап оқыту технологиясын игеруіне жағдай жасау болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей, жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік қабілет іс-әрекетте қалыптасады және дамиды, әрқашан болашақ мектепке дейінгі ұйым құндылықтарымен ажырамас бірлікте көрінеді. Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамыту үшін білім алушыларды жобалық іс-әрекетке тарту, оларда осы іс-әрекеттің тәжірибесін қалыптастыру қажет, оны игеруге оқу пәндері, педагогикалық практика, ЖОО-да жоспарлы ұйымдастырылған тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарлануы тиіс. Осы тұжырымдардың барлығы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуды модельдеуге негіз болды.

Демек модельдеу дайындалған зерттеу нысанының түпнұсқа моделі деп аталады. Модельдеу әдістемесі танымның көрінісі мен объектісін саналы талдаудың белгілі түрі болып табылады (сурет 10).

Суретте көрсетілгендей, модель білім алушылардың білім алуға қызығушылықтарын, жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетті орындай алуын, жобалық, зерттеушілік іс-әрекетті меңгеруін, өзін-өзі реттеуін қамтиды.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту - білім алушының өз бетімен әрі үздік араласуға бағдарланған жалпы қабілеттілігі, оның оқуы және әлеуметтенуі барысында алған білімдері мен тәжірибесіне негізделген іс-әрекетке дайындығынан көрініс беретін кіріктірілген сапа.

Сонымен бірге модельде білім алушының жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекеттегі қызығушылығы, зерттеушілік іс-әрекеттегі белсенділігі, зерттеушілік іс-әрекеттегі ізденісі, жобаны орындаудағы білімі,

зерттеушілік қабілеті, зерттеушілік икемділігі, жобалық тапсырмаларды сауатты қалыптастыру мақсатындағы зерттеушілік іс-әрекетке икемділігі, теориялық білімді іске асыру әрекеті, педагогикалық технология мен педагогикалық техниканы игеру дағдысы, шешім қабылдаудағы дербестігі, жобаны орындаудағы зерттеушілік біліктілігі, зерттеушілік іс-әрекеттегі нәтижесі сипатталады.

Осы тұста болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың бағдарлары айқындалады. Таңдап алған мамандығына деген құнды қатынастарының жиынтығы маманның кәсіби, азаматтық, жеке бағдарларын қалыптастырады.

Ғалымдардың педагогикалық идеяларын талдай отырып (В.А.Болотов, С.А.Зайцева, Л.В.Иванова, В.Я.Ляудис, Н.В.Матяш, П.В.Смирнов және т. б.) біз болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың компоненттерін – мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік деп анықтадық.

Мотивациялық компоненті білім алушының жобалау және зерттеу қызметіне деген көзқарасын көрсетеді және оның өз жобаларын орындауға, ұжымдық жобаларға қатысуға, білім алушылардың жобалық қызметіне басшылық етуге деген ұмтылысы мен дайындығында көрінеді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің жобалық іс-әрекетке деген қызығушылығының, білімге деген қажеттіліктің болуы, білім алушылармен өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың әдістерін игеру, педагогикалық университетте жобалау мен зерттеушілік іс-әрекетінің тәжірибесін алуға ұмтылу арқылы байқалады. Бұл компонентте болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің педагогикалық көрсеткіштері айқын. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің мотивациялық компоненті болашақ маманның зерттеушілік іс-әрекеті, зерттеушілік білімі, болашақ кәсіби қызметіндегі әлеуметтік жауапкершіліктермен байланысты. Бұл болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекеті бағытының мазмұнын анықтайды.

Мотивацияның іс-әрекетке байланыстылығын іс-әрекеттегі мақсаттың пайда болуымен қарастырады. Іс-әрекеттегі мақсаттың пайда болу мәселесі ішкі психологиялық өзара байланыстарға тәуелді болады. Өзара байланыстың құрылымынан мағыналы және мақсатты мотивтер пайда болады. Оқу-тәрбие үдерісінде білім алушылардың бойында зерттеушілік іс-әрекетті дамыту мақсатына жету үшін оқу-тәрбие үдерісінің білім алушы тұлғасына бағытталуы, олардың әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерінің сәйкестендірілуі және мақсаттың айқындылығы мен нақтылығын, дәлдігін ұстану қажеттігін сезінуі.

Когнитивті компонент жобалап оқыту технологиясы арқылы дамитын зерттеушілік іс-әрекеттің табиғатының психологиялық-педагогикалық негіздерін және оны тұлғаның жасына, жеке ерекшеліктеріне сәйкес басқарудың әдістерін білуге негізделген. Когнитивті компонент білім алушылардың жобалау қызметін модельдеу және қолдау заңдылықтарын білу арқылы, жобалау

қызметін ұйымдастыру технологияларын практикалық қолдануда, мектеп жасына дейінгі балалардың жетістіктерін бақылау мен бағалауды олардың қызметінің нәтижелері арқылы ұйымдастыру қабілетінде көрініс береді.

Жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамытуда білім алушылар теориялық және әдістемелік ерекшеліктерімен «Жобалау әрекетінің негіздері», «Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар», «Мектепке дейінгі ұйымның дамытушы ортасын жобалау» пәндері аясында және біз даярлаған «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» атты элективті курс негізінде танысуға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, практикалық дайындық жобалармен жұмыс істеуді, оларды әртүрлі пәндердің практикалық және семинарлық сабақтарында, әртүрлі деңгейдегі конференцияларда қорғауды, оқу жылы ішінде жалпы білім беру ұйымдарындағы педагогикалық практика шеңберіндегі білім алушылардың жобалық қызметіне және балаларды сауықтыруды қамтиды.

«Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективтік курсы жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытуда үлкен әлеуетке ие, бұл педагогикалық жағдайларды модельдеу, педагогикалық қызметтің әртүрлі формаларын құру, педагогикалық қызметтің әртүрлі модельдерінде жобалық тапсырмаларды орындау, жобалау мен болжаудың психологиялық-педагогикалық әдістерін зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасында ұйымдастырылған «Мен зерттеушімін» ғылыми үйірмесінің қызметі ықпал етеді. Үйірмедегі сабақтар білім алушыларды жобалау қызметіне енуге, оларды жобалау саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдыларды игеруге тартуға бағытталған.

Іс-әрекеттік компоненті білім алушылардың жобалық іс-әрекетке қатысуының практикалық тәжірибесіне негізделген, оны игеру үдерісінде әр білім алушының тыңғылықты өтуін көздейтін 8 кезенді бөлуге болады:

1. Оқытушының немесе жоғары курс білім алушылардың жетекшілігімен жобаларға орындаушы ретінде қатысу;
2. Жобалық топтың тең құқылы қатысушысы ретінде қатысу;
3. Жеке жобаны әзірлеу;
4. Студенттік жобаларға басшы немесе тең басшы ретінде қатысу;
5. Оқытушыға білім алушылардың жобалық қызметін ұйымдастыруға көмектесу;
6. Білім алушылардың жобалық қызметіне дербес басшылық жасау;
7. Бірінші курс студенттерінің ұжымдық жобалық қызметіне басшылық жасау;
8. Білім алушылардың жобаларын бағалауға сарапшылар (қазылар

алқасының мүшелері) ретінде қатысу.

Студенттердің жобаларды құру үдерісі келесі кезеңдерден тұрады:

1. құндылық-бағдарлау кезеңі;
2. жоспарлау кезеңі;
3. ұйымдастыру кезеңі;
4. презентация кезеңі;
5. бағалау-рефлексиялық кезең.

Құндылық-бағдарлау кезеңінде диагностикалық процедуралар негізінде білім алушылар проблеманы және оны шешу жолдарын анықтайды, жобаның әлеуметтік және жеке маңыздылығын анықтайды, оның мақсаты мен міндеттерін тұжырымдайды, педагогикалық жағдайды талдайды, объектінің әртүрлі жақтарын анықтайды, іс-әрекеттің мазмұнын құрастырады, нәтиженің бейнесін қалыптастырады. Жобалау қызметінің осы кезеңінің тиімділігінің өлшемі жобаның өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын негіздеу болып табылады. Құндылық-бағдарлау кезеңі білім алушылардың өзіндік жұмыс қабілетін қалыптастырудың үлкен әлеуетіне ие.

Жоспарлау кезеңінде жобаның егжей-тегжейлі сипаттамасы жүргізіледі, оны іске асыру кезеңдері ашылады. Осы кезеңнің нәтижесі – жобалық тапсырманы орындау бойынша әрекеттерді орындаудың белгілі бір реттілігі болып табылатын жұмыс жоспарын әзірлеу. Жоспарлау кезеңінің тиімділігінің өлшемі – жобаға қатысушылардың жобаны құру технологиясы мен іске асыру механизмін сипаттау қабілеті. Бұл кезең білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Ұйымдастыру кезеңі жоба жоспарын іске асыруға, қойылған міндеттерді орындауға бағытталған. Ұсынылған кезеңнің тиімділік өлшемі жобаның мақсаттарына қол жеткізу. Ұйымдастырушылық кезең студенттердің жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге деген ұмтылысын қалыптастыру мүмкіндігіне ие.

Презентация кезеңінде жобалау қызметінің нәтижелері көрсетіледі. Осы кезеңнің тиімділігінің критерийі авторлық жобаны сәтті қорғау болып табылады.

Абай атындағы ҚазҰПУ студенттері жыл сайын өз жобаларын әртүрлі деңгейдегі конкурстарға ұсынады: институт ішіліктен бастап халықаралық деңгейге дейін. Мысалы, 6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 2-курс студенттері Дебрецен университетінде (Венгрия), Псков мемлекеттік университеттерінде (Ресей) академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқып, нәтижесінде жоба қорғап сертификаттарға ие болды.

Біздің ойымызша, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту құрылымындағы маңызды компонент-бұл ұжымдық жобада немесе зерттеуде өзінің маңыздылығын түсіну деңгейін, өзін-өзі бағалауды дамытуды, білім алушылардың өз қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілікті, сондай-ақ кәсіби педагогикалық қызметте өзін-өзі жүзеге асыруды анықтайтын рефлексивтік

компоненті.

Рефлексивтік компоненті болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі талдауын, жобалық іс-әрекеттің нәтижесін де, оны ұйымдастыру әдістемесін де қамтиды, білім алушылармен жобалық іс-әрекет шеңберінде қойылған мақсаттарды іске асыру дәрежесін түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық университеттің білім беру кеңістігінде жобалық қызметті жүзеге асырудың артықшылықтары оқытушылар мен білім алушылар мыналарды қарастырады:

– болашақ педагогикалық қызметпен байланысты әртүрлі міндеттерді шешудегі ынтымақтастыққа негізделген қызмет;

– туындаған проблемаларды анықтау үшін олардың интеллектуалды, моральдық, физикалық күштерін үнемі сынау және оларды әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындай отырып, бірлескен күш-жігермен шешу мүмкіндігі;

– білім алушыларды алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдануға ықпал ететін белсенді таным үдерісіне тарту, бұл білімді қандай жолмен және қандай білім беру мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолдануға болатындығын нақты түсіну;

– белгілі бір оқу мәселесі бойынша өзіндік дәлелді пікір қалыптастыру, өз көзқарасын және тиісінше жеке ұстанымын анықтау мақсатында ақпаратты іздеу, өңдеу, қолдану.

Осылайша, қазіргі педагогикалық университеттің білім беру кеңістігінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы ұйымдастырудың көп қырлы мүмкіндіктері бар. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ЖОО-да жобалық қызмет тәжірибесін алуы бойынша ұйымдастырылған жұмыс олардың зерттеушілік іс-әрекетінің сәттілік кепілі және олардың кәсіби дамуының маңызды жолдарының бірі болып табылады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың бұл моделі зерттеушілік жобаларды орындау арқылы үдерісті жүзеге асырудың іргетасы болуы мүмкін.

Кесте 15 – Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың өлшемдері мен көрсеткіштері

Компонент	Өлшемдер	Көрсеткіштер
1	2	3
Мотивациялық	Білім алуға қызығушылықтары	- Жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекеттегі қызығушылығы; - Зерттеушілік іс-әрекеттегі белсенділігі; - Зерттеушілік іс-әрекеттегі ізденіс
Когнитивтік	Жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетті орындай алуы	- Жобаны орындаудағы білімі; - Зерттеушілік қабілеті; - Зерттеушілік икемділігі.

15 - кестенің жалғасы

1	2	3
Іс-әрекеттік	Жобалық, зерттеушілік іс-әрекетті меңгеруі	-Жобалық тапсырмаларды сауатты қалыптастыру мақсатындағы зерттеушілік іс-әрекетке икемділігі - теориялық білімді іске асыру әрекеті; -педагогикалық технология мен педагогикалық техниканы игеру дағдысы
Рефлексивтік	Өзін-өзі реттеу	- Шешім қабылдаудағы дербестік; - Жобаны орындаудағы зерттеушілік біліктілік; - Зерттеушілік іс-әрекеттің нәтижесі.


Белгіленген өлшемдер мен көрсеткіштер болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту деңгейін (жоғары, орта және төмен) анықтайды.

Жоғары деңгей. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту үшін қажетті білім алады, зерттеу тақырыбына сәйкес зерттеу іс-әрекетінің түрлерін шығармашылықпен ойлап табады, зерттеу іс-әрекетін үйлестіру, ақпараттық ресурстарды саралау, өзін-өзі ұйымдастыру тәжірибесінде білім беру және когнитивтік зерттеулерді жобалайды.

Орташа деңгей. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту үшін қажетті білім алады, зерттеу тақырыбына сәйкес зерттеу іс-әрекетінің түрлерін шығармашылықпен ойлап табады, сондай-ақ зерттеу іс-әрекетімен ұштастыра отырып, оқу-зерттеу қызметін қалыпты жобалай алады, ақпараттық ресурстарды ажырата алады және барлық кезеңдерде зерттеулерді қалыпты жүргізе алады, бірақ, білім алушылар өзін-өзі ұйымдастыруы мен зерттеу нәтижелерін толық дәлелдей алмайды.

Төмен деңгей. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту үшін қажетті пәндік білімге ие және зерттеу қызметін тәжірибеге енгізу, оны білім беру және зерттеу іс-әрекетімен ұштастыру және ұйымдастыру түріне сәйкес зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыру үшін жобалай алмайды. Ақпараттық ресурстарды саралау дәрежесі төмен, сонымен қатар әртүрлі кезеңдерді орындау кезінде өзін-өзі ұйымдастыра алмайтын және зерттеу нәтижелерін көрсете алмайтын студенттердің деңгейі төмен.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың мотивациялық, іс-әрекеттік, когнитивтік, рефлексивтік компоненттерден, олардың әрқайсысын анықтайтын бірнеше көрсеткіштер, өлшемдер мен деңгейлерден тұратын, сонымен қатар өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы тұтас құрылым екенін төмендегіше бейнелейміз (сурет 10).



Сурет 10 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиялары арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Оқыту үдерісіндегі студенттің іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетін дамыту оқытушы мен білім алушының қызметтерін өзгертетіні белгілі. Оқытушы сабақ барысында қойылған білім берудің өзекті мәселелерін іздестіруде ынтымақтастыққа құрылған бірлескен шығармашылық әрекетін ұйымдастырады, мұнда ол үйлестірушінің, кеңесшінің, тьютордың рөлін атқарады.

Қорыта айтқанда, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту кезінде оқыту технологияларының көмегімен олар зерттеу қызметіне белсенді қатысып, өз құралдарының зерттеу жұмысында инновациялық технологияларды өз бетінше игеруі маңызды болады. Оқытудың жобалық әдістері негізінде болашақ педагогтер ұйымдастырған зерттеу іс-әрекеті олардың жеке тәжірибесі мен кәсіби дағдыларын дамыту деңгейін арттыруға бағытталады болады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту кәсіби қызметтің бөлігі болып табылатынын ескере отырып, біз ғылыми-зерттеу жұмысының практикасына жобалап оқыту технологиясын енгізу олардың терең ғылыми дайындығын, педагогикалық дағдылардың жеткілікті деңгейін, жауапкершілік сезімін және ерекше қызығушылығын қамтамасыз етудің негізгі талаптарының бірі болып табылады деген қорытындыға келдік.

Келесі тарауда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны қарастырылмақ.

3 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ

3.1 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту әдістемесі

Диссертациялық жұмыс мазмұнының бірінші және екінші тарауларында қарастырылған теориялар мен тұжырымдамаларды негізге ала отырып, біз осы бөлімді жобалап оқыту технологиясы арқылы болашақ педагогтердің зерттеушілік іс-әрекетін анықтау, дамыту, сүйемелдеу мақсатында әдістемелік жұмыстар жүргіздік. Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған кешенді әдістемелер жинағын дайындап, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында іске асыруды жөн көрдік.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бірнеше кезеңдерден тұратын бағдарлама арқылы жүзеге асырылды. Жұмыс төмендегідей бірнеше кезеңдерді қамтыды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезеңдері:

I кезең – анықтаушы (2019/2020);

II кезең – қалыптастырушы (2020/2021);

III кезең – аналитикалық (2021/2022).

Тәжірибелік-экспериментке барлығы 125 студент қатысты. Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты, 6В01201 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасының 63 студенті эксперименттік, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 6В01201 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасының 62 студенті бақылау тобына алынды.

Анықтаушы кезеңінің зерттеу құралына болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жоба, жобаның түрлері, зерттеушілік іс-әрекет, жобалап оқыту технологиясы ұғымдары туралы білімін анықтау, зерттеу жұмысы бойынша элективті курс мазмұнын құрастыру қажеттілігі туындады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын шешуде бірнеше диагностикалық әдістемелер пайдаланылды (кесте 16).

Кесте 16 – Зерттеу барысындағы қолданылған диагностикалық әдістемелер

Мазмұндық-құрылымдық модель компоненттері	Диагностикалық әдістемелер
1	2
Мотивациялық	Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мотивацияның бағытын бағалауға арналған анықтау тесті (Қосымша Ә)

1	2
Когнитивтік	Ю.В.Рындинаның өзіндік бағалау әдістемесі «Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығы» (Қосымша Б)
Іс-әрекеттік	Е.Е.Туниктің «Тұлғалық креативтіліктің диагностикасы» (Қосымша В)
Рефлексивтік	В.Ф.Ряховский бойынша «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» тесті (Қосымша Г)
«Жобалап оқыту технологиясының маман даярлаудағы маңыздылығы» атты білім алушылардың жобалап оқыту технологиясын меңгеру даярлығын анықтауға арналған авторлық сауалнама (Қосымша А)	

Эксперименттік және бақылау тобындағы білім алушылардың жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту компоненттері (*мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік*) таңдалып алынды, жоғары білім беру жағдайында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуге негіз болды.

Екінші кезеңде эксперименттік топ білім алушыларына арналған «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективті курс бағдарламасы құрастырылды, мазмұны 3.2 параграфында берілді.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік бөлігінің мақсаты – білім алушыларға жобалап оқыту технологиялары арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үдерісінде құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігін тексеру.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың негізгі міндеттері:

– болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетінің даму деңгейін жобалап оқыту технологиялары арқылы диагностикалау әдістер кешенін құрастыру;

– эксперименттік топ білім алушыларын жобалап оқыту технологиялары арқылы зерттеушілік іс-әрекетінің дамыту моделінің тиімділігін сынақтан өткізу.

Үшінші кезеңде сандық және сапалық әдістер көмегімен эксперимент нәтижелерін сараптау жүзеге асырылды. Барлық есептеулер ПК – «Excel», IBMStatistic SPSS бағдарламалары бойынша жасалды. Білім алушылардың жобалап оқыту технологиясы бойынша зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға байланысты іс шаралар жүргізілді. Біз әзірлеген құрылымдық-мазмұндық модельге сәйкес білім алушылардың мотивация, құндылық бағдарлары, білім мен зерттеушілік іс-әрекеті басшылыққа алынды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінде эксперименттік және бақылаушы топ білім алушыларына салыстырмалы талдау жасалды.

Айқындаушы эксперименттік жұмыс барысында жоспарлаған диагностикалық әдістемелер мазмұны мен нәтижелері:

1. «Жобалап оқыту технологиясының маман даярлаудағы маңыздылығы» атты білім алушылардың жобалап оқыту технологиясын меңгеру даярлығын анықтауға арналған авторлық сауалнаманың нәтижесін біз Блум таксономиясы арқылы шығардық.

(ЭТ) білім алушыларының сауалнаманың нәтижесін талдауда: «Жобалап оқыту технологиясы таныс па?» 22,4% таныс екендігі анықталды, ал қалған 77,6% жобалап оқыту технологиясы таныс еместігін алға тартты.

Сауалнаманың келесі сұрағында: Жобалап оқыту технологиясының өзектілігін қалай бағалайсыз? 20,7% сауалнамаға қатысқандар оң бағасын берді, оқу материалының мазмұнында жобалап оқыту технологиясының элементтерін пайдаланатынын; 79,3% студенттер «білмеймін» деп жауап берді. Бұл студенттер жобалап оқыту технологиясының өзектілігі туралы белгілі бір білімге ие болса да, бірақ бұл білім олардың оқу үдерісінде қолданылуын қамтамасыз ете алмайды. Сауалнаманың келесі сұрағында: білім алушылардан аталған жауаптардан жобалап оқыту технологиясы бойынша тапсырмалардағы мәселені шешуге байланысты болатын, мәселені шеше алатынын 18,9% білім алушы анықталды: студенттер жобалап оқыту технологиясы бойынша тапсырмалардағы мәселені шешуге мүмкіндігінің жоқтығы 81,1%. Сауалнаманың келесі сұрағында: жобаны орындау сіз үшін қаншалықты қызықты? сұрағына 34% білім алушының қызығушылықтарының жоғары екендігін байқауға болады, 66% жобаны орындауға деген қызығушылығының төмен екендігін байқадық. Сауалнаманың келесі сұрағында: Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге орындалатын жобалық іс-әрекетпен таныссыз ба? білім алушылардың практикалық тәжірибедегі іс-әрекеттерді орындау барысында мектеп жасына дейінгі баламен қандай жобаны орындау керектігін білетіндігі 24%, практикалық тәжірибе барысында мектеп жасына дейінгі баламен қандай жобаны орындау керектігін және қалай жүзеге асыратынын білмейтін білім алушылар да кездесті, ол 76% құрады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі ретінде жобалық іс-әрекетті орындауға дайындық әлеуетін бағалауда өзіне деген сенімділік тұрғысынан 26% оң көрсеткіште бағаласа, кейбір білім алушылар өздерін жобалық іс-әрекетті орындаудағы дайындық әлеуетін 74% бағалай алмайтындығын көрсетті. Білім алушылар өтілетін пәндер барысында өзіндік жұмыстарды орындауда эссе, реферат, баяндама, жобалап оқыту технологиясын пайдалану мүмкіншіліктері 42% болса өзіндік жұмыстарды орындай алады бірақ, 58% жобалап оқыту технологиясын пайдалана отырып жасай алмайтындығын білдірді.

Білім алушылардан сауанаманы алу барысында жобалап оқыту технологиясын терең түсінуді қалайтындығын анықтауда 100 білім алушы сұраныс білдірді.

Кесте 17 - «Жобалап оқыту технологиясының маман даярлаудағы маңыздылығы» атты білім алушылардың жобалап оқыту технологиясын меңгеру даярлығын анықтауға арналған авторлық сауалнаманың нәтижесі

Блум таксономиясы	Сауалнама нәтижелері: жетістіктер және % көрсеткіштері анықталғаны	Сауалнама нәтижелері: кемшіліктер және % мөлшерлемелерінің көрсеткіштері
Білу	Жобалап оқыту технологиясын біледі «жоба орындауды»; - жобаның түрлеріне не жататынын біледі, нәтижесі: 22,4%	- Жобалап оқыту технология ұғымдардың нақты анықтамасын білмейді; - жобаның түрлерін білмейді; - жобаны орындауды, оны жүзеге асыру қажеттілігі туралы білімінің болмауы; - жобаны орындауда кездесетін мәселені анықтай алмайды; нәтижесі: 77,6%
Түсіну	- Жобалап оқыту технологиясының өзектілігін түсіну; - жобалап оқыту технологиясының тапсырмалар мазмұнын түсіну; нәтижесі: 20,7%	- Жобалап оқыту технологиясының өзектілігінің маңыздылығын түсінбеу; - Жобалап оқыту технологиясының өзекті мәселесінің ерекшеліктері қандай екенін түсіндіре алмайды. нәтижесі: 79,3%
Қолдану	- Жобалап оқыту технологиясы бойынша тапсырмалардағы мәселені шешуге қажетті ақпарат көздерін пайдалана алады - жобалап оқыту технологиясы бойынша тапсырмалардағы мәселені шешу үшін мәселені анықтай алады, нәтижесі: 18,9%	- Жобалап оқыту технологиясы бойынша тапсырмалардағы мәселені шешуге қажетті ақпарат көздерін дұрыс пайдалана алмайды; - Жобаны орындауда зерттеушілік іс-әрекетті дұрыс құра алмайды. Нәтижесі: 81,1%
Талдау	- Жобаны орындауда қызығушылықтарының нәтижесінде, жобаның түрлерін талдай алады; нәтижесі: 34 %	- Жобаға деген қызығушылықтарының болмауына байланысты жобаға талдау жасай алмайды; - жобаның орындау тәсілдерін білмейді; нәтижесі: 66 %
Бағалау	- Өзіндік жұмыстарды орындауда эссе, реферат, баяндама, жобалап оқыту технологиясын пайдалануды бағалай алады, нәтижесі: 42%	Өзіндік жұмыстарды орындауда эссе, реферат, баяндама, жобалап оқыту технологиясын пайдалану мүмкіншіліктерін тапсырмаларды қалай қолдану керектігін білмейді: 58 %
Құру	- Білім беруде жобалап оқыту технологиясын құра алады 22,4%	- Жобалап оқыту технологиясының мазмұнын білмейді: - жобалап оқыту технологиясын анықтай алмайды: 77,6%

«Жобалап оқыту технологиясының маман даярлаудағы маңыздылығы» атты авторлық сауалнаманың қорытынды нәтижесінен көріп отырғанымыздай, білім алушылардың жобалап оқыту технологиясына қызығушылық тудырғанын, жобалық іс-әрекеттерді орындауға ниетті екендерін, мектеп жасына дейінгі балалармен жобалық әрекетті орындағысы келетіндерін анық аңғардық. Демек,

біздің жұмысымыздың өзекті екенін, ары қарай диагностика жасауға мүмкіндік алдық. Келесі кезекте білім алушылардың мотивациялық деңгейлерін қарастырғанды жөн деп есептедік.

2. Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа, жетістікке жетуге мотивацияның бағытын бағалауға арналған анықтау тест әдістемесі (Қосымша Ә) берілді [233]. Табысқа жетуге деген мотивацияны анықтау үшін жеке тұлғаны диагностикалау кезінде Т.Элерстің тестік позициясына сүйендік.

Әдістеме негізінде табысқа жету мотивациясының жоғары, орта, төменгі деңгейі анықталды. Байқауымызша табысқа жетуге деген күшті мотивация, әлсіз мотивацияға қарағанда қарапайым, бірақ мұндай адамдар табысқа жету үшін көп жұмыс істейді, табысқа ұмтылады. Жетістікке жету мотивациясының бастапқы деңгейін анықтау динамикасын бақылау мақсатында эксперименттік зерттеу жұмысын жүргіздік. Эксперименттің басында және соңында эксперименттік топпен бақылау тобының білім алушылары тестілеуден өтті. Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа, жетістікке жетуге мотивацияның бағытын диагностикалауға арналған анықтау тесті жүргізілді. Нәтижесінің сандық, пайыздық көрсеткіші (кесте 18), диаграммасы (сурет 10) берілді.

Кесте 18 - Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа, жетістікке жетуге мотивацияның бағытын диагностикалауға арналған анықтау тесті

	Студент саны	Төмен деңгейі		Орта деңгейі		Жоғары деңгейі	
		саны	%	саны	%	саны	%
Эксперимент	63	24	37,1	18	28,6	21	34,3
Бақылау	62	27	39,5	21	27,9	14	32,6

Білім алушыларға Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» әдістемесі бойынша 41 сұрақ берілді. Сауалнаманың талабы бойынша білім алушылар сұрақтарға «Иә» немесе «жоқ» деп жауап беру керек. 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 37, 41 сұрақтарына «ия» деп жауап берілсе 1 ұпай беріледі, ал 6, 13, 18, 20, 24, 31, 36, 38, 39 сұрақтарына «жоқ» деп жауап берсе жауаптарына ұпай берілмейді, 1, 11, 12, 19, 23, 33, 34, 35, 40 сұрақ жауаптары есепке алынбайды. Қорытынды шығару үшін сұрақтардың жауаптары бойынша алынған ұпайларды есептейміз. Интерпретация көрсеткіші:

1-10 мотивацияның төмен деңгейі

11-16-мотивацияның орта деңгейі

17-21-мотивацияның жоғары деңгейі



Сурет 11 - Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа, жетістікке жетуге мотивацияның бағытын диагностикалауға арналған анықтау диаграммасы

1-10 ұпай-табысқа жетудің төменгі мотивациясынның нәтижесінде білім алушылардың эксперименттік тобы 37,1% төменгі көрсеткіш көрсетсе, ал бақылау тобы 39,5 %, 11-16-мотивацияның орта деңгейі бойынша эксперименттік топ 28,6 %, бақылау тобы 27,9 %, 17-21-мотивацияның жоғары деңгейі эксперименттік топ 34,3 %, бақылау топ 32,6%, көрсеткішін көрсетті. Бұл алынған анықтаушы кезеңдегі нәтижелер болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуда мотивацияның білім алушы үшін маңызды болатынын аңғардық. Мотивацияны дамыту арқылы біз өз зерттеуіміздің нысаны болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің мотивациялық бағдар деңгейін көре алдық. Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа, жетістікке жетуге мотивацияның бағытынын анықтайтын әдістемесінен кейін біз білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығын анықтауға кірістік.

3. Ю.В.Рындинаның «Білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығы» өзіндік бағалау әдістемесі негізінде тестік бағалау диагностикасы жүргізілді [234]. Когнитивті зерттеу эксперимент нәтижесінде зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы негізінде білім алушылардың зерттеу мәселелерінің компоненттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бағдарламада ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру мақсатында тапсырмалар берілген. Білім алушылар жаңа ғылыми терминдерді зерттейді, өзі бетінше шешім қабылдайды, мотивациялық құндылықтары қалыптасады. Бағалау шкаласы бойынша 17 сұрақ беріледі, жауаптары цифрлық кодпен белгіленеді. Сауалнама сұрақтары (Қосымша Б) берілді. Диагностикалық картаны толтыру үшін бес баллдық шкаланы қолдану

ұсынылады. Сапа қалыптастыру үшін білім, білік, дағдылар мен тұлғалық бағалау көрсеткіштері ескеріледі.

«5» балл – білім, білік, дағдыларының сапалы көрінетінін білдіреді;

«4» балл – білім, білік, дағдылар мен тұлғалық сапалар жеткілікті қалыптасқанын байқаймыз;

«3» балл – білім, білік, дағдылармен тұлғалық сапалардың орны бар екенін дәлелдейді;

«2» балл – білім, білік, дағдылармен тұлғалық сапалар төмен дәрежеде қалыптасқанын көрсетеді;


«1» балл – білім, білік, дағдылар мен тұлғалық сапалар қалыптаспағанын білдіреді.

Әдістемеді 17 сұрақ берілген, кейбір сұрақтарын талдай кетсек,


Эксперименттік топтағы білім алушылар толығымен сұрақтарға жауап берді оның ішінде 18% «жобалап оқыту технологиясын тәжірибеде қолдана алатынын» көрсетсе, ал 4,3% мүлдем «жобалап оқыту технологиясын тәжірибеде қолдана алмайтындығын» көрсетті, бақылаушы топтың нәтижесінде 16,6 % «жобалап оқыту технологиясын тәжірибеде қолдана алатынын» көрсетті, мүлдем 4,6% «жобалап оқыту технологиясын тәжірибеде қолдана алмайтыннын» жауаптарын талдауда анықтадық.

Кесте 19 - Ю.В.Рындинаның «Білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығы» әдістемесі негізінде өзіндік және тестік бағалау шкаласы

№ Сұрақтары	(ЭТ) Студенттер саны 63					(БТ) Студенттер саны 62				
	Шкалалар					Шкалалар				
	1	2	3	4	5	1	2	3	4	5
1 сұрақ	4,3	23,8	21,9	33,4	16,6	4,9	24,1	22,1	34,2	14,7
2 сұрақ	4,9	19,7	24,9	34,8	15,7	5	20,2	25,1	35,9	13,8
3 сұрақ	5,1	19,3	25,2	33,6	16,8	5,2	19,9	25,8	34,1	15
4 сұрақ	4,8	20,1	24,7	34,1	16,3	4,9	20,9	25,1	33,5	15,6
5 сұрақ	3,3	23,4	27,3	32,2	13,8	3,9	23,8	26,6	32,9	12,8
6 сұрақ	4,7	21,5	26,1	36,4	11,3	4,9	21,8	26,9	36,8	9,6
7 сұрақ	3,8	19,6	24,8	35,2	16,6	4,1	20,1	25,2	34,9	15,7
8 сұрақ	4,1	21,3	22,6	34,3	17,7	4,6	21,8	22,9	34,8	15,9
9 сұрақ	4,9	22,5	23,7	31,5	17,4	5	22,8	23,9	30,9	17,4
10 сұрақ	4,3	23,4	24,1	30,2	18	4,6	23,9	25	29,9	16,6
11 сұрақ	3,1	20,7	23,9	34,8	17,5	3,9	21,1	24,1	34,9	16
12 сұрақ	4,7	20,1	24,9	33,9	16,4	4,8	20,5	25,1	34,2	15,4
13 сұрақ	5	18,9	23,8	34,6	17,7	5,1	19,2	23,4	34,9	17,4
14 сұрақ	2,1	15,4	21,2	36,5	24,8	2,9	15,9	22,3	36,7	22,2
15 сұрақ	4,5	19,9	24,5	35,1	16	4,6	20,3	23,9	34,8	16,4
16 сұрақ	4,8	20,2	26,4	36,8	11,8	4,9	20,7	26,8	36,9	10,7
17 сұрақ	2,9	14,7	23,2	35,6	23,6	3,3	14,9	23,6	35,9	22,3



Сурет 12- Ю.В.Рындинаның «Білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығы» әдістемесі негізінде өзіндік және тестік бағалау шкаласының диаграммасы



Сурет 13 - Ю.В.Рындинаның «Білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке теориялық

және әдіснамалық даярлығы» әдістемесі негізінде өзіндік және тестік бағалау шкаласының диаграммасы

Эксперименттік топтың жауабының нәтижесін жоғары балдық шкаланы талдау барысында 11,3% «зерттеу іс-әрекетінде жобалап оқыту технологиясын» білетіндерінің көрсеткіштері төмен екендігі анықталды, төменгі баллдық шкала негізінде 4,7% «зерттеу іс-әрекетінде жобалап оқыту технологиясын» білмейтіндігін анықтадық. Бақылау тобының жоғары баллдық шкаласының талдау нәтижесінде 9,6% «зерттеу іс-әрекетінде жобалап оқыту технологиясын» білетіндігін анықтап, 4,9% «зерттеу іс-әрекетінде жобалап оқыту технологиясын» нәтижесін мүлдем білмейтіндігін байқадық. Бірақ білім алушылардың «қажетті ақпаратты алу мақсатында ғылыми базалармен, интернетпен жұмыс істеу білігіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағына эксперименттік топтың талдауында 24,8% ақпарат құралдарымен жұмыс жасай алатындығын жақсы көрсеткішті көрсетті, 2,1% мүлдем ақпарат көздерімен жұмыс жасай алмайтын білім алушылардың да бар екендігі анықталды. Бақылаушы топтың сұрақтарына жауаптарын талдауда «қажетті ақпаратты алу мақсатында ғылыми базалармен, интернетпен жұмыс істеу білігіңізді қалай бағалайсыз» 22,2% ақпарат жинақтау, интернетпен жұмыс жасай алатындығын көрсетсе, мүлдем «қажетті ақпаратты алу мақсатында ғылыми базалармен, интернетпен жұмыс істеу білігіңізді қалай бағалайсыз?» 2,9% мүлдем білмейтіндігі анықталды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мақсатында біз келесі кезекте тұлғалық креативтілікке диагностика жасауды ұйғардық.

4. Е.Е. Туниктің «Тұлғалық креативтіліктің диагностикасы» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнаманың сұрақтары (Қосымша В) берілді.

Әдістеме шығармашыл тұлғаның төрт ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді: *білуге құмарлық (Б); қиялдау (Қ); күрделілік (К) және тәуекелге бейімділік (Т)* [235]. Бұл тапсырма білім алушыларға өзін қаншалықты шығармашыл тұлға ретінде санайтындығын анықтауға көмектеседі. Білім алушылар берілген қысқа сөйлемдердің ішінен басқаларына қарағанда өзіне анық сай келетін сөздерді табады. Әр сөйлемге белгі жасау қажет және ұзақ ойланбаған жөн. Бұл тапсырма уақытпен шектелмеген, дегенмен, жылдамырақ жұмыс істеген жөн. Білім алушы өзіне сай келетін бағанаға «Х» таңбасын қояды. Әр сұраққа бір ғана жауап таңдайды. Сауалнама мәліметтерін бағалауда тұлғаның шығармашылық ерекшеліктерімен тығыз байланысты төрт фактор қолданылады. Олар *білуге құмарлықтан (Б), қиялдаудан (Қ), күрделіліктен (К), және тәуекелге бейімділіктен (Т)* тұрады. Біз әр фактор бойынша төрт «шала» көрсеткішті, оған қоса жалпы жиынтық көрсеткіштерді аламыз. Мәліметтерді өңдеу кезінде тесттің жауап парағына қоюға болатын қима үлгі (шаблон) немесе білім алушының жауаптарын кілттік шкала нәтижесімен салыстырылады. Берілген жағдайда тұлғаның креативтілік факторларының төртеуінің әрқайсысын анықтау 2 ұпаймен бағаланатын жағымды және

жағымсыз жауаптардың, ішінара 1 ұпаймен бағаланатын кілтпен («мүмкін» түріндегі) сәйкес келетін және –1 ұпаймен бағаланатын «білмеймін» жауаптарының негізінде жүзеге асырылады. Бұл сауалнама білім алушылар өздерін қандай деңгейде тәуекелге қабілетті (Т), білуге құмар (Б), қиялдауға ие (К) және күрделі идеяларды (К) дұрыс көретін ретінде санайтынын бағалау үшін әзірленген. 50 тармақтың ішінде 12 пайымдау – білуге құмарлыққа, 12 – қиялдауға, 13 – тәуекелге баруға бейімділікке, 13 пайымдау – күрделілік факторына жатады.


Жобалап оқыту технологиясын іске асыруда адамның жаңа нәрсені қаншалықты шынайы ойлап таба алатынын көрсететін бірегейлік индексінің маңызы зор, бірақ ұсынылған индекстің саралау күшінің маңызы шамалы, сондықтан көбінесе шынайылық индексі қолданылады. Жауаптар саны ең алдымен өнімділік пен зерттеушілік іс-әрекеттегі қабілеттілік деңгейін көрсетеді. Білім алушылардың мәліметтері бойынша бұл индекс белгілі мөлшерде жетістікке жету мотивациясымен арақатынастық орнатады, яғни жауаптар саны көп болған сайын жетістік мотивациясы жоғары болады. Біздің көзқарасымыз бойынша, зерттеушілік іс-әрекет болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің оқу және өмірде белсенді жүзеге асырылатын тәжірибені білу, вербальді және бейнелі стандарттарды өзгерту, заттар мен құбылыстар арасындағы жаңа ассоциативті байланыстарды орнату қабілетін ашатын кешенді күрделі ұйымдастырылатын тұтас тұлғалық сапаны білдіреді. Зерттеушілік іс-әрекетте іске асырылатын креативтілік қабілет балалармен жұмыс жасайтын болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің тұлғалық сапасы мен шығармашылық тұрғыда өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерінің жүзеге асырылатын деңгейі. Тәжірбиелі-эксперименттік зерттеу жұмысы барысында қолданылған келесі әдістеме, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің креативті қабілеттерін анықтауға бағытталды.

Нәтижелері бойынша біз эксперименттік топ білім алушыларының білуге құмарлығы жоғары деңгейде екендігі байқалды, олар үнемі ойлаудың жаңа жолдарын, әдістері мен тәсілдерін іздейді, жаңа заттар мен идеяларды зерттегенді жақсы көреді, өнім шығару мүмкіндіктерін іздейді, көбірек білу үшін кітаптарды, ойындарды, суреттерді және т.б. ақпараттарды іздейді. Эксперименттік топ білім алушыларының қиялы бақылаушы топпен салыстырғанда жоғары дамыған, олар күрделі құбылыстарды тануға бағытталған, күрделі нәрселер мен ойларға қызығушылық танытады, күрделі мәселелерді алға қойғанды ұнатады. Эксперименттік топтың тәуекелге бейімділік өлшемі бойынша жоғары көрсеткішке ие болған білім алушылар өзінің алдына биік мақсаттар қояды және оларды жүзеге асыруға талпынады, қателіктер мен сәтсіздіктердің орын алуына мүмкіндік береді, басқалардың пікіріне қосылмайды.

Кесте 20 – Е.Е. Туниктің «Тұлғалық креативтіліктің диагностикасы»

Топтар	Б.б. саны	Білуге құмарлығы	Қиялдау	Күрделілік	Тәуекелге бейімділік
--------	-----------	------------------	---------	------------	----------------------

Бақылаушы	62	38,7%	24,2%	19,3%	17,8%
Эксперименттік	63	39,1%	25,3%	20,9%	14,7%



Сурет 14 - Е.Е.Туник әдістемесі бойынша нәтижелердің диаграммасы

Зерттеуге қатысқан эксперимент тобындағы студенттердің тұлғалық креативтілігін талдап, оның көрсеткіштерінің жалпы жиындық көрсеткіші 100 %-ға тең екендігін анықтадық. Берілген әдістеме шығармашыл тұлғаның төрт ерекшелігін анықтауға мүмкіндік берді: білуге құмарлық (Б); қиялдау (Қ); күрделілік (К) және тәуекелге бейімділік (Т). Эксперимент тобы студенттерінің білуге құмарлығы (Б) 39,1 %-ды; қиялдаулары (Қ) 25,3 %-ды; күрделіліктері (К) 20,9 %-ды және тәуекелге бейімділіктері (Т) 14,7 %-ды құрады. Бақылау тобының нәтижесінде: білуге құмарлығы (Б) 38,7 %-ды; қиялдаулары (Қ) 24,2 %-ды; күрделіліктері (К) 19,3 %-ды және тәуекелге бейімділіктері (Т) 17,8 %-ды құрады. Бұл диагностикалық әдістеменің нәтижелерін зерделей келе келесі кезекте білім алушылардың қарым-қатынас деңгейлерін тексергенді жөн деп таптық.

4. В.Ф.Ряховский бойынша «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» тесті білім алушының қарым-қатынастағы зерттеушілік іс-әрекетін анықтауға көмектеседі. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері үшін дұрыс қарым-қатынас орната білу қабілетін дамыту [236,237]. Аталған тест білім алушылардың қарым-қатынасқа қабілеттілік деңгейін анықтауға арналған. Қарым-қатынас компоненттері: үнемі адамдармен әңгімелесіп, сөйлесуге деген қажеттілік, таза әрі айқын сөйлеу, бейтаныс адамдармен тез қарым-қатынас орнату, жағымды, сыпайы түрде әңгіме жүргізе білу, өзгелерді сендіре білу, көпшілік алдына сөз сөйлеу алу. В.Ф.Ряховский бойынша «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» тесті 16 сұрақтан тұрады. Берілген жауап негізінде сыналушының қарым-қатынас барысындағы мінез-құлқын анықтауға мүмкіндік аламыз. В.Ф.Ряховский бойынша «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» тесті бойынша білім

алушылардың қарым-қатынастағы іс-әрекетін анықтауға көмектеседі.

Үш жауап нұсқасы беріледі, «ия» (2 балл), «кейде» (1 балл), «жоқ» (0 балл) баллдық жүйе бойынша есептеледі. Алынған баллдар 16 пункт бойынша есептеледі, тест бойынша мүмкін болатын максималды балл көрсеткіші - 32 балл, минималды көрсеткіш - 0 балл. Тест нәтижесін интерпретациялау автор ұсынған жауаптар классификациясы негізінде жүргізіледі. 7 деңгей бөліп көрсетіледі – коммуникативтілік деңгейі өте төмен, қоғамға, ортаға араласуы қиын, өзге адамдармен жағымды, әрі өнімді қатынас орнатуда кедергілер бар. автор пікірі бойынша, қалыпты коммуникативтілік деңгейі 9-бен 24 ұпай арасын қамтиды.

Қарым-қатынасқа қабілеттілік, коммуникативтілік деңгейін анықтау тесті білім алушының өзгелермен тіл табысқыштық қабілетін анықтауға арналған


Кесте 21 – Қарым-қатынастың жалпы деңгейін анықтау әдістемесі В.Ф.Ряховский тесті бойынша) зерттелушілердің нәтижесі

Деңгейі	Студент саны	Төмен		Орта		Жоғары	
		Сандық	%	Сандық	%	Сандық	%
Эксперимент	63	16	44,1%	21	32,8%	26	23,1%
Бақылау	62	17	45,7%	20	33,5%	25	20,8%

Анықтаушы кезеңдегі диагностиканың нәтижесін талдауда (ЭТ) тобындағы 16 респонденттердің **төмен** деңгейінде 44,1 коммуникативті еместігі және көпшілікпен араласуға деген қорқыныштарының бары, топтық орындалатын жұмыстарда өзінің күш-жігеріне сенбейтіндігі анықталса, 21 респонденттің **орта** деңгейдегі 32,8% көпшілігі және бейтаныс ортада өзін сенімді сезінетіндігі, жаңа мәселелер туындаса қорықпайтындығы, ізденімпаз, сұхбаттасушыны тыңдай алатыны, басқалармен қарым-қатынаста шыдамды, өз көзқарасын ашуланбай жеткізе алуын анықтадық, **жоғары** деңгейін анықтауда 26 респондент 23,1% өте көпшілігінің қызығушылығы жоғары, әртүрлі мәселелер бойынша шешім қабылдай алатындығы, жаңа адамдармен тез тіл табыса алатындығы, көпшілік алдында назарды өзіне аударғанды ұнатады, барлық пікірталастарға қатысқанды жақсы көреді

Анықтаушы кезеңдегі диагностиканың нәтижесін талдауда (БТ) тобындағы 17 респонденттердің **төмен** деңгейінде 45,7% коммуникативті еместігі және көпшілікпен араласуға деген қорқыныштарының бары, топтық орындалатын жұмыстарда өзінің күш-жігеріне сенбейтіндігі анықталса, 20 респонденттің **орта** деңгейдегі 33,5% көпшілігі және бейтаныс ортада өзін сенімді сезінетіндігі, жаңа мәселелер туындаса қорықпайтындығы, ізденімпаз, сұхбаттасушыны тыңдай алатыны, басқалармен қарым-қатынаста шыдамды, өз көзқарасын ашуланбай жеткізе алуын анықтадық, **жоғары** деңгейін анықтауда 25 респондент 20,8% өте көпшілігінің қызығушылығы жоғары, әртүрлі мәселелер бойынша шешім қабылдай алатындығы, жаңа адамдармен тез тіл табыса алатындығы, көпшілік алдында назарды өзіне аударғанды ұнатады,

барлық пікірталастарға қатысқанды жақсы көреді



Сурет 15 - В.Ф.Ряховский бойынша «Қарым-қатынас деңгейін бағалау»
тесті бойынша зерттелушілердің нәтижесі

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері тәжірбие барысында зерттеушілік іс-әрекет негізінде жаңалықты ашу, қуаныш тудыратын жетістікке жетуге итермелейтін зерттеушілік іс-әрекетте жобалап оқыту технологиясымен іс шаралар жүргізіліп отыру керек. Жоба жасаудағы зерттеушілік іс-әрекеттері арқылы болашақ педагогтің қызығушылық деңгейлерін анықтауға болады. Мектеп жасына дейінгі балада уақыт өте келе бәріне деген қызығушылығын жоғалтуы мүмкін. Мұндай жағдайға жол бермеу үшін уақытында қолдауды қажет етеді. Балабақшаларда зерттеушілік, эксперименттік жұмыстар жүргізу керек. Зерттеушілік іс-әрекет ақыл-ойдың жеке ізденіс жолы, қоршаған ортаның әртүрлі құбылыстары арасындағы байланыс қатынасын жүйелеу, оңтайландыру әрекетін жасауды талап етеді. Болашақ педагогтің зерттеушілік іс-әрекетінің негізі екі түрін қарастырсақ:


Іздеу әрекеті – іс-әрекет нәтижелерін нақты болжау, оның дәрежесін үнемі ескереу, жаңаша зат табуға талаптару.

Белсенділік әрекеті – бұл әр адамның табиғи жағдайы, қоршаған әлемді зерттеуге бағытталған белсенділік әрекеті. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекет маңыздылығын атап өту керек. Зерттеушілік іс-әрекеттер арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің жоба жасау барысында *ізденуі, топтық жұмыс жасауы, өнімнің нәтижесін шығаруы, зерттеушілік іс-әрекеті* дамиды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің шығармашылық қабілеттері мен зерттеуге деген қызығушылығы сондай –ақ, эмоционалдық – әлеуметтік дағдылары артады. Қазіргі білім беру жүйесінде

педагогикалық жобалауды дамыту және қалыптастыру мәселесі бойынша теориялық әдебиеттерді зерттеу барысында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде осы аспектіні іске асыру саласындағы ең басым бағыттардың бірі болып табылатындығын анықтадық.

Әдеби дереккөздерге теориялық талдаулар жүргізіп, «жоба», «жобалап оқыту технологиясы», «зерттеушілік», «зерттеушілік іс-әрекет», «жобалау формалары мен кезеңдері» ұғымдары мен қағидалары мен құрылымдық компоненттерімен танысқаннан кейін біздің алдымызда эмпирикалық талдау жүргізу міндеті тұрды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекет дағдыларының қалыптасу деңгейін зерттеуде біз болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалау іс-әрекетін жүргізу жағдайында практикалық ғана емес, сонымен қатар инновациялық жұмысты да, жүргізе алатын педагогтері қажет екенін есте ұстаған жөн: жаңа идеяларды табу және іс жүзінде тексеру, жұмыс жүйесін құру, нәтижелерді болжай білу, диагностиканы меңгеру қабілеттерін қалыптастыру. Ең алдымен, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің белсенділігі мен бастамасын арттыру, зерттеушілік іс-әрекеті мен шығармашылық ізденістерін ояту және ынталандыру үшін жағдай жасау керек. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекет дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау үшін келесі мәселелер бойынша диагностика жүргізілді:

Мотивациялық-психологиялық дайындықты жүргізуде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетінің қозғаушы мотивтерін анықтадық: зерттеушілік іс-әрекетінің мотивтерін 16 сурет арқылы көрсетуді жөн санадық.



Сурет 16 - Зерттеушілік іс-әрекетті қозғаушы мотивтер

Жобалап оқыту технологиясы арқылы педагогикалық топтық зерттеушілік іс-әрекет мүмкіндіктерін дамыту үшін, топ ішінде оқу мен тәжірибені ұштастыруға жағдайлар туғызылды. Олар ұжым жағдайында тұрақты түрде қызмет істейтін семинарлар жұмыстың тәжірибелік және практикалық түрлері

ұйымдастырылды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекеті «қалай?» және «неге?» сауалдар арқылы іске асады. Балалардың іс-әрекет мүмкіндіктерін жоғалтып алмауымыз қажет. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі бақылау, қадағалау, зерттеу, диагностика жасау керек. Жобалап оқытуда педагог болашақ мектепке дейінгі білім беру ұйымының кеңесшісі болып табылады. Жобалап оқыту технологиясын табысты іске асыру жағдайына тоқталамыз: болашақ педагогтерге өзекті және қызықты тақырыпты таңдауға, тұжырымдауға, зерттеуге мүмкіндік беретін мәселелерді қарастыруды талап етеді; жобалау жұмысын жоспарлау және жүзеге асыру; жоба тақырыбы функцияларын топ ішілік топтарға рөлдерге бөлінуі маңызды. Бұл рөлдер келесідей болуы мүмкін: ұйымдастырушы, теоретик, бағдарламашы, сценарист, әлеуметтік желі зерттеушісі, бейнеоператор, экспериментатор, сарапшы, рәсімдеуші, баяндамашы және т.б; рөлдік жұмыстар болашақ педагогтердің ынтымақтастығын, топпен жұмыс істеуді үйретеді; болашақ педагогтерде ізденіс көріністері мен күтілетін нәтиже туралы түсінігі; болашақ педагогтердің ақпаратты іздеу бағыттары, әдістер мен зерттелу жағдайы; жобалау жұмысының барлық кезеңдері бойынша болашақ педагогтерге кеңес беру; нәтижесін қорытындылау; дайындаған жобалары бойынша болашақ педагогтердің өзін-өзі бағалау мүмкіндіктері; жобаның барлық қатынасшы мүшелері біріккен өнім шығару және оны жариялау. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру барысында жобалық оқыту технологиялары мен тиімді педагогикалық әдістер қолданылады. Мысалы:

«Жобаны іске қосу» тәсілі: болашақ педагогтер жобаға мүдделі, ерікті түрде қосу үшін педагог ойлану керек. Болашақ педагогтер тартымды, өмірлік, әлеуметтік маңызы бар тәжірибелік тапсырмаларды талқылауға бағытталады.

«Жұлдызды ойлау» тәсілі: педагог пен болашақ педагогтер жобалау іс-әрекеттері арқылы талдаулар жасалып, теориялық және тәжірибелік ақпараттар жүйесіндегі мәселені шешу мүмкіндіктері туындайды. Болашақ педагогтердің танымдық іс-әрекеттері «жұлдыздар» жүйесі бойынша тәжірибелік тұрғыда жүзеге асырылады. Жобалап оқыту технологиялары арқылы білім алушыларды ынталандыру амалдары төмендегі 22 кестеде көрсетілген.

Кесте 22 - Оқу мотивациясын бағалау шкаласы

Шкала	Әріптік шкала	Сандық шкала	Оқыту мотивациясының түрін сипаттау
Өте жоғары	A	4	Кәсіпті меңгеру
Жоғары	B	3	Білім алу
Қанағаттанарлық	C	2	Диплом алу
Сыни	D	1	Мотивацияның жоюылуы
Қол жетімсіз	F	0	Мотивацияның болмауы

Білім алушылардың жобалау әрекеті компоненттерінің даму деңгейі анықталып, бағаланады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін жобалап

оқыту технологиялары арқылы зерттеушілік іс-әрекетінің құрылымдық-мазмұндық моделінің әсерін анықтау үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезеңінде барлық компоненттердің динамикасын салыстыру қажет. Осы тапсырмаға байланысты әр компонент бойынша эксперименттік және бақылау топтарының деңгейі анықталды. Элективті курс арқылы жобалап оқыту технологиялары негізінде мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу мамандығы білім алушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту жүйесі қарастырылды. Біз жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін біріктіріп (кесте 23) аналитикалық кесте құрастырдық.

Кесте 23 - Жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру үдерісі кезеңдік құрылымы

Кезеңдері	1-ші тәсіл	2 -ші тәсіл	3-ші тәсіл	Жалпы нұсқасы
Бастапқы	Мәселелік	Қажеттілікті бағалау	Мәселелік-мақсаттылық	Мәселелік-мақсаттылық
	Мақсаттылық			
Негізгі	Жоспарланған	Жоспарланған	Ұйымдастырушылық - дайындық	Ұйымдастырушылық-дайындық
	Іс-әрекет жоспарын іске асыру	Іске асыру		
Қорытынды	Нәтижесін ұсыну	Сыни талдау	Кезеңдік жобалау жұмысы	Тәжірибеде іске асыру
	Жазбаша есеп	Нәтижесін бағалау		
				Презентация қорғау

Зерттеу жұмысы бойынша анықтаушы экспериментте жүргізілген диагностикалық әдістемелердің нәтижесін болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің компоненттері негізінде жүйелеп көрсетіп отырмыз. Жиынтық кесте түрінде барлық компоненттер мен өлшемдер бойынша қорытынды нәтижелерді ұсынамыз.

Жиынтық нәтижесі Спирменнің әдістемесі бойынша корреляциялық коэффициенті есептелініп, шығарылды. Формуласы:

$$R = 1 - \frac{6 \sum d^2}{n^3 - n};$$

Мұндағы:

n – салыстырмалы жұптардың саны.

Егер $n = 20$ жағдайында формула мынадай болуы мүмкін: $R = 1 - 0.00075 * \sum d^2$, яғни бұлай есептеу оңайырақ болады. R мәні $[-1; +1]$ шегінде жатады. Егер R мәні $[-1; 0]$ шегінде болса, онда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың төмен деңгейін көрсетеді. Мысалы:

Егер $R = 0,1; 0,2; 0,3$ төмен деңгей.


Егер $R = 0,4; 0,5; 0,6$, орта деңгей.

Егер $R = 0,7; 0,8; 0,9$, жоғары деңгей.

Кесте 24 - ЭТ және БТ білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың компоненттерін диагностикалаудың жиынтық кестесі (%) (анықтаушы эксперимент)

Компоненттер	жоғары		орта		төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Мотивациялық	34,3%	32,6%	28,6%	27,9%	37,1%	39,5%
Когнитивтік	21,8%	21,6%	38,9%	38,3%	39,5%	39,9%
Іс-әрекеттік	18,3%	18,6%	48,5%	48,2%	33,2%	33,2%
Рефлексивтік	23,1%	20,8%	32,8%	33,5%	44,1%	45,7%


ЭТ респонденттердің арасында жобалап оқыту арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың мотивациялық компоненттің деңгейлерін анықтауда жоғары 34,3%, орта 28,6%, төмен 37,1% - деңгейін көрсетті. Когнитивтілікті анықтауда жоғары деңгей көрсеткіші 21,8%, орта 38,93% көрсетсе, төмен 39,53% құрады. Іс-әрекеттік компонентін анықтауда жоғары 18,3%, орта 48,5% төмен 33,2% көрсетті. Рефлексивтік жоғары 23,1% орта 32,8%, төмен 44,1% өзгерістері байқалды. БТ респонденттердің жобалап оқыту арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың базалық деңгейін мотивациялықтың жоғарысы 32,6% , орта 27,9%, төмен 39,5% пайыздық көрсеткіші анықталды. Когнитивтік жоғары 21,6% орта 38,3% төмен 39,9% анықталды. Іс-әрекеттік компоненті бойынша жоғары 18,6% орта 48,2% төмен 33,2% болды. Рефлексивтік компонентінде жоғары 20,8% орта 33,5% төмен 45,7% көрсетті.



Сурет 17 - ЭТ және БТ білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың компоненттерін диагностикалаудың жиынтық нәтижелері

Кесте 25 - ЭТ және БТ білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың компоненттерін деңгейлер бойынша диагностикалаудың жиынтық кестесі (%) (анықтаушы эксперимент)

Сыналушылар тобы	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы	23,4%	36,9%	39,7%
Экперименттік топ	24,3%	37,3%	38,4%



Сурет 18 - ЭТ және БТ білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың компоненттерін деңгейлер бойынша диагностикалаудың жиынтығы

ЭТ студенттері арасында жобалап оқыту арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың базалық деңгейі 24,3% көрсетті, орта деңгей 37,3%, респонденттердің 38,4% - төмен деңгей байқалады деп қорытындылауға мүмкіндік береді. Студенттерде БТ 23,4% жобалап оқыту арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың базалық деңгейін, 36,9 % орта деңгейін және 39,7% төмен деңгейін көрсетті.

Анықтаушы эксперименттің жиынтық нәтижелерін қорытындылай келе, білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда жобалап оқыту технологиясына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбейді, сондықтан болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін эксперимент барысында тексеру тиімділігі артты деп тұжырымдаймыз.

Келесі кезекте болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту механизмін қарастырғанды орынды деп есептейміз.

3.2 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту механизмі

Зерттеу жұмысымыздағы келесі эксперименттік міндет болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-экспериментті анықтау кезеңдерінде, баяндау және саралау жұмысын жүргізу.

Зерттеу жұмысымыздағы педагогикалық және тәжірибелік-эксперименттік зерттеу әдістерін қолдану арқылы болжамның шынайылығын тексердік. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту әдістемесін жүзеге асырудың жолдары анықталып оны тәжірибелік-эксперимент жұмыстарды ұйымдастыруға негіздеу. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуына зерттеулер жасалатын үдерісінің заңдылықтарын нақтылауға мүмкіндік беретін басты әдістер педагогикалық эксперименттер болып табылады оны тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында жүзеге асыру. Педагогикалық жағдайда белгілі бір құбылысты зерттеу мақсатты және жоспарлы түрде жүргізілетін ғылыми таным тәжірибесін бақылау деп түсіндіріледі. Зерттеу барысында жүргізген диагностика болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға ғана емес, сонымен бірге олардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында жобаны орындай алатын зерттеушілік іс-әрекеттеріне негізделген әдістемені орындауға мүмкіндік берді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы негізінде білім беру «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» мамандығының оқу үдерістерінде білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асады. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы [237] Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі, №406 бұйрығы негізінде жоғары оқу орнын бітірген болашақ білім алушы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырудағы зерттеушілік дағдыларын меңгеруін қажет етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы 2-тарауда «Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптары» 10-міндетінде «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зертеу іс-әрекетін дамыту» деген тақырыпта болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту,

тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды [238]. Басшылыққа алынған нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Педагогика және психология институты, мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының 6В01201 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» мамандығының білім алушыларына арналған «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективті курс бағдарламасы құрастырылды.

Кесте 26 - «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективті курсы

Тақырып атауы (дәріс, практикалық сабақ, СӨЖ)	Сағат саны	Ең жоғары балл
1	2	3
Дәріс 1. «Жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» пәнінің мақсаты, міндеттері және құрылымы	1	1
Практикалық сабақ 1. Жобалап оқыту технологиялары мен зерттеушілік іс-әрекетінің аспектілері	1	5
СӨЖ 1. «Жоба», «жобалау іс-әрекеті», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарына Т.Бюзеннің ассоциогарма әдісі бойынша ой-зерде картасын құру. Тапсыру үлгісі: Слайд жасау, ауызша қорғау	2	7
Дәріс 2. Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекеттің теориялық негіздері	1	1
Практикалық сабақ 2. Жобалау әрекеті білім алушылардың негізгі іс-әрекеті ретінде	1	5
СӨЖ 2. Мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілетін жобалау іс-әрекет түрлеріне картотека толтырыңыз	2	7
Дәріс 3. Жобалау іс-әрекетінің негізгі элементтері мен маңызды теориялық категориялары	1	1
Практикалық сабақ 3. Топтық және жеке жобалау жұмыстары. Жобаның жіктелуі	1	5
СОӨЖ 3. «Арт-жоба» құрастырыңыз. Арт-жоба түрі, мақсаты мен міндеттері толық жазыңыз. Нәтижесін талдаңыз.	2	9
Дәріс 4. Зерттеушілік іс-әрекет технологиясын эксперимен жүргізуде қолдану	1	1
Практикалық сабақ 4. Жобалау жұмысының кезеңдері. Жоба тақырыбын анықтау	1	5
СОӨЖ 4. Қазіргі таңдағы жобалау формаларының бірін таңдап өз идеяңызды қосыңыз, үлгісін ұсыныңыз	2	9
Дәріс 5. Зерттеушілік іс-әрекет құрылымы, оның жүйелілік принциптері, түрлері мен әдістері	1	1
Практикалық сабақ 5. Жобалау жұмысының негізгі әдістері мен зерттеушілік іс-әрекетердегі қолданысы	1	5
СОӨЖ 5. Зерттеушілік жоба ұсыныңыз	2	8
Дәріс 6 Зерттеушілік іс-әрекет негізінде жобалап ойлау әрекетін дамыту	1	1

26 – кестенің жалғасы

1	2	3
Практикалық сабақ 6. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекеті	1	5
СОӨЖ 6. Мектепке дейінгі ұйымдарға байланысты телекоммуникациялық жоба құрастырыңыз	2	9
Дәріс 7. Мектепке дейінгі ұйымдардар базасында жоба өнімдерін іске асыру	1	1
Практикалық сабақ 7. Жобалап оқыту технологиясы аясындағы зерттеушілік іс-әрекет логикасы	1	5
СОӨЖ 7. Ғылыми зерттеу жұмысыңыз бойынша жоба құрыңыз, талдаңыз.	2	9
1 аралық бақылау, барлығы		100
Дәріс 8. Тәжірбиеге бағытталған жоба: негіздері, ерекшеліктері мен кезеңдері	1	1
Практикалық сабақ 8. Жоба жұмысының мақсаты, жоспары мен мазмұндық іс-әрекеті	1	5
СОӨЖ 8.«Өнім» дегеніміз не? Сіздің жобаңыздың мақсаты қандай? Бірнеше жауаптар ұсыныңыз	2	7
Дәріс 9. Мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жобалап оқыту технологиясын қолдану	1	1
Практикалық сабақ 9. Жобалау әдістерін таңдау, қолдану және өнім шығару	1	5
СОӨЖ 9. Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған зерттеушілік жобалау жұмысының ережесін құрастырыңыз	2	7
Дәріс 10. Ғылыми зерттеушілік жобаларға қойылатын талаптары мен оны түзету жұмыстары	1	1
Практикалық сабақ 10. Жобалау іс-әрекетін сараптау және болжам жасау	1	5
СОӨЖ 10. Жоспарлау іс-әрекетінің стратегиясына сүйене отырып зерттеушілік жоба бағыттарына бейнеролик түсіріңіз. Жоспарлау іс-әрекетінің стратегиясына сүйене отырып зерттеушілік жоба бағыттарына бейнеролик түсіріңіз	2	9
Дәріс 11. Жобалау жұмыстарының көрсеткіштерін талдау және бағалау	1	1
Практикалық сабақ 11. Ғылыми зерттеушілік жобаны талапқа сай безендіру, сипаттау және таныстыру	1	5
СОӨЖ 11. Қазіргі таңдағы ақпараттық жобалаудың формаларының бірін таңдап өз идеяңызды қосыңыз, үлгісін ұсыныңыз	2	9
Дәріс 12 Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту принциптері	1	1
Практикалық сабақ 12. Кафедраның ғылыми зерттеу жұмысы аймағында білім алушыларға жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру	1	5
СОӨЖ 12. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған жоба құрастырыңыз	2	8
Дәріс 13 Шығармашылық жоба: ұғымы, ерекшеліктері мен орындалу кезеңдері	1	1

26 – кестенің жалғасы

1	2	3
Практикалық сабақ 13 Әлеуметтік, келісімдік, гранттық ғылыми зерттеу жобаларына сипаттама жасаңыз	1	5
СОӨЖ 13. Жоспарлау іс-әрекетінің стратегиясына сүйене отырып шығармашылық жоба бағыттарына бейнеролик түсіріңіз	2	9
Дәріс 14 Жоба жетекшісінің қызметі	1	1
Практикалық сабақ 14 Жобаны қорғау, талдау өзін-өзі бағалау іс-әрекеті	1	5
СОӨЖ «Жоба қызметімен шұғылданған, тәрбиешіге арналған ереже» құрастырыңыз	2	9
Дәріс 15 Жобаны талапқа сай безендіру, сипаттау және таныстыру	1	1
Практикалық сабақ 15. Жобаны қорғау. Қорытындылау. Рефлексия. Біз не үйрендік?	1	5
«Өнім» дегеніміз не? Сіздің жобаңыздың мақсаты қандай? Бірнеше жауаптар ұсыныңыз	1	7
2 аралық бақылау, барлығы		100

Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты болады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым білім алушылары балабақшада балалардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту жолдарын, іс-шараларды ұйымдастыру әрекеттерін меңгеріп, нәтижесін анықтай білу қажет. Семинар сабақтар формасы оқу материалын өз бетімен белсенді түрде меңгеруге мүмкіндік береді, терең талдаулар жасап, өзіндік баға бере білуге үйретеді. Семинар сабақтардың негізгі міндеттері: білім алушылардың дәрісте меңгерген теориялық білімдерін тереңдету; зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы бойынша ғылыми-әдістемелік, оқу әдебиеттерін өз бетінше ізденіп оқуы, білім қорын кеңейту; зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясын жүзеге асырылу жолдары мен іскерліктері, дағдыларын меңгерту. Элективті курсты жүргізу барысында жоғарыда берілген тақырыптардың мазмұны толық ашылып, білім алушыларға зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы білім беру жүйесінің мазмұны туралы білімдер тұрақты дами түседі. Элективті курсты меңгеру негізінен, студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технология қабілеттерін дамытуға, жаңа білім беру мәселелерінің стандартты емес шешімдерін іздеуге, зерттеушілік өзін-өзі дамытудың әдістері мен тәсілдерін меңгеруге, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жүргізуге көмектесті. Таңдау курсының өту барысында әдістемелік (пәндерді оқыту әдістемесі) және пәндік (пәндік мамандық) білімдер арасында пәнаралық байланыс орнату, болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандарына білімнің әрбір құрамдас бөлігінің болашақ кәсіби іс-әрекеттегі рөлін түсінуді қамтамасыз етуге ерекше мән берілді.

Жобалап оқыту технологиясы арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамыту мәселелері бойынша диссертациялық жұмыстарға жүргізілген зерттеушілік талдау арқылы әдіснамалық тәсілдер негізделді: Болашақ мектепке дейінгі ұйым білім

алушылары балабақшада балалардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту жолдарын, іс-шараларды ұйымдастыру әрекеттерін меңгеріп, нәтижесін анықтай білу қажет. Семинар сабақтар формасы оқу материалын өз бетімен белсенді түрде меңгеруге мүмкіндік береді, терең талдаулар жасап, өзіндік баға бере білуге үйретеді. Семинар сабақтардың негізгі міндеттері:

- білім алушылардың дәрісте меңгерген теориялық білімдерін тереңдету;
- зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы бойынша ғылыми-әдістемелік, оқу әдебиеттерін өз бетінше ізденіп оқуы, білім қорын кеңейту;
- зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясын жүзеге асырылу жолдары мен іскерліктері, дағдыларын меңгерту. Элективті курсты жүргізу барысында жоғарыда берілген тақырыптардың мазмұны толық ашылып, білім алушыларға зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы білім беру жүйесінің мазмұны туралы білімдер тұрақты дами түседі.

Элективті курсты меңгеру негізінен, білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясының қабілеттерін дамытуға, жаңа білім беру мәселелерінің стандартты емес шешімдерін іздеуге, зерттеушілік өзін-өзі дамытудың әдістері мен тәсілдерін меңгеруге, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жүргізуге көмектесті. Элективті курсын өту барысында әдістемелік (пәндерді оқыту әдістемесі) және пәндік (пәндік мамандық) білімдер арасында пәнаралық байланыс орнату, болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандарына білімнің әрбір құрамдас бөлігінің болашақ кәсіби іс-әрекеттегі рөлін түсінуді қамтамасыз етуге ерекше мән берілді. Сонымен қатар білім алушылардың өзіндік жұмысты орындауға қызығушылықтары ескеріледі.

«Аудиториядан тыс СӨЖ-дің аудиториялық СӨЖ-ден айырмашылығын оның жүргізу орны, мазмұны, ұйымдастыру әдістері мен формаларында, студенттің өз бетімен жұмыс жасау» деңгейі, осы жұмысты есепке алу мен бақылаудың құралында, – деп көрсетеді. Аудиториядан тыс СӨЖ-ді жалпығылымилық және кәсіби білімдік, танымдық және кәсіби әрекеттің тәсілдерінің жүйесі, болмыс пен болашақ мамандығына эмоциялық қатынастың тәжірибесін игеруге бағытталған оқу, оқу-ізденіс, ғылыми-зерттеу және өз бетімен білім алу әрекеттерінің алуан түрлері деп анықтайды. СӨЖ, СОӨЖ жүргізудің басты мақсаттары: *өзін-өзі дамыту; өзін-өзі жетілдіру; өзін-өзі жетілдіру* әрекеттері іске асырылады. СОӨЖ (студенттің оқытушының басшылығымен жұмысы), СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы).

Кесте 27 - СОӨЖ және СӨЖ талаптары

СОӨЖ (студенттің оқытушының басшылығымен жұмысы)	СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы)
1	2
1. Бағыттау (тақырып мақсатын, міндеттерін, оның мазмұндық құрылымын, не оқу керектігін және т.б. айту);	1. Бағыттау кеңестерін мұқият тыңдау, жазып алу; 2. Оқытушы ұсынған әдебиетті, оқу құралдарын оқу, реферат, курстық, дипломдық жұмыстар жазу;

1	2
2. Түзету-кеңесі (жекеше қажетті тьюторлық кеңестер); 3. Бақылау-бағалау: жазбаша, ауызша, тестілік түрлерде.	3. Қиын болған нәрселерді талдау, топтастыру, өз жауаптарын әзірлеу, соларды оқытушымен талдауға даярлау; 4. Қажетті кеңестер алуға ұстазбен кездесу.

Білім алушының өзіндік жұмысы сабағында алдынала берілген тақырып бойынша баяндама жасау, реферат оқу, пікір сайыс әдістері басты қолданыста болады. Осы сабақта өз бетінше ойланудың, өзара белсенді қарым-қатынас арқылы білім алудың білігін игеріп қалыптастырудың зор мүмкіндігі туындайды. Дұрыс ұйымдастырылған СОӨЖ студенттің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына ықпал етеді. Әрі ізденушілік, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерінің дамуына тигізер әсері мол.

Білім алушының өзіндік жұмыс арқылы іс-әрекетін белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Білім алушының өзіндік жұмысында ата-аналарды жоба жасауға тартудың ерекше тәсілі бұл отбасылық жобаларды құру. Ата-аналар білім беру үдерісінің белсенді қатысушылары болып, балаларының табыстылығына мүдделі болуы үшін біз оларды дифференциалды принципті қолдана отырып, белгілі бір білім беру саласында жобаларды құру және іске асыру жұмыстарына тартамыз (балалардың жеке ерекшеліктерін және ата-аналармен жеке топтық жұмысты ескере отырып, мектепке дейінгі білім беру мекемесінде оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімді әдістерінің бірі). Отбасылық жобалар бір топтың балаларын біріктіруге, ата-аналарды, тәрбиешілерді біріктіруге, диалог жағдайын жасауға арналған. Ол үшін педагогтер белгілі бір ортаны, барлық қатысушылар өздерін жайлы сезінетін, ең бастысы балалардың қатысуға деген ұмтылысын сезінетін рухани атмосфераны құруды талап етеді. Біздің отбасылық жобаларымыз әртүрлі тақырыптар, қойылған міндеттер: шығармашылық, білім беру, психологиялық, жеке шығармашылық акциялар түрінде өтеді:

– шығармашылық міндеттермен балалар, ата-аналар, тәрбиешілер жобаны құру үшін бірге жұмыс істейді.

– білім беру міндеттерін орындау кезінде шығармашылықтың жаңа түрлерімен танысу орын алады, балалар мен ересектер техниканың, әдістердің жаңа түрлерін түсінеді.

Отбасылық жобалар балалар мен ересектердің ой-өрісін кеңейтеді, оларды шығармашылық таныммен толтырады, отбасындағы оң көзқарасқа ықпал етеді, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдардың ынтымақтастығын қалыптастыруға көмектеседі. Жобалық іс-шаралар білім беруде өте танымал және қажетсіз болғанымен, ол педагогтің, баланың, ата-ананың өзара әрекеттесуіндегі өте маңызды. Осы орайда біз «Ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастық» тақырыбындағы мектепке дейінгі және тәрбиелеу мамандығының білім

алушыларына баланың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған өзіндік жұмыс тапсырмаларын (кесте 28) ұсындық.

Кесте 28 - Баланың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған өзіндік жұмыс

Тақырыбы	Мақсаты
Балалар зертханасы	Тақырып бойынша зерттеген ғалымдардың идеялары негізінде балалар бөлмесін дайындау. Ойын мотивациясын құру. Зерттеу жұмыстарын жоспарлау, зерттеушілік іс-әрекет бағыттарын балаларға түсіндіру. Балаларды зертханада жұмыс жасау ережелерімен таныстыру.
Су қандай болады? Тазартылған су. Ауыз су.	Балалардың су туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың күйлері мен қасиеттері туралы ақпараттар беру. Суда еритін заттарды анықтаңыз. Балаларды суды тазарту әдістерімен таныстыру.
Сикырлы шыны	Микро әлем -үлкейткіш әйнек, микроскоп. Оның қажеттілігі, қолданылу жолдары туралы идеялар ұсыну. Балаларды фокусқа негізделген фокуспен таныстыру. Инерция (бір стақан су, қағаз парағы). Күнделікті өмірде инерцияны қолдану мүмкіндіктерін көрсету.
Бұл керемет ауа	Ауа туралы балалардың түсініктерін кеңейту (көрмейміз, иісі жоқ, салмағы бар, қызған кезде ол кеңейеді, салқындаған кезде кішірейеді). Ауаның пайдасы. Әуе шарының тарихы.
Тұздың қасиеттері	Балаларды тұздың қасиеттерімен таныстыру. Зерттеушілік іс-әрекеттері арқылы танымдық шешім қабылдау, орындаған тапсырмаларын бірге нақтылау, қорытынды жасау. Логикалық ойлауын қалыптастыру.
Қар туралы не білеміз? Жасанды қар.	Қар, оның қасиеттері туралы идея қалыптастыру. Жасанды қар өндірісі, оны жасау әдістерімен таныстыру. Тәжірибелік іс -әрекеттер негізінде балалардың қызығушылығын дамыту.
Күн шуақ зертханасы	Күн сәулесі, қараңғы және жарық, күн сәулесінде тезірек қызады. Қызығушылықты дамыту, логикалық ойлау, қорытынды жасай білу.
Түрлі-түсті өсімдіктер	Өсімдік түрлері, аттары мен қасиеттеріне сипаттама беру. Өсімдіктер түсі, өсімдік сабағы, шырыны, өмір сүру жағдайы туралы ақпараттар беру.
Үй жануарлары	Үй жануарларының аты, түрі, тіршілігі, күтімі туралы сипаттама беру.

Қалыптастырушы тәжірбиелік-эксперименттің мазмұны болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуды іс-әрекеттердің өзара байланысты нәтижесінде аудитория және аудиториядан басқа уақытта жүргізу. Оқу бағдарламасы оқу ортасын ұйымдастыруда жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетінің нәтижесі сапалы деңгейге көтеру.

Элективті курс барысында «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» эксперименттік топ білім алушылары

«*Ғажайып ғарыш әлемі*» тақырыбында зерттеушілік жоба (қосымша Ж) дайындады.

Жобаның тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларда ғарыш әлемі

туралы түсінігін қалыптастыру.

Жобаның мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым балаларының ғарыш әлемі туралы түсінігін қалыптастыру, ата-аналарымен біріктіре отырып зерттеушілік жоба құрастыру.

Жобаның түрі: Зерттеушілік жоба.


Жобаны орындау мерзімі: 1- апталық.

Жобаның күтілетін нәтижесі: Бес дағдыны қамту арқылы ғарыш әлемінің ракеталық өнімін жасап шығару.

Қадағалау – білім, ептілік пен дағдылардың игерілу үдерісіне бақылау қоюды аңғартады. Қадағалау тексерулерден тікелей құралады.

Тексеру – бұл білім, ептілік және дағдыларды игеру барысын бақылау үшін жүргізілетін әрекет-қимылдар жүйесі.

Педагогикалық тәжірибеде қадағалаудың бірнеше түрін атауға болады: *алдын ала, ағымдық, мерзімдік, тақырыптық, қорытынды және өтілген материал ізімен.*



Сурет 19 - Алдағы күнтізбелік қағидалар

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуды жетілдіру үшін практика жүзінде көптеген әдістер пайдаланылды.

Әдіс – бұл белгілі бір қорытындыға жетуге көмектесетін әрекеттердің жиынтығы. Әрбір зерттелуші объектінің қабілеттілік мүмкіндіктері әрқилы, сол себепті барлық адамдардың жетістікке жетуге деген мүмкіндіктерін теңестіру үшін құрал қажет.

Метод – (грек. *methodos* – путь исследования или познания, теория, учение) - әдіс, зерттеу жолы. Әдіс осы құрал болып табылады. Сонымен қатар әдіс әр тұлғаның мүмкіндік деңгейін теңестіріп қана қоймай, олардың іс-


әрекеттерін бірегейлеп ғылыми зерттеулердің ұқсас нәтижесін алуға әсер етеді. Білім берудегі жобалау әдістері әр түрлі болып келеді.

Жобалау әдісі – оқу-тану тәсілдерінің жиынтығы. Олар белгілі бір проблемаларды тыңдаушылардың өздігінше шешуге және сол шешімнің нақтылы бір нәтижесі қалайда болады деген сеніммен байланысты жүзеге асырылады. Жобалау: ғылыми, оқыту, сервистік, әлеуметтік, шығармашылық, жарнама-тұсаукесерлік және т.с.с. болып бөлінеді. Әдетте жоғары оқу орындарында жобалау әдісіне ғылыми жобалар, соның ішінде курстық және дипломдық жұмыстарды жазу, кейбір жағдайларда оқу және өндірістік практикаларды атқару жатады. Курстық және дипломдық жобаларды (жұмыстарды) жасау теория мен практианың ара қатынастарын анықтап, оқу үдерісіне кәсіби тұрғыдан қарап, оның сапасының өсуіне тікелей әсер етеді. Сонымен бірге жобаны қорғау кезінде тыңдаушы шешілетін мәселе туралы практикалық технология тұрғысынан сауатты ойлауға, өз ойын қисынды және дәлелді етіп түсіндіруге, қажет болғанда өзгелерді өзінің шешімінің дұрыс екендігіне көзін жеткізуге тура келеді. Жоба әдісі – студенттің бірнеше пәннен алған білімдерін қолдана білуіне негізделіп, көбіне топпен орындалатын, пәнаралық сипатта болады. Жобаны студенттер өздері орындайды, оқытушы тек консультация беріп, бағыттап отырады. Дәстүрлі оқыту жүйесіндегі курстық жоба студенттің жекелей орындауына негізделген.

Жобалау кезеңдері: жобаны дайындау (тақырыбы мен мақсатын айқындау); жоспарлау (ақпарат көздері мен ақпаратты алу тәсілдерін, есеп берудің түрін, жобаның міндеттерін анықтау); ақпаратты іздеу, зерттеу, қойылған міндеттерді шешу; алынған нәтижелерді талдау, шешім шығару; нәтижелер бойынша есеп беру (ауызша, жазбаша); жоба жұмысының бағалануы. Телекоммуникациялық жобаны – (авторы американдық философ және педагог John Dewey (1859-1952) телекоммуникацияның техникалық мүмкіндіктерін жоба әрекетімен біріктірудің әдісі, нақты өмір проблемасын шешуде студенттің өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік оқуы арқылы оқытушыдан тәуелсіз болуына негізделген. Оқытушының қызметі координатор және консультант түрінде болады [151,с. 9]. Компьютерлік желі көмегімен басқа оқу орындарының білім алушыларымен бірлесе отырып оқу мақсатына бағытталған жобамен жұмыс істеудің педагогикалық тиімділігі жоғары екендігін (мысалы, АҚШ тәжірибесі) көрсетіп отыр.

Е.С.Полат телекоммуникациялық оқу жобасын «Компьютерлік телекоммуникацияға негізделіп ұйымдастырылған, ортақ проблемасы мен мақсаты бар, бірлесе отырып нәтижеге жетуге бағытталған, осы проблеманы шешудің келісілген әдістері мен тәсілдері бар, білім алушы-серіктестердің бірлескен оқу-танымдық, зерттеу, шығармашылық немесе ойын әрекеті, – деп анықтайды [143,с. 314].

Болашақ педагогтердің зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін тәжірибелік тапсырмалар орындалу керек. Тәжірибелік жобалар бағыттары:



Сурет 20 - Жобаның түрлеріне сәйкес берілген жоба тақырыптары

Зерттеушілік жоба құрылымы бойынша ғылыми жобаға ұқсайды. Өзектілігі, мақсат, міндеті, болжам, нәтиже сипатталады. Мәселені шешуде: лабораториялық эксперимент, модельдеу, әлеуметтік сауал т.б. әдістер қолданылады.

«Жобалар банкі» жаттығуы: көптеген білім алушылар жоба тақырыптарын таңдағанда қиындықтарға ұшырайды. Бұл мәселені шешу үшін оқытушы жоба түрлерін жинақтап жобалар банкі құрастыру керек. Онда болашақ педагогтің қызығушылығына сай тақырыптар, тапсырмалар, жаттығулар болуы тиіс. Жобалар банкі болашақ педагогті сүйемелдеуге, шешім қабылдауға, жобаны орындауға мүмкіндіктер береді. Әрі қарай тақырыптар бойынша жобалар банкі құрылып, білім алушылардың жобалау іс-әрекеті басталады.

«Жобалар бойынша жұмысты жоспарлау» жаттығуы. Мақсаты: жоба жұмыстары арқылы балалардың жетістігін бағалау. Мысалы, «Қайың» жобасы (кесте 29).

Кесте 29 - «Жобалар бойынша жұмысты жоспарлау» жаттығуы

Бөлімдерді Жоспарлау	— — — — —	Жобаның атауы мен іс-шаралар түрлері
Табиғи әлем	Күз	Ағаштар мен жәндіктер
	Қыс	Ақ ұлпа
	Көктем	Жасыл желек
	Жаз	Саяхат
Шығармашылық іс-әрекет өнімі	Күз	Қайың жапырақтары
	Қыс	Ақ қайың
	Көктем	Ағаш бүршік жарғанда
	Жаз	Жазғы демалыста

Қазақстан Республикасына жаңа технологиялық оқу үрдісі қажет және сол бойынша ізденістер де бар. Соның бірі болған және үлкен жетістіктің көрсеткішін көрсеткен жобалау технологиялары.

Кейс-стади (Case-study - «Уақиғаны зерттеу») әдісі ағылшынның «case» сөзінен алынған яғни жағдай дегенді білдіреді. Немесе оны нақты жағдаятты талдау әдісі деп те атайды.

Немесе оны нақты жағдаятты талдау әдісі деп те атайды. Оның мәні де қарапайым оқытуды ұйымдастыруда нақты жағдаят қолданылады. Бұл әдіс оқытушы тарапынан шығармашылықты талап етеді және оның ой-өрісінің бейнесі көрініс табады. Яғни екі тараптан ой, шығармашылық еркіндік көрініс табады. Кейс әдісі алғашында Гарвард университетінде басқарушылыққа қатысты пәндерді оқытуға қолданылған. Кейс-әдісі білім алушылардың оқуға қызығушылықтарын арттырады ол өз кезегінде болашақ маман ретінде тұлғаның дамуын ықпал етеді. XX ғасырдың басында Гарвард университетінде оқытушылар дәріс оқу барысында студенттер арасында мәселені талқылауды қолдана бастады. Оқытушы студенттерге әртүрлі жағдаяттар ұсынады және оның бірнеше шешімін табу міндеттерін қойды. Бұл әдіске байланысты алғашқы оқулықты 1921 жылы Гарвардтық бизнес-мектебінің деканы Волос Донамның белсенді араласуымен Коупленд жарыққа шығарды. Кейс әдісі – нарықтық экономикада және әлеуметтік жағдайларды суреттеу арқылы, оқу барысында қолданылатын оқыту техникасы деп түсінуге негіз бар. Жағдай (кейс) деп – ұжымдағы, қоғамдағы қандай да бір нақты шынайы жағдайдың жазбаша берілуді айтуға болады. Кейс әдісі, оқытудың басқа технологияларына қарағанда күрделі жүйе. Кейс әдісін қолдану барысында оқытушының іс-әрекеті екі кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – кейс (жағдай) таңдап алу және сұрақтар құрауға арналған шығармашылық жұмыс: - жағдайларды тақырыпқа сәйкес таңдап алу; - мақсат пен міндетті анықтау; - жағдайды құрастыру және суреттеу. CASE STUDY әдісі бойынша қалыптасатын дағдылар 30-кестеде көрсетіледі.

Кесте 30 - CASE STUDY әдісі бойынша қалыптасатын дағдылардың негіздемесі

CASE STUDY әдісі бойынша қалыптасатын дағдылардың түрлері	CASE STUDY әдісі бойынша қалыптасатын дағдылардың негіздемесі
1	2
Аналитикалық дағдылар	Оларға: деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, жіберіп алған ақпараттарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және т.б жатқызуға болады. Нақты және логикалық ойлау қабілеті. Бұл әсіресе, ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.

30 - кестенің жалғасы

1	2
Тәжірибелік дағдылар	Кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.
Шығармашылық дағдылар	Ережеге сай жалғыз CASE-пен мәселе шешілмейді. Мұнда, логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.
Коммуникативті дағдылар	Оған: дискуссияны жүргізу шеберлігі, қатысушылардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды және басқа қажетті ақпараттар мен құралдарды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа нақты есеп даярлау.
Әлеуметтік дағдылар	Мұнда мәселені талқылау барысында CASE-те нақты: адамдардың өзін-өзі бағалау тәртібi, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе карама-қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни, өзін-өзі ұстау және т.б. сынды әлеуметтік дағдылар қалыптасады.
Өзіндік саралау	Яғни, пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Мұнда, туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдылары қалыптасады [106,с. 12].

Кестеден көрініп тұрғандай, білім беру үрдісін ұйымдастырудың әртүрлі әдістері кейс - әдіспен сәтті үйлесуі мүмкін.

Ассосиограмма әдісі білімді иерархиялық және визуалды құрылымдауға, сондай-ақ, күрделі қатынастарды визуализациялауға қатысты әдіс ретінде әрқашан қолайлы. Бұл әдісті 1970-ші жылдары ағылшын ғалымы Тони Бузан (Tony Buzan) ұсынған. Сондықтан ол әсіресе қолайлы:

- Жалпылауды дамыту;
- Кешенді жүйелерді ұсыну;
- Мәтіндер мен ұғымдарды жүйелеу;
- Жазбаларға немесе оқу материалына шолу;
- Жобаларды жоспарлау;

Идеяларды жинау және құрылымдау үшін оқу материалын бекіту және тереңдету. Ассосиограмма әдісі материалды қайталауға өте ыңғайлы; негізгі білім қазірдің өзінде бар, қайта құру және ассоциацияларды тудыратын кілт сөздерді еске түсіру үшін .

«Миға шабуыл» әдісі:

- өте жылдам және сенімді;
- бұл қысқа уақыт ішінде максималды идеялар;
- бұл ешқандай сынның болмауы;
- бұл олардың және басқалардың идеяларын дамыту, біріктіру және

өзгерту. Бұл әдіс ұсыныстардың максималды санын алу үшін арнайы жасалған. Оның тиімділігі таңқаларлық: жарты сағат ішінде 6 адам 150 идеяны ұсына алады. Оқу үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі білім алушылардың

өзіндік жұмысы болып табылады. Өздік жұмыс барысында білім алушы шығармашылық тұлға ретінде әрекет етеді. Жеке тұлғаның белсенділігі өзіндік жұмыс мақсаттарын қоюда, оны жоспарлауда, тәсілдерді анықтауда, өзін-өзі жұмылдыруда және өзін-өзі бақылауда көрінеді. СӨЖ қарқынды ойлауды, әртүрлі танымдық мәселелерді шешуді талап етеді. Бұл қажетті білім, дағдылар мен дағдыларды, моральдық-психологиялық қасиеттерді қалыптастырудың маңызды факторы. Білім алушының танымдық белсенділігі мен тәуелсіздігінің ең жоғары деңгейі көрінеді студенттің қабылдауы болжанатын шығармашылық дербес жұмыстарды орындау барысында жаңа білім өндірісіне тікелей қатысу.

Жобалау әдістемесінің әдістерін қолдана отырып, білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастырған кезде мыналарды есте ұстаған жөн: білім алушының назарында, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Жұмыстың үдерісі оның нәтижелерінен кем емес маңызды. Оқу үдерісі зерттелетін пәндердің логикасында емес, іс-әрекеттің логикасында өтеді. Жергілікті, бірақ біртұтас мәселені шешу тәжірибесі жарты жолда тоқтамай, істі соңына дейін жеткізу әдетін қалыптастырады. Жобаны жеке қарқынмен орындауға рұқсат беру жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік туғызады. Жобалап оқыту білім алушының мотивациялық саласына оң әсер етеді. Бірінші орында тәуелсіз (жеке, жұптық, топтық) қызмет болуы керек. Зерттеу әдістерін бүкіл жұмыс барысында қолдану керек. Жоба бойынша жұмыс белгілі бір схема бойынша жүзеге асырылады. Әдістемелік әдебиеттерде құрылымды әзірлеу мен жобаны жүзеге асырудың әртүрлі кезеңдері келтірілген. Бұл кезеңдер әртүрлі атауларға ие, бірақ негізінен жобаның типтік құрылымын көрсетеді.

Е.С.Полат 6 кезеңді бөліп көрсетеді: талқыланатын тақырып бойынша бір немесе бірнеше проблемаларды анықтауға мүмкіндік беретін жағдайларды ұсыну; қойылған мәселені шешу гипотезаларын ұсыну («миға шабуыл»), гипотезалардың әрқайсысын талқылау және негіздеу; шағын топтарда қабылданған гипотезаларды тексеру әдістерін талқылау (әр топта бір гипотеза бойынша), ықтимал ақпарат көздерін талқылау ұсынылған гипотезаны тексеру және нәтижелерді рәсімдеу үшін; топтарда осы гипотезаны растайтын немесе жоққа шығаратын фактілерді, дәлелдерді іздеу бойынша жұмыс; Барлық қатысушылардың қарсылығымен топтардың әрқайсысының жобаларын қорғау; жаңа проблемаларды анықтау [143,с. 78]. Білім алушының кез-келген өзіндік жұмысы сияқты, осы әдістеме бойынша жұмыс кезінде оқытушының рөлі өзгереді. Оған кеңесші, көмекші, бақылаушы, дереккөз рөлдері беріледі ақпарат, үйлестіруші. Егер оқытушы оқу бағдарламасының кез-келген бөлімін немесе мәселесін зерделеу кезінде жобалау әдістемесін қолдануды шешсе, ол бәрін мұқият ойластыруы керек. Оқу міндеттерін нақты анықтау керек, дайын шешімдерді ұсынбай және бұл өзіндік жұмысты ұйымдастырудың бір түрі екенін есте ұстамай, студенттерге қандай көмек көрсетуге болатындығын ойластыру қажет.

Жобалардың тақырыбы бағдарламаның қандай да бір теориялық мәселесіне қатысты болуы мүмкін осы мәселе бойынша жеке студенттердің

білімін тереңдету, оқу үдерісін саралау. Жиі, алайда, жобалардың тақырыптары практикалық мәселеге қатысты кейбір практикалық мәселелерге қатысты сонымен бірге, бір пән бойынша емес, әртүрлі салалардан білім тартуды талап етеді.

В.П.Бедерханова да жобалаудың көптеген тәжірибелік нұсқаларын талдай отырып, жобалауды екі үлкен бағыттарға ажыратады [160,с. 4]. Біріншісі, *интенсивтік сипаттағы жобалар жасау және жобалау* әрекеттері. Олар: ұйымдастырушылық – әрекеттік, инновациялық ойындар мен жобалау жиындары. Екіншісі, жобалау әрекеттері негізінде ұжым мүшелерінің бірлесе отырып қадамнан – қадамға аяқ басуы арқылы білім беру мекемесіне гуманитарлық бағдар беру жұмыстары жүргізіледі.

Мәселелік жағдаят – білім алушының белгілі бір психологиялық жағдайын сипаттайды. Мәселелік жағдаят - басты элементі белгісіз, жаңа тапсырманы дұрыс орындау үшін, қажетті әрекетті орындау үшін ашылуы тиіс нәрсе. Ол проблеманы қою және шешу үдерісіндегі ойлаудың бастамасын қамтамасыз етеді. Мәселелік жағдаят - бұл игерілген білімдер, біліктер мен қатынастар және қойылатын талаптар арасындағы қарама-қайшылықтармен сипатталатын танымдық міндет. Мәселелік жағдаят – адам пайда болған кұбылысты, фактіні, шынайы үдерісті қалай түсіндіруді білмеген, өзіне белгілі тәсілмен мақсатына қол жеткізе алмаған кезде пайда болатын адамның интеллектуалдық қиындығы. Проблемалық жағдаят – өнімді, шығармашылық танымдық әрекеттің заңдылығы. Мәселелік жағдаят білім алушының белгілі бір психологиялық жағдайын сипаттайды. Проблемалық жағдаят – басты элементі белгісіз, жаңа тапсырманы дұрыс орындау үшін, қажетті әрекетті орындау үшін ашылуы тиіс нәрсе. Ол проблеманы қою және шешу үдерісіндегі ойлаудың бастамасын қамтамасыз етеді. Тәжірибе проблемалық жағдаяттардың 20-дан астам классификациясы бар екенін көрсетіп отыр.

Проблемалық жағдаяттардың классификациясы негізіне адамның мінез-кұлқының, оның әрекетінің басты элементі, сондай-ақ оқыту үдерісінде адам игеретін неғұрлым жалпы элементтерінің бірі болып табылатын әрекетті алған. Әрекеттің құрылымдық компоненттерінің қайсысы проблемалық жағдаятта белгісіз ретінде берілгеніне байланысты проблемалық жағдаяттың жеткілікті жалпы 3 тобын бөліп көрсетуге болады.

Бірінші топқа игерілетін мақсат әрекет пәніне жататындар кіреді. Осыған сәйкес проблемалық жағдаяттардың аталмыш тобы теориялық болып сипатталады.

Екінші топқа игерілетін белгісіз әрекет тәсілін құрайтын жағдаяттар жатады. Бұл сияқты проблемалық жағдаяттар көптеген пәндерді игеру барысында кездеседі.

Үшінші топқа әрекеттің жаңа жағдайлары алынған проблемалық жағдаяттар кіреді. Бұл сияқты жағдаяттар дағдыларды қалыптастыруды үйрету кезінде қарастырылады.

Ұғымдық талдау әдісі. Тақырыпқа сәйкес бірнеше ұғымдық сөздер

алынады. Екі түсті маркер қолданылады. Бір маркермен негізгі ұғымдық сөз жазылып, екіншісімен талдау жасайды. Философия ғылымында ғылыми теорияны 3-ке бөліп қарастырады [109,с. 7]: *негізі; өзегі; қосымша*.

Теория: ұғым, жетекші идея, заңдылық, ұстаным, құралдардан тұрады. *Теория* - бұл қандай да болмасын жүйені түсініктер, заңдар, ұстанымдар арқылы жалпы түрде сипаттау.

Ұстаным - бұл қандай да бір теорияның, тұжырымдаманың алғышарты, негізгі түсінігі. Ұстаным практикада, әдісте көрінеді. Ұстанымдар зерттеу әрекетінің неғұрлым тұрақты, өзгермейтін қағидалары. Ал, әдістер ғылыми бағытқа байланысты, теорияға байланысты өзгеріп отырады.

Әдіс - біріншіден оқыту, зерттеу, үйрету жолы, тәсілі; екіншіден табиғат заңдылықтары мен құбылыстарын, қоғамды, жалпы танымды зерттеудегі ережелер жүйесі; үшіншіден, танымда және практикада белгілі нәтижелерге жетудің тәсілі.

Әдіснама (методология) – (гр. *methodos* - зерттеу немесе таным жолы, теория, білім және *logos* – сөз, түсінік): 1) теориялық құрылымның және практикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың тәсілдері мен принциптер жүйесі; 2) танымның ғылыми әдістері туралы ілім; 3) қандайда бір ғылымда қолданатын әдіс-тәсілдер жиынтығы.

«Парадигма» - (латын сөзі, ол «үлгі» деген мағынаны білдіреді) - білім берудің концептуальдық моделі ретінде қолданылады. Ұғым Бергман атты ғалымның атымен байланысты болғанымен, негізінен оны американың физигі және философы Т.Кунн зерттеген. Оның айтуынша парадигма ғылым өлшеуіші. Яғни білім беру парадигмасы дегеніміз білім алушыларды мәдени, табиғатқа сай әдіснамалық тұрғыдан негізделген эталон құрылымы бойынша білім стандартына сәйкес жоғары адамгершілікке тәрбиелеу.

Эссе – фр. тіл. *essai* -тәжірбие, лат.т. *exagium* - құрау) - философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Жанр ретінде енгізген 1580 ж. Мишель Монтень болатын, ал «эссе» сөзін бірінші рет қолданып, осы жанрда 1597 жылы Френсис Бэкон кітаптарын жазып шығарды. Эссе әдеби жанрда, білімді бақылау әдісі ретінде, батыс елдерінде ЖОО-ға түсуде қолданылады.

Эссе жазу кезеңдері:

- *Проблеманы анықтау;*
- *Ойлану;*
- *Жоспарлау;*
- *Жазу;*
- *Тексеру.*

Эссе жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс талаптар:

- *Жеке көзқарастың көрінісі;*
- *Терминдерді қолдану;*
- *Логикалық заңдылықтың сақталынуы;*

- Сауаттылық (пункт., орфогр.);
- Цитаталарды келтіру;
- Фактілі дәлелдер (аргументтер);
- Теоретикалық негіздеме;
- Әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- Юмор, сарказм.

Эдвард де Боно «6 ойлау шляпасы». Мақсаты: әртүрлі ойлауды қажет ететін сұрақтар, проблемалар, ситуациялар төңірегінде ой қорыту, өздерінің ойларын жетілдіру.

- Ақ қалпақ – ақпараттар, фактілер;
- Қызыл қалпақ – ішкі сезім;
- Қара қалпақ – логикалық негативті ойлау;
- Сары қалпақ – логикалық позитивті ойлау;
- Жасыл қалпақ – шығармашылық ойлау;
- Көк қалпақ – ойлау үдерісін басқару.

Ақ (ақ бұлттар) - фактілер, цифрлар және мәліметтерді таза күйінде беру;

Қызыл (от) – ішкі сезім, эмоция, сезінулер және интуицияны білдіру;


Қара (тұман) – негативті ойлау, мысалы: «бұл орындалмайды, себебі...»

Сары (күн) - оптимизмді, ашықтықты, позитивті және конструктивті ойлар, ұсыныстар, мысалы: «неге, бұл міндетті түрде орындалады!»;

Жасыл (дала) - жаңа идеялар ағымын тудыратын шығармашылық ойлар;

Көк (аспан) - жоғары деңгейдегі жалпы көзқарастарды, білдіреді, қорытындылайды.

«635» әдістемесі.



Сурет 21

Қатысушылар мына сұраққа жауап береді: Сіз өзгелерден «НЕНІ» 10 есе жылдам, сапалы, арзан жасай аласыз?



Сурет 22

Сағат. Мәселелік жағдайға байланысты белгілі бір уақыт аралығында не істеуге болады? Уақыт азая береді. 12 сағатта; 10 сағатта; 8 сағатта; 6-4 сағатта; 2 сағатта; 1 сағатта; 60 секундта. Қатысушылар жауаптарын негіздейді.

Тренингтік пікірталас: Бұл әдіс оқу материалын терең және мағыналы игеруге ықпал етеді. Пікірталас - оқытуда ерекше мүмкіндіктер беретін топтық өзара әрекеттесудің ең тиімді технологияларының бірі. Пікірталаста білім алушылар топпен іздеуге белсенді қатысады, бұл оқу үдерісінің қарқындылығы мен тиімділігін арттырады. Тренингтік пікірталас білім алушылардың белсенді ойлауына әсер ететін тиімді талқылау әдістерінің бірі. Талқылау қатысушылардың әңгімелесуі, ақпарат алмасуы, өз құзыреттіліктері мен көзқарастарын көрсету, ақпаратты тексеру, нақтылау, оқу міндеттерін бірлесіп шешу, қолда бар білімді қолдану мүмкіндігімен анықталады. Тренингтік пікірталас оқытушы жоспарлаған іс-шара ретінде ғана емес, сонымен қатар материалдың әлсіз тұстарын қайта талқылауға мүмкіндік беретін үдеріс. Пікірталас білім алушылардың шығармашылыққа ынталандыру, ақпаратты талдау қабілетін дамыту, идеялары мен көзқарастарын дәлелдеуге, коммуникативтік байланыс орнатуға, белсенділігін арттыруға, эмоционалды дамуға көмектеседі.

Пікірталас – диалогы талқыланатын мәселелердің сипаты пікірталастың мақсатына байланысты көзқарастарды үйлестіру, нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Талқылауды дайындауда мына мәселелер қамтылу қажет:

– білім алушылардың өз пікірлерін қорғау үшін әртүрлі дереккөздерінен дәлелдер ақпараттар алып пікірталасқа дайындау.

Қорытындылай келе, «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға дайындау кәсіптік пәндердің мазмұнына сәйкес орындалуы керек, – деп тұжырымдаймыз. Біздің зерттеуіміз бойынша жүргізілген іс-шаралар білім алушылар жобалап оқыту технологиясы негізінде білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерін дамытуға ықпал етті. Келесі кезекте тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдап, қорытынды тұжырымдар шығарғанды жөн деп таптық.

3.3 Тәжірибелік - эксперименттік жұмыс нәтижелері

Біздің зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту жолдары негізделген.

Зерттеу жұмысының үшінші бөлімінде тәжірибелік-экспериментте берілген ақпараттар мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының білім алушыларын жобалап оқыту технологиясы арқылы шығармашылыққа, зерттеушілікке, өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі реттеу әрекеттерін іске асыруға көмектесетіндігі, зерттеушілік іс-әрекеті ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетке деген қызығушылықтары да жоғары болғандығы байқалды. Осы кезеңде жобаға қатынасушыларды сүйемелдеу,

кеңес беру арқылы жобаны іске асыруға көмектесу қажет. Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалау жұмыстары арқылы дамыту үдерісіне: сүйемелдеу, кеңес беру, ақпараттандыру жұмыстарының басымдылығы, үздіксіздігі, тұтастығы, жүйелілігі, кешенді және құрастырушылық тәсілдер мен құрылымдылық, ортаға тәуелділік, ықтималдық, өзгергіштік, коммуникативтілік, тұжырымдамалылық қағидаларын жатқыздық. Біздің тақырыптың контекстінде бұл қағидаларын бүкіл жобалау іс-әрекеті циклі барысында жүзеге асырылады. Жобалау іс-әрекеті барысында үздіксіз сүйемелдеу, қолдау жұмыстары барлық кезеңдерде жүзеге асырылды. Білім алушылар жобаға қатынасу арқылы ұйымдастырушылық мүмкіндіктерге ие болды. Біздің тәжірибелік-эксперименттік зерттеуіміз өзара байланысты үш кезеңнен өтті: *I кезең* – анықтаушы (2019/2020); *II кезең* – қалыптастырушы (2020/2021); *III кезең* – аналитикалық (2021/2022). Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың құрылым мен логикасына сәйкес (кесте 31) жүзеге асырылды.

Кесте 31 - Білім алушылардың жобалау жұмыстары арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үдерісінің құрылымы мен логикасы

Әдістемелік бөлім: мәселені, тақырыпты, зерттеу нысанын анықтау, терминді нақтылау Процедуралық бөлім: зерттеу жоспарын құру, деректерді жинау, әдістерді жинақтау техникасын құру, эксперимент жүргізу, нәтижелерін талдау, сипаттау, ұсыну.	
1	2
1 кезең	Білім алушылардың зерттеушілік іс- әрекет мәселелері туралы жалпы танысу, оның өзектілігін, даму деңгейін негіздеу; зерттеу нысаны мен тақырыбын анықтау. Зерттеудің жалпы және аралық мақсаты мен міндеттерінің байланысын тұжырымдау.
2 кезең	Әдістер таңдау: жүйелік, белсенділік, тұлғалық-белсенділік, инновациялық әдістер мен тәсілдер кешенін құрастыру;
3 кезең	Зерттеу болжамын құру: егер болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін білім беру жүйесінде жобалау технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту моделін құрастыру; 1) ғылыми-теориялық алғышарттарын негіздеу; 2) мәселені зерттеуге қажетті заманауи жетекші әдіс-тәсілдерді жинақтау; 3) жобалау әрекетінің мәні мен құрылымын және білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту бағыттарын құру; 4) білім алушылардың жоба жұмыстарын бағалау, әдістемелік кешендерді іріктеу, сұраныстарын анықтау, диагностикалау, жетістіктерін зерделеу, жүзеге асыру және тәжірибеге ендіру.
4 кезең	Зерттеу материалдарын таңдау. Зерттеу пәнінің бастапқы күйін анықтау мақсатында анықтаушы эксперимент жүргізу: жоба жасау әрекетіне дайындау, мақсатын анықтау үшін диагностикалық әдістер кешенін қолдану: 1. «Жобалап оқыту технологиясының маман даярлаудағы маңыздылығы» атты білім алушылардың жобалап оқыту технологиясын меңгеру даярлығын анықтауға арналған авторлық сауалнамасы. 2. Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа, жетістікке жетуге

31 - кестенің жалғасы

1	2
	<p>мотивацияның бағытын диагностикалауға арналған анықтау тесті.</p> <p>3. Ю.В.Рындинаның өзіндік бағалау әдістемесі негізінде тестік бағалау шкаласы «Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығы».</p> <p>4. Е.Е. Туниктің «Тұлғалық креативтіліктің диагностикасы».</p> <p>5. В.Ф.Ряховский бойынша «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» тесті деңгейін бағалау әдістемесі жүргізілді.</p>
5 кезең	<p>Трансформациялық экспериментті ұйымдастыру және жүргізу:</p> <p>1. «Жобалау әрекетінің негіздері» курсының мазмұнын жаңарту және оны сынақтан өткізу. Бұл ретте оқу сабақтарында біз конструктивизм ережелеріне дәйекті түрде көштік: оқыту ортасын, топ құру, коммуникативті орта қалыптастыру; оқытушы мен білім алушылардың жаңа позицияларын құру; сабақтан тыс білім беру ортасын құру.</p> <p>2. Үздіксіз тәжірибелік жұмыстар арқылы «Білім алушылардың жобалау әрекетін ұйымдастыру және басқару» тақырыбы бойынша СОӨЖ сабақтары жүргізілді. Жобалап оқыту технологиясы: сыни ойлау, ынтымақтастық, жобалау жұмыстарына өзгерістер енгізу.</p>
6 кезең	Зерттеу нәтижелерін талдау, түсіндіру және ресімдеу.
7 кезең	Тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу.

Бұл кестеде жобалау іс-әрекеттерін дамыту, теориялық және тәжірибелік іс-әрекеттерді жүргізу, ғылыми-зерттеу нәтижесін талдау жұмысы теориялық, әдіснамалық, эмпирикалық, статистикалық әдістер кешені негізінде жүргізілді. Біз анықтаушы эксперимент барысында (2019-2020 ж) эксперименттік топ (Абай атындағы ҚазҰПУ 63 білім алушы) және бақылаушы топ (Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 62 білім алушы) диагностикалау жұмысы 3.1- бөлімінде сипатталған әдістемелердің көмегімен жүргізіліп нәтижесі топтастырылды.

Қалыптастырушы экспериментте біз анықтаушы экспериментте алынған нәтижелерді салыстыру арқылы тұжырымдар жасадық.

Педагогикалық эксперименттің осы кезеңінде біз білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту бойынша сынақтан өткізілген құрылымдық-мазмұндық модельдің өлшем, көрсеткіш, компоненттерін негізге алдық:

Мотивациялық- (жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекеттегі қызығушылығы; зерттеушілік іс-әрекеттегі белсенділігі; зерттеушілік іс-әрекеттегі ізденіс);

Когнитивтік – (жобаны орындаудағы білімі; зерттеушілік қабілеті; зерттеушілік икемділігі);

Іс-әрекеттік – (жобалық тапсырмаларды сауатты қалыптастыру мақсатындағы зерттеушілік іс-әрекетке икемділігі; теориялық білімді іске асыру әрекеті; педагогикалық технология мен педагогикалық техниканы игеру дағдысы);

Рефлексивтік – (шешім қабылдаудағы дербестік; жобаны орындаудағы

зерттеушілік біліктілік; зерттеушілік іс-әрекеттің нәтижесі).

Ең алдымен, біз педагогикалық эксперимент аяқталғаннан кейін білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыруды және оның ерекшеліктерін зерттеу жұмысына база ретінде алынған жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларын, нормативті құжаттардың жай-күйін талдадық.

ЖОО-ның біз таңдап алған мамандық бойынша білім беру бағдарламасын талдау пәндердің және өткізілген іс-шаралардың қолда бар әлеуеті тиімдірек пайдаланыла бастағанын көрсетті. «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективті курсы өткізілгеннен кейін білім алушылар практикалық мысалдар келтіріп, ситуациялық, жобалық тапсырмаларды талдай алды.

Қалыптастырушы экспериментте анықтаушы экспериментте қоланылған диагностикалық әдістемелер қайта қолданылды:

1. Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа жетістікке жетуге мотивацияның бағытын диагностикалауға арналған анықтау тесті.

2. Ю.В.Рындинаның өзіндік бағалау әдістемесі негізінде тестік бағалау шкаласы «Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығы».

3. Е.Е. Туниктің «Тұлғалық креативтіліктің диагностикасы».


4. В.Ф.Ряховский бойынша «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» тесті бағалау деңгейінің әдістемесі жүргізілді.

Қалыптастырушы экспериментте Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа жетуге, жетістікке мотивацияның бағытын диагностикалауға арналған анықтау тесті қайта алынып, нәтижелері тексеріліп, анықтаушы кезең нәтижелерімен салыстырылды.

Анықтаушы эксперименттің нәтижесінде жоғары (ЭТ) 34,3%, орта 28,6%, төмен 37,1 % болса (БТ) тобы бойынша жоғары 32,6%, орта 27,9%, төмен 39,5 % көрсеткіш көрсеткен болатын, ал қалыптастырушы кезеңде мотивациялық күштің бағалау көрсеткіштердің өсу динамикасы айтарлықтай байқалды (ЭТ) 50,6% жоғары, 31,1 % орта, 18,3% төмен болса, (БТ) жоғары 46,9%, орта 33,9%, төмен 19,2% өзгерістер орын алды (кесте 32).

Кесте 32 - Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа жетістікке жетуге мотивацияның күшін бағалауға арналған анықтау тесті

Топтар	Мотивациалық өлшемдерін анықтау (деңгей бойынша)						
	Студент саны	Төмен		Орта		Жоғары	
		саны	%	саны	%	саны	%
Эксперименттік топ	63	12	18,3	14	31,1	37	50,6
Бақылау тобы	62	15	19,2	21	33,9	14	46,9




Сурет 23 - Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мақсатқа жетістікке жетуге мотивацияның күшін бағалауға арналған анықтау тестінің нәтижесі

Кесте 33 - Ю.В.Рындинаның «Білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығы» әдістемесі негізінде өзіндік және тестік бағалау шкаласы


Сұрақтар	(ЭТ) Студенттер саны 63					(БТ) Студенттер саны 62				
	Шкалалар					Шкалалар				
№	1	2	3	4	5	1	2	3	4	5
1 сұрақ	-	1,3	31,9	41,4	25,4	-	2,2	31,1	42,2	24,5
2 сұрақ	-	2,1	30,4	43,3	24,2	-	1,2	30,1	44,9	23,8
3 сұрақ	-	1,8	31,6	41,7	24,9	-	1,9	31,8	42,4	23,9
4 сұрақ	-	1,9	32,7	40,3	25,1	-	1,6	29,1	44,5	24,8
5 сұрақ	-	2,1	30,1	40,9	26,9	-	1,8	32,6	40,5	25,1
6 сұрақ	-	1,7	32,2	39,4	26,7	-	2,1	29,9	42,1	25,9
7 сұрақ	-	1,1	29,4	41,6	27,9	-	1,1	28,2	43,9	26,8
8 сұрақ	-	1,7	31,5	42,4	24,4	-	1,5	32,1	41,5	24,9
9 сұрақ	-	2,3	28,1	39,8	29,8	-	1,3	31,9	38,5	28,3
10 сұрақ	-	2,4	29,9	43,4	24,3	-	1,4	31,2	43,8	23,6
11 сұрақ	-	1,2	28,8	41,8	28,2	-	2,1	32,3	36,8	28,8
12 сұрақ	-	2,8	31,4	43,1	22,7	-	1,5	29,8	47,4	21,3
13 сұрақ	-	1,5	30,2	42,3	26	-	1,7	28,7	43,9	25,7
14 сұрақ	-	1,2	26,5	38,8	33,5	-	1,4	31,3	35,2	32,1
15 сұрақ	-	2,2	27,5	42,9	27,4	-	2,3	32,5	38,4	26,8
16 сұрақ	-	2,1	32,4	43,2	22,3	-	1,7	29,8	47,3	21,2
17 сұрақ	-	1,7	29,2	40,6	28,5	-	2,4	29,6	40,4	27,6

Әдістемедегі 17 сұрақ берілген, кейбір сұрақтарын талдау жасасақ анықтаушы кезең мен қалыптастырушы кезеңдегі өзгерістердің орын алуы:

(ЭТ) анықтаушы кезеңдегі 18% «жобалап оқыту технологиясын тәжірибеде қолдана алатынын» көрсетсе, қалыптастырушы кезеңде 24,3% өскендігі анықталды ал 4,3% мүлдем «жобалап оқыту технологиясын тәжірибеде қолдана алмайтындығын» көрсетті, қалыптастырушы кезеңде 0% яғни динамиканың өсуін анықтадық. (БТ) топтың анықтаушы кезеңнің нәтижесінде 16,6% «жобалап оқыту технологиясын тәжірибеде қолдана алатынын» көрсетсе, қалыптастырушы кезеңде 23,6% артуын анықтадық, мүлдем 4,6% «жобалап оқыту технологиясын тәжірибеде қолдана алмайтыннын» болса қалыптастырушы кезеңде 0% өзгергендігін анықтадық. (ЭТ) топтың жауабының нәтижесін жоғары балдық шкаланы талдау барысында анықтаушы кезеңде 11,3% «зерттеу іс-әрекетінде жобалап оқыту технологиясын» білетіндерінің көрсеткіштері төмен екендігі анықталды, қалыптастырушы кезеңде 26,7% көтерілген нәтиженің оң болуын анықтадық. төменгі балдық шкала негізінде анықтаушы кезеңде 4,7% «зерттеу іс-әрекетінде жобалап оқыту технологиясын» білмейтіндігін байқасақ, қалыптастырушы кезеңде 0% яғни білмейтіндігі жойылды. (БТ) тобының жоғары балдық шкаласының анықтаушы кезеңнің талдау нәтижесінде 9,6% «зерттеу іс-әрекетінде жобалап оқыту технологиясын» білетіндігін байқалды, қалыптастырушы кезеңде 25,9% өсу динамикасының өзгергендігі орын алды, төменгі шкала барысында анықтаушы кезеңде 4,9% «зерттеу іс-әрекетінде жобалап оқыту технологиясын» нәтижесін мүлдем білмейтіндігі 0% мүлдем жойылды.



Сурет 24 – (ЭТ) Ю.В. Ю.В.Рындинаның «Білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығы» әдістемесі негізінде өзіндік және тестік бағалау әдістемесі (қалыптастырушы кезеңі)



Сурет 25 – (БТ) Ю.В. Ю.В.Рындинаның «Білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығы» әдістемесі негізінде өзіндік және тесттік бағалау әдістемесі (қалыптастырушы кезеңі)


Бірақ білім алушылардың «қажетті ақпаратты алу мақсатында ғылыми базалармен, интернетпен жұмыс істеу білігіңізді қалай бағалайсыз» сұрағына (ЭТ) топтың анықтаушы кезеңдегі талдауында 24,8% ақпарат құралдарымен жұмыс жасай алатындығын көрсетсе, қалыптастырушы кезеңде бұл көрсеткіш 33,5% өсуі анықталды. Анықтаушы кезеңінің төменгі шкаласы бойынша 2,1% мүлдем ақпарат көздерімен жұмыс жасай алмайтын білім алушылар, қалыптастырушы кезеңде 0% мүлдем болмағандығын анықтадық. (БТ) топтың анықтаушы кезеңдегі талдауда «қажетті ақпаратты алу мақсатында ғылыми базалармен, интернетпен жұмыс істеу білігіңізді қалай бағалайсыз» 22,2% берсе, қалыптастыру кезеңде 32,1% ақпарат жинақтау, интернетпен жұмыс жасай алатындығын көрсетсе, мүлдем «қажетті ақпаратты алу мақсатында ғылыми базалармен, интернетпен жұмыс істеу білігіңізді қалай бағалайсыз» 2,9% мүлдем білмейтіндігі анықталса, қалыптастыру кезеңде 0% жойылғандығы анықталды.

Кесте 34 – Е.Е. Туниктің «Тұлғалық креативтіліктің диагностикасы» әдістемесі қалыптастырушы кезеңде

Топтар	Б.б. саны	Білуге құмарлығы	Қиялдау	Күрделілік	Тәуекелге бейімділік
Эксперименттік топ	62	43,9%	26,1%	25,3%	4,7%
Бақылау тобы	63	42,6%	25,7%	24,4%	7,3%

Эксперименттік уақытқа дейінгі және эксперименттік жұмыстардан кейінгі нәтижелерді талдауда (ЭТ) тобында **білуге құмарлығы** 39,1% экспериментке дейінгі көрсеткішті көрсетсе, ал эксперименттен кейінгі уақытта 43,9% көрсетті, **қиялдау** экспериментке дейінгі уақытта 25,3% көрсеткіш болса, эксперименттік жұмыстан кейін 26,1% өзгергендігі байқалды. **Күрделілікті** анықтауда экспериментке дейінгі уақытта 20,9% көрсетсе, эксперименттік жұмыстан кейін 25,3% өскендігін байқауға болады. **Тәуекелге бейімділік** экспериментке дейінгі 14,7% көрсетсе, эксперименттік жұмыстан кейін 4,7% көрсетті. Болашақ мектепке дейінгі ұйым маманы мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтіндіктен тәуекелге көп бара бермейтінін аңғардық.

Эксперименттік уақытқа дейінгі және эксперименттік жұмыстардан кейінгі нәтижелерді (БТ) тобының нәтижелерін талдауда экспериментке дейінгі **білуге құмарлығы** 38,7%, ал эксперименттен кейінгі уақытта 42,6% көрсетті, **қиялдау** экспериментке дейінгі уақытта 24,2% көрсеткішті көрсеткен болса, эксперименттік жұмыстан кейін 25,7% өзгергендігі байқалды. **Күрделілікті** анықтауда экспериментке дейінгі уақытта 19,3% көрсетсе, эксперименттік жұмыстан кейін 24,4% өскендігін байқауға болады. **Тәуекелге бейімділік** экспериментке дейін 17,8% көрсетсе, эксперименттік жұмыстан кейін 7,3% төмендегенін көрсетті. Эксперименттік жұмыстан кейін Е.Е. Туниктің «Тұлғалық креативтіліктің диагностикасы» әдістемесінен кейін конгитивтілік өзгерістің барын анықтадық.



Сурет 26– Е.Е. Туниктің «Тұлғалық креативтіліктің диагностикасы»
(қалыптастырушы кезең)

Кесте 35 - В.Ф.Ряховский бойынша «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» тесті калыптастырушы кезеңдегі өзгерістер


Деңгейі	Студент саны	Төмен		Орташа		Жоғары	
		Сандық	%	Сандық	%	Сандық	%
Эксперимент	63	8	22,1%	23	34,5%	32	43,4%
Бақылау	62	9	23,8%	25	40,1%	28	36,1%

Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі кезеңдегі жұмыстардың барысындағы өзгерістерді анықтауда экспериментке дейінгі кезеңдегі диагностиканың нәтижесін талдауда (ЭТ) тобындағы экспериментке дейінгі 16 респонденттердің **төмен** деңгейінде 44,1% эксперименттен кейінгі 8 респонденттер **төмен** деңгейінде 22,1% коммуникативті еместігі және көпшілікпен араласуға деген қорқыныштарының төмендегені, топтық орындалатын жұмыстарда өздерінің күш-жігеріне сенімсіздігінің азайғандығын байқауға болады,

Экспериментке дейінгі 21 респонденттің **орта** деңгейдегі 32,8% көрсетсе, эксперименттен кейінгі 25 респонденттің **орта** деңгейдегі 40,1% көпшілдігі және бейтаныс ортада өзін сенімді сезінетіндігі, жаңа мәселелер туындаса қорқытпайтындығы, ізденімпаз, сұхбаттасушыны тыңдай алатыны, басқалармен қарым-қатынаста шыдамды, өз көзқарасын ашуланбай жеткізе алуын анықтадық, экспериментке дейінгі кезеңдегі **жоғары** деңгейін анықтауда 26 респондент 23,1% болса, эксперименттен кейін **жоғары** 32 респондент 43,4% көтерілгендігін өте көпшілінің қызығушылығы жоғарылағаны, әртүрлі мәселелер бойынша шешім қабылдай алатындығы, жаңа адамдармен тез тіл табыса алатындығы, көпшілік алдында назарды өзіне аударғанды ұнатады, барлық пікірталастарға қатысқанды жақсы көретіндігін аңғаруға болады.

Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі кезеңдегі жұмыстардың барысындағы өзгерістерді анықтауда экспериментке дейінгі кезеңдегі диагностиканың нәтижесін талдауда (БТ) тобындағы экспериментке дейінгі 17 респонденттердің **төмен** деңгейінде 45,7% эксперименттен кейінгі 9 респонденттің **төмен** деңгейінде 23,8% коммуникативті еместігі және көпшілікпен араласуға деген қорқыныштарының төмендеуі, топтық орындалатын жұмыстарда өзінің күш-жігеріне сенбейтіні азайған, экспериментке дейінгі 20 респондент **орта** деңгейдегі 33,5% болса, эксперименттен кейінгі көрсеткіші 25 респондент **орта** 40,1% артқанын аңғаруға болады көпшілігі бейтаныс ортада өзін сенімді сезінетіндігі, жаңа мәселелер туындаса қорқытпайтындығы, ізденімпаз, сұхбаттасушыны тыңдай алатыны, басқалармен қарым-қатынаста шыдамды, өз көзқарасын ашуланбай жеткізе алуын анықтадық, экспериментке дейін **жоғары** деңгейін анықтауда 25 респондент 20,8% болса, эксперименттен кейін **жоғары** деңгейдегі 28 респондент 36,1% көпшілдігінің қызығушылығы жоғары, әртүрлі мәселелер бойынша шешім қабылдай алатындығы, жаңа адамдармен тез тіл табыса алатындығы, көпшілік алдында назарды өзіне аударғанды ұнатады, барлық

пікірталастарға қатысқанды жақсы көретіндігі байқалды. Өсу динамикасында өзгерістер орын алды.




Сурет 27 - В.Ф.Ряховский бойынша «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» тесті

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың барлық компоненттері бойынша қорытынды нәтижелерді жиынтық кесте түрінде ұсынамыз.

Кесте 36 - ЭТ және БТ білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың компоненттерін диагностикалаудың жиынтық кестесі (%) (қалыптастырушы эксперимент)

Компоненттер	Жоғары	Орта	Төмен
Эксперименттік топ			
Мотивациялық	50,6%	31,1%	18,3%
Когнитивтік	48,5%	42,6%	8,9%
Іс-әрекеттік	43%	50%	7%
Рефлексивтік	52,2%	40,1%	8%
Бақылау тобы			
Мотивациялық	46,9%	33,9%	19,2%
Когнитивтік	46%	41,8%	12,2%
Іс-әрекеттік	38,3%	49%	12,7%
Рефлексивтік	33,2%	32,3%	34,5%



Сурет 28 - ЭТ Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың компоненттерін диагностикалаудың жиынтық диаграммасы



Сурет 29 - БТ Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың компоненттерін диагностикалаудың жиынтық диаграммасы


Сонымен қатар, ЭТ және БТ білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың компоненттерін

диагностикалаудың жиынтық нәтижелерінде (ЭТ) барлық студенттер арасында жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың базалық деңгейі мотивациялық 50,6% - жоғары көрсетсе, орта деңгей 31,1% - ға тән, респонденттердің 18,3% - төмен деңгейіге түскені анықталды. Конгитивтілігін анықтауда 48,5% жоғары, 42,6% орта, 8,9% төмен болғандығы анықталды. Іс-әрекеттік 43% жоғары, 50% орта, 7% төмен болып өзгерді. Рефлексивтік 52,2% жоғары өсу көрсеткіші байқалса, орта 40,1% болса, 8% төмендегені анықталды. БТ студенттерінде қорытынды көрсеткіштері мынадай болып анықталды: жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың базалық деңгейі мотивациялық 46,9% көрсетті, орта деңгей 33,9% - ға тән, респонденттердің 19,2% - төмен деңгейі байқалады. Конгитивтіктің жоғары 46% болса, орта 41,8% төмен 12,2% төмендегені анықталды.

Іс-әрекеттік жоғары 38,3% орта 49% төмен 12,7% байқалды. Рефлексивтік жоғары 33,2% орта 32,3% төмені 34,5% анықталды.

Кесте 37 - ЭТ және БТ студенттерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамыту диагностикасының қорытынды нәтижелері (қалыптастырушы кезеңі)

Сыналушылар тобы	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы	41,1 %	39,2 %	19,7 %
Эксперименттік топ	48,5 %	41 %	10,5 %



Сурет 30 - ЭТ және БТ студенттерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамыту диагностикасының қорытынды нәтижелері (қалыптастырушы кезеңі)

Әрі қарай, эксперименттік топ студенттерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту бойынша салыстырмалы нәтижелерді ұсынамыз (сурет 31).

Кесте 38 - Эксперименттік топ студенттерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың салыстырмалы нәтижелері (анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдер)

Сыналушылар тобы	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы	32,2%	38,1%	29,7%
Экперименттік топ	36,4%	39,2%	24,4%



Сурет 31 - Эксперименттік топ студенттерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың салыстырмалы нәтижелері (анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдер)

Эксперименттің соңында алған нәтижелерімізді салыстыра отырып, студенттердің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту деңгейінде болған өзгерістерді атап өтуге болады (3.1). Осылайша, қалыптастырушы кезеңінде жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың базалық деңгейі бар эксперименттік топ студенттерінің жоғары деңгейі 36,4% - ға өсті. Қалыптастырушы кезеңінде жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың орта деңгейі бар ЭТ студенттерінің саны 39,2% - ға өсті, төменгі деңгейі 24,4% азайды. Осылайша, эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасауға болады: бақылау тобында барлық компоненттер бойынша

көрсеткіштер айтарлықтай өзгерді, ал эксперименттік топта барлық компоненттер бойынша студенттердің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың ерекше оң динамикасы айқын байқалады.

Эксперименттік топ студенттерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытуды анықтайтын және қалыптастырушы кезеңде салыстырмалы талдау сонымен қатар студенттердің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттерінің оң даму динамикасын көрсетеді. Зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік-эксперименттік бөлімінің мәліметтерін сандық талдауда SPSS 21 статистикалық бағдарламасы қолданылды. SPSS 21 статистикалық бағдарламасымен мәліметтерді талдау барысында тәуелді және тәуелсіз таңдамалар үшін статистикалық сипаттамалар, арифметикалық ортаның мәндері анықталып, Тәуелсіз айнымалылар үшін t -тесті мен ANCOVA тесті жасалынды.

Тәжірибелік-экспериментке қатысушылардың мәліметтерін сандық талдау барысында келесі болжамдарды белгіледік.

1. H_0 : эксперименталды және бақылау топтарының эксперимент басы көрсеткіштер арасында статистикалық маңызды айырмашылық жоқ;

2. H_1 : эксперименталды және бақылау топтарының эксперимент соңы көрсеткіштер арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар;

3. H_1 : эксперименталды және бақылау топтарының эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар.


Эксперименттік және бақылау топтарынан алынған мәліметтер SPSS 21 статистикалық бағдарламасымен талдану барысында сипаттамалық статистиканың орташа мән, стандартты ауытқу, балл шегі, таралудың асимметриялық коэффициенті және таралудың эксцесті коэффициентіне басты назар аударылды. Сонымен қатар эксперименталды және бақылау топтарының әр кезең яғни айқындаушы және қорытынды кезең бойынша нәтижелері қалыптылық шартына сәйкес болып болмағандығы тексерілді. Бұл үшін айқындаушы мен қорытынды кезеңдерінен алынған нәтижелерді қолдана отырып қалыптылық тесті жасалынды. Қалыптылық тесті әр топ бойынша зерттеуге қатысушылардың саны 50-ден жоғары болса, Колмогоров-Смирнов (K-S) тесті, ал 50-ден төмен болса, Шапиро-Вилк тесті жасалынады. Біздің зерттеуімізде әр топ бойынша қатысушы саны 50-ден жоғары болғандықтан сәйкесінше тәжірибелік-эксперименттен алынған нәтижелерді қалыптылық шартын тексеру үшін Колмогоров-Смирнов (K-S) тесті жасалынды. Колмогоров-Смирнов (K-S) тест нәтижесінде p мәнінің 0,05-тен жоғары болуы нәтижелердің қалыптылық шартына сәйкес екендігін көрсетеді, p мәнінің 0,05-тен төмен болуы нәтижелердің қалыптылық шартына сәйкес еместігін анықтайды. Сонымен бірге екі топ бойынша алынған нәтижелер біртектілік шарттарына сәйкестігі бар немесе жоқтығы анықталды. Ең алдымен айқындаушы кезең бойынша эксперименталды және бақылау топтарының

болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту бойынша алынған нәтижелер талданды. Екі топ бойынша эксперимент алды алынған нәтижелердің қалыптылық шартына сәйкестігі тексерілді. Жоғарыда атап өткендей аталмыш шартқа мәліметтердің сәйкестігін анықтау үшін Колмогоров-Смирнов (K-S) тесті жасалынды. Тест нәтижелері төмендегі 39-кестеде көрсетілген.


Кесте 39 - Айқындаушы кезең бойынша эксперименталды және бақылау топтарының арифметикалық орташа мән, стандартты ауытқу сынды статистикалық сипаттамалары және Колмогоров-Смирнов (K-S) тестіне қатысты талдау нәтижелері

Топ	Қатысушы саны N	Орташа мән	Стандартты ауытқу	Қиғаштық мәні	Куртоз мәні	Колмогоров-Смирнов (K-S) p
Эксперименталды Абай атындағы ҚазҰПУ	63	18,1	3,6	1,075	-,271	,059
Бақылау ОҚМПУ	62	17,9	4,2	1,279	-,222	,200

-кестеде айқындаушы кезең бойынша екі топтың статистикалық сипаттамаларына қатысты нәтижелер: эксперименталды топта орташа мән 18,1 бақылау тобында бұл көрсеткіш 17,9 болғандығы анықталды. Айқындаушы кезең нәтижелерінің қалыптылық шартына сәйкестігіне қатысты талдау нәтижесінде Колмогоров-Смирнов (K-S) тестінің p мәні эксперименталды топта 0,059; бұл көрсеткіш бақылау тобында ,200 болғандығы анықталды ($p > 0,05$). Бұл көрсеткіш екі топтың да айқындаушы кезеңнен алынған нәтижелерінің қалыптылық шартына сәйкес екендігін көрсетіп отыр. Айқындаушы кезеңге байланысты екі топқа қатысты көрсеткіштер төмендегі 32-суретте берілген.



Сурет 32 - Екі топтың айқындаушы кезеңге байланысты қалыптылық шартына қатысты нәтижелерінің сызбадағы көрінісі



Сурет 33 - Екі топтың айқындаушы кезеңге байланысты қалыптылық шартына қатысты нәтижелері

Жоғарыда көрсетілген сызбалардан айқындаушы кезең бойынша екі топтың нәтижелері қалыптылық және бірізділік болжамдарына сәйкес екендігі көрініс тауып отыр. Сондай-ақ, айқындаушы кезеңнен алынған мәліметтерді сандық талдау барысында тәуелсіз айнымалының барлық топтарында тәуелді айнымалыда экстремалды мән жоқ екендігі анықталды. Айқындаушы кезең бойынша Levene тестінің p мәні (,119), $p > 0,05$ болғандықтан, эксперименталды және бақылау топтарының дисперсиялары бір-біріне тең екендігі анықталды. Аталмыш кезеңде екі топтың дисперсиялары біртекті болғандығы статистикалық тұрғыдан расталды. Бұл айқындаушы кезеңде дисперсиялардың біртектілігі болжамының расталғандығын көрсетіп отыр. Сонымен-ақ, Колмогоров-Смирнов (K-S) тестінде p мәні 0,05-тен үлкен болғандықтан, айқындаушы кезең бойынша эксперименталды және бақылау топтарының нәтижелері арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар-жоғын анықтау үшін Тәуелсіз айнымалылар үшін t -тесті жасалынды. Тәуелсіз айнымалылар үшін t -тесті екі топтың эксперимент алды кезең бойынша бір-біріне тең (эквивалентті) немесе тең емес екендігін анықтау үшін қажет маңызды статистикалық тест. Тәуелсіз айнымалылар үшін t -тестінен алынған нәтижелер төмендегі 40-кестеде көрсетілген.

Кесте 40 - Айқындаушы кезеңге байланысты эксперименталды және бақылау топтарының тәуелсіз айнымалылар үшін t-тесті нәтижелері

Топ	Қатысушы саны N	X Орташа мән	Қиғаштық мәнi	Стандартты ауытқу	t	p
Эксперименталды	63	18,111	1,075	3,614	,202	,840
Бақылау	62	17,967	,279	4,296		

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға қатысты эксперименталды және бақылау топтарының айқындаушы кезең бойынша нәтижелері арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар немесе жоғын анықтау мақсатында тәуелсіз айнымалылар үшін t-тесті жасалынды. Жасалынған тест қорытындысында алынған көрсеткіштерге келер болсақ эксперименталды топтың орташа мәнi ($X = 18,111$), ал бұл көрсеткіш бақылау тобында ($X = 17,967$) ($t = ,202$, $p > ,840$). Бұл көрсеткіштерге қарап айқындаушы кезеңге қатысты екі топ нәтижелері арасында статистикалық маңызды айырмашылық жоқ екендігін анық айтуға болады. Бұл дегеніміз екі топ қатысушыларының зерттеушілік іс-әрекеттері эксперимент алды айқындаушы кезеңде бір-бірімен тең дәрежеде болған. Яғни эксперимент алды кезеңде екі топтың білім деңгейі бірдей болғандығы статистикалық тұрғыдан анықталып отыр. Осы тұрғыдан алынған көрсеткіштер негізінде тәжірибелік-экспериментке қатысушылардың мәліметтерін сандық талдау барысында құрастырылған бірінші болжамымыз расталды. Яғни, H_0 : эксперимент және бақылау топтарының эксперимент басы көрсеткіштер арасында статистикалық маңызды айырмашылық жоқ.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға арналған оқыту моделіміз бен оқыту бағдарламамыздың тиімді екендігін анықтау мақсатында ANCOVA тесті жасалынды. Ковариантты талдау (ANCOVA) тәуелсіз айнымалының топтары арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін қолданылатын күшті статистикалық анализ. ANCOVA екі немесе одан да көп тәуелсіз (байланысты емес) топтардың түзетілген жалпы санының арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтың бар-жоғын анықтау үшін қолданылады. Сонымен бірге ковариантты талдау (ANCOVA) тесті эксперимент алды және эксперимент соңы эксперименталды және бақылау тобы бар зерттеу жобаларында тәжірибелік-эксперименттің әсерін анықтау үшін қолданылатын статистикалық анализ (Field, 2005). Бірақ, бұл тест жасалынбас бұрын екі топтан алынған мәліметтердің бірнеше болжамдарға сәйкестігі тексерілді. Атап айтар болсақ,

1. Сзықтық болжам: тәуелсіз айнымалының әрбір деңгейінде ковариат пен тәуелді айнымалы арасындағы байланыс сзықты болуы керек. Бұл болжам шашырау сзыбасы арқылы анықталады.

2. Регрессиялық еңістердің біртектілігі болжамы. Бұл тәуелсіз айнымалы мен ковариат арасында өзара әрекеттесу бар-жоғына қарасты болжам. Басқаша айтқанда, бұл болжам сзықты болжаммен тығыз байланыста болып, регрессия

сызықтары параллель болса, бұл болжам орындалғандығын айтуға болады.


3. Қалыптылық болжамы. Тәуелді айнымалы тәуелсіз айнымалының барлық топтарында қалыпты түрде таратылады.

4. Топтар арасында қате дисперсиясы бірдей, тең дәрежеде шашырауы.

5. Дисперсиялардың біртектілігі. Левене тесті арқылы анықталады.


6. Тәуелсіз айнымалының барлық топтарында тәуелді айнымалыда экстремалды мән жоқ.

Тәжірибелік-эксперименттің тиімділігін анықтау негізінде ковариантты талдау (ANCOVA) тестін жасау үшін екі топтан алынған мәліметтер жоғарыдағы болжамдарға сәйкестігі тексерілді. Алынған нәтижелер төмендегі суретте және кестеде көрсетілген.



Сурет 34 - Тәжірибелік-эксперимент барысында екі топтан алынған мәліметтердің сызықтық болжамға қатысты нәтижелері

Жоғарыда көрсетілген суретте эксперименттік және бақылау топтарының айқындаушы және қорытынды кезеңдерде алынған нәтижелерінің сызықтық және параллельге жақын байланысы бар екені расталып отыр. Сол себепті шашырау сызбасы арқылы сызықтық болжам расталды. Сонымен бірге регрессиялық еңістердің біртектілігін тексеру мақсатында екі топ бойынша мәліметтер тексерілді және екі топта да регрессия сызықтары параллель болғандығы анықталды. Регрессиялық еңістердің біртектілігіне қатысты болжам нәтижелері төмендегі 35 суретте көрсетілген.



Сурет 35- Эксперименталды және бақылау топтарының айқындаушы және қорытынды кезеңдерде алынған нәтижелердің регрессиялық еңістерге байланысты нәтижелері

Жоғарыдағы сызбада эксперименталды және бақылау топтарының айқындаушы және қорытынды кезеңдерден алынған нәтижелердің регрессиялық еңістерге байланысты біртекті болғандығы сандық талдау нәтижесінде анықталғандығы көрсетілген. Екі топқа қатысты регрессия сызықтары параллель, түзу болғандығы анықталып, аталмыш болжамның расталғандығы графикте көрініп тұр. Эксперименталды және бақылау топтарына қатысты регрессия қисықтарының біртектілігіне қатысты статистикалық көрсеткіштер төмендегі кестеде берілген.

Кесте 41 - Эксперименталды және бақылау топтарының регрессия сызықтарының біртектілігіне қатысты нәтижелері

Топ	Қатысушы саны N	R мәні	R шаршы мәні	Түзетілген R шаршы мәні	Бағалаудың стандартты қатесі
Эксперименталды	63	,627	,393	,383	2,825
Бақылау	62	,816	,665	,660	2,179


Екі топ бойынша регрессия сызықтарының еңістерін сынау нәтижесінде эксперименталды топта түзетілген R шаршы мәні =.393, бақылау топта бұл көрсеткіш R=.665 болғандығы және екі топ бойынша $p > 0,05$ расталды. Регрессия еңістерінің біртектілігі болжамына қатысты бұл көрсеткіштер регрессия еңістерінің біртекті болғандығын көрсетіп отыр. Эксперименталды және бақылау топтарының айқындаушы және қорытынды кезеңдерде алынған нәтижелерінің қалыптылық шартына сәйкес болып болмағандығын тексеру үшін Колмогоров-Смирнов (K-S) тесті жасалынды. Айқындаушы кезеңге байланысты екі топтың қалыптылық шартына сәйкестігіне талдау жасалынды және бұл талдау 36-кестеде көрсетілді. Сонымен қатар айқындаушы кезең бойынша екі топтың дисперсиялары бір-біріне тең екендігі Левене тесті арқылы тексеріліп, $p > 0,05$ расталды. Яғни айқындаушы кезеңде екі топтың дисперсиялары біртекті болғандығы анықталды. Сонымен қатар, айқындаушы кезеңнен алынған мәліметтерді сандық талдау барысында тәуелсіз

айнымалының барлық топтарында тәуелді айнымалыда экстремалды мән жоқ екендігі статистикалық тұрғыдан тексерілді. Екі топтың қорытынды кезеңге қатысты мәліметтердің қалыптылық шарты мен дисперсиялардың біртектілігіне сәйкестігін тексеру үшін жасалынған талдау нәтижелері төмендегі 42 -кестеде берілген.


Кесте 42 - Қорытынды кезең бойынша эксперименталды және бақылау топтарының арифметикалық орташа мән, стандартты ауытқу сынды статистикалық сипаттамалары және Колмогоров-Смирнов (K-S) тестіне қатысты талдау нәтижелері

Топ	Қатысушы саны N	Орташа мән	Стандартты ауытқу	Қиғаштық мәні	Куртоз мәні	Колмогоров-Смирнов (K-S) p
Эксперименталды	63	26,269	3,437	-,815	-,281	,000
Бақылау	62	21,193	4,210	-,030	-,620	,010

Жоғарыда берілген кестеде эксперименталды және бақылау топтарына қатысты қорытынды кезеңнің статистикалық сипаттамаларына байланысты нәтижелер: эксперименталды топта орташа мән 26,269; бақылау тобында бұл көрсеткіш 21,193 болғандығы анықталды. Қорытынды кезең нәтижелерінің қалыптылық шартына сәйкес талдауы нәтижесінде эксперименталды топта Колмогоров-Смирнов (K-S) тестінің p мәні ,000; бұл көрсеткіш бақылау тобында ,010 болды ($p < 0,05$). Бұл көрсеткіштер екі топтың да қорытынды кезеңнен алынған нәтижелерінің қалыптылық шартына сәйкес келмейтіндігін анықтап отыр. Осы кезеңнің статистикалық сипаттамаларына қатысты нәтижелер сызба мен график түрінде төмендегі 37-суретте көрсетілген.



Сурет 36- Екі топтың қорытынды кезеңге байланысты қалыптылық шартына қатысты нәтижелерінің сызбадағы көрінісі, бет 1



Сурет 36, бет 2

Қорытынды кезең бойынша екі топтың нәтижелері қалыптылық және бірізділік болжамдарына сәйкес келмейтіндігі жоғарыда берілген сызбаларда көрсетілген. Тәжірибелік-эксперименттен алынған қорытынды кезеңге қатысты мәліметтерді сандық талдау барысында тәуелсіз айнымалының барлық топтарында тәуелді айнымалыда экстремалды мән жоқ екендігі анықталды. Бұл нәтиже ANCOVA тестінің жасалуына байланысты соңғы болжамға сәйкес келіп тұрғандығын көрсетіп тұр. Сонымен қатар Levene тестінің p мәні (,123), $p > 0,05$ болғандығы анықталып, эксперименталды және бақылау топтарының дисперсиялары бір-біріне тең екендігі расталды. Бұл қорытынды кезеңде екі топтың дисперсиялары біртекті екендігін яғни дисперсиялардың біртектілігі болжамының расталғандығы анықталып отыр.

Жоғарыда жасалынған статистикалық сандық талдау нәтижелері екі топтан әртүрлі кезеңдерге байланысты алынған мәліметтерінің тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімділігін анықтау үшін қолданылатын ANCOVA тестіне сәйкестігіне тексерілді. Болжамдарға қатысты нәтижелерді қорытындылайтын болсақ, сызықтық, регрессиялық еңістердің біртектілігі, топтар арасында қате дисперсиясының тең бірдей болуы, дисперсиялардың біртектілігі және тәуелсіз айнымалының барлық топтарында тәуелді айнымалыда экстремалды мәнің жоқ болуы сынды болжамдардың расталғандығы анықталды. Барлық бұл көрсеткіштер екі топтан алынған мәліметтердің ANCOVA тестіне сәйкестігін көрсетіп тұр. Сандық талдау барысында айқындаушы кезең мәліметтерінің қалыптылық болжамына сәйкес болғандығы, қорытынды кезең мәліметтерінің бұл болжамға сәйкес келмейтіндігі анықталды. Дегенмен бұл болжам расталмаған жағдайында да зерттеу мәліметтерін талдау үшін атап айтар болсақ тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімділігін анықтау үшін ковариантты талдау (ANCOVA) тесті

жасалынды. Себебі, ғалымдардың пайымдауынша бұл тест сенімді нәтиже беретін күшті стаситстикалық анализ (Field, 2005; Green және Salking, 2005). Сол себепті бұл ғылыми тұжырымдамаға сүйене отырып тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімділігін тексеру үшін ANCOVA тесті жасалынды. Тест нәтижесі төмендегі 43-кестеде және кестеде көрсетілген.

Кесте 43 - Екі топқа байланысты эксперименттен кейінгі нәтижелердің сипаттамалық статистикасы

Топ	N	Орташа мән	Түзетілген орташа мән
Эксперименталды	63	26,269	26,237
Бақылау	62	21,193	21,227


Жоғарыдағы кестеде берілген нәтижелерге қарап эксперименттен кейін эксперименталды топта орташа мән 26,269 болды; бұл көрсеткіш бақылау тобында 21,193 болғандығы анықталды. Бұл орташа мән көрсеткіштеріне қарап айырмашылықтың бар екендігі және бұл айырмашылықтың эксперименталды топтың пайдасына екендігі байқалып тұр. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімділігін анықтау үшін эксперимент алды нәтижелердің бақылауда болғандығының дұрыстығын ескеретін болсақ, эксперименттен кейінгі нәтижелердің түзетілген орташа мәндері эксперименталды топта 26,237; бұл көрсеткіштің бақылау тобына 21,227 болғандығы анықталды. Статистикалық сандық талдау нәтижесінде түзетілген орташа мәндер көрсеткіштеріне қарап эксперименталды топтың орташа мәндері бақылау тобына қарағанда жоғары екендігі байқалады. Дегенмен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімділігін анықтау үшін ANCOVA статистикалық тесті жасалынды. Эксперименталды және бақылау топтары арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар немесе жоғына қатысты ANCOVA нәтижелері 44-кестеде келтірілген.

Кесте 44 - Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімділігіне қатысты ANCOVA тесті нәтижелері

Дисперсияның көзі	Квадраттардың қосындысы	Еркіндік дәрежесі	Квадраттың орташа мәні	F	Маңыздылық мәні (p)	Ішінара эта-квадрат әсер мөлшері η^2
Айқындаушы кезең нәтижесі	404,981	1	404,981	35,063	,000	,223
Топ	784,294	1	784,294	67,904	,000	,358
Қате	1409,109	123	11,550			
Жалпы	73139,000	125				

Жоғарыда көрсетілген статистикалық талдау негізінде ANCOVA тесті нәтижелеріне сүйене отырып эксперименталды және бақылау тобындағы қатысушылардың эксперименттен кейінгі нәтижелерінің орташа мәндері, F

$(1,123) = 67,904$ $p < 0,05$, ішінара $n_2 = 0,358$. Алынған статистикалық нәтижелерден тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімді болғандығы анықталды. Бұл дегеніміз статистикалық тұрғыдан эксперименталды топ пен бақылау тобы арасында маңызды статистикалық айырмашылық бар екендігі расталды. Статистикалық талдау нәтижесінде ішінара эта-квадрат әсер мөлшері де анықталып, әсер мөлшері (η^2) .01 болғанда «кіші», .06 «орта» және .14 «үлкен» әсер мөлшерін болып есептелінеді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мәліметтерін статистикалық талдау нәтижесінде ішінара эта-квадрат әсер мөлшері $\eta^2 = 358$, жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға арналған оқыту моделіміз бен курс бағдарламамыздың болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытудағы әсері үлкен екендігі расталды. Сонымен бірге сандық талдау барысында екі топтың қорытынды кезең көрсеткіштер арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар болып, бұл айырмашылықтың эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасында орын алғандығын атап айтуға болады. Бұл көрсеткіштер тәжірибелік-экспериментке қатысушылардың мәліметтерін сандық талдау барысында жасалынған келесі болжамдардың “ H_1 : эксперименталды және бақылау топтарының эксперимент соңы көрсеткіштер арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар; H_1 : эксперименталды және бақылау топтарының эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар” расталғандығын көрсетіп отыр. Эксперимент басы мен эксперименттен кейінгі кезеңдерде екі топ арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар екендігі статистикалық тұрғыдан дәлелденгендігін толық айта аламыз. Эксперименталды және бақылау топтары арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар екендігін төменде берілген – суреттен көре аламыз.



Сурет 37 - Эксперименталды және бақылау топтың уақыт аралығындағы айқындаушы және қорытынды кезеңдерге қатысты статистикалық нәтижелерінің сызбадағы көрінісі

Жоғарыда берілген суретте эксперименталды және бақылау топтарының бірінші кезең яғни, айқындаушы кезеңде орташа мәндерінің бір-біріне жақын болғандығы көрініп тұр. Дегенмен, екінші кезең болып табылатын қорытынды кезеңде (суретте 2 санымен көрсетілген) екі топтың орташа мәндері арасында айырмашылықтың бар екендіні көрсетілген. Суретте бұл айырмашылықтың үлкен екендігін көре аламыз. Орташа мәндердерге қатысты бұл айырмашылықтың эксперименталды топтың үлесінде екендігі сызбада анық байқалады. Яғни, эксперименталды топтың орташа мәндері бақылау тобына қарағанда жоғары екендігі сызбада берілген. Қорытындылай келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға байланысты жүйелі ұйымдастырылған жұмыстың барысында статистикалық талдауларға сүйене отырып, дайындалған элективті курс бағдарламасы мен әдістемесінің тиімділігі анықталды. Сонымен бірге зерттеу жұмысы барысында алдымызға қойған болжамның дұрыстығы статистикалық тұрғыдан дәлелденді.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми болжамы дәлелденіп, бірнеше теориялық және қолданбалы нәтижелер алынды.

Жүргізілген теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазіргі кезде мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын реттеуге бағытталған нормативтік құжаттарды талдау жобалап оқыту технологиялары арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың өзектілігін растайды. Зерттеу жұмысымызды ұйымдастыру барысында біз көптеген ғылыми теориялар мен практикалық тұжырымдарды талдадық. Зерттеу барысында мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасында оқитын білім алушылардың жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың ғылыми негіздерін нақтылау арқылы мектепке дейінгі білім беру үдерісіне ендіру, дүниетанымы кең, шығармашыл болашақ тәрбиешілердің зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға мүмкіндік туғызу, кәсіби деңгейін көтеру қажеттілігі мен оның ғылыми мәселе ретінде зерттеліп, білім беруде кеңінен қолдануды жетілдіруді қажет ететіні анықталды.

2. Осы мәселе бойынша теориялық жұмыстарды талдау «зерттеушілік іс-әрекет», «жобалап оқыту технологиялары» ұғымдарының мәнін және «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиялары арқылы дамытуды» негіздеуге мүмкіндік берді. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекеті дегеніміз - шығармашылық, ізденушілік, ұйымдастушылық қабілеттері арқылы жаңа идея қалыптастыру, білім, білік, дағдыларын дамыту, кәсіби біліктілігін жетілдіру сапасы тұрғысынан қарастырылды. Ал, «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалау әрекеті - білім алушылар мен педагогтердің іс-әрекетінің негізгі білімдерін алдын-ала өңдеу», - деген тұжырым жасалды.

3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту туралы білімнің арнайы мазмұнын меңгеру және зерттеу үдерісінде анықталған практикада мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік дағдысын дамыту, жобалау әдістерін пайдалану; жобалап оқыту әдістерін, сондай-ақ зерттеу дағдыларын пайдалану үшін білім мен дағдыларды игеру; зерттеушілік іс-әрекетін тексеру қабілеті; анықтау және жаңа идеяларды әзірлеу үшін жобалап оқыту әдістерін пайдалану зерттеушілік іс-әрекетті жүзеге асыру қабілетін дамыту жөніндегі іс-әрекеттермен байланысты; оқыту әдістері арқылы білім беру жүйесін құру дағдыларын игеру үшін мүмкіндіктер жасау, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалау.

4. Жобалап оқыту технологиясы арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым

педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттердің бірлігінен тұрады. Модель білім алушылардың білім алуға қызығушылықтарын, жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетті орындай алуын, жобалық, зерттеушілік іс-әрекетті меңгеруін, өзін-өзі реттеуін қамтиды. Сонымен қатар, модельдегі білім алушының жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекеттегі қызығушылығы, зерттеушілік іс-әрекеттегі белсенділігі, зерттеушілік іс-әрекеттегі ізденісі, жобаны орындаудағы білімі, зерттеушілік қабілеті, зерттеушілік икемділігі, жобалық тапсырмаларды сауатты қалыптастыру мақсатындағы зерттеушілік іс-әрекетке икемділігі, теориялық білімді іске асыру әрекеті, педагогикалық технология мен педагогикалық техниканы игеру дағдысы, шешім қабылдаудағы дербестігі, жобаны орындаудағы зерттеушілік біліктілігі, зерттеушілік іс-әрекеттегі нәтижесі эксперимент барысында тексеріліп, шынайылығы дәлелденді.

5. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әдістемелері «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективті курсын оқытуда тиімді болатындығы дәлелденді. Элективтік курс жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытуда үлкен әлеуетке ие, бұл педагогикалық жағдайларды модельдеу, педагогикалық қызметтің әртүрлі формаларын құру, педагогикалық қызметтің әртүрлі модельдерінде жобалық тапсырмаларды орындау, жобалау мен болжаудың психологиялық-педагогикалық әдістерін зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретіні анықталды.

6. Қалыптастырушы экспериментте алынған нәтижелер болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға бағытталған білім мен дағдыларды болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері игергенін және олардың ынтасы артқанын және бұл нәтижелер ЖОО болашақ тәрбиешілерді даярлаудың дәстүрлі құрылымын өзгертуге ықпалды әлеует болатынын көрсетті.

Зерттеу нәтижелері негізінде келесі ұсыныстар тұжырымдалды:

– ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру үшін курстар ұйымдастыру және жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың мүмкіндігін қарастыру;

– Жобалап оқыту технологияларын және арнайы оқыту бағдарламаларын пайдалануға оқыту арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамыту және осы бағытта университеттер мен студенттердің жүйелі жұмысын қамтамасыз ету;

– «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективті курсын және «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалау әдістері арқылы дамыту технологиясы» әдістемелік құралын мектепке дейінгі ұйым және тәрбие саласында маманданған студенттерге арналған дәрістер мен семинарларда

біздің зерттеуімізді пайдалану мүмкіндігін қарастыру.

Біз осы зерттеудің нәтижелері ЖОО, мектепке дейінгі ұйымдардың болашақ педагогтерін даярлау және осы бағыттағы жаңа зерттеулер бойынша болашақта жұмысты жетілдіру үшін негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін деген қорытындыға келеміз.

Зерттеу ауқымы кең болғандықтан, оның барлық салаларын толық қамту мүмкін емес. Сондықтан, біз жобалап оқыту технологиялары контекстінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін зерттеуді жалғастыру және білім беру, кәсіптік және ғылыми практикамен тығыз өзара ынтымақтастық арқылы зерттеу іс-әрекетін жобалау қажет деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі, №2 бұйрығы.
- 2 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет», «Біртұтас ұлт», «Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – 2022, қыркүйек 1.
- 3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана: Ақорда, 2007. – №319(3).
- 4 Әл-Фараби. Он томдық шығармалар жинағы. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. – Астана: Лотос, 2017. – Т. 5.– 210 б.
- 5 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1996. – 214 б.
- 6 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Көркем әдебиет, 1998. – 144 б.
- 7 Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991. – 78 б.
- 8 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1999. – 117 б.
- 9 Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдер мен поэмалар / құраст. М. Мағауин. – Алматы: Жалын, 1998. – 256 б.
- 10 Жұмабаев М. Педагогика.– Алматы: Рауан, 1993. – 154 б.
- 11 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
- 12 Крымский С.Б. Эпистемология культуры: Введение в обобщённую теорию познания – Киев: Дельта, 1993. – 377 с.
- 13 Кедров Б.М. Классификация наук. – М.: Мысль, 1985. – 472 с.
- 14 Нысанбаев А.Н. Социокультурные и мировоззренческие основания развития современной науки. – Алма-Ата: Наука, 1993. – 251 с.
- 15 Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. – Алматы: Ер-Дәулет, 1994. – 377 б.
- 16 Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 240 б.
- 17 Кішібеков Д., Кішібеков Т. Ғылым тарихы мен философиясы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2014. – 282 б.
- 18 Бердяев Н.А. Русская идея основные проблемы русской мысли XIX века и начало XX века. О России русской философской культуры. Философы русского после октябрьского зарубежья. – М.: Наука, 1990. – 272 с.
- 19 Гершунский Б.С. Философия образования на XXI век (В поисках практико-ориентированных образовательных концепций).– М.: Совершенство, 1998. – 608 с.
- 20 Шелер М. Избранные произведения. – М.: Гнозис, 1994.– 490 с.
- 21 Краевский В.В. Методология педагогики: новый этап. – М.: Изд. центр «Академия», 2006. – 400 с.
- 22 Бордовский Г.А. Использование электронных образовательных

ресурсов нового поколения в учебном процессе. – М.: РГПУ, 2007. – 484 с.

23 Белялова М.А. Исследовательское мышление и исследовательские умения студента в обеспечении качества современного профессионального образования // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. 2016. – №11, ч. 4. – 629 с.

24 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Изд-во «Педагогика», 1989. – 192 с.

25 Загвязинский В.И. Методология педагогического исследования: учебное пособие для вузов. – Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Издательство «Юрайт», 2022. – 105 с.

26 Скамницкая Г.П. Формирование исследовательских умений учителя (Теория и практика): дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. – М., 2000. – 359 с.

27 Савенков А., Венгер Л.А. Вопросы теории и методики: учебное исследование в детском саду // Дошкольное воспитание. – 2000. – №2. – С. 10-18.

28 Берлайн Д.Е. Любознательность и поиск информации // Вопросы психологии. – 1966. – №3. – С. 52–54.

29 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Просвещение, 2003. – 342 с.

30 Годник С.М. Теоретические основы преемственности средней и высшей школы в условиях непрерывного образования: дис. ... док. пед. наук. – Воронеж, 1990. – 395 с.

31 Ильин В.С. О планировании системы воспитательной работы классного руководителя: методические рекомендации по совершенствованию подготовки студентов к работе в школе. – Волгоград: ВГПИ, 1990. – 190 с.

32 Никандров Н.Д. Общие основы педагогики. – Самара: Изд-во «Самарский университет», 2008 – 192 с.

33 Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192 б.

34 Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – Алматы: Алем, 2000. – 381 с.

35 Исаева З.А. Формирования профессионально-исследовательской культуры педагога в системе университетского образования: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 1997. – 301 с.

36 Байтукаева А.Ш. Становление и развитие научно-исследовательской работы студентов в системе высшего образования Казахстана (1928-1986 г.г.): автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2002. – 22 с.

37 Мынбаева А.К. Основы научно-педагогических исследований: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 220 с.

38 Ахметова Г.К., Мынбаева А.К., Маликова Н.А. Профессиональные деформации личности педагога. Теоретические основы и профилактика. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 102 с.

39 Булатбаева А.А. Развитие концептуальных и прикладных основ

процесса овладения магистрантами военного вуза методологией исследовательской деятельности: автореф. ... док. пед. наук. 20.01.04. – Алматы, 2009. – 50 с.

40 Аманбаева М.Б. Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесі: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2016. – 131 б.

41 Жексембинова А.К. Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2017. – 135 б.

42 Есполова Г.К. Жаңартылған білім беру мазмұнында бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Талдықорған, 2021. – 154 б.

43 Мышбаева Г.М. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2022. – 129 б.

44 Құдайқұлов М.А. Нарықтық оқытудың жүйесі мен технологиясы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2010. – 152 б.

45 Кенжебеков Б. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.08. – Қарағанды, 2005. – 267 б.

46 Қозыбаев Е.Ш. Научно-педагогические основы управления современной высшей школы на основе менеджмента в условиях многоуровневого образования: дис. ... док. пед. наук. – Шымкент: Южно-Каз. Гос. ун-т им. М.О. Ауэзова, 2005. – 265 с.

47 Сейталиев Қ.Б. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1991 жылдар): пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 1998. – 47 б.

48 Бекмағамбетова Р.К. История развития учебных заведений по подготовке учительских кадров для начальной школы в Казахстане (1917- 1991 гг.): автореф. ... док. пед. наук. – Алматы, 2007. – 49 с.

49 Кайдарова А.Д. Логика исследования проблем становления и генезиса развития содержания высшего педагогического образования: учебно-методическое пособие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 300 с.

50 Арзанбаева Б.О. Теоретический аспект компетентностного подхода в системе дошкольного образования // Материалы международной научно-практической конференции «Дошкольное воспитание: состояние, направления и перспективы развития». – Семей, 2010. – С. 36-38.

51 Бөпебаева Р.Т. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ақыл-ойын тәрбиелеуге келешектегі ұстаздардың дайындықтарын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Қарағанды, 2000. – 146 б.

52 Балабаева А.И. Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 158 б.

53 Абилбакиева Г.Т. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің

құзыреттілігін дамыту мәселелері // Ғалымдарға арналған XIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Алматы, 2018. – Б. 42-48.

54 Тілеубай С. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2021. – 147 б.

55 Шәуенова М.Ә. У. Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2021. – 199 б.

56 Жұмашева Т.С. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2022. – 244 б.

57 Жакупова А. Болашақ мектепке дейінгі мамандарға экологиялық білім берудің ерекшелігі // Хабаршы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. – № 1(61). – Б. 257-263.

58 Нәрікбаева Л.М. Развитие профессиональной одаренности будущего специалиста в высшей педагогической школе: автореф. ... док. пед. наук. – Алматы, 2008. – 43 с.

59 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: Полиграфия-сервис К, 2012. – 316 б.

60 Баймұхамбетова Б.Ш. Теоретико-методологические основы исследовательской деятельности (курс лекций): учебно-методическое пособие. – Костанай: КГПИ, 2011. – 108 с.

61 Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту жөніндегі педагогикалық училищелердің мұғалімдері мен оқушыларына көмекші құрал. – Алматы, 1984. – 63 б.

62 Меңжанова Ә.К. Мектеп жасына дейінгі педагогика. – Алматы: Мектеп, 1986. – 356 б.

63 Охотская Г.П. Очерки по истории дошкольного воспитания в Казахстане (917-1941 гг.): автореф. ... канд. пед. наук. – Алма-Ата, 1955. – 27 с.

64 Меңдаяқова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (мектепалды даярлық топтары мен 1-сынып): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2009. – 141 б.

65 Сатимбекова М.С. Система занимательных заданий в совершенствовании математических знаний шестилетних учащихся: автореф. ... канд. пед. наук. – Ташкент, 1991.- 161 с.

66 Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту. – Алматы, 1993. – 144 б.

67 Әмірова Ә.С. Ересектер тобындағы балаларды қазақ балалар әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1994. – 134 б.

68 Левченко Т.А. Ересек тобындағы балаларға эстетикалық тәрбие беруде қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерін пайдаланудың ғылыми практикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1996. – 23 б.

69 Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың маңызды

мәселелері // Үздіксіз білім берудің өзекті мәселелері: профессор В.К. Омарованың мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практ. конф. материалдары / бас ред. х.ғ.д., профессор А.Нухулы; жауапты ред. А.С. Ильясова. – Павлодар: ПМПИ, 2016. – Т. 2. – 322 б.

70 Манкеш А.Е. Үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығының ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2008. – 98 б.

71 Жиенбаева С.Н. Педагогикалық ғылыми-зерттеу теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Полиграфия-сервис К, 2010. – 210 б.

72 Таубаева Ғ.З. Мектепалды дайындығында оқу-тәрбие үдерісінде балалар әдебиетін пайдалану: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 132 б.

73 Метербаева К.М. Қоршаған дүниемен таныстыру арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру (5-7 жас): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 150 б.

74 Атыманова К.Ж. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 152 б.

75 Батибаева С.Г. Қазақстанда қазақ балабақшаларының қалыптасуы мен дамуы (1946-2001): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 197 б.

76 Храпченкова Н.И. Развитие дошкольного воспитания в Казахстане (1946-1990 гг.): дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1992. – 164 с.

77 Прокофьева М.А. Особенности подготовки будущих воспитателей дошкольных учреждений к решению задач физической культуры: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1996. – 21 с.

78 Менлибекова Г.Ж. Развитие трудового воспитания в дошкольный учреждениях Республики Казахстан (1960-1985 гг.): автореф. ... док. пед. наук. – Алматы, 1992. – 24 с.

79 Хасанова Ж.С. Подготовка воспитателей к использованию казахской народной педагогики в нравственном воспитании дошкольников: дис. ... канд. пед. наук. - Алматы, 1995. - 126 с.

80 Никиткин А.Я. Жаңа типті білім беру мекемелерінің жағдайында мектеп жасына дейінгілердің оқуға әзірлігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998. – 148 б.

81 Румянцева Л.Е. Балаларды мектепте инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде оқытуға дайындауды жетілдіру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Қарағанды, 2001. – 139 б.

82 Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 336 б.

83 Cho Y., Brown C. Project-based learning in education: integrating business needs and student learning // European Journal of Training and Development. - 2013. – Vol. 37, №8. – P. 744-765.

84 Blumenfeld C., Soloway Elliot, Marx Ronald W., Krajcik Joseph S., Guzdial Mark, Palincsar Annemarie. Motivating Project-Based Learning: Sustaining the

- Doing. - Supporting the Learning Phyllis, 2011.– P. 369-398.
- 85 Anderson J.R., Boyle C.F., Reiser B.J. Intelligent Tutoring Systems // Science. – 1985. – Vol. 228. – P. 456-462.
- 86 Заир-Бек Е.С. Теоретические основы обучения педагогическому проектированию: дис. ... док. пед. наук. – М.; СПб., 1995. – 410 с.
- 87 Агапова С.А. Педагогическое проектирование профессионального развития учителя: автореф. ... канд. пед. наук. – М., 2012. – 25 с.
- 88 Безруков В.С. Педагогика. Проектная педагогика. – Екатеринбург: Деловая книга, 1999. – 344 с.
- 89 Муравьева Г.Е. Педагогическое проектирование в деятельности школьного учителя. - Шуя: Изд-во ШГПУ, 2011. – 110 с.
- 90 Мандель Б.Р. Основы проектной деятельности: учебное пособие для обучающихся в системе СПО. – М.: Директ-Медиа, 2018. – 293 с.
- 91 Михалкина Е.В. Организация проектной деятельности: учебное пособие. Косо-лапова: Южный федеральный университет. – Ростов-на-Дону: Издательство Южного федерального университета, 2016. – 146 с.
- 92 Курбатов В.И., Курбатова О.В. Социальное проектирование: учеб. пособие. – Ростов н/Д: Феникс, 2001. – 416 с.
- 93 Андабекова С. Мектепке дейнгі педагогика. – Алматы: Полиграф, 2012. – 260 с.
- 94 Thomas J. A review of research on project-based learning. - 2000.
- 95 Фрей К. Проектный метод. - Германия: Бельц, 1997. – 246 с.
- 96 Қисымова Ә.Қ. Оқыту технологиялары: оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2007. – Бөлім 1. - 204 б.
